Эволюция понимания феномена «функция государства» напрямую связана с тенденциями становления и развития функционального подхода в обществознании. Сущность этого подхода заключается в выделении элементов социального взаимодействия, подлежащих исследованию, и определении их места и значения в некоторой связи, качественная определенность которой делает необходимым ее системное рассмотрение. Рассматриваемый подход является одним из методологических приемов практически во всех социальных науках и соответственно занимает важное место в государственном ведении [1]. Функциональный подход при исследовании государственно-правовых явлений помогает глубже усвоить само понятие государства, увидеть его историческое предназначение и роль в жизни общества. Также, опираясь на этот подход, возможно объективно и научно очертить содержание деятельности государства, рассмотреть его механизм в конкретных исторических условиях. Кроме того, с помощью данного подхода возможно дать рекомендации для осуществления совершенствований организационной структуры государства и его органов.

Понятие «функции государства» употребляется для характеристики государства достаточно давно. Самое широкое понимание функций государства означает направление, предмет деятельности того или иного политико-правового института, содержание этой деятельности, ее обеспечение. Это понимание нами принимается отчасти. Считаем, что оно требует некоторых уточнений, которые проводятся нами в данном подразделе.

В рамках марксистско-ленинского подхода функции тесно связывались с классовой сущностью государства, выделялось классовое и общее социальное назначение государства, считалось, что каждый тип государства обуславливает свои классовые функции. В рамках социалистического государства рассматривались новые социалистические функции государства: подавление эксплуататорских классов, организация народного хозяйства, поддержка национально-освободительных движений и т.п. Все эти функции тесно увязывались с новой социалистической сущностью государства, выразившейся в социалистической собственности, господстве рабочего класса, наличии единственной правящей коммунистической партии и т.п.

Исчезновение социалистического государства порождает переоценку прежних догматов и постулатов. В связи с этим считаем, что современная теория государства, сохранив функциональный подход к деятельности стороне государства, должна расширить и углубить понимание социального назначения государства, учитывать, что на функции государства определяющее влияние оказывают не столько классовые характеристики государства, сколько новые условия и проблемы современной жизнедеятельности общества, существования цивилизационных проблем (экология, ядерное вооружение, демографические, сырьевые и иные проблемы).

Государство как важнейший субъект общественной жизни, несущий главную ответственность за ее состояние, развитие, благополучие, не может быть монофункциональным: оно в силу своего социального предназначения, выполняемой роли, охвата своим влиянием сфер жизнедеятельности общества, признаков и свойств всегда полифункциональное. Эта особенность государства находит более широкое подтверждение и обоснование в связи с дальнейшим усложнением общественных отношений, появлением их новых разновидностей, изменением соотношений между новыми и прежде существовавшими областями отношений. Действительно, жизнь общества без государственной власти превращается в хаос. Несомненно, что общество не может существовать без государственной власти. При этом отсутствие или слабость ее означает

распад общества. Ведь государственная власть наряду с экономикой - первооснова его социальной жизни. Более того, без отношений власти человеческая цивилизация невозможна [2].

Важная роль государства, государственной власти в жизни общества особо значима на современном этапе, когда человечество переживает переломную эпоху. Устойчивое развитие общества основывается не только на рыночных механизмах, но и на функциях государства разнообразного характера – социальных, экономических, правоохранительных. В настоящее время страны СНГ объявили о своей приверженности идеалам правового государства. В этой связи осуществляемые преобразования направлены на либерализацию общественных отношений. Однако мы не должны смешивать такие понятия, как либерализм и крайний индивидуализм. Сегодня в ряде стран СНГ излишняя либерализация отношений между личностью и государством привела к «ослаблению» государства, разгулу преступности, деятельности религиозных сект и к другим негативным последствиям. Ведь права человека должны служить не только личной пользе индивида, но с их помощью должно обеспечиваться общее благо на основе разумного сочетания индивидуальных и общественных интересов. Поэтому сегодня весьма важно обеспечение сочетания свободы индивида и целостности общества.

Как известно, в основе правового государства лежит развитая рыночная экономика и гражданские отношения, которые осуществляются вне политических организаций по усмотрению граждан в рамках закона. Правовое государство и демократия вызревает на базе самоуправляемого рыночного хозяйствования. Атрибутом правового государства выступает разделение властей, которое обеспечивает нейтрализацию чрезмерных притязаний власти на господство в обществе, возможность осуществления надлежащего контроля за всеми действиями государства, гласности в отношении политической деятельности и т.д. Правовое государство, утверждение которого закреплено в ст. 1 Конституции РК, должно рассматриваться как цель, к которой стремится казахстанское общество и с достижением которой связано нынешнее и последующее развитие Казахстана. В качестве центральной проблемы в теории государства выступает проблема практического соединения теоретических представлений о том, каким должно быть правовое государство, с повседневной конкретной деятельностью государственных органов и учреждений, общественных объединений, должностных лиц и граждан по его реальному созданию. Так, Президент РК Назарбаев Н.А. [3] в своем программном послании народу Казахстана отмечает: «Наша задача - создать для Казахстана эффективную, современную государственную службу, которая была бы оптимальной для рыночной экономики, сформировать правительство, способное реализовать приоритетные цели, построить государство, стоящее на страже национальных интересов».

Формирование правового государства как процесса должно быть органически пережито обществом, которое само должно для этого созреть экономически, политически, духовно и юридически. С помощью своих функций государство обязано удовлетворять возрастающие потребности общества и призвано постоянно, на долговременной основе, выполнять объективно складывающиеся многообразные задачи и цели. В связи с этим государство осуществляет множество функций.

В современных научных источниках встречаются различные варианты определения и характеристики функций государства. Полагаем, что с некоторой долей условности можно выделить два основных подхода.

Во-первых, функция государства определяется, главным образом, через его социальное предназначение, заключающееся в разрешении определенных задач и достижении целей.

Во-вторых, понятие функций государства связывается в большей степени или прямо отождествляется с понятием его деятельности. Такое отождествление наблюдается в работах российских авторов, таких как Байтин М.И., Пичугин С.М., Черноголовкин Н.В., Глебов А.П., Нерсисянц В.С., и др. Данные подходы представляют собой принципиально разные

направления в теории функций государства. Каждый из них имеет свои достоинства и недостатки. На наш взгляд, нельзя отождествлять функции государства с его фактической деятельностью, хотя нельзя отрицать, что функции государства определенным образом связаны с осуществлением деятельности и функционированием государства. Более точное определение функций государства предполагает употребление термина «направление» при характеристике государственной деятельности по удовлетворению общесоциальных или классовых потребностей, но не саму деятельность. При таком подходе динамичное начало не исключается из понятий функции государства, оно лишь переносится из области сущего в область должного. Также здесь не отрицается деятельностная сторона, но при этом ясно и четко подразумевается определенная целевая установка.

Казахстанский ученый, академик Баймаханов М.Т., утверждает, что функции государства – это выражающие его сущность и социальное предназначение основные направления его деятельности в соответствующих сферах общественной жизни, характеризующиеся стремлением обеспечить их развитие в интересах государства, общества и его членов.

С точкой зрения Баймаханова М.Т. перекликается мнение о функции государства как об особом механизме государственного воздействия на общественные отношения и процессы, определяющем главные направления и содержание его деятельности по управлению обществом.

Российский исследователь Морозова Л.А. к признакам функций относит следующие: прочно сложившуюся предметную деятельность государства в важнейших сферах общественной жизни – экономической, политической, социальной, духовной (идеологической, религиозной), правовой; непосредственную связь между сущностными, формальными характеристиками государства и его социальным назначением, которое и реализуется в деятельности государства; направление деятельности государства на решение крупных социально-экономических, политических и иных задач, достижение крупных, общественно значимых целей, которые встают на каждом историческом этапе развития общества; деятельность государства в определенных формах (чаще всего правовых) и с применением особых, в т.ч. властно-принудительных методов.

На наш взгляд, появление нового типа государства не влечет за собой обязательного изменения всех функций государства. Здесь сохраняется преемственность функций, вместе с тем действует и механизм обновления функций. Таким образом, функции государства – это, выражающие его сущность и социальное назначение, основные направления его деятельности в соответствующих сферах общественной жизни. В то же время функции государства есть научная абстракция, с помощью которой единая государственная деятельность расчленяется на виды. Они различаются характером объекта, непосредственной цели, сил, материально-технических средств, методов и т.д.

К слагаемым функций государства относятся следующие компоненты: субъектность функций государства; содержание функций государства; цели и задачи; объем полномочий, которые выделяются государством для обеспечения их выполнения; методы осуществления функций государства. Рассмотрим эти компоненты.

В реализации функций государства задействованы все, или, по крайней мере, большинство государственных органов. Рассредоточение государственных органов по отдельным функциям осуществляется неравномерно. К примеру, общегосударственные органы (парламент, президент, правительство) принимают участие в реализации почти всех функций государства, тогда как локальные, отраслевые органы занимаются отдельными функциями.

Возложение обязанностей по выполнению функций государства на соответствующие органы предполагает наделение последних соответствующими полномочиями. Этот объем полномочий, предназначенный для выполнения функции в целом, как бы распределяется между теми звеньями государственного механизма, на которые возложено выполнение той или иной части заданий по реализации функций государства. Полномочия бывают

разнообразными, они обеспечиваются организационными, кадровыми, материально-техническими, информационными средствами. Все это в совокупности придает функциям четкие очертания и качества особого целостного, специфического и относительно обособленного от других направления государственной деятельности. Укажем также укомплектование государственных органов квалифицированными кадрами.

Содержание функций государства образует ее активное и целеустремленное воздействие на определенную сферу общественной жизни. Подобное воздействие может быть разным: во-первых, способствовать закреплению, развитию и совершенствованию тех общественных отношений, которые с точки зрения государства наиболее целесообразны и желательны, отвечают интересам народа; во-вторых, может быть направлено на то, чтобы нейтрализовать, свести к минимуму или даже полностью преодолеть отношения, которые тормозят общественное развитие, наносят ущерб интересам населения и личности; в-третьих воздействие государства проявляется в том, что оно стремится обеспечить условия для утверждения нового и прогрессивного. По мнению Загайнова Л.И., «это отличающееся по своему характеру и особенностям воздействие государства на соответствующие виды и группы однородных общественных отношений составляет содержание отдельной конкретной функции государства».

Цели и задачи функций образуют следующий компонент понятия функций государства. Их не следует смешивать с целями и задачами, которые стоят в целом перед государством и которые определяют его функции. Эти цели и задачи соответствуют общегосударственным требованиям, основной акцент делают на особенностях реализации данной функции государства. Они в структуре функций государства выполняют роль «нацеливания» и «озадачивания» того воздействия, которое оказывается государством на определенную сферу общественной жизни. Отметим, что цели и задачи придают функции государства необходимую направленность и вводят его в желательное с точки зрения государства русло.

Следующим компонентом функций государства является облачение его в ту или иную конкретную форму – организационную и правовую. Эти формы подробнее рассматриваются ниже.

Особым компонентом понятия функций государства являются методы ее осуществления. Эти методы отличаются друг от друга. Перечислим основные: это методы принуждения и убеждения, методы соотношения начал централизованного и децентрализованного управления, методы допущения свободного усмотрения для участников общественной деятельности и выбора последними нужных им вариантов поведения; авторитарно-императивные методы, широко опирающиеся на принуждение, наказание, репрессии и др.

Подчеркнем, что функции государства отличаются от функций его органов. Последние имеют более конкретный характер, зависят от задач, назначения этих органов. К примеру, суд выполняет функцию правосудия в обществе, министерство внутренних дел – организацию охраны общественного порядка, борьбы с правонарушениями и т.д. Важная роль государства в жизни общества особо значима на современном этапе, когда человечество переживает переломную эпоху. Устойчивое развитие общества в последнее время все более связывается не с всесилием рыночных механизмов, а, скорее, с усилением контролирующих функций государства за потреблением и производством и др. Справедливому сочетанию общественного интереса и интересов индивида способствует реализация в государстве принципа формального равенства, понимаемого как беспристрастное отношение закона, права, суда ко всем и к каждому, в т. ч. и к государству, его органам и должностным лицам. Перед законом и судом все субъекты права равны, в т. ч. государство и его органы. В этом случае государство выступает в качестве правовой формы организации и функционирования публичной политической власти, а государственная власть вводится в правовые рамки. В результате свобода личности становится пределом для власти,

а право - средством установления справедливого соотношения свободы индивида и интересов общества.

Раскрытие особенностей осуществления функций государства необходимо производить через анализ форм и методов осуществления функций государства. Последнее рассматривается с различных позиций – юридических, социологических, политологических, конкретно управленческих.

Рассмотрим юридические позиции. Здесь различают правовые и неправовые формы и методы осуществления функций государства. К правовым методам относят законодательствование, государственное управление, правосудие и государственный контроль. Это не означает, что не могут быть приняты неправовые, противоречащие конституции положения законов, актов управления или неправосудные решения. Практически во всех государствах мира встречаются случаи принятия нормативных правовых актов, прямо противоположных действующему законодательству. Употребление термина «правовые методы» означает, что эти методы являются правовыми, поскольку их использование детально урегулировано правом и зависит от особенностей различных ветвей государственной власти.

Законодательствование – принятие общеобязательного правила поведения наиболее общего характера, правовых норм, регулирующих поведение и деятельность физических и юридических лиц, объединений, организаций, учреждений, предприятий и др. Эти правила могут быть установлены законами и подзаконными актами. В Республике Казахстан 24 апреля 1998 г. был принят Закон «О нормативных правовых актах в РК», который устанавливает иерархию действующих НПА. Отметим, что в 2000, 2002 и 2004 годах в этот закон были внесены конструктивные изменения, касающиеся особого места кодексов в системе обычных законов, что благоприятно повлияло на систематизацию законодательства в целом.

Современное государство издает обычно огромное количество законов. В Италии – приблизительно 300 в год, в США – иногда тысячи. Это обусловлено объективной причиной – активизацией деятельности государства, в частности, парламента. Законодательствование есть форма управленческой деятельности, в которой участвует парламент. Поскольку современный парламент перегружен, создаются новые формы осуществления законодательных полномочий: делегированное законодательство (парламент поручает издавать акты с силой закона правительству или отдельным министрам), регламентированная власть (осуществление по существу законодательных полномочий, но не на основе периодического и временного делегирования, а в соответствии с нормами конституции, правда, такие акты называются незаконными, а законодательными декретами, декрет-законами и др.), создание мини-парламентов (пропорционально к численности партийных фракций в «большом» парламенте). К декрет-законам можно отнести законы, принимаемые Президентом РК по поручению Парламента РК [4].

Государственное управление есть исполнительно-распорядительная, административная деятельность государства, его органов, должностных лиц. Она включает, прежде всего, исполнение конституции и законов, но для осуществления управления тоже требуется издание нормативных (подзаконных) актов, которые имеют и общий (нормативный), и частный характер. Сегодня эта форма осуществления функции государства приобретает доминирующее значение, поскольку, в современных государствах исполнительная власть приобретает решающее значение. В самом исполнительном аппарате доминируют профессионалы-технократы. По свидетельству Чиркина В.Е., «все большая доля занятого населения работает теперь в государственном аппарате (5-7% в развитых странах) [5].

Правосудие – специфическая форма осуществления функций государства в виде рассмотрения уголовных, гражданских, трудовых и других дел и споров, то есть разрешение конфликтов в обществе.

Правосудие может осуществляться только судом. Другие юридические учреждения и лица (прокуратура, адвокатура, нотариат, судебные эксперты и др.) могут оказывать лишь содействие суду.

Государственный контроль или контрольная деятельность государства имеет различные формы. По существу такую деятельность выполняют все вышестоящие органы государства по отношению к нижестоящим.

Для контрольной деятельности создаются также особые органы, которые осуществляют контроль по отношению к неподчиненным им объектам. Это различные органы вневедомственного контроля (например, пожарная охрана). Контрольной деятельностью занимаются уполномоченные парламента – омбудсмены, число которых в демократических странах растет. Сегодня существуют специализированные омбудсмены, осуществляющие контроль в вооруженных силах, в сфере экологии, по вопросам равенства языков, прав человека и другим сферам. Контрольной деятельностью занимается прокуратура, контрольные палаты контрольные управления парламентов (Польша, Чехия), счетные палаты (Россия), Комиссия по правам человека (Республика Казахстан) и другие органы.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. «Осмысление пройденного и дальнейшее демократическое реформирование общества».
2. Баймаханов М.Т. О необходимости переосмысления некоторых научно-методологических вопросов теории государства и права // Избранные труды по теории государства и права. – Алматы, 2003.
3. Белков П.Л. Раннее государство, предгосударство, протогосударство: игра в термины // Ранние формы политической организации: от первобытности к государственности. – М., 1995
4. Сапарғалиев Г. Проблемы идеологии унитарного государства Казахстана // Научные труды «Әділет». – 2000. – №1. – С. 50-59.
5. А.С. Ибраева. Теория государства и права. Алматы 2006 год

Рысжанова Г.С.

*Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
заң факультеті, 3 курс PhD Докторанты*

Ғылыми жетекші: з.ғ.д., профессор Ф.З. Қожасметов

БИЛІКТІ БӨЛУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ - СОТ БИЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік органдардың жүйесінде маңызды өзгерістер болғанын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының дамуының қазіргі кезеңі талқыланады. Қазақстандық мемлекеттіліктің өзекті мәселелерін шешуге барынша бейімделген мемлекеттік механизмнің белсенді құрылысы бар. Тәуелсіздік алғаннан кейін ел мемлекеттік жаңғыртудың жаңа кезеңіне өтті. Мемлекетті барлық институттар мен мемлекеттік басқару деңгейлерінде нығайтпай, экономикада да, әлеуметтік салада да табысқа жете алмаймыз. Еліміздің дамуы үшін қоғамды біріктіруге негізделген күшті және жауапты мемлекеттік билік қажет. Ең мықты күшпен болашаққа серпіліс жасауымыз керек. Қазақстандағы биліктің бөлінуі алғаш рет 1990 жылы 25 қазанда «Мемлекеттік егемендік туралы» Декларация деп танылып, жарияланды. Биліктерді бөлу туралы ереже 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда, 1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының

Конституциясында, 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясында көзделген өкілеттіктерін келесі лауазымда бөлуді бекітті: «Республикадағы мемлекеттік билік бірегей болып табылады, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну принципі бойынша бөліне отырып, және олар бір-бірімен өзара іс-қимыл және тепе-теңдік жүйесі арқылы жүзеге асырылады».

Кілт сөздер: Мемлекет, Тәуелсіздік, Декларация, Конституция, заң, институт, егемендік, билік, ереже, орган.

Аннотация

В статье рассматривается современный этап развития Республики Казахстан, свидетельствуя о наличии важных изменений в системе органов государственной власти. Идет активное строительство государственного механизма, содержательно максимально адаптированного к решению актуальных задач казахстанской государственности. С получением независимости страна вступила в новый этап государственной модернизации. Без укрепления государства в лице всех его институтов и уровней власти нам не достичь успехов ни в экономике, ни в социальной сфере. Сильная и ответственная власть, основанная на консолидации общества, необходима для сохранения страны. Без сильной власти невозможен и прорыв в будущее. Разделение властей в Казахстане было впервые признано и провозглашено «Декларацией о государственном суверенитете» от 25 октября 1990г. Положения о разделении властей также содержатся в Конституционном законе «О государственной независимости Республики Казахстан» от 16 декабря 1991г., Конституции РК от 28 января 1993 г. Ныне действующая Конституция РК от 30 августа 1995г. закрепила разделение властей в следующем положении: «Государственная власть в республике едина, осуществляется на основе Конституции и законов в соответствии с принципом ее разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви и взаимодействия между собой с использованием системы сдержек и противовесов».

Ключевые слова: Государство, Независимость, Декларация, Конституция, закон, институт, суверенитет, власть, положение, орган.

Abstract

The current stage of development of the Republic of Kazakhstan indicates the presence of important changes in the system of state authorities. There is an active construction of a state mechanism that is substantively adapted as much as possible to solving urgent problems of Kazakhstan's statehood. With independence, the country has entered a new stage of state modernization. Without strengthening the state in the face of all its institutions and levels of government, we will not achieve success either in the economy or in the social sphere. A strong and responsible government based on the consolidation of society is necessary for the preservation of the country. Without strong power, a breakthrough into the future is impossible. The separation of powers in Kazakhstan was first recognized and proclaimed in a "Declaration of State Sovereignty" in October 25, 1990. The provisions of the separation of government are also contained in the Constitutional Law: "About the State Independence of the Republic of Kazakhstan" which were in December 16, 1991, and published in the Constitution of the Republic of Kazakhstan in January 28, 1993. The current Constitution of the Republic of Kazakhstan of August 30, 1995. enshrined the separation of powers in the following position: «State authority in the republic is one, that carried out on the basis of the Constitution and laws in accordance with the principle of its division into legislative, executive and judicial branches and in interaction with each system of checks and balances.»

Keywords: State, Independence, Declaration, Constitution, law, institution, sovereignty, power, regulations, authority.

Мемлекет билігінің түпкі мақсаты - адамдарды билеп-төстеу және оларды қорқынышта ұстау, тағдырдың тәлкегіне қалдыру емес, дұрысы, адам өзінің өмір сүру құқығы өз мүмкіндігіне қарай пайдаланулары үшін, оларды қорқыныштан (үрейден) азат ету. Мемлекеттің міндеті - адамдардың аз міндеттерін қауіпсіз жағдайда орындауы үшін жағдайлар туғызу, бірақ екінші жағынан олардың бір-бірімен жанжалдастырмай, адам баласын өшпенділік, қастық, өтірік атаулыдан ада етуі керек[1,7]. Кез - келген мемлекеттің түпкі мақсаты - өз азаматтарының бостандығын (еркіндігін) көздеуі тиіс, еркіндіктің кепілі болуы керек.

Биліктің барлық көріністерінің жиынтығы, билікті қоғам мен адам өмірінің жалпыға бірдей бастамасы ретінде де саясат ретінде де, қоғамды барлық ынтымақты және дау-жанжалды қарым-қатынастармен ұйымдастыратын дербес қоғамдық мазмұн (маңыз) ретінде де қарауға мүмкіндік береді.

Билікті бөлу теориясының негізін салушы - озық ойшыл қоғамның мемлекеттік-құқықтық құрылымының теоретигі Ш.Монтескье. Оның теориясының негізгі мақсаты - азаматтарға билік институттарының негіздері қаланған солардың көмегі арқылы мемлекеттік билік органдары өзара іс-қимыл жасаулары тиіс. Кейбір мемлекетте биліктің үш түрі: заң шығару, атқару және сот биліктері қолданылатынын анықтаған да, оларды жіктеген де сол. Осылардың әрқайсысын сипаттай отырып, ол сондай-ақ заң шығару билігінің мемлекеттің нақты қолдану мерзімі бар заңдарды шығаратынын немесе оларды бұзатынын белгілеп берді. Екінші биліктің міндеті - бейбіт бітім жасау немесе соғыс жариялау, елшілерді жіберу немесе қабылдау. Мұның өзі қауіпсіздіктің кепілі болып табылады және екі мемлекетті өзара соғысудан сақтандырады. Үшінші биліктің рөлі - қылмысы үшін жазалау немесе азаматтық істерді қарау. Анықтамаларды белгілей отырып, азаматтың саяси еркіндігін айқындаған Ш.Монтескье сонымен қатар: «заң шығару билігі атқару билігімен қоса бір адамның қолына немесе магистраттың бір аппаратына біріктірілетін болса, онда еркіндіктің болуы мүмкін емес».

Сот билігін заң шығару және атқару билігінен бөлмейінше еркіндік жоқ. Оның пікірінше, егер судья (би, қазы) бір мезгілде заң шығарушы болып табылса, онда озбырлыққа жол ашық. Сот билігі атқару билігімен біріктірілген жағдайда, судья езушінің сойылын соғуы мүмкін. Және ең ақыры бір адамның, бір шонжардың қолына үш биліктің үшеуін де бір мезгілде қатар біріктіру (заңдарды әзірлеу мен қабылдау, қоғамдық шешімдерді орындау, сондай-ақ азаматтық істерді қарау және қыл-мыскерлерді соттау) арқылы бәрінен де айырылып қалуға болады. Сонымен бірге Ш. Монтескьенің конституциялық жобасында биліктің тепе-теңдік идеясы жеткілікті түрде айқындалмады. Мысалы, заң шығару билігінің атқару билігіне қатысты басым (үстем) рөлін белгілеген ол, сот билігін солармен қатар қойды, оның ойыша қай биліктің кімнің мүддесін қозғайтыны маңызды. Ойшылдың пікіріне жүгінсек, сот билігін арнайы органға емес, белгілі бір уақытқа сот төрелігін іске асыратын халықтың арасынан сайланған адамдарға сеніп тапсыруға болады. Ол: «адамдар үшін қорқынышты сот билігі, белгілі кәсіппен де, белгілі ережемен де (жағдаймен де) байланысты болмайды; сот билігі көрінбейтін нәрсеге айналады» - деп қателесті[2,8].

Билікті бөлу теориясы көптеген елдердің мемлекеттік-құқықтық тәжірибесінде кеңінен қолданылып, адам құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ететін негізгі кепілдіктердің бірі болып табылды. Аталған тұжырымдаманың барынша нық қалыптасқан дәстүрлері бар елдерде де демократиялық принциптер кеңінен қолдау тапты. Билік бөлісу қағидатына негізделген мемлекеттік жүйенің артықшылығы - мемлекеттің ішкі саяси жағдайының салыстырмалы тұрақтылығы. Өйткені билікті бөлісу, Конституция нормаларының негізінде, әлеуметтік күштердің қиын-қыстау жағдайлардан ауыз бірлігі (бәтуасы, мәмілесі) арқылы шығуға мүмкіндік береді[3,10].

АҚШ - конституциялық құрылымы ерекше ел. Мәселен, Президенттің және оның кабинетінің мүшелерінің Конгресс палаталарына мүше болуға және Конгресте дауыс беруге қатысуға құқылары жоқ. Президентке заң шығару жөнінде бастама көтеру құқығы

берілмеген ал президент кабинетінің мүшелері президент алдында жауапты. Биліктің «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесі былайша қолданылады. Алдымен заң Конгресте қабылданады, содан кейін ол қол қою үшін Президентке ұсынылады. Президент оған қол қоймас таң заң жобасын шығарған палатаға өзінің қарсылықтарын келтіріп, қайтаруына болады. Сайып келгенде, заң жобасының түпкілікті тағдырын Конгресс шешеді. Президентке халықаралық шарттар жасасу құқығы берілген, бірақ оны алдымен Сенат мақұлдауы керек. Сенатпен келісу арқылы Президент елшілерді, басқа да лауазымды басшыларды және Жоғарғы Соттың судьяларын тағайындайды. Конгресс пен Президент өз актілерімен Жоғарғы Сотты конституциялық емес деп жариялауға құқылы. Өзіміз көріп тұрғанымыздай, «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесі АҚШ конституциялық құрылымының ажырамас қағидаты. Өйткені ол өзара бақылау жүргізуге мүмкіндік беріп, биліктің үш тармағының өзара іс-қимылдары үшін қолайлы жағдайлар жасайды[4,15].

АҚШ ғалымдары өздерінің ғылыми еңбектерінде биліктің үш тармағын талдауды көбіне сот билігінен бастаулары кездейсоқ емес. Нақ сол өркениетті елдерде сот билігі іс жүзінде мемлекеттік билікке айналды. Соттар биліктің басқа тармақтарына бақылау жүргізуге және олардың шешімдеріне шағымдар бойынша түпкілікті шешімдер шығаруға өкілеттік алды.

Шетелдерде заң шығару, атқару және сот билігі органдарының арасында өзара нақты іс-қимыл жолға қойылған. Мәселен герман Конституциясының 44-бабының 3-тармағы соттарды Бундестаг тергеу комитеттеріне құқықтық көмек керсетуге міндеттейді. Испанияда соттар регламенттеуші (реттеуші) рөл атқарып, бақылау жүргізеді. Пәкістан Конституциясының 162-бабы бойынша Жоғарғы Сот бұқара көпшілік сипаттағы немесе мағынадағы құқық мәселелері жөнінде тұжырымдамалар (қорытындылар) жасау арқылы Президентке кеңес береді [5,17].

Сот билігінің ұғымы, оның әлеуметтік міндеті мен қызметі де, сондай-ақ кеңес кезіндегі заң әдебиетінің зерттеу объектісі болып табылды. Осы мәселелер сондағы әдебиетте «әділ сот» ұғымы арқылы үстірт қаралды, ол іс жүзінде «сот билігі» ұғымымен теңестірілді (ұқсастырылды). Бұл ретте соңғы санат үстемдік құрған маркстік-лениндік идеология ұстанымы тұрғысынан ашылды, ол идеология ез кезегінде мемлекет мүддесінің басымдығынан құқықты мемлекетке бағындырудан туындады. Алайда, сот билігі мен әділ сот егіз ұғымдар, бірақ олар ұқсас емес. Сот терелігі сот билігінің ең маңызды көріністерінің бірі болып табылады, бірақ сот билігі тек мұнымен ғана шектелмейді. Аталған ұғымдардың ара-қатынасын дәл анықтау заң ғылымының алдында тұрған мәселелерінің бірі болып табылады.

Революциядан бұрынғы ғалым С.В.Познышев: «сот билігі мемлекет билігінің бір тармағы, жекелеген органдар арқылы жүзеге асырылуы тиіс, осы билік заңды жүзеге асыруға, құқық үстемдігін орнықтыруға, озбырлық пен зорлыққа қарсы күресуге арналған».

Бұл анықтамада сот билігінің ұйымдық және атқарушылық дербестігіне, сондай-ақ қоғам мен мемлекетте құқық үстемдігін қамтамасыз ету үшін оның әлеуметтік бағыты аталып өтілді.

Кеңес өкіметінің орнауына және пролетариат диктатурасын жариялауға, кейіннен билік қызметінің саяси-құқықтық қағидатына айналған «Барлық билік – Кеңестерге» ұранының орнығуына байланысты билікті бөлісу теориясын іске асырудың мүмкін еместігі айқын болды. Марксизм-ленинизм классиктері үшін мемлекеттің негізгі міндеті үстем таптың диктатурасын қамтамасыз ету және оны қорғау болып табылады. Міне, осы себепті мемлекеттің таптық қасиеттері мен оның әлеуметтік-экономикалық негізі бірінші қатарға қойылғаны туралы айтуға болады. Билікті бөлісу туралы сөз қозғай отырып, К.Маркс: осы бөлісу «басқа емес, ол мемлекеттік механизмді (тетікті) басқару және бақылау түрінде қолданылатын еңбектің кәдімгі өнеркәсіптік белісі сияқты нәрсе» деп атап көрсетті. В.И.Лениннің пікірінше, «нағыз мемлекеттік істер шымылдық артында жасырын жасалады және оны департаменттер, кеңселер, штабтар орындайды».

1917 жылы Октябрь революциясының жеңіске жетуіне байланысты Кеңестер түріндегі билік тұтастығының тұжырымдамасы биліктің тұтас негізін қалады. Мұнда биліктің басқа тармақтары дербестіктен аулақ еді. Заң шығару, сондай-ақ сот билігін айқын ығыстырған атқару билігінің рөлін шұғыл күшейту, сот билігіне мемлекет билігінің дербес тармағына бөлінуіне мүмкіндік бермеді. Осы жағдай аталмыш тақырып бойынша теориялық талдауларға әсерін тигізбеуі мүмкін емес еді, бұған зерттеушілер сан мәрте назар аударды. Билік теориясы, соның ішінде сот билігі саласындағы теориялық дайындықтар, әсіресе барлық деңгейлерде ғаламдық өзгерістер барынша жүріп жатқан жағдайларда бұл біздің елімізге ауадай қажет.

Қоғамды демократияландыруға арналған белгілі бір ережелер 1977 жылғы ССРО Конституциясында негізделді, әйтсе де онда билікті бөлісу теориясы жөнінде әңгіме қозғаудың қисыны жоқ. «Барлық билік – Кеңестерге» деген лениндік қағидатын қалпына келтірудің (жаңғыртудың) қажеттілігі, Кеңестердің ССРО саяси негізінің мәртебесін қайта иеленуіне апарып тіреді, қалған мемлекеттік органдардың барлығы соларға есеп береді және бақылауында болды. Аталған Конституция арқылы, 1918 жылғы РСФСР Конституциясындағы сияқты, Кеңестерге орасан зор өкілеттіктер қайта берілді. 2-бап ССРО-ның саяси негізі ретіндегі халық депутаттары Кеңестері арқылы барлық биліктің халық еншісінде екенін жариялады. Бұл ретте саяси жүйенің өзегі кеңес қоғамының басқарушы (жетекші) және бағыттаушы күші болып коммунистік партия жарияланды, ол өз кезегінде қоғам дамуының негізгі болашағын (перспективасын) белгіледі (6-бап). Демек, елді іс жүзінде Кеңестердің жарияланған толық билігі принципі жамылған партиялық-әкімшілік басшы топтар басқарды. Әрине, осы жағдайда билікті бөлісу теориясының ғылым ретінде дамуы мүмкін емес еді. Егер ол туралы жазған күннің өзінде де тек капиталистік қоғаммен салыстыру үшін ғана жазды немесе ол теріс түсіндірілді, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың міндеттерін бөлісумен ауыстырылды.

Совет Одағының ыдырауына және тоталитарлық жүйенің күйреуіне байланысты халықта қазіргі кезеңдегі сот билігінің рөлі мен маңызын сезіну түйсігі пайда болды. Дәл осы кезеңнен бастап сот билігі заң зерттеулерінің толыққанды объектісіне айналды.

Мәселен, сот билігі дегенде мемлекеттік биліктің өзіндік тәуелсіз тармағы ұғынылады, ол билік соттар арқылы жария, жарыс сөз, қағида бойынша, сот мәжілістерінде құқық туралы азаматтық, қылмыстық және сот өндірісінің заң белгілеген басқа да нысандары арқылы алқалы түрде қарау және шешу жолымен жүзеге асырылады. Іс жүргізу құқығы мен сот құрылысы саласының мамандары сот билігін «мемлекеттің арнайы органдары - соттарға, құзыреттеріне жатқызылған мәселелерді шешу жөнінде берілген өкілеттіктер, ол мәселелер құқықты қолдану және осы өкілеттіктерді конституциялық, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік жолмен қолдану кезінде туындайтын мәселелер және соттар қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін кепілдендіретін іс жүргізу нормаларын сақтау арқылы төрелік (арбитраждық) сот өндірісі» ретінде анықтайды.

Өзіміз көргеніміздей, осы көзқарас сот өкілеттіктерінің ерекше сипаты мен оны жүзеге асырудың арнайы нысандарын белгілейді.

Біздіңше, арнайы нысандарда жүзеге асырылатын ерекше билік өкілеттіктерінің сот билігінде болуы ұғымына саю аса дұрыс емес сияқты. Бұл жағдайда соттардың әлеуметтік рөлі мен олардың алдарында тұрған: азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету міндеттері назарға алынбайды.

К.Ф.Гуценко мен М.А.Ковалевтің пікірлері бойынша, сот билігі – «мемлекеттік аппаратта ерекше орын алатын органдардың (соттар) адамдардың жүріс-тұрыстары мен арнайы процестерге өздеріне тән мүмкіндіктері және қабілеттерімен ықпал ету арқылы іске асыру». Олар, осылайша, биліктің екі компонентін даралайды: 1) аталмыш билікті тек мемлекет арнайы құратын органдар арқылы жүзеге асыру; 2) осы органдарда ықпал етудің тек өздеріне тән қабілеттері мен мүмкіндіктерінің болуы.

Сот билігі ұғымын анықтаудың тағы бір тәсілін Ю.А. Дмитриев пен Г.Г.Черемных тапты. Олар сот билігін «арнайы мемлекеттік және муниципалдық органдар жүйесін көрсететін, шындықты анықтауға, әділдікті қалпына келтіруге, дауларды шешу мен айыптыларды жазалауға бағытталған, заңда қамтылған билік өкілеттіктеріне ие дербес жария-құқықтық құрылым, олардың шешімдерін сотқа қатысты адамдардың барлығы орындауға міндетті» [6,48].

Мәселен, Б.А.Страшун мен А.А.Мишин былай деп атап көрсетеді. Жалпы алғанда сот билігі - қоғамдық қатынастарға ықпал ететін құрал және ол билік төменнен жоғарғыға дейінгі барлық сот органдарына жүктелген. Сот билігінің демократиялық қоғамдағы әлеуметтік рөлі, әр түрлі заңдық жанжалдарда, ең алдымен Конституцияда және басқа да заңдарда, халықаралық шарттарда (келісім-шарттарда), сондай-ақ заңға теңестірілген жоғары деңгейдегі заңға сәйкес актілер - жарлықтарда, декреттерде, ордонанстарда, ішкі мемлекеттік жария-құқықтық шарттарда (келісім-шарттарда) және т.б. көрсетілген құқық үстемдігін қамтамасыз етумен тұжырымдалады.

Заңгер Ғ.С.Сапарғалиев осы мәселеде, ең алдымен, Конституцияның өзінің ережелеріне сүйенеді. Ол Қазақстан Республикасындағы сот билігін ешкімнің де еркінен тәуелсіз және тек сот арқылы ғана Республика атынан жүзеге асырылатын мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде қарайды. Сондай-ақ, сот билігінің қызметі де атап көрсетіледі, ол - азаматтардың құқықтарын, еркіндіктерін, заңды мүдделерін, олардың бірлестіктерінің, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының (келісім-шарттарының) орындалуын қамтамасыз ету [7,196].

М.В.Баглай мемлекеттік биліктің тәуелсіз буыны ретіндегі сот рөлін айрықша атап көрсетеді. Ол рөл - өзінің айрықшаланған құралдарымен және арнайы аппаратымен адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, заңдылық пен әділдікті бекітуді білдіреді. «Тәуелсіз сот билігі, - дейді ол - құқықтық мемлекет пен конституционализмнің өзегіне, халық еркіндігінің бас кепілдігіне айналады», -деп тұжырымдайды.

Көптеген зерттеушілер сот билігінің жалпы (ортақ) белгілеріне мыналарды жатқызады: мемлекеттік органдар арқылы арнайы құрылатын сот билігін жүзеге асыру, оның азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталғандығы; Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз ету, сот билігін арнайы нысандар мен айрықша рәсімдер арқылы іске асыру; сот билігінің тәуелсіздігі, дербестігі, даралығы және айрықшалануы; соттарды құру және олардың қызметін заң шығару мен атқару органдары үшін белгіленген ережелерден бөлек арнайы ережелерді сақтау арқылы ұйымдастыру, заңға сәйкестік [8].

Бірқатар зерттеушілер осыларға сондай-ақ осы билікті жүзеге асыратын лауазымды адамдар - судьялардың ерекше мәртебесі мен қызмет режимін (тәртібін), билік қызметін бақылаудың ерекше жүйесін (ішкі сипаты) қосады.

Сот билігінің ерекшеліктері мен сипаттарының арасынан кейбір авторлар биліктің нақтыланған сипатын, іс жүргізу нысанын оның сотқа (сот алқасына) тиістілігін судьялық ішкі өзін-өзі басқаруды, жан-жалдарды заңға сәйкес қарауды, судьялардың құқықтық санасы мен ішкі сенімділігін атайды.

Ю.А.Дмитриев пен Г.Г.Черемныхтың пікірлері бойынша, сот билігі үшін бірінші дәрежелі, мәнді мағынаға ие нәрсе - ол соттың іс бойынша ақиқатты белгілейтін және оған заңдық мағына беретін биліктің жеке-дара органы екендігі. «Осы құқықты сот билігі органдарына ғана тану - деп жазады олар, - тек теориялық қана емес, сонымен бірге практикалық мағынаға да ие; ол жаза қолданудың әкімшілік тәртібінің жариялылығын: акцептсіз ақша қаражаттарын, әкімшілік айыппұлдарды, тәркілеулерді жояды». Авторлар, сондай-ақ сот шешімдерімен бітістірілетін соттың тәрбиелік рөлін, қабылдаған шешімдерінің орындалу міндеттілігін де атап көрсетеді.

1995 жылы Конституцияны қабылдау сот реформасының қажеттілігіне де байланысты болды. Өйткені 1993 жылғы Конституцияда нағыз тәуелсіз сотты құрудың негіздері тұжырымдалмады. 1993 жылғы Конституцияның 100-бабында судьялар өкілеттіктерінің мерзімі-10 жыл болып белгіленді, ал дүниежүзілік тәжірибе бойынша судьялар судьялық қызметке өмір бойы тағайындалады. 1993жылғы Конституция бойынша судьяларды сайлау мен тағайындау, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге қажетті кепілдіктер жасаған жоқ [9,9].

Сонымен, билікті бөлу теориясы тек қазақстандық мемлекеттік-құқықтық ғылымда ғана емес, сонымен бірге тәжірибе жүзінде де танылды. Билікті бөлісу теориясы – жалпы демократиялық тұжырымдама, озық қоғамдық ойдың жемісі, жалпы адамзат құндылығы, ол мемлекеттік басқаруда демократиялық мақсаттарға қызмет етеді. Бірақ, осы теория, ең алдымен әуел баста мемлекеттік органдар құрылымын жасау және солардың өкілеттіктерінің нұсқаларын белгілеу кезінде басшылыққа алынуы керек әрі жалпы принцип тұрғысында ғана жүзеге асырылуы мүмкін болады. Сонымен қатар теорияның пайдалылығын асыра бағалауға болмайды. «Билікті бөлісу - мемлекетті олақ басқарудан құтқаратын ем (панацея) емес. Саяси мәдениет, дамыған қоғамдық құқықтық сана және басқа да көптеген нәрселер қажет».

Ресей Федерациясы Конституциясын өзгерту (ауыстыру) қажеттілігін негіздей отырып, ресейлік авторлар сондай-ақ, Ресей Федерациясы Конституциясындағы басты кемшілік ретінде сондағы билікті бөлісу қағидатының көмескі мазмұндалғанын атап көрсетеді.

Соттар Конституциялық Кеңесте тиісті өтініштерді қозғау арқылы Президенттің Конституцияға сәйкес емес заңдарын, Жарлықтарын, Үкіметтің қаулыларын бұзуға қол жеткізе алады. Қылмыстық және азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде соттар мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз шешімдерін бұзулары, айыптыларды жауапкершілікке тартулары керек. Рас, соттың осы көрсетілген құқықтық өкілеттігі тек заңға сәйкес сипаттағы актілерге ғана қолданылады. Сот шешімдерін бұзуға құқықсыз басқа субъектілер прокуратура арқылы әрекет жасай алады. Тек прокурор ғана сот үкіміне немесе заңдық күшіне енген соттың басқа да шешіміне наразылық келтіре алады, наразылық сот шешімінің әрекетін тоқтатады.

Алайда, сот құрылысы саласындағы көптеген мамандар әділ атап көрсеткендей, Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің құрылуы мен жұмыс істеуі билікті бөлісу қағидатына толық жауап бермейді [10,34].

Сонымен қатар, билікті бөлісу теориясы зерттеушілерінің бұл теорияға кейде жағдайлардың, орын мен уақыттың өз таңбасын қалдыратынын ұмытатындары жөніндегі пікірімен біз толық келісеміз. Қоғамның қазіргі заманда дамуы үшін мемлекеттік аппарат пен қоғамдық құрылымдардың қызметтерін межелеу; орталық пен жергілікті өкіметтің биліктік прерогативаларын (айрықша құзыреттерін) шектеу қажет. Билікті бөлісуді зерттеу мен қағидатын ендіру кезінде бұндай бөлудің тазалығы соншалықты маңызды емес, ең маңыздысы - бір адамның шексіз билігіне жол бермеу. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 3-бабының 4-тармағында: «Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас және ол билік заң шығару, атқару және сот тармақтарына бөлу принципіне сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады және олар тежемелік пен тепе-теңдікті пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасайды», - делінген [11,167].

1995 жылғы Конституцияға сәйкес, республикадағы сот билігін Жоғарғы Сот, облыстық, аудандық (қалалық) соттар жүзеге асырады. Сот билігі жүйесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы әскерлерінің Әскери соты мен әскери соттар жатады. Сот билігінің негізгі міндеті - азаматтардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдарың өзге де нормативтік-құқықтық

актілерің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын (келісім-шарттарын) орындау болып табылады.

Қазіргі кезде сот жүйесін реттейтін басты және негізді нормативтік актілер - Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы болып табылады.

Мемлекеттік басқару органдары жүйесіндегі белгілі бір орын сот билігінің қарауына жатады. Өйткені дәл осы соттар материалдық игіліктерді бөлуге белсенді түрде қатысады, азаматтық және шаруашылық істерді қарайды, қылмыстық ізге түсу саясатын жүзеге асыруға қатысады, қылмыстық істерді қарайды, сот төрелігін іске асыру кезінде тұтас алғанда заң шығару және атқару қызметтеріне бағыт береді. Біздіңше, қазақстандық мемлекеттіліктің даму перспективасын нақ сол сот билігін күшейтумен байланыстырған жөн. «Билікті бөлісудің қарабайыр түсіндірмесі соттың рөлі мен мағынасын әсірелеуге, бірқатар дәстүрлік міндеттерді өзге де құқық қорғау құрылымдарының құзыретінен бірқатар дәстүрлі міндеттерді шығаруға әкеліп тіреді, соның нәтижесінде сот билігі органдарына тән емес міндеттер жүктелді», - дейді Н. Колоколов. Бірақ біз оның пікірімен келіспейтінімізді білдіреміз. Соттардың рөлін әсірелеу, билікті бөлісу жүйесінде сот атқару және заң шығару биліктерінен жоғары тұратын сияқты болып көрінеді. Мұндай жағдай қазақстандық мемлекеттіктің даму тарихында бұрын-соңды болған емес. Жалпы алғанда, билікті бөлісу теориясы жөніндегі теориялық тұжырымдарда сот органдарына, біздің көзқарасымыз бойынша, аз көңіл бөлінген [12,51].

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі реформасы 1995 жылғы Конституцияның қабылдануынан және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығынан бастау алады. Сонымен қатар, бүгінгі күндегі 2019 жылдың 21 ақпандағы «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы конституциялық заңдармен жалғасын табуда. Осылар арқылы соттардың мемлекеттік билікті жүзеге асыруының тікелей нысаны ретінде сот төрелігі туралы, сот органдарының заң шығару және атқару құрылымдарынан тәуелсіздігі туралы, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі жөніндегі істерді шешуде соттарға құқықтық өкілеттіктер беру туралы, олардың билік органдарының арасындағы дауларды қараудағы құзыреттері туралы, сондай-ақ олардың шешімдері мен лауазымды адамдардың әрекеттері жөніндегі шағымдары туралы жаңа ережелер енгізілді. Міне, осылардың барлығы соттардың әлеуметтік мәнін де өзгертті. Бұл ретте «сот билігі» жаңа терминінің тұңғыш рет енгізілгенін ерекше атап өткен жөн.

Мәселен, 1995 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 1-тармағы «Қазақстан Республикасындағы соттөрелігі тек сот арқылы ғана жүзеге асырылатынын және сот билігі азаматтардың құқықтары бостандықтары мен заңды мүдделерінің мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттарының (келісім-шарттарының) орындалуын қамтамасыз етуге арналғанын тікелей атап көрсетеді». Осы биліктің мазмұны мен қызметі сотта іс жүргізу түрлері арқылы көрсетілген, оның негізгі мақсаты - азаматтардың құқықтарын және қоғаммен, мемлекеттің мүдделерін қорғау.

Бұрын атап кеткеніміздей, «сот», «сот әділеттілігі» және «сот билігі» ұғымдары терең ұғынуды талап етеді. Б.Н.Лапин, мәселен «сотты» құқықтық аспектіде, сол арқылы конституциялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін құқықтарды қорғау мен заң арқылы қорғалатын мүдделер туралы жүгінулер мен талаптарды қарауды және шешуді тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік-билік жүргізуші орган ретінде ұғынады. «Сот әділдігін» соттың құқықтық құзырына жатқызылатын істерді алдын ала кесіп-пішілмеген ізгілікпен және әділ қараудың заң белгілеген рәсімі ретінде түсінеді және сот қабылдаған

шешімдердің орындалу міндеттілігін атайды. «Сот билігі» ұғымын сот төрелігін іске асыру жөніндегі мемлекет қызметі ретінде анықтайтын, мемлекеттік-билік жүргізу органдары - соттар арқылы орындалатын конституциялық-құқықтық нормалар мағынасынан өрбітеді.

The article deals with the features of theft under the criminal law of the Republic of Kazakhstan. The main direct object of theft is the actual attitude of the property to which the attack was carried out. At qualification of plunders it is specified that it is necessary to establish not only object, but also a crime subject, that is the stolen property.

Keywords: Criminal offense, property, theft, subject of crime, property.

Меншік иесінің мүлкін талан-тараждаудың бір нысаны болып табылатын ұрлық көп таралған мүліктік қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарына жатады.

Заң ұрлықты меншік иесінің мүлкін жасырын талан-тараждау ретінде анықтаған нақты қылмыстық әрекет нәтижесінде түсетін қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 175-бабында көзделген, яғни ұрлық бөтеннің мүлкін иелену мақсатында, жасырын, құқыққа қайшы, қасақана түрде, күш қолданусыз алу болып табылады.

Ұрлықтың топтық объектісі ретінде меншік қатынастары танылады, Қазақстан Республикасының Азаматтық заңына сәйкес меншік құқығы заңмен танылған және қорғалатын субъектінің өзінің мүлкін өз қарауы бойынша иелену, пайдалану, және билік ету құқығы болып табылады [1].

Қазақстан Республикасында меншіктің екі нысаны: жеке меншік және мемлекеттік меншік тең танылады және қорғалады, жеке меншік ретінде азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің меншігі танылса, ал мемлекеттік меншік республикалық және қонақалдық меншік түрінде көрініс табады.

Жеке меншіктің ерекше түрі ретінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 191-бабына сәйкес қоғамдық меншік, соның ішінде діни бірлестіктердің меншігі танылады.

Ұрлықтың негізгі тікелей объектісіне қол сұғушылық жүзеге асырылған нақты меншік қатынасы жатады.

Меншік иесінің мүлкін ұрлауда кінәлі іс жүзіндегі құқықтық қатынасқа емес, оның элементіне, яғни мүлікті иелену, пайдалану, билік етумен жүзеге асырылатын меншік құқығына қол сұғады [2].

Ұрлықты саралағанда объектісін ғана емес сонымен бірге қылмыстық затын, яғни ұрланған мүлікті анықтау қажет.

Қылмыстың қол сұғушылық заты ретінде мүлікті қарастыра отырып сол уақытта оны қылмыстың объектісінен бөліп зерттеуге болмайды.

Объекті мен зат құбылыстың бір деңгейінде жатқан бір-бірімен байланысты ұғымдар, заттай мүліктер мүліктік қатынастардың материалдық алғы шарты болғандықтан қол сұғушылық заты, қылмыс объектісінің элементі, құрамдас бөлігі ретінде танылуы қажет, яғни меншік қатынастары мүлікпен байланыссыз жүзеге асырылмайды.

Мүлікке әсер ету жолымен меншік қатынастарына зиян келеді. Затты ұрлау мүліктің бөлшігі ретінде осы заттардың есебінен жүзеге асырылатын меншік қатынастарын бұзады [3].

Бұл көзқарасқа В.А. Владимиров қарсы шыққан. Ол ұрлықтың заты мен тікелей объектісін бөліп қарастыруда қате санаған. Оның пікірінше ұрлықтың объектісі материалдық дүние заттарының жиынтығы ретінде түсіндірілетін мүлік табылады [3].

Сондай-ақ М.П.Михайлов меншік құқығы қылмыстық қол сұғушылықтан зиян келмейді деп көрсетеді [4].

Басқа авторлар ұрлық жасағанда зиян меншік қатынастарына қол сұғушылық затына әсер ету жолымен келтіріледі. Қоғамдық қатынас болып табылатын меншік ұрланбайды, жойылмайды, меншік қатынастары тек бұзылады [5].

Соған сәйкес ұрлықта зиян мүлікке емес, меншік құқығына келтіріледі. Қылмыс субъектісі яғни ұры сыртқы дүниенің материалдық заттарына емес, меншік құқығына, меншіктік қоғамдық қатынастарға қол сұғады.

Б.С. Никифоров мүлікті сыртқы дүниенің материалдық заттарының белгілі жиынтығы деп дұрыс түсінік берген [6].

Мүлік өзінің физикалық белгілеріне орай ол объективтік дүниенің әртүрлі заттарында, материалдық, затық денелерде жабдықталған, кез-келген физикалық жанды және жансыз жағдайда болу мүмкіндігі бар, өз алдына маңызға ие немесе басқа басты мүлікке жату рөлін орындайтын ерекшеліктерге ие болады.

Ереже ретінде ұрлықта қол сұғушылық заты болып табылатын мүлікке кеңістікте өзінің пайдалы қасиеттерін жоғалтпай араласатын қозғалатын мүлік жатады.

Ұрлықтың мақсаты бөтен еңбектің материалдық өнімдерін құқыққа қайшы иеленіп алу болғандықтан ұрлықтың заты ретінде болжамдар, кітапта, картинада материалдық көрініске ие болмаған материалдық құндылықтар танылмайды [3].

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша мемлекетке немесе басқа құқық субъектісінің меншігіне жататын барлық мүліктер талан-тараждың заты болып саналмайды.

Ұрлықтың затына тек адам еңбегі сіңірген мүліктер мен заттардың жиынтығы жатады. Ұрлықтың заты болуы үшін мүлік тұтынушылық қасиетпен бірге баға құнына ие бола отырып тауар-ақша айналысына, азаматтың айналымға қатысу қабілетіне ие болу керек.

Орман, жан жануарлар мен құстар, судағы балықтар, қоғамға пайдалы еңбек жұмсалған табиғи байлықтар да меншік-мемлекеттің меншігі. Бірақ бұған адам еңбегі жұмсалмағандықтан оны ұрлау мүлкі ретінде есептемейміз. Осы аталған объектілерге қылмыстық қол сұғушылық үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 11 тарауында экологиялық қылмыстарда көзделген [7].

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 175-бабында қарастырылған қылмыс затына ақша тауарлары мен атыс заттарын қоспағанда оқ ату қаруының барлық түрлері жатпайды. Бұл заттарды талан-тараждау қоғамдық қауіпсіздікте маңызды қауіп көрсетеді, оларды қолданып ауыр, аса ауыр қылмыс жасау мүмкіндігін туғызады. Бұл қылмыстың негізгі объектісі меншік емес, қоғамдық қауіпсіздік болып табылады, меншік қатынастары бұл жерле қосымша объекті ретінде көрініс табады. Сондықтан ол Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің «қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар» деп аталатын 9 тарауына енгізілген [7].

Осы негізге орай көрсетілген тарауға жеке қылмыс құрамы ретінде радиактивті материалдарды талан-тараждау және «халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар» деп аталатын 10 тарауға «Есірткі заттарды немесе жүйкегк әсер ететін заттарды талан-тараждағанын үшін жауаптылық көзделген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 115-бабының мазмұнынан келіп мүлік түсінігі заттарда, ақшаны, шет ел валютасын, бағалы қағаздарды, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіленген нәтижесін, фирмалық атауды, тауарлық белгіні, мүліктік құқықтың жекеленген бұйымдарының басқа да құралдарын және басқа мүліктерді қамтиды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 115-бабына сәйкес ұрлықтың заты қозғалатын және қозғалмайтын мүліктер болуы мүмкін. Соңғысына бақша учаскесінен талан-таражға ұшыраған көп жылдық екпелер жатады.

Ұрлықтың затына:

бөлінбейтін мүліктер, яғни шаруашылық мақсатын өзгертусіз бөлінуі мүмкін емес немесе заң ережелерінің күшімен бөлінуге жатпайтын мүліктер (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 120-бабы). Сонымен бірге бөлінетін мүліктер- бұл бөлікке бөлгенде өзінің мақсатын жоғалтпайтын мүліктер.

күрделі, заттар, біртұтас бүтінді құрайтын, белгілі мәнді байланыс мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін заттар (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 121-бабы). Ерекше заттарға кітапхана, кәсіпорын т. б жатады.

Заң негізінде мүлікті пайдалану жолымен алған тұлғаның кірістері, өнімдері және тұқымдары (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 123-бабы).

Жануарлар.

Ақша (валюта). Біздің елімізде ақша бірлігі теңге болып табылады. Қазақстан Республикасында шет ел валютасымен есеп айырудың жағдайы мен тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен блгіленеді (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 127-бабы).

Валюталық құндылықтар. Валюталық құндылық ретінде танылатын мүлік түрі және онымен мәміле жасау тәртібі заң актілерімен белгіленеді.

Бағалы қағаздар. Бағалы қағаздарға облигация, коносамент, акция және заң актілерінде немесе соларда белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар бағалы қағаздар қатарына жатқызылған басқа да құжаттар жатады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 130-бабы). Сот тәжірибесі талан-тараж затына азаматтық кодекс бағалы қағаз деп танылмайтын, оны иеленушінің берілген мүлікке не қызметке, не жұмысқа белгілі мүліктік құқығын куәландыратын сурагаттық бағалы қағаздарды да жатқызған. Мұндай қағазға мүлікті алуға тікелей құқық беретін нарықтық немесе біртұтас мемлекеттік қордың жанар жағар материалдарының талондары абонумент кітапшалары, көліктік қызметке ақы

төлегендігін куәландыратын құжат ретінде қарастырылатын метрода немесе қоғамдық көлікке жүруге құқық беретін жол жүру билеттері және лоторея билеттері жатады [8].

Азаматтық заңда құжатталған және құжатталмаған бағалы қағаздар ажыратылады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 135-бабы). Құжатталмаған бағалы қағазға бекітілген құқық электрондық есептеу техникасы құралдарының көмегімен магниттаспада жазылады. Тәжірибе көрсеткендей шет елде де олар ұрлықтың затына жатқызылады. Мұндай талан-тараж компьютерлік техниканы қолданумен, соның ішінде компьютерлік желіге заңсыз жолмен кірумен жүзеге асады.

Құндылыққа ие емес мүліктік сипаттағы мысалы: өсиет, сенімхат, сақтандыру полистері, әуе, су, темір жол көліктерінде жол жүру билеттерінде, яғни қосымша белгілер (мәтін жазу, мөр басу, компьютерлеу) енгізілгеннен кейін ғана пайдалану мақсатына ие болатын құжаттар және мимитациялық белгілер (сақтау орнының жетоны, гардероб нөміршесі) бағалы қағаз болып табылмайды.

Мұндай заттарда талан-тараждау әр түрлі қылмыстық құқықтық бағалануы мүмкін. Ол меншікке қарсы қылмыстар жасауға дайындық болып табылуы мүмкін.

Азаматтардың жеке құжаттарын, төлқұжатын оқу орнын бітіргендегі туралы дипломын, кәсіпорынның мөрі, штампасын, бланкілерін талан-тараждау меншік қатынастарын бұзбайды. Сондықтан заң шығарушы бұл заттарды талан-тараждауды басқару тәртібіне қарсы қылмыстар қатарына жатқызған (Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 14 тарауы).

Мүлік ортақ меншікте бірнеше тұлғаның иелігінде болуы мүмкін. Ортақ бірлескен меншікті құрайтын мүлікті, оның иесінің біреуі қалған басқа тұлғалардың мүддесіне зиян келтіре отырып, өз бетімен пайдаланса, ол тұлғаға мүлік бөтен болмағандықтан ұрлықтың заты ретінде танылмайды.

Сонымен бірге қылмыс жасалған кезде ұрланған мүлік басқа адамның заңсыз иелігінде болған жағдайда да (мысалы, оны ұрлаған адамда болғанда) айыптының әрекеттері бөтеннің мүлкін талан-тараждау ретінде сараланады. Осыған орай қылмыстың объектісі болып меншіктің әр түрлі формасында көрініс тапқан меншік қатынастары табылады. Ал ұрлықтың заты адам еңбегінің нәтижесінде жасалған ұрлаушы үшін бөтен болып табылатын мүлік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі) 27 желтоқсан 1994 ж. (Өзгерістер және толықтырулармен бірге)
2. Матышевский П. С. «Ответственность за преступление против социалистической собственности» Киев, 1983, стр. 13
3. Владимиров В.А. «Квалификация похищения личного имущества» Москва, 1974, стр. 21
4. Михайлов М.Д. «Уголовная ответственность за кражу личного имущества» Москва 1958, стр 46
5. Сергеева Т.А. «Уголовно-правовая охрана социалистической собственности в СССР» Москва 1954, стр 13
6. Никифоров Д.С. «Борьба с мошенническими посягательствами на социалистическую и личную собственность по советскому уголовному праву» Москва, 1952, стр 60-61
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің түсінік. – Алматы: ЖШС “Издательство “Норма-К”, 2015. – 648 б.
8. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: Оқулық. Өңделген толықтырылған, 2-басылымы. - Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 560 б.
9. 3 шілде 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі // <http://www.adilet.zan.kz>, 2018.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДАНЫҢ ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ, ЖҮЙЕЛЕНУІ

Аңдатпа

Экономикалық контрабанда - мемлекеттің экономикалық мүддесіне зиян келтіретін және мемлекетті құлдырататын қауіпті қылмыс болып табылады. Талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, еліміздің экономикалық қылмыстармен күрес бойынша жұмысы әлі де жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетті. Бұл міндеттің сапалы әрі тиімді жүргізілуі экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың нақты туындау себептерін анықтаумен тығыз байланысты. Контрабанда ең алдымен, мемлекеттің экономикалық мүддесіне нұқсан келтіреді, өйткені, әкелінетін және шығарылатын тауарларға белгіленген алымдар мемлекеттік бюджетке түспейді. Сонымен қатар, елдің экономикасы үшін өте қажетті болғандықтан сыртқа шығаруға тыйым салынған тауарлар әкетіледі.

Түйін сөздер: Тасымалдау; біріктіру; кедендік одақ; заңсыздық; қылмыстық заңнама; кеден заңнамасы; жауапкершілік

Аннотация

Экономическая контрабанда - это опасное преступление, которое наносит ущерб экономическим интересам государства и разрушает государство. Как показывают результаты анализа, усилия страны по борьбе с экономической преступностью все еще демонстрируют улучшение. Качественная и эффективная реализация этой задачи тесно связана с выявлением причин преступлений в сфере экономической деятельности. Контрабанда в первую очередь затрагивает экономические интересы государства, так как ввозные пошлины и налоги не включены в государственный бюджет. Кроме того, товары, которые запрещены из-за рубежа, экспортируются, так как это очень важно для экономики страны.

Ключевые слова: Контрабанда; унификация; таможенный союз; противоправность; уголовное законодательство; таможенное законодательство; ответственность

Abstract

Economic smuggling is profane discrimination that damages the economic interests of the state and destroys the state. As a result of the analysis, the fraudulent stock market for economic depression shows further growth. Personal and effective implementation of this task is associated with the implementation of economic activities in the field of economic activity. Smuggling is primarily a matter of economic interest of the state, as well as burdensome duties and taxes included in the state budget. Otherwise, the goods that are called will be exported, since it is very important for the economy.

Keywords: unification; Customs Union; wrongfulness; criminal legislation; customs legislation; a responsibility

Экономиканы жаңғырту және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған, біздің қоғамның мәдениеті мен этикасын, осы әлеуметтік зұлымдықпен күрестегі халықаралық трендтерді ескеретін біртұтас сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға деген қажеттілік айқын бола түсуде. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпкерлердің құқықтар мен заңды мүдделерін кез-келген сыбайлас жемқорлық көріністерін тиімді қорғау жөніндегі шаралардың басымдығын да көздейді [1].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының шекарасының көршілес мемлекеттермен өзара тығыз байланыста болуы, әртүрлі ұйымдасқан қылмыстық топтар мен криминалды

бағыттағы коммерциялық құрылымдардың елдің табиғи байлықтарын талан-таражға салуына мүмкіндік жасап отыр. Қазақстан нарығын тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандырмайтын сапасы төмен тауарлармен толтырып жатқаны да бүгінгі күні ешкімге құпия емес.

Экономика, әдетте адам өмірін қамтамасыз етуші, тіршілік көзі және оны жалғастырушы адам қолымен жасалған пайдалынылатын жүйе болып табылады [2]. Сондықтан да жалпы алғанда, экономика қоғамға қажетті материалдық игіліктерді азық-түлік, қызметтерді өндіруші, бөлуші, тапсырушы, тұтынушы ретінде танылады [3].

Экономикалық қызметтің негізі оны іске асырудағы мынадай қағидаларды басшылыққа алады: заңдылық; экономикалық қызметтің еркіндігі; нарықтағы адал бәсекелестік; экономикалық қызмет субъектілерінің парасаттылығы; көрнеу криминалдық нысандағы іс-әрекеттерге тиымның салыну қағидаты болып табылады.

Экономикалық контрабанда қылмысының кең таралу фактілерін растай отырып, келесі жағдайларға назар аудару қажет: біріншіден, бұл қылмыс ауыр немесе аса ауыр қылмыстардың қатарына жатқызылмайды, себебі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 234-бабының 1-бөлігінде көзделген әрекеттер жасалса, біріншіден, мүлкі тәркіленіп, бес жүз мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады [4]; екіншіден, қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттерді жасау ірі мөлшерде орын алуы тиіс; үшіншіден, ауыр зардаптар келтіретін қылмыстар санының көп болуы құқыққорғау органдары тарапынан экономика саласындағы контрабанда қылмыстарымен күрес шараларының жеткіліксіздігін немесе әлсіреуінен хабар беріп отыр.

В.Е. Мельникова экономикалық қызмет саласындағы қылмыс құрамдарын үлкен екі топқа бөліп қарастырған:

1) экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу саласында жасалатын қылмыстық қол сұғушылықтар;

2) экономикалық қызметтің жекелеген салаларында жасалатын қылмыстық қол сұғушылықтар [5].

Автордың пікірімен біздің де келісуімізге кедергі болатын негіздерін нақты қарастырсақ: біріншіден, әрине экономикасыз мемлекет болмайды, ол оның өркендеуінің, халықтың әл-ауқатының көрінісі болып табылады; екіншіден, мемлекет қоғамның маңызды салаларын мемлекеттік механизмдермен реттеп отыратын жүйе болғандықтан, экономика саласы арнайы бақылау жүргізуді қажет етеді; үшіншіден, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінде көзделген экономикалық қылмыстардың арасында мемлекет реттемейтін қатынастар жоқтың қасы.

Ендеше, экономикалық қызмет саласын, оның ішінде, осы саладағы қылмыстарды реттеуге мемлекеттің қатысы жоқ деп айтуға болмайды, барлық салаларды тиісті мемлекеттік органдардың қызметіне жүгінбей жүргізу мүмкін емес.

Мемлекеттің экономикалық мүддесіне зиян келтіретін және мемлекетті құлдырататын қауіпті қылмыс - экономикалық контрабанда. Оның келтіретін салдары мыналар: а) бюджетке баж салығы, салықтар мен алымдар түспеуі орын алады; ә) елдің ішкі және сыртқы нарығына қол сұғады.

Экономикалық контрабанда елдің экономикасын тұрақсыздандырады, қоғам жүргізіп жатқан экономикалық реформаның жүзеге асырылуына кедергі келтіреді, мемлекеттіктің негізін бұзады, ол лауазымды адамдарды заңға қайшы әрекеттерге итермелейді, ұйымдасқан қылмыстылықтың өріс алуына себепші болады [6]. Бұл әрекеттер жасырын жымқырумен байланысты болғандықтан, үлкен көлемде тауарларды, шикізатты ұрлау, салық төлеуден жалтару сияқты әрекеттер арқылы нұқсан келтіруі болып табылады.

Экономикалық контрабанда, негізінен, жасырын жасалатындықтан қандай тауардың қанша көлемде шекара арқылы заңсыз өткендігін анықтау мүмкін болмай отыр.

Экономикалық қылмыстар Республикадағы тіркелген барлық қылмыстардың 10 % - ын құрайды [7].

Талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, еліміздің экономикалық қылмыстармен күрес бойынша жұмысы әлі де жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетті. Бұл міндеттің сапалы әрі тиімді жүргізілуі экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың нақты туындау себептерін анықтаумен тығыз байланысты. Контрабанда ең алдымен, мемлекеттің экономикалық мүддесіне нұқсан келтіреді, себебі, біріншіден - әкелінетін және шығарылатын тауарларға белгіленген алымдар мемлекеттік бюджетке түспейді. Екіншіден, елдің экономикасы үшін өте қажетті болғандықтан сыртқа шығаруға тыйым салынған тауарлар әкетіледі [8].

Мемлекетке экономикалық контрабанданың тигізетін зиянның қауіптілігіне мән бере келе М.Ш. Қоғамов ҚР ІІМ күштері мен Қаржы полициясы органдарының күштерін сыртқы экономикалық контрабандамен күресте біріктіруді ұсынады, өйткені, оның пайымдауынша, осы экономикалық контрабандада елдің бюджетіне кедендік баждардан, әкелінетін тауарлардан алым мен салықтары түспейді, сондай-ақ, бұл қылмыс тауарларды, шикізаттарды, аса ірі мөлшерде ұрлаумен, салық төлеуден жалтару, лауазымды адамдардың қызмет бабын пайдаланып жасайтын заңсыз әрекеттермен тығыз байланыста екенін айтқан [9].

Тауардың елге контрабандалық жолмен өтуі мемлекетке материалдық зиян келтіреді және мұндай экономикалық қылмыс жасаған адамдар көбінесе жазалаусыз қалады. Бұл жағдай елдің сыртқы экономикалық секторының қылмыстылыққа бой ұсынуына алып келеді [10].

Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнамада экономикалық контрабанда үшін жауаптылық «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауымен белгіленген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 234-бабына сәйкес экономикалық контрабанда деп «Кедендік бақылаудан тыс немесе одан жасырын, не құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалану арқылы жасалған не декларациялаусыз немесе анық емес декларациялаумен ұштасқан, ірі мөлшерде тауарларды немесе өзге де заттарды, оның ішінде осы Кодекстің 286-бабында көрсетілгендерін қоспағанда, кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салынған немесе өткізу шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы қағидалары белгіленген тауарларды, заттар мен құндылықтарды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу» танылады [11]. Яғни, контрабанда деп Қазақстан Республикасының мемлекеттік немесе кедендік шекарасынан заңсыз тауарлар мен өзге де құндылықтарды өткізу танылады.

С.И. Ожеговтың «Словарь русского языка» атты еңбегінде шекара арқылы тауарды кедендік бажсыз алып өтуге назар аударылады [12]. Ендеше, контрабанда ретінде арнайы салықты төлемей шекара арқылы өткізу танылады. Бұл біздің ойымызша, контрабанданы түсіну үшін осы белгісі маңызды және контрабанданы өзге де құқықбұзушылықтар мен қылмыстардан ажырату үшін анықтау қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Контрабанданың қылмыстық заңға өзгерістер енгізіле отырып жаңа редакцияда берілуі, оларды жасаған қылмыстық топтардың жауаптылығын күшейту және олардың себебі болып контрабанданың жоғары қоғамдық қауіптілікті төндіреді», - деп түсіндірген болатын [13].

Экономикалық контрабанда қылмысының белгілерін қарастырғанда кедендік шекара, кедендік аймақ ұғымдарын анықтап алу қажеттігі туындайды.

«Кедендік шекара» деген ұғым «Мемлекеттік шекара» ұғымнан әлдеқандай кең мағыналы. Кедендік шекараға мемлекеттік шекараның өзі де, сол сияқты еркін кедендік аймақтар мен кедендік қоймалар кіреді.

Экономикалық контрабанданың жасалуы бірқатар ерекшеліктерге ие:

1) мемлекетке экономикалық қылмыстардан келетін зиянның деңгейінің жоғарылығы; 2) көбінесе жасырын күйде іске асырылуы; 3) криминалдық менталитеттің қалыптасуы; 4) ұйымдасқандық сипаттың болуы; 5) қылмыс құрамының күрделілігі [14]. «Контрабанда»

ұғымына қатысты мұндай көзқарас қазақстандық заңнамада 1986 жылдарға дейін сақталып келді [15].

Шет елдерде аталған контрабанданың түрлерінен басқа мынадай контрабанда түрлерін қарастырамыз:

- адамның органдары мен тіндерін ауыстырып салудың контрабандасы;
- кәмелетке толмағандарды саудаға салудың контрабандасы;
- дәрілік заттардың контрабандасы;
- контрабанданың басқа да түрлері.

Біздің қылмыстық заңда мұндай қылмыстардың контрабандасы түрлерін нақты қарастырмағандығымен, олар үшін қылмыстық жауаптылық көздеген.

«Экономикалық қылмыстар», «сыбайлас жемқорлық», «ұйымдасқан қылмыстар» категорияларын нақты өмірде ажыратып алу қиынға соғады. Бұл ұғым заң жүзінде арнайы танылмағандықтан ғалымдар арасында ол жөнінде бірыңғай түсінік қалыптаса қоймаған. В.В. Лунеевтің ойынша, «экономикалық қылмыстар елдегі және әлемдегі экономикалық қатынастармен тікелей байланысты пайдакүнемдік қылмыстылықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл топтағы түсінік пайдакүнемдік қылмыстылық сынды ұғымның өзіндей нақты емес» делінген [16]. Оны және топ ретінде қараудың экономикалық, әлеуметтік криминологиялық және саяси да негіздері бар.

Ал Меньшагин В.Д. болса, экономикалық қылмыстар құқыққа, бостандыққа, экономикалық қатынастың қатысушыларының мүдделері мен қажеттілігіне қол сұғады, экономикалық механизмнің дұрыс қызметін бұзады, әлеуметтік құндылықтар мен материалдық игіліктерге зиян келтіреді деп айтқан [17].

Контрабанданың криминогендігінің оған ілеспелі қылмыстарға қарағанда жоғары екендігін атай отырып, Н.В. Качев былай дейді: «...контрабанданың ерекшелігі оның басқа қылмыстармен тығыз байланыстылығынан да көрініс табады. Тек шекара арқылы заңсыз өткен контрабанда оның басқа қылмыстармен бірге жасалуына қарағанда сирек дәрежеленген»[18].

Мысалы, 2000 жылы жедел ақпаратты іске асыру барысында ҰҚК-нің Алматы қаласы бойынша Департаментінің қызметкерлері Тәжікстан Республикасының дипломатиялық автокөлігін тоқтатқан, оның салонын тексеріп қарағанда одан дипломатиялық пошта ретінде Қазақстанға алып келген героиннің ірі партиясы табылған [19].

Сондай-ақ, 19 қаңтар 2015 жылғы Астана қаласы Есіл аудандық соты сотталушы А.Каббасовтың Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласына 22 000 АҚШ долларын жазбаша түрде кедендік жолаушылар декларациясын беру арқылы рәсімдеген. Ол ақшаға азамат бірқатар құндылықтарды сатып алып, кедендік шекарадан жасыру мақсатында көптеген заңсыз әрекеттерге барған. Тауарларды рәсімдемей, кедендік шекарасының кккедендік бақылауынан декларацияламай 3 488 945 теңгені құрайтын ірі мөлшердегі тауарларды өткізе отырып, экономикалық контрабанда жасаған. Сот сотталушы А.Каббасовты ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп тауып, мүлкін тәркілеп, 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни, 435 320 теңге айыппұл түріндегі жазға тартқан.

Қылмыспен күресу тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстан аумағы арқылы есірткі тасымалы өтетін елден, азаматтары сол есірткіні сататын-сатып алатын, тұтынатын елге айналуы әбден мүмкін екен. Бұрыннан белгілі – наркобизнес пен есірткі контрабандасы өзара тығыз байланысты, бұлардың екіншісі болмаса, біріншісі де болмайды. Сондықтан да, контрабанда наркобизнесінің өсіп шығатын тамыры, оның кең етек алуының бірден бір себебі, ол есірткінің шыққан жерден тұтынатын жерге дейін баруы қамтамасыз ететін қылмыстық іс-әрекет.

Есірткі контрабандасы қоғам үшін аса қауіпті болып табылады, ол заңсыз рынокты есірткі заттарымен толтырып, есірткі қолданатындар санын көбейтіп, халықтың денсаулығын бұзып қана қоймайды, ол криминалдық пайда табуды үдетеді.

Әрбір басқару органының мемлекеттік механизмі құрамында белгілі бір саланы басқаруда туындайтын қажеттілікке байланысты құрылатыны белгілі, яғни мемлекеттік

органдардың құрылымы мен санын анықтау да маңызды мәселен «қоғамды басқару принципі бірінші кезекте де, ал мемлекеттік органдардың құрылымы екінші шепте» деген принцип болуы тиіс [20].

Кеден органын құрудағы басты мақсат - мемлекеттің кедендік егемендігін қорғау, мемлекеттік дербес кеден саясатын жүргізу. Бұдан «кедендік егемендік» ұғымы аясына кең ауқымдағы міндеттер мен мақсаттар енетінін байқауға болады. Кеден органдары мемлекеттік басқару механизмінің бір бөлігі ретінде өзіне белгіленген құзыреттілік аумағында монополистік үстемдік жүргізуге тиісті.

Қылмыстық кодекстің контрабандалық қылмыс сипатының мазмұнын күшейтуге негіз болған бір жағдай бұл баптың 30 жылдан бері ешқандай өзгеріске ұшырамауы еді.

Сонымен бірге, бұл бапқа экономикалық контрабанда қылмысының жаңа сипаттары енгізіліп отыр, олар: «бұрын контрабандалық қылмыс жасағаны үшін сотталған және аса ірі мөлшерде жасау» деген түрлерін енгізумен байланысты. Заңмен және басқа да нормативтік актілермен бекітілген шекарадан тауарларды шығару мен өткізу кезінде кедендік бақылаудан жасырын заңсыз өткізу тәсілдерінің бірін қолданып ережені бұзуын кедендік заңнамамен реттелетін контрабанда құқықбұзушылығы деп танымыз.

Ал, тауарларды, заттарды және құндылықтарды заңсыз кедендік шекарадан ірі мөлшерде өткізу қылмыстық заңнама бойынша жауаптылық туындатады және мұндай қылмысты жасаушы кез келген тұлға жасаған қылмысы үшін тиісті жауаптылыққа тартылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мемлекеттік шекаралар мен кедендік баждар бар жерде тауарлар мен заттарды, құндылықтарды контрабандалық жолмен алып өту міндетті түрде болады деп анықтаймыз. Экономикалық контрабанда қылмысы бір мемлекеттің шегінен өткен кезден бастап қылмыскерлер өзге мемлекеттердің қылмыстық әлемінің өкілдерімен байланысқа түседі.

Кейде ол халықаралық қылмыстық ұйымдармен байланыс орнатуы мүмкін. Сондықтан, экономикалық контрабанда қылмысы бір ғана мемлекеттің кедендік шекарасымен шектелмейді деп анықтаймыз.

Қорытындылай келе, қаралатын мәселенің қазіргі жағдайында контрабандаға құқықтық табиғатын түсіну мәселесіне әлемдік қоғамдастық жақын назарын аудару және контрабандаға байланысты қылмысқа қарсы күрес жөніндегі тиімді шараларды әзірлеу үшін күш біріктіру қажеттілігі бар екенін атап өтуге болады. Мемлекеттер халықаралық құқық бұзушылық ретінде жіктелген саудалық жалпы анықтамасын, қамтамасыз ететін бірыңғай шартты, дамыту қажет. Бұған қоса, осы құбылысқа қарсы күресу үшін мемлекеттердің ортақ көзқарастарын дамыту қажет. Бұл үлкен дәрежелік контрабанда деңгейі еліміздің болашағына кері әсерін тигізері анық. Олардың істері үшін бұлтартпау шаралары осылайша принципті контрабанда мен іске асыру жағдайларында жоғары деңгейдегі тергеуді қамтамасыз ету үшін маңызды. Сондай-ақ, құқықтық базаны ішкі реформалары экономикалық контрабанданы тергеу процесін жеңілдету мақсатында жүзеге асырылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 8 қазан // http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysynanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan*
2. *Долговой А.И. Криминология. Учебник. – Москва: Информ Норма, 1997. – 419с.*
3. *Райзберг А.А. Курс экономики. Учебник. - Москва: Информ Норма, 1997. – 272 с.*
4. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы: Норма-К, 2004. - 648 б.*
5. *Пименов А.В., Кадыров Б.Ш. Некоторые проблемы борьбы с экономической контрабандой на современном этапе // Проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью. – Караганда: Полиграфия 2005. – 255с.*

6. Здравомыслов Б. В. Уголовное право РФ. Особенная часть: - Москва: Юрист, 1996. - 512 с.
7. Статистические данные о состоянии, динамике и структуре экономической преступности в Республике Казахстан (1997-2008 гг.) – Астана: ДТС МВД РК. 2008. – 348 с.
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы: Норма-К, 2012. - 650 б.
9. Козамов М. Ч. Актуальные направления взаимодействия органов финансовой полиции и внутренних дел в борьбе с экономической преступностью // Проблемы совершенствования борьбы с преступностью, наркобизнесом, терроризмом и религиозным экстремизмом: сборник научных трудов - Караганда: ВШ МВД, 2001. - №1. – С 21-24.
10. Мауленов Г. С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. - Алматы: Ғылым, 1999. - 281 с.
11. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару кодексі. - Алматы: «Юрист», 2015. – 92 б.
12. Ожегов С. И. Словарь русского языка. – Москва: Наука, 1975. – 925 с.
13. Президент предложил радикальную программу борьбы с преступностью. / Казахстанская правда, 1995. – Алматы: - №12. – Б.12-13
14. Пионтковского А. А., Ромашикина П. С. и Чиквадзе В. М. Курс Советского уголовного права в 6-томах. - Москва: Наука, 1970. Т.1. - 312 с.
15. Лунеев В. В. Преступность XX века мировые, региональные и российские
16. тенденции // Мировой криминологический анализ. - Москва: Форме, 1999 г.
17. Пионтковский А. А. Меньшагин В. Д. Курс советского уголовного права.
18. Особенная часть: - Москва: Наука, 1995. Т.1. – 419 с.
19. Качев Н. В. Контрабанда, как самостоятельный состав преступления. Учебное пособие: – Омск: Эгвес, 2001. - 289 с.
20. Коваленко Ю. А. Наркотики из СНГ могут захлестнуть всю Европу / Москва: Известия, 2013. - №1. – С.2

Арнат Ж.

Нархоз Университеті «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті,

Ғылыми жетекші: Б.А Удербаетова, з.ғ.к., доцент

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАТЕНІҢ ТҮСІНІГІ

Аңдатпа

Қылмыстық құқықтағы медициналық қате Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар 12 тарауда бірінші рет көрсетіліп тұр. Сөйте тұра медициналық қатенің ұғымы ешқандай бапта көрсетілмеген. Қазіргі кезде бұл қылмыстың түрі күннен-күнге өсуде.

Автор медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы (ҚР ҚК-нің 317- бабы) қылмыстық құқықтық белгілерін қарастыра келе, өз бетінше көрсетілген баптағы анықтаманың толықтырылуы керек екенін сөзге тиек етеді және қылмыстық норманы дәрігерлік қате түрлерімен жетілдіруге ұсыныс жасайды.

Түйін сөздер: медициналық қате, ятрогендік аурулар, қылмыстық құқық бұзушылық, саралау, міндеттемені тиісінше орындамау.

Аннотация

Медицинская ошибка в уголовном праве впервые отражается в Уголовном кодексе Республики Казахстан в главе 12 медицинские уголовные правонарушения. При этом понятие

медицинской ошибки не указано в какой-либо статье. В настоящее время этот вид преступления растёт с каждым днем.

При рассмотрении признаков уголовно-правовых признаков ненадлежащего исполнения профессиональных обязанностей медицинским или фармацевтическим работником (статья 317 УК РК), Автор утверждает, что самостоятельно должно быть дополнено определение указанной статьи и рекомендует усовершенствовать уголовную норму врачебными ошибками.

Ключевые слова: медицинская ошибка, ятрогенные болезни, уголовное правонарушение, квалификация, ненадлежащее исполнение обязательства.

Abstract

Medical error in criminal law is reflected for the first time in the Criminal code of the Republic of Kazakhstan in Chapter 12. In this case, the concept of medical error is not specified in any article. Now this type of crime grows every day.

The author of medicine nemese pharmaceuticals imaskari CSTC mnatter Tisha gandamu (R K-n 317 - women) almasty ity belglan arastira Kehl,oz Elim Bethe krsiten bapty anitmony taliyu Kerek Eken sshe TIC ated and almasty Normans dreric ate trimen jeldres sinus aside.

Keywords: medical error, iatrogenic diseases, criminal offense, qualification, improper performance of obligations.

Қазіргі таңдағы емдік-диагностикалық құралдарды пайдалану жаңа мүмкіндіктерді іске асырумен қатар, медицина қызметкерлерінің сол құралдарды дұрыс пайдаланбаудың кесірінен жағымсыз салдарға әкеліп соғады, яғни ятрогенді ауруларға шалдықтырады. 1995 жылы дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ятрогенді ауруларды негізгі аурулар қатарына жатқызды.

Қазіргі таңда Қазақстандағы медицина саласында медицина қызметкерлерінен кететін қателіктер кездесіп жатыр. Сондай медициналық қателіктер ятрогенді ауруларға әкеліп соғады. Ал бұндай медицина қызметкерлерінің қателіктері ятрогенді ауруларға әкеліп соққан әрекеттері Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қамтылған ба? Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы- адам және адамның өмірі десек, Қазақстанда азаматтарының өмірі бірінші орында тұруы қажет. Қазақстан Республикасының Конституцияның 29 - бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар. Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі ел азаматтарының денсаулықтарын қорғау болып табылады. Сондықтан мемлекет өз халқының мүдделері үшін медицина кадрларын даярлауды, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, экономикалық, ғылыми-әдістемелік, санитарлық-эпидемиологиялық және профилактикалық шаралар жүргізеді. Мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы саясаты азаматтардың тегін, тиімді және сапалы медициналық көмек алуын қамтамасыз ету қағидаттары, жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау және нығайту үшін мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтың бірлескен жауапкершілігі негізінде жүргізіледі. Денсаулықты сақтауға және медициналық көмек алуға құқықты жүзеге асыру Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекспен реттеледі.

Дәрігер қызметі кез келген мамандық сияқты заңмен реттелуі тиіс. Өзіне адал дәрігерлері саны аз, өз қызметіне немқұрайлы қараған дәрігерді моральдық және әкімшілік емес, сонымен қатар қылмыстық жауапкершілікте болуы тиіс. Жағымсыз нәтижелерге байланысты ғалымдар көп дәрігердің іс-әрекетін 3 топқа бөледі.

1. Дәрігерлік қателіктер
2. Абайсызда болған оқиғалар
3. Қылмыстық тәртіпке сәйкес жазаланатын қателіктер.

Белгілі медицина саласындағы ғалым И.Ф.Огарковтың айтуы бойынша дәрігерлік қателіктерді 2 топқа бөледі.

1. Ауруды диагностикалаудағы қателік
2. Ем-шараларды жүзеге асыру мен тағайындаудағы қателіктер.

Ал заңгер И.Крыловтың дәрігерлік қателіктерді мынадай топқа жіктеуді жөн санапты.

1. Диагностикалық, ауруды танымау немесе қате тану
 2. Техникалық, медициналық техниканы дұрыс пайдаланбау, сәйкес емес
- медикаменттер мен диагностикалық құралдарды қолдану.

Медициналық қателіктер салдарынан болатын ятрогенді аурулар пайда болады. Менің ойымша ятрогения емдеу мекемелерінің жұмысындағы өте маңызды ақау деп білем. Ол медицина қызметкерлерінің жоғары кәсіби дәрежесінің жетіспегендігін, ұжымдағы тәрбиелік шаралардың әлсіздігін көрсетеді деп ойлаймын.

Ятрогенді ауру – медицина қызметкерінің сөзінен, ісінен пайда болатын ауру. Ол медициналық қызметкерлердің теріс түсіндірген сөзінен немесе мінез - құлқынан шығады. Кіші мейіркеш немесе техникалық қызметкерлердің сырқатқа зерттеу нәтижесін қате болжап, айтып берген жағдайда да кездеседі.

Жалпы әлемдік тәжірибеде медицина қызметкерлеріне алдын ала кінә таппау үшін дәрігерлік қателерді "инцидент" немесе "жағымсыз жайттар" деп атайды. Ал, елімізде бұндай медицина қызметкерлерінің қателіктерін, "медицина қызметкерлерін кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы" деп атайды.

Осындай медицина қызметкерлерінің қателіктерін Қылмыстық кодекстің 317 бабына сәйкес жауапкершілікке тартады. Қылмыстық кодекстің 317 бабына нақты медициналық қателіктің анықтамасы берілмеген. Қылмыстық кодекстің 317 бабына Ағыбаевтың түсіндірмесі бойынша, медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін ұқыпсыз немесе оған адал қарамауы салдарынан немесе тиісінше орындамауы және осының салдарынан жәбірленушінің денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруі деп түсіндіреді. Менің ойымша, бұл бап медицина қызметкерлерінің қателіктерін толықтай қамтамасыз етіп тұрған жоқ. Денсаулық сақтау министрлігінің бізге ұсынған ресми мәліметіне сай, осы бап бойынша 2015 жылы – 476, 2016 жылы – 421, 2017 жылы – 176, соңғы үш жылда барлығы 1073 қылмыстық іс қозғалған.

Қорытындылай келе, дәрігерлік қателік деп - дәрігердің өзінің кәсіби міндетін адал орындау кезіндегі қателесуі. Дәрігерлік қателіктің заңды түрде анықтамасы жоқ, дегенмен бұл заңмен немесе заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді бұзу немесе сақтамаудан туындайды. Демек, дәрігерлік қателіктің нақты ерекше тұсы ретінде дәрігердің науқасқа адал көмек көрсетуі кезінде жасалған әрекеті, яғни ол әрекеттің шынайы негізі заңға қайшы болуы танылады. Дегенмен аурудың белгілері мен әртүрлілігі және оның салдары мен адам организмінің ерекшелігіне орай дәрігер әрекетінің қателіксіз болуы білім деңгейі мен біліктілік қабілетіне тәжірибе жүзінде кепілдік бере алмайтын жағдайға жатады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына ғылыми-практикалық түсіндірме. -Астана., 2015.
2. Ағыбаев А.Н Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. – Алматы: «Жеті жарғы», 2015.-548-550 б.
3. Огорков И.Ф Врачебная правонарушения и уголовная ответственность за них. - Москва, 1966. –С. 32-34

Дәулетхан Б.Е.

магистрант по специальности «Юриспруденция» Академии Қайнар,
Ст.преп. Алимжанова А.С.

ПОНЯТИЕ, ПРЕДМЕТ, ЗАДАЧИ И ПРИНЦИПЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы понятие, предмет, задачи и принципы уголовного права. Уголовное право как одна из основных отраслей права есть -совокупность юридических норм, которые определяют понятие и признаки преступлений, основания и пределы уголовной ответственности за их совершение, а равно условия освобождения от

уголовной ответственности и наказания. Как и право в целом, оно регулирует определенную группу общественных отношений. В первую очередь – это те общественные отношения, которые складываются между государством в лице судов и правоохранительных органов с одной стороны и гражданином в связи с совершенным им особо опасным для общества правонарушением (преступлением) – с другой. Таким образом, основные задачи уголовного права – это охрана указанных выше социальных ценностей и предупреждение -(профилактика) преступлений. Причем профилактика, хотя и названа законом в качестве самостоятельной цели, является как бы производной и подчиненной первой, более важной, определяющей сущность уголовного права задаче охраны наиболее ценных общественных отношений. Обе задачи взаимосвязаны и взаимообусловлены: охраняя общественные отношения, -уголовное право тем самым предупреждает совершение новых преступлений, а предупреждая преступления – выполняет охранительную задачу. Система уголовного права характеризуется иерархичностью своей структуры, которая включает в себя Общую и Особенную части.

Ключевые слова: Уголовное право, система права, уголовный закон, принципы уголовного права, предмет уголовного права.

Аңдатпа

Бұл мақалада қылмыстық құқықтың тұжырымдамасы, тақырыптары, мақсаттары мен қағидаттары қарастырылады. заң негізгі салаларының бірі ретінде қылмыстық құқық қылмыстар ұғымы және элементтері анықтау құқықтық нормалардың жиынтығы, осы актілердің үшін қылмыстық жауапкершілік себептері мен шектері, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату шарттары болып табылады. Жалпы алғанда заң сияқты, ол белгілі бір әлеуметтік қатынастар тобын реттейді. бірінші кезекте - екінші жағынан - қоғамдық құқық бұзушылық (қылмыс) үшін аса қауіпті, оларды жетілдіру соттар мен құқық қорғау органдары бір жағынан және қатысты азаматтың атынан, мемлекет арасындағы дамыту қоғамдық қатынастар болып табылады. Осылайша, қылмыстық заңның негізгі міндеттері аталған әлеуметтік құндылықтарды қорғау және қылмыстың алдын алу (алдын алу) болып табылады. мақсаттары ретінде заң деп аталады, дегенмен алдын алу және, ең құнды қоғамдық қатынастарды қорғау қылмыстық құқық мәселенің мәнін анықтау, бірінші туынды және бағыныштының сияқты аса маңызды болып табылады. Екі проблемалар өзара байланысты және өзара тәуелді болып табылады: қоғамдық қатынастарды, қылмыстық құқық қорғау, осылайша жаңа қылмыстар жасауынан болдырмайды, және қылмыстың алдын алу - күзеті тапсырманы орындайды. қылмыстық құқық жүйесі жалпы және арнайы бөлшектер кіреді, оның иерархиялық құрылымы, сипатталады.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық, құқықтық жүйе, қылмыстық құқық қағидаттары, қылмыстық құқық пәні.

Abstract

This article addresses the issues of the concept, subject, objectives and principles of criminal law. Criminal law as one of the main branches of law is a set of legal norms that define the concept and signs of crimes, the grounds and limits of criminal responsibility for their commission, as well as the conditions for exemption from criminal liability and punishment. Like law in general, it regulates a certain group of social relations. In the first place - these are the social relations that develop between the state represented by the courts and law enforcement agencies on the one hand and the citizen in connection with the offense (crime) that is particularly dangerous for society - on the other. Thus, the main tasks of criminal law are the protection of the above social values and the prevention (prevention) of crimes. Moreover, prevention, although called the law as an independent goal, is, as it were, a derivative and subordinate to the first, more important, defining the essence of criminal law task of protecting the most valuable social relations. Both tasks are interrelated and interdependent: protecting public relations, the criminal law thus prevents the commission of new

crimes, and preventing crimes - performs a protective task. The criminal law system is characterized by the hierarchical structure of its structure, which includes the General and Special Part.

Keywords: criminal law, legal system, criminal law, principles of criminal law, subject of criminal law.

В истории развития общественных отношений во все времена прослеживалась значительная роль уголовного закона (с тех пор, когда понятие последнего ещё не сформировалось до наших дней). Если на ранних стадиях развития человеческого общества уголовный закон имел лишь устрашающую силу, то в современном, цивилизованном мире на его роль нельзя смотреть однобоко. Тесная связь уголовного права с другими отраслями правового регулирования, получившими развитие с усложнением человеческих отношений, должна усиливать его действие. Но сейчас именно из-за этой сложности уголовный закон теряет свою эффективность, оставаясь гуманным, равным для всех и справедливым.

Понятие уголовного права и его место в системе права.

Известно, что система права любого современного государства состоит из ряда отраслей: конституционное право, административное, гражданское и т. д. В ряду этих и других отраслей находится и уголовное право. Будучи составной частью системы права, уголовное право является одной из его отраслей, которой присущи все признаки, свойственные праву в целом (нормативность, обязательность для исполнения и т. д.), а также специфические отраслевые признаки. От других отраслей оно отличается, в первую очередь, предметом, т. е. кругом регулируемых общественных отношений. Правда, в общей теории права получила распространение точка зрения, в соответствии с которой уголовное право лишено самостоятельного предмета регулирования; общественные отношения регулируют другие отрасли права (государственное, административное, гражданское и т. д.), уголовное же право лишь охраняет эти отношения, являясь своеобразным средством их обеспечения [1].

Поскольку право диктует исходящие от государства общеобязательные правила, оно есть регулятор поведения людей в обществе. В этом смысле не является исключением и право уголовное. Поэтому неверно представлять дело таким образом, что нормы уголовного права лишь охраняют общественные отношения, регулируемые нормами иных отраслей права. В действительности нормы каждой отрасли права обычно сами охраняют собственные предписания. Уголовно-правовая санкция в принципе не может применяться за нарушение, например, административно-правового запрета, касающегося специфических общественных отношений. Такое правоприменение означало бы грубейшее нарушение законности.

Сведение функций уголовного права лишь к охранительной нередко приводит к расширению сферы охраняемых им общественных отношений. В юридической литературе встречаются утверждения, что нормы уголовного права являются средством охраны всех общественных отношений, регулируемых другими отраслями права. Здесь налицо явное преувеличение охранительной роли уголовного права. Уголовно-правовые санкции призваны защищать наиболее важные права, свободы и интересы личности, общества и государства. Чрезмерное расширение сферы уголовного права может привести лишь к отрицательным последствиям как для общества, так и для личности [2].

По предмету и методу правового регулирования уголовное право отличается от других отраслей права. Вместе с тем по сфере своего действия оно тесно сближается с некоторыми другими отраслями, прежде всего — с административным, уголовно-процессуальным и уголовно-исполнительным правом.

Так, административное право регулирует общественные отношения в сфере государственного управления и отношения управленческого характера, возникающие при осуществлении иных форм государственной деятельности (в том числе и правосудия). Особенно близко нормы уголовного права соприкасаются с теми нормами административного права, которые определяют, какие деяния являются административными правонарушениями (проступками) и какие меры административного взыскания применяются

к лицам, их совершившим. В ряде случаев границы между уголовно наказуемыми деяниями и соответствующими административными правонарушениями подвижны и при определенных обстоятельствах и условиях отдельные административные правонарушения могут «перерастать» в преступления и наоборот. Речь идет, например, об административно наказуемых контрабанде, мелком хищении чужого имущества, хулиганстве и т. д.

Уголовно-процессуальное право определяет порядок и формы деятельности суда, прокурора, следователя, органа дознания при расследовании преступлений и рассмотрении уголовных дел в суде, гарантирующие права граждан и соблюдение законности в сфере уголовной юстиции. Тесная связь уголовного и уголовно-процессуального права проявляется, в частности, в том, что нормы уголовного права во многом определяют предмет доказывания при расследовании и судебном рассмотрении уголовных дел (в первую очередь уголовно-правовое содержание состава соответствующего преступления). Нормы же уголовно-процессуального права обуславливают порядок официального признания установленных фактов как основания их уголовно-правовой оценки. И в этом смысле уголовно-правовое значение приобретают не все установленные, например, следователем и судом факты и обстоятельства, а лишь те, которые установлены в соответствии с требованиями уголовно-процессуальных норм.

Уголовно-исполнительное право регламентирует порядок исполнения наказания, и результаты его применения дают представление об эффективности уголовно-правовых норм о наказании и освобождении от наказания.

Любые правовые нормы и право в целом предназначены для воздействия на волевое поведение людей, а предметом правового регулирования являются общественные отношения. Содержание таких отношений, регулируемых уголовным правом, является, во-первых, вполне специфическим, а во вторых — сложным и неоднозначным. Можно выделить три основные разновидности этих отношений, образующих в совокупности предмет уголовно-правового регулирования [3].

связанных с совершенствованием практики осуществления правосудия и направленных на обеспечение своевременного и справедливого судебного разбирательства и вынесение законного и обоснованного решения, состоящего или в освобождении от уголовной ответственности, освобождении от наказания, или в назначении наказания;

направленных на совершенствование фактического исполнения различных предусмотренных законом мер уголовно-правового воздействия, включая совершенствование организации и деятельности учреждений уголовной юстиции, повышение качества их работы, строгое соблюдение ими требований закона;

связанных с совершенствованием практики реабилитации лиц, отбывших наказание. Приоритеты уголовно-правовой политики, определяющие ее основные направления, содержание и формы реализации, вытекают из общих целей политики противодействия преступности — необходимости надежной охраны общественных отношений от преступных посягательств. Они достаточно полно, хотя и по-разному, определены в специальной литературе.

К числу первоочередных, приоритетных задач уголовно-правовой (уголовной) политики в настоящее время относят следующие:

разработка критериев определения преступного и наказуемого, уточнение на основе этих критериев видов общественных отношений, подлежащих уголовно-правовой охране и уголовно-правовому регулированию, и, соответственно, установление круга общественно опасных деяний, которые должны признаваться преступлениями (проблема криминализации и декриминализации);

определение целей, принципов и основных направлений уголовно-правового воздействия на преступность;

определение оптимальных методов правового регулирования и охраны соответствующих видов общественных отношений;

оптимизация системы мер уголовно-правового воздействия на преступность - совершенствование имеющихся и поиск новых мер, альтернативных уголовному наказанию;

разработка правил (общих начал, порядка и условий) применения мер уголовно-правового воздействия, альтернативных наказанию (включая условия и порядок освобождения от уголовной ответственности и от наказания);

совершенствование системы уголовных наказаний, поиск видов наказаний, альтернативных лишению свободы; оптимизация системы уголовно-правовых санкций;

толкование норм действующего законодательства в области борьбы с преступностью с целью выяснения и разъяснения их точного смысла;

совершенствование содержания, форм и методов уголовно-правового воздействия; определение (разработка) оптимальных форм и методов деятельности государственных правоприменительных органов по применению положений уголовного права, выявление их эффективности;

определение содержания и методов правового воспитания населения, поиск путей повышения эффективности воздействия уголовно-правовых мер на правосознание населения и повышение его правовой культуры;

улучшение взаимодействия государственных правоприменительных органов с иными учреждениями и органами, участвующими в борьбе с преступностью, в том числе с институтами гражданского общества;

всестороннее укрепление международного сотрудничества в решении задач противодействия преступности, прежде всего наиболее опасным формам ее проявления (терроризм, наркотики, незаконная торговля оружием и т.д.).

Самым неотложным в плане повышения эффективности уголовно-правовой политики представляется необходимым обеспечить: обоснованность криминализации общественно опасных деяний, беспробельность уголовного законодательства, обоснованность и целесообразность видов и размеров уголовно-правовых санкций, последовательное применение мер уголовно-правового воздействия в отношении каждого, кто совершил преступление.

Обоснованность криминализации общественно опасных деяний предполагает глубокое изучение объективных общественных процессов - позитивных и негативных, определяющих как саму необходимость в уголовном законодательстве, так и его конкретное содержание. Главный научный вопрос, который требуется решить применительно к законодательной криминализации, - это определение социально-экономических, социально-психологических, системно-правовых оснований для признания (или непризнания) деяния преступным и наказуемым.

С 1 января 2015 года введен новый Уголовный кодекс, значительно изменивший направление борьбы с преступностью. Ученые справедливо обращают внимание на то, что в настоящее время еще существует много проблем. Этот период внесения и три изменений в настоящий Кодекс: Закон РК от 18.11.15 г. № 412-V (вводится в действие с 1 января 2017 г.); Закон РК от 24.11.15 г. № 422-V (вводятся в действие с 16 декабря 2020 г.); Закон РК от г. № 501-V (вводятся в действие с 1 января 2018 г.) [1].

Во исполнение Концепции правовой политики на период с 2010 до 2020 года [2], обеспечение полноты криминализации общественно опасных деяний не должно приводить к необоснованной криминализации общества, в связи с чем весьма важное значение имеет другое требование принципа неотвратимости о декриминализации таких общественно опасных деяний, которые перестали представлять значительную опасность для общества. Вместе с тем переоценивать значение декриминализации деяний небольшой и средней степени тяжести также не следует: само по себе это проблему безопасности общества не обеспечивает, если сами вредоносные деяния не исчезнут, а будут лишь «перераспределены» внутри общего массива правонарушений.

Уголовный кодекс (2014) ввел новые понятия, разделив уголовные правонарушения на преступления и уголовные проступки. Оценка правоприменителей весьма актуальна.

К.А. Маами, на расширенном совещании судей высшего судебного органа по итогам отправления правосудия за 2015 год отметил, что тема целесообразности введения понятия уголовные проступки и в целом этот вопрос требуют дополнительного обсуждения нужен ли нам такой широкий перечень уголовных проступков [3].

С 2015 года 88 административных правонарушений перешли в категорию уголовных проступков и статистика показывает, что четверть из этих статей вообще не работает по ним не поступило в суды ни одного дела, хотя за год судами рассмотрено 16 845 дел по другим составам уголовного проступка. Такое высказывание Председателя Верховного Суда РК дает повод к серьезному анализу ситуации, ведь для серьезных обсуждений должен быть представлен анализ, а для этого потребуется время. Судебная власть с 2016 года работает в трехуровневой системе отправления правосудия. Новая трехзвенная судебная система, это первая инстанция районные и городские суды; апелляционная инстанция областные суды и кассационная инстанция Верховный Суд РК. [4].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Концепция правовой политики на период с 2010 до 2020 года, утвержденной Указом от 24 августа 2009 года за № 858
2. Уголовный Кодекс Республики Казахстан от 04 июля 2014 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.04.2016 г.)
3. Мами К.А. Материалы расширенного совещания судей высшего судебного органа по итогам отправления правосудия Республики Казахстан за 2015 год//официальный сайт ВС Республики Казахстан.sud.gov.kz.
4. Кайрбеков Н. Обозначить важнейшие задачи.// <http://www.zakon.kz/analytics/4788898>

6 СЕКЦИЯ. АКТУАЛЬНЫЕ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Болатов Б.С.

М. Есболатов атындағы ҚР ПМ Алматы академиясының 3 курс курсанты

*Ғылыми жетекшісі: Г.С. Курманова з.ғ.к., полиция полковнигі
М. Есболатов атындағы ҚР ПМ Алматы академиясы*

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН ҚҰРЛЫМЫ

Аңдатпа

Қылмыскер тұлғасы – бұл адамның оның қоғамға қауіптілік дәрежесін құрайтын, сонымен қатар қылмыстың жасалуын детерминациялайтын әлеуметтік және психикалық қасиеттерінің жүйесі.

Түйін сөздер: Қылмыс, қылмыскер тұлғасы, детерминация, криминология, психология.

Аннотация

Личность преступника – это социальная и психологическая состояние человека, которая определяет уровень общественной опасность при совершении уголовных правонарушений лицом.

Ключевые слова: Преступность, личность преступника, детерминация, криминология, психология.

Abstract

The personality of a criminal is a social and psychological state of a person, which determines the level of general social danger during the commission of criminal offenses by a person.

Keywords: Crime, the identity of the offender, determination, criminology, psychology.

Қылмыскер тұлғасы – бұл адамның оның қоғамға қауіптілік дәрежесін құрайтын, сонымен қатар қылмыстың жасалуын детерминациялайтын әлеуметтік және психикалық қасиеттерінің жүйесі.

Қылмыскер тұлғасына қатысты мәселелер барлық криминологиялық мектептерде қарастырылады. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, криминологияның пайда болуының да басты себебі қылмыскер тұлғасын зерттеу қажеттігі болған. М. Ансельдің жазуынша, Ч. Ломброзоның 1875-ж. «Қылмыскер адам» кітабы жарық көрген соң батыс елдерінің криминологиясында басты назар қылмыстан қылмысты жасаған адамға ауысқан болатын. Осының арқасында қазіргі кезде шетел криминологиясында қолданбалы криминологиялық бағыттар ерекше қарқынмен дамып келеді.

Криминологтардың қылмыскер тұлғасы проблемасына қатынасын ғалымдардың бастапқы методологиялық позициялары анықтайды. Қылмыскер тұлғасының түсінігі тұлғаның жалпы философиялық түсінігімен тығыз байланыста [1].

Қазіргі заманғы батыс елдерінің криминологтарының персоналистік бағыттарының негізінде адамның әралуан философиялық концепциялары жатыр, оның ішінде субъективистік концепциялары үстем. Ұзақ уақыт бойында кеңестік криминологияның да тұтастылығы пайымдалып келгенімен, онда да қылмыскер тұлғасы теориясының әралуан мәселелерін шешуде плюрализмнің орын алуы жоққа шығарылмаған. Мұндағы ғалымдардың позицияларының әршектігі таңқаларлық: қылмыскер тұлғасының (индивидуалдық, топтық және жалпы әлеуметтік деңгейлерде) қылмыскер емес адам тұлғасынан сапалы ерекшеленетіндігін мойындаудан (А.И. Долгова, К.Е. Игошев, Н.С. Лейкина, А.Б. Сахаров), тіпті, ғылыми ізденістердің басты назарын адамның қоғамға жат, құқыққа қайшы мінезін

түбегейлі айқындайтын автономды, генетикалы шарттайтын факторларға ауыстыруға (И.С. Ной) шақырудан, тек қылмыскерге ғана тән болатын әлдебір айрықша тұлғалық қасиеттердің болатындығын жоққа шығаруға (Ю.Д. Блувштейн, И.И. Карпец), тіпті, құқыққа қайшы мінездің субъективтік шартталатындығы туралы пікірден мүлдем арылуға (А.М. Яковлев) шақыруға дейін. Мұндай жағдайдың орын алуының басты себептерінің бірі зерттеу затының күрделілігінде жатыр [2].

Криминология қылмыскер тұлғасының проблемасын қылмыстылықтың өзінің көрініс беруінің әралуан деңгейлерінде зерттейді: индивидуалдық, топтық және жалпы әлеуметтік. Осы негізде нақты қылмыскер тұлғасының түсінігін, олардың жеке типтерінің түсінігін, қылмыскер тұлғасының түсінігін ажыратады. Олар өзара біртұтас, ерекше және жалпы құбылыстар ретінде арақатынаста болады.

Кейбір авторлар қылмыскер тұлғасында аймақтық деңгейді де ажыратады (В.В. Орехов, А.И. Долгова) [3].

Адам тұлғасының дамуын талдау оның табиғатын құрайтын үш компоненттің диалектикалық байланыстылығын зерттеуді көздейді:

- а) адамның тарихи дамып отырған дүниесі;
- б) оның «мендігі» ("я");
- в) адамның субстраты.

Қылмыскер тұлғасына тән белгілер әралуан деңгейде әрқалай болады. Неғұрлым нақтыланған сипаттамасы жалпы «қылмыстың жинақталған субъектісі» деңгейде беріледі – мұнда берілген анықтамада жалпы «қылмыс субъектісінің» түсінігін анықтайтын белгілер жинақталады, ал жеке қылмыскерлер мен қылмыскерлер тобының саналуан индивидуалдық ерекшеліктері мен қасиеттері одан тыс қалады. Сондықтан қылмыскер тұлғасының жалпы түсінігі нақты қылмыскер тұлғасының түсінігі болып табылады [4].

Қылмыскер тұлғасына тән белгілерді тек нақты криминологиялық зерттеу барысында ғана анықтауға болады.

Криминогендік тұлғаның қалыптасуы мен дамуын зерттеу адамның мәні мен субстратын зерттеуді көздейді. Сондықтан қылмыскер тұлғасы мен оның қылмыстық мінезінде биологиялық және әлеуметтік негіздердің өзара байланыстылығы туралы мәселенің дұрыс шешілуі аса маңызды. Криминологиялық әдебиеттерде осыған байланысты әртүрлі пікірлер айтылып келген: тым биологизаторлықтан қарапайым әлеуметтанымдыққа дейін. Тым биологиялықтандырылған позицияда биологиялық тұқым қуалаушылықтың әлеуметтіктен үстемдігі жарияланып, адам мінезіндегі барша мазмұнды қырларын индивидуалдық биологиялық алғышарттардан шығару пайымдалады [5].

Бұрынғы кеңестік, қазақстандық және ресейлік криминологтардың басым көпшілігі тұлғаның жеке дара дамуы, әрбір адамның қайталанбас бейнесінің қалыптасуы генетикалық (биологиялық) және әлеуметтік бағдарламалардың өзара қарым қатынасуы салдарынан орын алады деген позицияны ұстанады. Әлеуметтік бағдарламаны тәрбиелеу ықпалымен, генетикалық бағдарламамен тікелей қатынаста болуының арқасында индивид меңгеріп, біртіндеп тұлғаның ішкі мазмұнына айналады.

Қылмыскер тұлғасы көптеген әлеуметтік шартталған белгілерден, қасиеттерден, байланыстардан тұрады. Оларды екі топқа ажыратады [6].

Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы қылмыстық мінез себептерін ашып, түсіндіре алатын және оның алдын алуға көмектесе алатын белгілерден тұрады.

Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы өзара байланысқан тұлғалық сипаттамалардың тұтас жүйесі болып табылады, ол жинақтала келе қылмыстық мінезді туғызады, сол әрекеттерінде көрініс беріп, оның себептерін анықтауға көмектеседі.

Н.Ф. Кузнецованың айтуынша, қылмыскер тұлғасының жүйесі үш кіші жүйеден тұрады, олардың әрбірі одан да кіші жүйелерге жіктеледі: әлеуметтік демографиялық, әлеуметтік рольдік (функционалдық), әлеуметтік психологиялық.

Әлеуметтік демографиялық белгілерде өздігінен әлеуметтік жүктеме болуы мүмкін емес, олар тұлғаны қылмыскер ретінде сипаттай алмайды (адамның жынысы, жасы,

әлеуметтік жағдайы, білім деңгейі, кәсіби дайындық дәрежесі, жұмысы, тұратын жері, материалдық және тұрғын үй жағдайы және т.с.с.). Алайда басқа белгілерімен қоса алғанда әлеуметтік демографиялық сипаттамасы қылмыс істеген адамның неғұрлым толық бейнесін алуға көмектесетін байланыстары мен тәуелділіктерін анықтауға, сотталған адамды түзеуге жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қылмыстылықтың әлеуметтік демографиялық бейнесін қарастыратын болсақ, қылмыскерлердің басым көпшілігі ер адамдар екенін көреміз. Әйел адамдардың үлесі 11-16% шамасында [7].

Қылмыскерлердің жасына қарай дифференциациясы адамдар көбінесе 25-29 жас аралығында, одан соң 18-24, 14-17 және 30-40 жас аралығында қылмыс жасайтындығын көрсетеді. 50 жастан асқан соң адамдар қылмысқа онша бара қоймайды. Жасы факторы қылмыстық мінездің таңдалуына ықпал етеді.

Қылмыскерлердің білім деңгейі айтарлықтай төмен. Жоғары білімді адамдар қылмыскерлер арасында аз. Лауазымды қылмыскерлерде білім деңгейі адам өлтіргендерге, қарақшыларға, бұзақыларға қарағанда жоғары.

Қылмыскерлердің әлеуметтік топтарға қатыстылығына байланысты градациясы тұрақты табыс көзі жоқ адамдардың үлесінің артып келе жатқанын және олар қазіргі кезде 50% артық екендігін көрсетеді [8].

Қылмыскерлердің жартысынан артығы бойдақтар. Неке, отбасы қатынастары айрықша моральдық және шоғырландырушы потенциалға ие. Осы қатынастардың болмауы адамның қылмыстық мінезділікпен корреляциялануына себеп болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдиров Н.М. *Раннее выявление несовершеннолетних с антиобщественным поведением – основа эффективной профилактики правонарушений.* Караганда, 1989.
2. Агамов Г., Лысягин О. *Социальная адаптация и профилактика рецидива.* // *Российская юстиция*, 1997, №7.
3. Антонян Ю.М. *Наиболее опасные насильственные преступления в России / Ю.М.Антонян, В.А.Верецагин, Г.Ф.Коимшиди // Россия и современ. мир. - 2001. - N 2. - С.116-125.*
4. Антонян Ю.М. *Преступления, совершаемые с особой жестокостью.* // *Государство и право.* 1992, №9. С. 62-70.
5. Антонян Ю.М. *Изучение личности преступника.* М., 1982.
6. Антонян Ю.М., Бородин С.В. *Преступное поведение и психические аномалии.* / *Под ред. В.Н. Кудрявцева.* М., 1998.
7. Бажанов С.В. *Приоритетные направления совершенствования государственно-правовой политики Российской Федерации в области борьбы с преступностью на современном этапе* // *Рос. юстиция.* - 2012. - N 7. - С.41-44.
8. Бейбулатов Б.Ш. *Криминологическая характеристика личности организатора, руководителя незаконного вооруженного формирования* // *"Черные дыры" в рос. законодательстве.* - 2009. - N 6. - С.119-120.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Жалпы қылмыстылықтың анықтамасы сансыз көп. Олар көп жағдай да автордың әлеуметтік, құқықтық және діни дүниетанымдары мен фәлсафалық көзқарастарынан бастау алып құрылады. Барылық криминологиялық оқулықтар мен монографияларда қылмыстылықтың әлеуметтік табиғаты, тарихылық пен қылмыстылықтың бір жіктілігі, сандық және сапалық сипаттамалары қарастырылады. Сонымен, қылмыстылық деп – қоғамдық организмнің қалыпты жұмысын бұзуға бағытталған адамның әлеуметтік жүріс-тұрыс нысаны. Сондай-ақ, бұндай құқық бұзушылыққа аморальді теріс –қылықтар мен қатар девиантты, яғни әумесерлік жүріс-тұрыста кіреді.

Бұдан бөлек, қылмыстылық – әлеуметтік-құқықтық құбылыс немесе ол белгілі бір уақыт пен білгілі бір қоғамда орын алатын қылмыстың санымен айқындалады. Дегенмен де айта кететін жәйт, қылмыстылық тек орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтың санынан ғана емес, сонымен қатар ол басқа да әлеуметтік құбылыстармен тығыз байланыста болып, өзіндік өміршендік заңдылығы бар құбылыс.

Түйін сөздер: криминал, криминология, әлеумет, психология, қылмыстылық, қылмыс, теріс қылық, динамика, статистика, эксперимент, формация, философия.

Аннотация

Существует множество общих определений преступлений. Они часто создаются с социальной, правовой и религиозной точек зрения и философской точки зрения автора. В учебниках и монографиях по уголовному праву рассматриваются социальная природа преступления, классификация исторического и криминального, количественные и качественные характеристики. Итак, преступность - это форма социального поведения человека, направленная на нарушение нормальной работы государственного органа. Кроме того, такие преступления включают аморальное насилие и девиантное поведение, такое как коварное поведение.

Кроме того, преступность является социально-правовым явлением или определяется количеством преступлений, совершенных в определенное время и в конкретном обществе. Однако следует отметить, что преступность - это явление не только по количеству совершенных преступлений, но и в тесном контакте с другими социальными явлениями.

Ключевые слова: криминал, криминология, социум, психология, преступность, преступление, проступок, динамика, статистика, эксперимент, формация, философия.

Abstract

There are many common definitions of crimes. They are often created from the social, legal, religious, and philosophical points of view of the author. Textbooks and monographs on criminal law deal with the social nature of the crime, the classification of historical and criminal, quantitative and qualitative characteristics. So, crime is a form of social behavior of a person, aimed at disrupting the normal work of a state body.

In addition, crime is a socio-legal phenomenon or is determined by the number of crimes committed at a certain time and in a particular society. However, it should be noted that crime is a phenomenon not only by the number of crimes committed, but also in close contact with other social phenomena.

Keywords: crime, criminology, society, psychology, crime, crime, misconduct, dynamics, statistics, experiment, formation, philosophy.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жарияласа да, қоғамда әлжуаз топтар мен әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар мен жанұялар бар болуы біздің қоғамның қылмыстылығына орасан зор әсер етуде [1]. Сонымен қоса, әсіресе жемқорлық қылмыстылығы бойынша конформист тұлғалар бар, оларды айтқанда көз алдымызға бюрократ тұлғалар елестейді. Сол себепті, конформдылық деген ұғымға түсініктеме бере кетуді дұрыс деп санадым, яғни, конформдылық дегеніміз – бір кісінің немесе белгілі бір топтың қысымы салдарынан адамның мінез-құлқының, пікірлерінің өзгеруін айтамыз [2]. Осыған орай, жемқорлық қылмыстылығы көпжағдай да жалғыз индивидпен емес бірнеше адаммен немесе ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалынады. Жалпы мұндай әрекеттер әлеуметтік психологияға жатады. Мен зерттеп отырған тақырыпта ең бірінші кезекте адамның психологиялық танымы мен дүниетанымына байланысты екенін баршаңызға мәлім. Осы жерде Эллиот Аронсонның «Адамның социумдағы психологиялық заңдары» атты кітабындағы бірінші заңын танып-білсек: «Ақымақтың ісін істейтін адамдардың бәрі ақымақ емес», - дейді, оған келесідей мысалды алып қарастырсақ. «Кент қаласының төрт студентін өлтіргені дұрыс болған» деп мәлімдеген Огайо штатындағы мұғалімді мысал ретінде алайық. Оның осындай ойға бекінген жалғыз адам екеніне күмәнім бар. Сол себепті сондай ойға келген адамдардың бәрін ақымақ деу дұрыс па?,- деген ойға Эллиот Аронсон келеді [2]. Осы ойды ары қарай зерттеп туындата түссек, қылмыстылық, қылмыс немесе терісқылықтар деген түсініктер жер бетінде адам пайда болған сәттен бастап осы уақытқа дейін өзекті мәселе болып келе жатқаны, адамзат қоғамының нақты идеалды қоғамды құра алмағанын да деп түсінуге болар еді. Бірақ осылай ойлап қолқұсырып қарап отыра берсек қылмыстылық деңгейі реттелімейтін, адамдар үшін қауіпті деңгейге кетуі мүмкін. Оның жарқын мысалы, 90-жылдардағы рэкетирлер дәуірін айтсақ болады. Ол кезеңде мемлекет тәуелсіздігін жаңа алып, бүкіл әлемге ашық қоғам екенімізді, әлемнен лайықты орнымызды қалайтынымызды білдіріп, елдегі экономикалық ахуалдың жай-күйін енді түсініп, мемлекеттік рәміздерімізді, төл теңгемізді, керек десеніздер шекарамызды қайта бекітуімізді ойлап, халықтың әлеуметтік төлемдерін қалай төлейміз, зейнетақы мен жалақыларды төлеу мәселелерімен атқамінер ағаларымыздың басы ауырып, балтыры сыздап жатқан уақыт – қылмыстылықпен лайықты күресуге немесе ескерту жұмыстарын жүргізуге таза жүйелік және экономикалық ахуалының көрсеткіштерінің төмендігінен мүмкіндігі болмады. Бұл жағдай ұйымдасқан қатыгез қылмыстық топтар үшін өте қолайлы болып, елімізде қылмыстылық деңгейі мен қылмыс саны күрт өсіп, адамдар арасында мемлекеттік органдарға, нақты айтқанда, қылмыстылықпен күресетін субъектілерге сенім азайған болатын. Сол себепті де зерттеу жұмысым қылмыстылықты ескерту мәселесін алып отырмын.

Жалпы қылмыстылықтың анықтамасы сансыз көп. Олар көп жағдай да автордың әлеуметтік, құқықтық және діни дүниетанымдары мен фәлсафалық көзқарастарынан бастау алып құрылады. Барылық криминологиялық оқулықтар мен монографияларда қылмыстылықтың әлеуметтік табиғаты, тарихылық пен қылмыстылықтың бір жіктілігі, сандық және сапалық сипаттамалары қарастырылады. Сонымен, қылмыстылық деп – қоғамдық организмнің қалыпты жұмысын бұзуға бағытталған адамның әлеуметтік жүріс-тұрыс нысаны. Сондай-ақ, бұндай құқық бұзушылыққа аморальді теріс –қылықтар мен қатар девиантты, яғни әумесерлік жүріс-тұрыста кіреді.

Бұдан бөлек, қылмыстылық – әлеуметтік-құқықтық құбылыс немесе ол белгілі бір уақыт пен білгілі бір қоғамда орын алатын қылмыстың санымен айқындалады. Дегенмен де айта кететін жәйт, қылмыстылық тек орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтың санынан ғана емес, сонымен қатар ол басқа да әлеуметтік құбылыстармен тығыз байланыста болып, өзіндік өміршендік заңдылығы бар құбылыс [3]. Бырақта, қылмыстылық тарихы саны,

құрылымы және түрі жағынан белгілі бір кезеңдерде өзіне тән қасиеттерге сай өзгеріске ұшырап тұрады. Қылмыстылықтың салдары қоғам мен мемлекет тарапынан жауапкершілікке алып соғатын арнайы құқықтық қарсылыққа тап болады, ондай жауапкершілікте арнайы – яғни, қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстылықта өмірде объективті тұрғыда орын ала тұра жоғалуы мүмкін, егер де нақты қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық заңнамада қылмыс ретінде көрсетілмесе. Қылмыстылық өз маңызы бойынша қоғамға және нақты оның тұлғаларға зиян келтіретін жағымсыз құбылыс. Атақты ойшыл Ломброзо айтқан екен, қылмыстылық – ол кәдімгі адамның дүниеге келуі, өлім және құрсаққа сәбидің бітуі сияқты табиғи құбылыс деп. Ал, ойшыл Дюркгейм қылмыстылық – ол барлық сауатты қоғамға тән құбылыс деп атап, қылмыстылықтың болмауы мүмкін еместігін дәлелдейді. Алайда, шет елдік бұқаралық ақпараттық құралдарынан ақпараттануымша кейбір Еуропалық елдер де түрмелердің жабылып жатқанын, қылмыстылықтың нөлдік деңгейге дейін жеткенін білуге болады. Осыдай келіп түйетін ой, егер де мемлекетте адамдардың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс – тіршілігі жоғарылаған сайын қылмыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылықтың азаюуына алып келетінін байқаймыз.

Алайда, қылмыстылықта айта кететін бір жәйт, ол адамдарға қорлық жасаған адамды өлтіру, басқа адамдарды жамандықтан алып қалу қоғамда жақсы іс жасаумен бірдей саналады. Мысалға алсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 32,34 - баптары қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік және де 53- бап қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды алып қарастырсақ.

Бірақта, бұл қылмыстылықтың қоғамға жат, жағымсыз құбылыс екендігі туралы жалпы сипаттамасын жоққа шығармайды. Қылмыстылықтың көрініс табуы көп қырлы болғандықтан теориялық тұрғыда қабылдау және онымен күресу тәжірибесі оңайға соқпайды. Ол жасалған қылмыстың ауырлығымен, әртүрлілігімен, болатын орнымен, жасалу жолымен және де басқа да көрсеткіштерімен ерекшеленіп тұрады. Криминологиялық тұрғыдан қарағанда осындай көрсеткіштер арқылы қылмыстылықты зерттеу оның алдын алуды, күресудің нысандары мен әдістерін анықтауды, оны түптамырымен құртудың бағдарламалары мен жоспарларын құруды, жою тұрғысынан терең түсінік береді әрі тез арада нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Криминология терминіне түсініктеме бере кетсем, ол (лат. *crimen/criminis* – қылмыс + гр. *logos* – сөз, ұғым, ілім) — қылмыстық құқық бұзушылықтың себептерін, қылмыстық сот орбитасына тартылған қылмыс субъектісінің жеке басын зерттейтін, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын зерттейтін ғылым. Криминологияда қылмыстылыққа қарсы күресте бірінші орынға оның алдын алу міндеті қойылады. Қорыта келгенде, криминология қылмыстылықтың алдын алудың, оны болдырмаудың құқықтық жағдайларын ғана емес, сонымен қоса әлеуметтік - экономикалық, мәдени-тәрбиелік, превентивті шараларды қолдануда да бастамашылық етеді.

Криминологиялық зерттеу әдістемесінде жалпы ғылыми тәсілдер логика, анализ, синтез, индукция, дедукция, ұқсастыру, үлгілеу тағы да басқа социологиялық тәсілдер сауалнама, сұхбат, құжаттарды зерделеу, қадағалау, эксперимент жүргізу сияқты әлеуметтік-құқықтық ақпарат алу әдістері қамтылады. Криминологиялық зерттеулерде ең алдымен қылмыстық статистика тәсілдері маңызды рөл атқарады, себебі статистикамен қылмыстың өсу динамикасын – жалпы қылмыстылықтың жылжуы және оның негізгі құрылым көрсеткіштерінің анықталған уақыт ішіндегі өсуі немесе төмендеуін, қылмыстылық сандық және сапалық қасиеттерін, құрылым әлеуметтік демографиялық белгілері бойынша жынысы, жасы, отбасылық жағдайын, қылмыстылықтың жай-күйі – бұл белгілі бір аумақта, белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың және оларды жасаған адамдардың сандық көрсеткішін анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған орай, криминология мәліметтерді, социология ғылымын, философияны, экономиканы, әлеуметтің психологияны, педагогика ғылымдарын пайдаланатын салалық ғылым болып табылады.

Қылмыстылықпен күресте қоғам мен мемлекет оның пайда болу мен шығу жолдарына терең анализ жүргізіп оны жасайтын адамдарды зерттеп, алдын алудың тиімді тәсілдерін өңдеп, экономикалық, әлеуметтік-мәдениеттік және тәрбиелік іс шаралар жүргізудің ұяшықтарын іске қосу керек. Қылмыстылықтың анықтамасын көптеген ғалымдар зерттеп, оған ізденушіге терең түсінік алатындай жан-жақты, бәрін қамтығандай боп жазған ғалымдар баршылық. Алайда, ол қылмыстылықтың түпкілікті шығу себептеріне толыққанды түсінік бере алмайды.

Кейбір ғалымдар қылмыстылықтың себебін қоғамның класстарға, яғни таптарға бөлінуімен байланыстырады [4]. Осы жерде грек ойшылы, әлем ұстазы, философ Аристотель қоғамның таптарға бөлінуіне байланысты келесіндей қисынды сараптама береді. Оның айтуынша, әр мемлекетте үш тап болады бірі өте байлар, екіншісі жағдайы төмен кедейлер және сол екеуінің ортасында тұратын үшіншілер болады дейді. Себебі жалпы көзқарас бойынша осылардың ішіндегі ең жақсысы орта тап, яғни тұрмыс-тіршілігі орта тұратын дамдарды жатқызады және олар осылардың ішіндегі ең жақсысы деп түйіндейді. Сонымен қоса қайсы мемлекетте орта тап басым, сол мемлекеттің болашағы жарқын, өміршең болады деп баяндайды. Орта тап басым болғанда ақыл-ой, санаға бойсыну жеңіл орындалады дейді. Ал керісінше, өзін бәрінен жоғары санайтын, өзін бәрінен мықты санайтын, өзін бәрінен де керемет сезінетін, өзін бәрінен де бай сезінетін немесе өте кедей тұратын, өте әлжуаз балып келетін және еңсесі түскен адамдардан құралатын таптар ақыл-ой, санаға көнбейтін, өзінің қоғамдық статусына сәйкес әрекет ететінін айтады. Бірінші топтағы адамдарды мейірімсіз қатал әрі опасыз болып келетінін, ал екінші топтағы адамдар қасқой әрі бұзық болып келеді деп олардың қоғамдағы рөлін төмендеді. Осылардың ішінен қылмысты бірі менменшілдігі мен екіншісі қаскөйлігімен жасайды. Оның үстіне, осы екі тапта биліктен үміттеніп, биліктен бас тартпай қызғанышпен таласуға дайын тұрады, бұндайлардан мемлекетке тек қауіп қана төнеді. Біріншілер артық байлық пен күштен, әрі ықпалды таныстарымен мастанып қоғамдық заңдарға бағынбайды немесе бағынуды түсінбейді, білгісі келмейді. Бұндай қасиеттер ерте кезден көрініс табады, мысалға артық байлыққа малынып өскен балада бұндай қасиеттер балабақшадан басталады, керек десеңіз мектеп тәртібіне бағынуды қояды. Ал екіншілер болса торығып өткен кедейлік пен еңсесінің түсіуінен билік ете алмайды, тек өзіне жоғарыларға бағынып құлдық сана-сезіммен өмір сүреді деп баяндайды. Сонымен біріншілер асыра билік етуді ғана білсе, екіншілері тек бағынуды ғана білетін болады, соның салдарынан қоғамда еркін адамдар болмайды деп алғашқылардың қоғамда зардабын жақсы баяндайды. Атақты ойшыл Фокидид: «Бар жақсылық орта тапта, сондықтан да орта табы басым елде өмір сүргенді қалаймын»-, деген екен. Бұны жазған себебім, қоғамның осындай таптарға бөлінуі мемлекеттегі қылмыстылық деңгейіне орасаң зор әсер етеді. Себебі орта табы басым мемлекеттер де қылмыстық топтар мен кикілжеңдер салыстырмалы түрде аз болады. Сондықтан да қылмыстылық деңгейі қоғамның әлеуметтік, мәдениеттік әрі саяси сауаттылығына байланысты болатынын естен шығармауымыз керек. Осыдан келетін түйін қылмыстылық өзінің даму заңдылығы бар, сандық әрі сапалы көрсеткіштерімен сипатталатын қоғамдық жағымсыз құбылыс және осы құбылысты мемлекет пен қоғам өз бақылауында ұстап керекті мәжбүрлеу шараларын пайдаланып тежеп отыруы тиіс.

Қылмыстылықпен күресте және ескертуде қажетті эффект алу үшін оны тудыратын немесе қоздыратын себептерін анықтап алу басты мәселе болып табылады. Бұндай қасиеттер мен білімдерді игеру үшін қылмыстылықтың заңдылығы мен оның даму динамикасына қатысты себепты байланыстарды түсіне білу қажет [5]. Қылмыстылықтың себеп-салдарын зерттеу барысында орның не себепті орын алуы мен салдарына мән берген жөн. Себебін қарастыру барысында индивидтің араласу ортасын, ол өз кезегінде оның даму процесін айқындайды. Адамдар арасындағы әртүрлі теріс қылықтар, жүріс-тұрыс нормалары, құндылықтар жүйесі және тұлғалардың өмірдегі шындығы әртүрлі қайнар-көздермен, ақпарат желілері арқылы олардың дүниетанымына, психологиясына, қоғамға деген көзқарасына әсер етіп, қалыптастырады. Бұдан түйетін түйін, біртекті қоғам мен біртекті өмір әлемде кездеспейді, сол себепті қылмыстылық детерминаты мен қарқыны әр елде, әр

жерде, әр кезеңде өзгеше орын алып, тарихы басқа болады. Бырақта жалпы ұқсастықтары кездесіп, оның алдын алуда біртекті күрестер жүргізілуі мүмкін. Кез-келген қылмыстылықтың орын алуы, қылмыстық зардаптар мен себепті байланысымен айқын көрініс табады. Қылмыстылық әр-алуан болғанымен, оның шығу себептері, даму заңдылығы, өсу қарқыны, сандық және сапалы көріністерінің қайнар көздері әр елде бірдей жағдай да көрініс тауып тұрады. Сондықтанда қылмыстылық ол көпқырлы әлеуметтік құбылыс. Оның себептері құқық қорғау органдары мен мемлекет тарапынан шешімін таппаған әлеуметтік қиындықтар мен де өткен кезеңдердің қалдырған салқын лебі мен жағымсыз іздері және де тәрибелік жұмыстарындағы әубастан кеткен қателіктер. Қылмыстылықтың детерминациясында әлеуметтік құбылысты ажыратып алған дұрыс, себебі белгілі бір ауданда қылмыстылықпен күресу әлсіреген де, жаңа аудандары игеру де және әскери режим хабарланған да қылмыстылықтың орын алуы күшейіп кері әсерлер жүре бастайды, интенсивтілігі мен динамикасында өзгерістер, яғни қоғамда жағымсыз жағынан арта түсу байқалады. Жоғарыдағыларды ескере отырып қарастырсақ және де себептері мен шарттарын басшылыққа алсақ бұл – қоғамдық-экономикалық формацияға жағымсыз әсер ететін құбылыс екені көзге ашық көрінеді, әрі қылмыстың детерминациялануына әкеп соғады.

Кондрашков Н.Н., Коробейников Б.А., Кузнецов Н.Ф., т.с.с. авторлар тобы қылмыстылықта көп жағдайда басымдылықты мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштеріне немесе халықтың әлеуметтік жағдайымен тағыз байланыстырады және де тарихи сабақтастырады. Алайда, Эллиот Аронсонның «Топқа ұмтылған жалғыз» атты әлеуметтік психологиясында конформдылыққа, яғни бір мәселеде басымдылыққа ие топтың позициясын ұстану да маңызды фактор ретінде адамның мақсаттылығын алға қояды [6]. Мысалға, өзін-өзі төмен бағалайтын адамдар, өзіне жоғары баға беретін адамдарға қарағанда топтық қысымға тез түседі дейді. Оған, реалды мысал айтатын болсақ, ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрылымы мен олардың мүшелерін алып қарастыруға болады. Бұл өз кезегінде қылмыстылыққа тек әлеуметтік қырынан емес, психологиялық фактордың да маңызды рөл атқаратынын біліге болады. Нәтижесінде адамдар топқа мүше болған жағдай да өздерін жоғары бағаласа, сол топқа онша қабылданбаған адамдарға қарағанда, топ нормалары мен стандарттарына көбірек бір ниеттілік танытты. Яғни, жоғарыда айтқандай қылмыстық топта өзін көшбасшы немесе көшбасшының оң қолы ретінде сезінген немесе өзінің қылмыстылықта рөлінің жоғары екенін сезінген топтар, сол қылмыстық ұйымдасқан топта рөлі әлсіз, төмен звеноларға қараған да сол ұйымдасқан қылмыстық топтың мүддесі үшін конформдылық байқатады. Жалпы алғанда, бұл адам мен адамдар тобының арасындағы психологиялық байланыстың немес факторлардың салдары мән беруге тұрарлық әлеуметтік-психологиялық құбылыс екенін бізге аңғартады. Осыған орай, жазушы Малькольм Гладуелл кейбір құрметті адамдар қажет жерде уақытында болғанда, негізгі әлеуметтік үдерістер конформдылық механизмі арқылы шұғыл және аяқ асты жиі өзгеретінін айтады. Бұл дегеніміз, атакты, қоғамда абыройлы адамдар көпшіліктің сана-сезімін, ойын, ұстанған ұстанымдарын бір мезетте өзгертіп жіберуі мүмкін. Мысалға, жиналыстар, митингілер, демонстрациялар және шерулерге шығу барысында, адамдар тобын белгілі бір қоғамда орны бар [2], Малькольм Гладуелл айтпақшы құрметті адамдар олардың конформдылыққа бейімділігіне қатысты көшеге ереуілдерге алып шығады. Кімнің де болса, көзі алақтап, үстінен жағымсыз иіс шығып тұрған жүдеубас бозбаладан гөрі, түр әлпеті де, кйімі де келісті көрнекті мырзаның соңынан сеніммен еретіні еш күмән тұдырмайды. Киіміңмен қарсы алып , ақылыңмен шығарып салады деген осыдан шыкса керек. Осының өзі қоғамда заңдылықтарға бағынған қылмыстылықтың детерминациясын, яғни өсу қарқыны мен сапасын және сандық көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді.

Зерттеу жұмысымының кезекті сатасы ғылыми жұмысымды қорытындылауға да келіп жеттім. Кез - келген құбылысты зерттемес бұрын тарихқа сілтеме жасап, оның құпияларына үңіліп қана алдағы болатын болашағына бағыт - бағдар жасай аласың деп түсінем. Қылмыстылықты зерртеу барысында бұндай құбылыстардың пайда болуы, шығуы және олармен күресуде көптеген ғалымдардың, ұлы ойшылдардың және де басқа да

ізденушілердің еңбектеріне сүйене отырып, келесідей түсінік менің ойымда тұжырымдалды. Осындай ойға жетуіме қоғамдағы әртүрлі сфералардың тоғысқан түйініндей кешенді ақпараттарға қол жеткізуіме көп байланысты болып тұр. Нақты айта келсек, қылмыстылықтың себеп салдары – мемлекеттің экономикалық – әлеуметтік жай-күйінің, адамдардың мәдени – саяси ахуалдағы деңгейі, азаматтық қоғамның жеткілікті түрдегі белсенділігі, бойына атадан - балаға қанмен келген тегі, отбасы – ошақ қасындағы дәстүрлі тәрбиемен, білім және тәрбие беру мекемелеріндегі жүйелі түрде ұзақ тарихымен дағдыланған білім беру жүйесіндегі адамдардың әлеуметтік психологиялық және дүниетанымдық өресінің ақыл-ой парасаты, арнайы қылмыстылықпен күресетін, ескертетін мемлекеттік органдардың бірлесе істеген көпсалалы жұмысының нәтижесі, қоғамда болып жатқан жағымсыз құбылыстар, қылмыстылықты дәріптейтін адам санасына әсері бар ақпараттар ағыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жалпыға жария ету, сырт күштердің бізге қарсы бағытталған саяси күштері және де тағы да басқа өмірде болып жатқан құбылыстар жиынтығы. Осының бәрі қылмыстылықтың орын алуы мен болдырмау салдары деп мен түсінем. Бұдан да артық тереңдете түсініктеме беретін ғалымдар мен ізденушілер тобы бар деп білем. Сол себепті қылмыстылық жер күнді айналғандай табиғи заңдылық сияқты маған көрінеді.

Осы жерде орыстың мемлекет қайраткері, тарихшы, этнограф А.И.Левшиннің 1820 жылы жазылған «Жеті жарғы» қазақтың басқару және заңдар үлгісі атты еңбегінде мынандай тарихи деректер келтіреді, содан үзінді: «Бірінші орында әділ жаза қолдану орын алды:

- Ұрлық, тонау, зорлық, зинакорлық жасағаны үшін өлім жазасына кесіледі.

-Сот шешімімен өлтірілген адамның туыстары кісі өлтіргенді өлтіруге құқылы, ал қолды, аяқты, құлақты және басқа мүшені кескендердің тура осындай дене мүшелері кесілуі тиіс. [7]»

Алайда сот үкімімен немесе талапкердің келісімімен жаза жеңілдетілуі мүмкін, бірақ қылмыскер кез келген қылмысы үшін белгіленген мөлшерде төлемақымен жазаланады. Кісі өлтірген құн төлеумен өмірін сақтап қала алады, яғни әрбір өлтірген ер адам үшін 1000, ал әйел үшін 500 қой құн төлесе, біреудің дене мүшесіне зақым келтірсе 100 немесе 20 қой көлемінде құн төлеп жазадан құтылған». Осы айтылған деректер сол замандағы қылмыспен күресте және қылмыстың алдын алуда ерекше рөл ойнаған. Дерек көзге қарап тұрсақ қылмыс жазап жаза басқан адамға өлім жазасы төніп тұрса, жәбір көрген жаққа құн төлеу арқылы өз өмірін сақтап қалуға мүмкін болған. Бұның өзі мен алдыңғы таруаларда қарастырып кеткен қатал жаза орнына жеңіл жаза тағайындау арқылы қылмыстылықты азайту қағидасына дәл келіп тұр [8]. Содан болса керек тарихи байланыс өз ізгілігін тауып қазіргі біздің қылмыстық заңнамада татуласуға, айыппұл төлеп жәбірленушімен келісімге келу туралы нормалары бар, яғни бұлда әлеуметтік психологиялық ізденіс нәтижелерінің қылмыстылықты азайтуға қатысты қағидаларының жұмыс жасап жатқанын білдіреді. Бұл өз кезегінде менің зерттеу жұмысымның нақты фактілермен дәлелін тауып жатқанында деп айтсам артық етпес.

Мемлекет, қоғам ондағы даму үрдістері адамдармен етене байланысып жатқан дәуірде қылмыс пен қылмыстылық бола бермек, тек онымен жүйелі күрес жүргізу арқылы адам сенгісіз көрсеткішке дейін төмендетуге болатынына сенімдімін.

Әркімді әрқашанда ойландырып жүрсін деп зерттеу жұмысымды Расул Гамзатовтың сөзімен аяқтаймын: «Кез келген жолдан кері қайтуға болады. Тек өмір жолында кері қайтуға жол жоқ»!!!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған, Алматы қаласы «Юрист» баспасымен басылып шығарылған.
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2018.

3. *Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне комментарий. 2-ші басылым. Баспа: И.Ш.Борчаивили редакциясымен – Алматы «Жеті жарғы» 2007 жыл.*
4. *Көпке ұмтылған жалғыз әлеуметтік психологияға кіріспе, Эллиот Аронсон, Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасымен шығарылған кітап.*
5. *Криминология оқулық, Кондрашков Н.Н., Коробейников Б.А., Кузнецова Н.Ф., Лейкина А.Н., Миньковский Г.М., т.б. авторлар тобы. РФ Мәскеу, баспа; «Заң әдебиеті», 1988 жыл.*
6. *Криминология оқулық. В.Н.Кудрявцева және В.Е.Эминованың редакциясымен. РФ Мәскеу. Баспа «Юрист», 1995 жыл.*
7. *Орыстың мемлекеттік қайраткері, тарихшы, этнограф А.И.Левшиннің 1820 жылы Тәуке ханның «Жеті жарғысы» туралы жазған очеркісінен үзінді.*
8. *Теңдей болу құқығы – антикадан қазіргі уақытқа дейін. Мақалалар, ойлар мен сөздер жиынтығы, Алматы, «Жеті жарғы», 1995 жыл.*

*Шегебаев М.Т., Тұрсынбай А.Б.
Тұран университеті «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенттері*

Ғылыми жетекші: Амреева И.С., аға оқытушы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі таңдағы қоғамның экономикалық және саяси өміріндегі тұрақсыздық салдарынан қылмыстылық кәмелетке толмағандар арасында етек ала бастады. Осы уақытқа дейін кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы біртұтас криминологиялық санат ретінде қаралады. Қылмыстылық бұл салыстырмалы жаппай, тарихи өзгермелі әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық сипатқа ие, сонымен қатар белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратын таптық қоғамның құбылысы және қылмыстылықтың келесідей сапалық-сандық да көрсеткіштермен өлшенеді: яғни, қылмыстылықтың мөлшері, деңгейі, құрылымы, динамикасы (қозғалысы) қарастырылған.

Кілт сөздер: құқық, азаматтар, конституция, қоғам, кәмелетке толмағандар, заң, әлеуметтік, жасөспірімдер, ел, мүдде, бас бостандықтары.

Аннотация

В данной статье в настоящее время в результате нестабильности в экономической и политической жизни общества преступность стала меняться среди несовершеннолетних. До настоящего времени преступность несовершеннолетних рассматривается как единая криминологическая категория. Преступность это относительное массовое, исторически изменяющееся социальное, уголовно-правовое характер, а также явление классового общества, состоящее из совокупности преступлений, совершенных в определенном государстве за определенный промежуток времени, и измеряется следующими качественными и количественными показателями преступности: то есть предусмотрено размер, уровень, структура, динамика (движение) преступности.

Ключевые слова: право, граждане, Конституция, общество, несовершеннолетние, право, социальное, подростки, страна, интересы, свобода вероисповедания.

Abstract

In this article, at present, as a result of instability in the economic and political life of society, the crime is changing among minors. To date, the Crime, the minor is treated as a single crime category. Crime is a relatively massive, historically changing social, criminal and legal nature, as well as the phenomenon of class society, consisting of a set of crimes committed in a certain state for a certain period of time, and is measured by the following qualitative and quantitative indicators of crime: that is, the number, level, structure, dynamics (movement) of crimes.

Keyword: law, citizens, Constitution, society, minors, law, social, teenagers, country, interests, freedom of religion.

Елбасы «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында (17.01.2014) «...XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар...» екеніне баса назар аударып, Қазақстан мемлекетінің болашағын жастармен байланыстыра отырып, жастардың білімділігі мен біліктілігін арттыру үшін «...жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын...» [1] дегені баршаға аян.

Бүгінгі студент ертеңгі ел қорғаны, болашағы мен келешегі. Осы тұрғыдан қарасақ, жастар болашағы үшін жасалып жатқан, істелер істерді тізбей-ақ, тек бір ғана мысал ретінде, мемлекет қаражаты есебінен шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарында оқып жатқан жастарды айтсақ жеткілікті сияқты.

Жалпы, кәметке жасы толмағандардың болашақта қоғамның белді азаматы болуы үшін, олардың құқық табалдырығын «сүрінбей» аттауы үшін құқықтық сана мен білімділікті үнемі жетілдіріп отыру керек. Құқықтық сана мен білімділік бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оны үнемі жетілдіріп отыру болашақты терең ойлайтын кез келген жас үшін ол өмір заңдылығы ретінде қалыптасуы керек сияқты.

Сәл кейін шегініп, құқық теориясында қабылданған құқық санасын зерделесек, жалпы құқық санасының ұғымы біздің әлеуметтік зерделеуіміздің мақсаттары үшін нақтылауға жеткіліксіз болып шыққанына көз жеткізер едік. Құқық санасының жеткіліксіздігі жас жеткіншектердің өмірде ағаттық істеп, сүрінуіне, өкінуіне, өмірдегі өз орнын таба алмай қиналуына алып келіп жататынын өмірлік тәжірибе дәлелдегендей. Сондықтан, құқық санасының толысуы үшін кәметке толмағандардың құқықтарын білуі, олардың қолданылып жүрген құқыққа қатысы, олардың қоятын талаптарының басын біріктіретін құқықтық білімділік жиынтық ұғымы шеңберінде қолданылуы үлкен орын алады.

Кәметке жасы толмағандардың құқықтық білімділігі де олардың қоғамға жат әрекеттерін азайтып, қоғамға қарсы жат қадам басуын сирейтетіндігі белгілі. «Қоғамға жат кейбір жеңіл-желпі құқықбұзушылықтан басталған әрекеттерден қылмыстың туындауы құқықтық танымның жоқтығын, құқықтық білімнің төмендігін» дәлелдейді [2].

Кәметке жасы толмағандардың құқықтық білімін, құқықтық санамен қоса жетілдіру болашақта құқықбұзушылық пен қылмыстылыққа тосқауыл болары сөзсіз. Кәметке жасы толмағандардың құқықтық білімін құқықтық санамен ұштастыра жетілдіру жөнінде қомақты ой қозғап, жасөспірімдердің құқық бұзуына себепкер болатын осы құқықтық білімнің таяздығы екендігін баса айтқан белгілі криминолог-ғалым Е.І.Қайыржановтың пікірін қолдаған ғалымдар Ө.С.Жекебаев, М.С.Нәрікбаев, Е.О.Алауханов, Е.Б.Абдрасуловтар оның алдын алу жолдарын қарастырып, нақты шаралармен әсер етуді ұсынды.

Дәл осындай пікірді ұстанған ресейлік ғалым А.И.Долгова жасөспірімдердің құқықтық танымының қаншалықты жоғарылығын анықтау мақсатында анкеталық сұрақтардың маңыздылығына көз жеткізді. Ол анкетаның «ашық» - «жабық» түрін пайдалану арқылы, Құқықтық сана кәметке жасы толмағандардың құқықбұзушылыққа деген көзқарасын анықтап, оларды үш топқа бөле отырып, олардың қандай да болмасын

қоғамға жат әрекеттеріне жауапсыздықпен қарайтынын дәлелдей келе, оған құқықтық танымның төмендігі себеп болатынын тағы да атап көрсетті. Мәселен кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық білімінің төмендігіне куә ететін үш топ:

1. өзінің әр басқан жат әрекеттерін дұрыс санайтындар;
2. қоғамға жат, аморальдық қадам жасағанды мойындағандар;
3. қылмыс жасағандар.

Сонымен қатар, ресейлік ғалым А.И.Долгованың орта мектептерде жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, әрбір он оқушының жетеуі қылмыстық жауаптылыққа 18 жастан тартылатынын айтса, тек 16 пайызы ғана 14, 16 жастан бастап жауапкершілік табалдырығын аттайтындығын дұрыс көрсеткен [3].

Көптеген тәжірибе құқықтық жауапкершіліктен білімі барлардың қатарына бас бостандығынан айырылып, арнаулы мектептерде, коллонияларда жазасын өтеп жүрген кәмелетке жасы толмағандарды жатқызуға болатынын дәлелдеді.

Белгілі криминолог-ғалым Е.И.Қайыржанов зерттеулері бас бостандығынан айырылған 251 кәмелетке толмағанның 14 пайызы қылмыстық жауапкершілік 15 жас немесе одан жоғары жаста тартылатынын айтса, 50 пайызы дұрыс жауап берумен бірге қылмыстық жауапкершілікке жасын ішкі істер қызметкерлерінен, тергеушілерден естігендіктерін жеткізген. Ал, 13 пайызы нақты білмесе, 20 пайызы достарынан, 4 пайызы ата-анасынан, 3 пайызы күнделікті басылымнан 2,5 пайызы кітаптан оқығанын мәлімдеген [4].

Қазіргі таңда біздің өсіп келе жатқан ұрпақты салауатты дамуына егеменді де, тәуелсіз мемлекетіміз Қазақстан демократиялық және қиын-қыстау өтпелі кезеңдерде біздің жастарымыздың арасында, соның ішінде атап айтсақ кәмелетке толмағандар арасындағы бақылаусыздық болып тұр. Соңғы жылдары республикада өсіп келе жатқан кәмелетке толмағандар арасында және жастардың төмендегі статистикалық мәліметтеріне қарайтын болсақ, өкінішке орай, қарастырылып отырған тұлғалар арасындағы қылмыстылық өршуде. Отбасының немесе мемлекет қамқорлығының аздығынан, балалардың іс-әрекетіне бақылаудың жоқтығы олардың теріс жолға түсіп кетуіне мүмкіндік береді. Олар өздерінің ойына не келсе соны жасап, заңсыз қаражат тауып, қоғамға қауіп тудырады. Сонымен қатар жасөспірімнің ұзақ уақыт қараусыз және криминалдық ортада болуы оның әрі қарай өмір сүру деңгейін анықтайды. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылықтармен сақтандыру жұмысын жұмысын тиімді жүргізуге кедергі болатын бір жағдай-қоғамға қайшы әрекет жасаған жасөспірімнің 70%-ы кейін өзінің қылмыстық ортасына қайтып оралады.

Соңғы жылдары жас балалар (9-13 жастағы) құқықбұзушылығы мен кәмелетке жасы толғандар қылмысының қайталануы кімді болса да, аландатпай қоймаса керек. Қазіргі кезде кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссиясының атқарып жатқан жұмыстарының тиімділігі:

– құқық бұзған балаларды дер кезінде есепке алып, тәрбиелік сипаттағы шара қолданудан;

– есепте тұрған балалар мен қайталап қылмыс істеген балалардың түзелуінен көрінеді.

Ескерту жұмыстарының белгілі мөлшерде әсер еткенін, қылмыстың сәл болса да азайғаны – кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссия жұмысының тиімділігінен деуге болады. Десек те, кейбір келеңсіз жағдайлар бұл мекеменің істеген жұмыстарын жоққа шығаратындай дәрежеге жеткізеді.

Кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияның құқық бұзушылықтың алдын- алу шаралары мен жүргізген тиімді істеріне қоса, олардың жіберетін кейбір олқылықтарын зерттеген ресейлік заңгер ғалым М.Е.Токарева коллониядан босаған 18-ге дейінгі кәмелетке жасы толмағандардың 42 пайызы, шартты түрде сотталған кәмелетке жасы толмағандардың 20 пайызы және құқық бұзғаны үшін комиссия тарапынан шара қолданылғандардың 27 пайызы кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияға есепке алынбағанын ашып көрсетті [5].

Жасөспірімдермен жүргізілетін профилактикалық жұмыстың оларға әсер етуі, құқық бұзушылықты болдырмау жұмысының тиімділігі қоғамға жат әрекеттің кейбір саласына

терең талдау жасауды, оның себептерін ашып көрсетуді, қандайда болмасын құқық бұзушылыққа қарай туындайтын ниеттің ерекшеліктерін ашуды, оның жүзеге асуын, одан кейінгі, дейінгі зардаптарын көрсетуді қажет етеді. Кәмелетке жасы толмағандар тәртібінің әртүрлі болатынын талдаған ғалымдар В.Н.Кудрявцев, А.А.Герцензон, В.К.Звирбуль, И.И.Карпец бірінші орынға бас пайдасын ойлау және күш көрсету қылмысын қоятырып, баспайдасын ойлау мақсатында жасалған қылмыс (көбінесе ұрлық, тонау) кәмелетке жасы толмағандар қылмысының 50-70 % құрағанын баса көрсетті. Заңгер ғалымдар бұл қылмыстардың қауіптілігі көбінесе топтық сипат алатынын, ұрлық жасаушылардың жасы 10-13 жас аралығында болатындығымен ерекшеленетінін де айқындап берді.

Сондай-ақ, ғалымдар зерттеулері жанұяда, мектепке дейінгі, кейінгі тәрбиеде баланың бойында өзінің, қоғамның мүлiгiне деген дұрыс қатынастың қалыптасуы өз дәрежесінде еместiгiн ашып, қылмыстың бұл түрiмен байланыс iшiмдiк iшу, есiрткi шегу, достарына iлесу кезiнде жүзеге асатыны белгiлi болғанын нақты дәлелдер арқылы саралап бердi.

Жасөспiрiмдердiң мұндай жат әрекетке бармауы үшiн оларды қоғамға пайдалы iспен айналысуға тарту басты орын алады. Баланың еңбегi жалақымен бағаланатын былай қойғанда, ұйымдастырылған пайдалы жұмысқа араластыру мақсаты – еңбекпен тәрбиелеу екенiн еске алсақ, бұл шара оларды ынталандыра түсерi белгiлi. Оған қоса, еңбектегi ересектердiң үлгi аларлықтай әрекеттерi де, олардың бойындағы жат қылықтарынан арылуына әсерiн тигiзбей қоймайды.

Л.С.Халдеев колонияда жазасын өтеп жатқан жасөспiрiмдердiң құқықтық танымын тексеру барысында жүргiзген зерттеулерде сотталған кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық жауапкершiлiк жайында соттың үкiмiнен кейiн ойлана бастағанын көрсете келе, олардың 30 пайызы өздерiн қоғамға қайшы ерекше ештеңе iстеген жоқпын деп санағанын, 26 пайызының тиiстi орындардың жазаның өте ауыр түрiн тағайындағанын, 30 пайызы жазасының әдiл еместiгiн айтқанын тiлге тиек еттi [6].

Сондықтан да, менiң пiкiрiмше, колонияда тәрбие жұмыстарын жүргiзiп жатқан тәрбиешiлер тәрбие жұмысын бас бостандығынан айырылғандармен жүргiзу барысында олардың iстеген қылмысының ауырлығын мойындату арқылы екiншi рет қайталамауы үшiн ол баланың психологиялық ерекшелiктерiн ескере отырып, тәрбиенiң нәтижелi болуы мақсатында жұмыс жүргiзуi қажет.

Өзiмiзге белгiлi болғандай, көптеген жасөспiрiмдер қылмыстық құқықбұзушылықты бiреудiң ықпалымен не болмаса бiрден тұтанған ойын iске асыру мақсатында соңынан не боларын, тигiзер зардаптарын ойланбастан iстейтiн болғандықтан, профилактикалық тәрбие жұмысы кезiнде, оны да естен шығармаған абзал.

Көптеген өмiрдегi тәжiрибе көрсеткендей, 10-13,14 жастағы баланың ойлау қабiлетi күннен күнге өсетiн болғандықтан, бұл жастағы баланың кейбiр балалық көзқарастары толысып, тұрақтана түседi. Маңайындағы адамдарды сынап, бағалауда жаңа ойлар қалыптастырады. Өзiне сенiмдiлiк, тұрақтылық нығая түседi. Оған қоса, ескi- жаңа ойлаудың арасында қайшылық пайда болады. Бұл екiжақтылық оның мiнезiнiң өзгеруiн, тәтiбiнiң бiр орында болмауын, асығыс қорытынды шығаруын қалыптастырады.

Құқықтық сана мен құқықтық бiлiмнiң маңыздылығын зерттеген ғалымдар (У.С.Жекебаев, Е.И.Қайыржанов., Е.О.Алауханов) колонияда тәрбиеленушiлердiң өздерiнiң iстеген қылмысына жауапкершiлiгiн сезiнуiн әр тұрғыда қарауға болатынын зерттеген. Зерттеу олардың кейбiреуiнiң құқық бұзушылықты сезiне, түсiне тұрып iстегенiн, кейбiреуiнiң жауапкершiлiктен оңай құтылатындығын ойлағанын дәлелдеген.

Тәрбиеленушi балалардың қылмыстық ниетiнiң нелiктен жүзеге асқандығын сұрағанда мынандай нәтиже берген:

- достарының алдында мақтанып, өзiн күштi көрсеткiсi келгендер (сұралған 103 бала, яғни 23%);
- ересектердiң ықпалына ергендер (бұл – әсiресе тәрбиеленiп жатқан балалар, яғни 14 жастағыларға тән (сұралған 46 бала, яғни 13%);
- көрсекызар, заңды бұзуға дайын тұрағандар (62 бала, яғни 12%).

Қалай десек те, кәмелетке жасы толмағандар қылмыстылығы болашақта жалпы қылмыстылықтың орнын толтыратындықтан, олармен жүргізілетін шаралар нәтижелі де нәрлі болу керектігі айтпаса да түсінікті. Нәтижелілік қай кезде де, үнемі жақсы жақтарды туындатып, баланы жақсылыққа ғана жетелейді. Ал, жақсылықтың жандана түсуі үшін жоғарыда айтқан құқықтық сананы құқықтық білімділікпен қоса бала бойына сіңіре білсек, сонда ғана құқықтық сана қалыптасып, құқықтық білімділік толысып, қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмай, қылмыстылықтың алдын ала аламыз.

Кәмелетке толмағандардың құқықтық білімділігінің жетілуіне бірден-бір себепші болатын жанұя екенін тілге тиек еткен кейбір ғалымдар (Е.І.Кайыржанов, Е.О.Алауханов, М.С.Нәрікбаев) оның маңыздылығы зор екенін дәлелдеген.

Белгілі педагог В.А.Сухомлинский кезінде баланы тәрбиелеудің екі қайнар көзі бар екенін атап көрсеткен болатын. Біріншісі – оқушыға, тәрбиеленушіге, саналы түрде әсер ету екіншісі – баланы қоршаған «күрделі» орта. В.А.Сухомлинский көзімен қарайтын болсақ, біріншіден, тәрбие жан-жақты, нәтижелі болу керек, екіншіден, баланы «қоршаған ортасы», өмірдің көлеңкелі жақтарының әсер етуі- белгілі мөлшерде стихиялы сипат алады. Ересек қылмыскерлерге қарағанда жас құқық бұзушылар өзін қоршаған әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Бұл жөнінде белгілі ғалымдар (Е.І.Кайыржанов, А.И.Долгова, О.Д.Ермакова, Н.В.Беляев) әлеуметтік орта мен жасөспірімнің арасындағы тығыз байланысты көрсеткен. Олардың пікірінше, өзіміз айтып кеткен, әлеуметтік орта ретінде жанұяның рөлі зор.

Жанұя баланың өсуіне, қоғамға тигізер пайдасына көп көмегін тигізеді. Жалпы жанұя, бала жөнінде сөз болғанда үш тәсілді айрықша көрсету артық болмайды. Біріншісі, әлеуметтік- материалдық жағдай, екіншісі, жанұя бірлігі, үшіншісі, ата- ананың тәрбиеге көзқарасы. Соңғы екеуі баланың жанұямен бірлігін сипаттап, оның рухани тұрғыдан дамуына көп әсерін тигізеді.

Шынында да отбасындағы келеңсіз қылықтар, ұрыс-керіс, жанжал, айқай-шу, бәрі-бәрі баланың тәртібіне, тәрбиесіне кері әсерін тигізіп, нәтижесін береді. Ішімдікке әуестену, есірткі шегу, төбелеске әуестену, қатыгездік пен мейірімсіздік өсе келе оның әдетіне айналмасына кепілдік беруге болмайды.

Қалай болғанда да, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу мақсатында құқықтық сананы жетілдіре беру-өмір талабы. Өмір талабы құқықтық білімділікті санаға «құюмен» жалғасын тапса, алдыға қойған мақсатқа жеткенімізді көрсетеді. Біз кәмелетке толмағандар қылмыстылығы жайлы сөз қозғағанда, «барлық жасөспірім жат әрекетке әуес» деген пікірден аулақпыз. Өзімізге белгілі, ойы ұшқыр, санасы тұнық, өз ойы мен пікірін еркін жеткізіп, салихалы ой қозғайтын, құқықтық біліммен «қаруланған» жастарымыз өте көп. Сол жастардан үйренуге, көргенін істеуге талпыныс жасайтын, талпынысты өзіне ар санайтын жастар да жоқ емес, бар.

Сондықтан, менің ойымша, кәмелетке толмағандардың бойында ерік-жігерді нығайту үшін отбасы, мектеп, қоғамдық ұйымдар тарапынан әсер ететін белгілі бір жүйе қалыптасса, нәтижесін берері сөзсіз. Әрине, отбасы бала шыққан орта болғандықтан, бала сол ортаның «көшірмесін» қайталауы мүмкін. Мүмкін деуімізге себеп, өмірлік тәжірибе жақсы отбасында тәрбиеленгендердің бұрыс жолды таңдауын немесе «нашар» отбасындағылардың дұрыс жолды таңдауына алып келіп, кейде ата-ананың істеген жат істерін балаларының қайталағанын көрсетуде. Бұл жерде барлық бала сондай деген жаңсақ пікір қалыптаспаса керек. Айтпағымыз, ата-ананың бала бойында тек жақсылық нышанын қалыптастыруы үшін кішкентай кезінен бастап сана- сезімін оята білуі. Сана-сезімнің оянуы жауапкершілікті түсінуге жетелейді. Жауапкершілікті түсіну ата-ана, дос-жаран, қоғам алдындағы жауапкершілік жүгін түсінуге жол ашады. Жол ашу – кәмелетке толмағанның өмірге құлшынысы, көзқарасы, жақсылыққа ұмтылуы, білімге құштарлығы. Ал, білімге құштарлық білімділікті туынд атады. Білімділік жалпы құқықтық білімділіктің толыса түсуіне себепші болады. Құқықтық білімділік бар жерде құқықтық сана да бар. Құқықтық сана мен құқықтық білімділік кәмелетке толмағандар бойында берік «орын алса», оның қоғамдағы маңыздылығының арта түсетіне күмән жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». (Жолдаудың толық мәтіні)
2. Долгова А.И. Изучение правового сознания несовершеннолетних. Вкн:-Научная информация по вопросам борьбы с преступностью.- М. -1969г, №22.
3. Каиржанов Е.И. Объект преступления – интересы социальных субъектов. Алматы, 2008.
4. Абдрасулов Е.Б. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.- «Заң»,2005, -№6
5. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы және олардың құқықтарын қорғау мәселесі <https://infourok.ru/kmeletke-tolmaandardi-arasindai-i-bzushiliti-profilaktikasi-zhne-olardi-itarin-orau-mselesi-1682785.html>
6. Сухомлинский В.А. Таңдамалы шығармалар. doc.nlrk.kz/result/ebook_275

7 СЕКЦИЯ. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Абыт О.Қ., Жақсыбаев Д.

Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті,

Ғылыми жетекші: Ашимбаев Д.А., з.ғ.м., аға оқытушы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

ҚР процестік кодексі процестік келісімге келесідей анықтама береді, процестік келісім – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында ҚР ҚПК көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

Кінәсін мойындау туралы мәміле нысандағы процестік келісімді жасасуда келесідей шарттар көзделеді: 1) Күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдіру; 2) Күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпау; 3) Процестік келісім жасасуға жәбірленуші келісімі қажет болуы мүмкін. Алайда, ҚР ҚПК-нің 4- бөлімі 615-бабында жәбірленуші келіспеген кезде процестік келісім жасалмайды деп анық көрсетілген. Бұл дегеніміз жәбірленушінің келісімінің қажет екендігі мүмкін деген сөзді, керісінше жәбірленушінің нақты келісімнің қажет деген сөзімен ауыстырылғандай.

Түйін сөздер: Кінәні мойындау туралы, ынтымақтастық туралы, процесс, кодекс, прокурор, күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған, экстремист, террорист, жәбірленуші, Бас прокурор.

Аннотация

Уголовно-Процессуальный Кодекс Республики Казахстан дает следующее определение процессуального соглашения: процессуальное соглашение – это соглашение, заключенное между прокурором и подозреваемым, обвиняемым, подсудимым или осужденным на любой стадии уголовного процесса в порядке и на основаниях, предусмотренных УПК РК.

При заключении процессуальной соглашений в форме признания вины предоставляются следующие условия: 1) Добровольное намерение подозреваемых к процессуальному соглашению; 2) не возражение подозреваемого, обвиняемого на доказательства подозрения, обвинения и совершения преступления, характер и размер причиненного ущерба; 3) Для заключения договора может потребоваться согласие потерпевшего. Однако статья 615 УПК РК гласит, что процессуальное соглашение не заключается, если потерпевший не согласен. Это означает, что согласие потерпевшего обязательно. Если потерпевший соглашается, принимая во внимание мнение потерпевшего по вопросу о возмещении преступления, прокурор и сторона защиты заключают процессуальное соглашение в разумный срок, которое излагается в письменном виде, подписывается сторонами соглашения.

Ключевые слова: Процессуальное соглашение о признании вины, процессуальное соглашение о сотрудничестве, кодекс, прокурор, подозреваемый, обвиняемый, осужденный, экстремист, террорист, потерпевший, Генеральный прокурор.

Abstract

Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan gives the following definition of procedural secret: a procedural agreement is an agreement concluded between a prosecutor and a suspect, accused, defendant or convicted person at any stage of the criminal procedure in the manner and on the grounds provided for by the Code of Criminal Procedure of the Republic of Kazakhstan.

When concluding procedural agreements in the form of guilty pleas, the following conditions are provided: 1) the voluntary intention of the suspects to the procedural agreement; 2) the objection of the suspect, the accused to the evidence of the suspicion, the charges and the commission of the crime, the nature and amount of the damage caused; 3) The conclusion of the contract may require the consent of the victim. However, Article 615 of the Code of Criminal Procedure of the Republic of Kazakhstan states that a procedural agreement is not concluded if the victim does not agree. This means that the consent of the victim is mandatory. If the victim agrees, taking into account the victim's opinion on the issue of reparation of the crime, the prosecutor and the defense shall conclude a procedural agreement within a reasonable time, which is set out in writing, signed by the parties to the agreement.

Keywords: Procedural plea agreement, Procedural Cooperative Agreement, Code, Prosecutor, Suspect, Accused, Convicted, Extremist, Terrorist, Victim, Prosecutor General.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 63-тарауында процестік келісім, оны жасаудың ерекше тәртібі туралы арнайы тарау бар [1]. Осы тарауға сәйкес процессуалдық келісімнің екі түрі заңмен бекітілген, ол: 1) Кінәні мойындау туралы; 2) Ынтымақтастық туралы;

Күші жойылған бұрынғы қылмыстық іс жүргізу көдексінде мұндай норма болмаған, тек өз кінәсін шын жүректен өкіну деген бап қана қарастырылған болатын. Осыны ескерсек, жаңа қолданыстағы процессуалдық кодекстегі процестік келісім қылмыстық іс жүргізу құқығында ерекше жаңалық болып табылады.

ҚР процестік кодексі процестік келісімге келесідей анықтама береді, процестік келісім – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында ҚР ҚПК көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім;

Процестік келісім жасау тәртібі ҚР ҚПК 13 –бөлімінде жазылған.

Жоғарыда атап көрсеткендей, процестік келісім жасауға заң бойынша екі нысанда жасалуға жол беріледі:

1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Кінәсін мойындау туралы процестік келісім жасасу өтініш мәлімдеу арқылы жүзеге асырылады, ал ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу өтінішхатпен жүгіну арқылы жүзеге асырылады.

Кінәсін мойындау туралы мәміле нысандағы процестік келісімді жасасуда келесідей шарттар көзделеді:

1) Күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдіру керек;

2) Күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпау керек;

3) Процестік келісім жасасуға жәбірленуші келісімі қажет болуы мүмкін;

Алайда, ҚР ҚПК-нің 4- бөлімі 615-бабында жәбірленуші келіспеген кезде процестік келісім жасалмайды деп анық көрсетілген. Бұл дегеніміз жәбірленушінің келісімінің қажет

екендігі мүмкін деген сөзді, керісінше жәбірленушінің нақты келісімнің қажет деген сөзімен ауыстырылғандай.

Егер жәбірленуші келіскен болса, онда оның қылмыспен келтірілген зиянды өтеу мәселесі жөніндегі пікірін ескере отырып, прокурор және қорғаушы тарап қисынды мерзімде процестік келісім жасасады, ол жазбаша түрде жазылып, оған келісімге қатысушылар қол қояды. Сонымен қоса, процестік келісім жасасуға келісім берген жәбірленушіні залалды өтеу мөлшері туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айырылады.

Бірақта, процестік келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қою құқығынан айырмайды.

Кінәні мойындау туралы процестік келісім, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесінде қылмыс жасаудың процестік келісімде көзделмеген өзге мән-жайлары белгілі болған жағдайда, осы келісім ҚР ҚПК-тің 615 және 616-баптарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде қайта қаралуға жатады не өзінің қолданысын тоқтатады [1].

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасалғаннан кейін тергеу және процестік әрекеттерді жүргізу қажеттігі болмаған жағдайда, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталды деп есептеледі және прокурор оны айыптау актісінің дереу сотқа жібереді, бұл туралы жәбірленушіге хабарланады.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімді жасасу күдікті, айыпталушы, сотталушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәміле нысанында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу туралы өтініш мәлімдеуге құқылы.

Өз кезегінде, қылмыстық процесті жүргізетін орган, кінәні мойындау туралы өтінішхатты алып, процестік келісім жасасу туралы мәселені шешу үшін келіп түскен өтінішхатты қылмыстық іс материалдарымен бірге үш тәулік ішінде прокурорға жібереді.

Прокурор тергеп-тексеруді жүзеге асырған органнан істі талап етіп алдырып, төмендегі мән-жайларды анықтайды: адамның жасаған іс-әрекетінің кінәні мойындау туралы мәміле нысанында іс жүргізу туралы процестік келісім аясына жататын-жатпайтынын; процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты адамның ерікті түрде мәлімдегенін және оны жасасудың салдарлары туралы білетінін; адамның жиналған дәлелдемелерге және іс-әрекеттің саралануына дауласпайтынын; адамның өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне және азаматтық талап қоюға келісетінін; істе қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлардың жоқтығын тексеруге міндетті.

Прокурор істе процестік келісім жасасу мүмкіндігі барын көріп, қорғаушы тарапқа оны жасасу туралы мәселені талқылауды ұсынады не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды. Сонымен қоса, прокурор өтінішхатты берген адамға процестік келісім жасаудың салдарын, оны жасаудан бас тарту құқығын түсіндіреді.

Сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін күдіктінің, айыпталушының процестік келісімнен бас тартуға құқығы бар. Алайда, тараптардың процестік келісім жасасудан бас тартуы оны қайтадан жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге кедергі келтірмейтіні атап кеткен жөн.

Процестік келісім жасау салдары қысқартылған өндіріспен қарастырылады және де сотта келісімдік іс жүргізуде қарауға себеп болады.

Сонымен қоса, кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасалғаннан кейін тергеу және процестік әрекеттерді жүргізу қажеттігі болмаған жағдайда, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталды деп есептеледі және прокурор оны айыптау актісінің дереу сотқа жібереді.

Егер сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін процестік келісімге келіспеушілік білдірілсе, келісімдік іс жүргізуге жол берілмейді.

Кінәсін мойындау туралы процестік келісім күдікті мен айыпталушы арасында жасалса, ал ынтымақтастық туралы процестік келісім күдікті, айыпталушы, сотталушы және

сотталған адамдар арасында жасалады. Яғни, қолдану аясы қылмыстық құдалау орбитасына кінәлі ретінде тартылған барлық азаматтарға бағытталады.

Ынтымақтастық туралы процестік келісім прокурор мен күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның арасында жасалады және бекіту үшін тиісінше облыстың прокурорына немесе оған теңестірілген прокурорға, олардың орынбасарларына, ал сотталған адаммен келісім – Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына не оның орынбасарына жіберіледі. Ынтымақтастық туралы процестік келісім қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның өз еркімен жасалады және оған оның құқықтық салдары түсіндірілуі тиіс. Мұндай құқықтары түсіндірілмей жасалған процестік келісім, процестік келісімді бекітуден бас тарту туралы қаулы шығарумен аяқталады.

Осыған байланысты, ҚР ҚК-нің 3 бөлімі 55 бабында жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері бойынша, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы ҚР ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды делінген. Сонымен қоса, ҚР ҚК –нің 67 бабында процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін деп көрсетілген. Осындай қылмыстық заңдағы нормалардың ізгілендірілуі қылмыстық құдалауға ұшыраған адамдарға өзінің жағдайын жеңілдетуге, әрі латентті қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға, тергеуге орасан зор септігін тигізеді [2].

Қысқартылған сот талқылауы он тәулікке дейінгі мерзімде аяқталуға тиіс, айрықша жағдайларда бұл мерзім судьяның уәжді қаулысымен жиырма тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 478-бабына сәйкес үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешу тәртібінде, сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 476-бабының 5) тармағында көрсетілген мәселелерді Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының өтінішхаты бойынша, ынтымақтастық туралы процестік келісім шеңберінде қарауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 476-бабына тоқталатын болсақ, онда үкімді орындау кезінде соттың қарауына жататын мәселелер қарастырылған. Ал бізге керегі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 476-бабы 5) тармағы, онда: жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабы), жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабы) туралы көрсетілген;

Яғни, бұл дегеніміз, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының өтінішхатымен процестік келісімді орындаған қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі, сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін ғана, шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотпен қолданылуы мүмкін.

Және де, осы ойды толықтыра кетсек, сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін сотпен қолданылуы мүмкін. Егер, сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 73 - бабының 4 тармағында процестік келісімге қатысты былай делінген: онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр қылмыстар немесе аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға, егер ол жазаны өтеу кезеңінде қылмыстық топ жасаған қылмыстарды ашуға және

тергеп-тексеруге ықпал еткен не процесік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, сот қалған өтелмеген жазасының жартысынан аспайтын бөлігін қысқарта алады.

Осы нормалардың бәрі тікелей қылмыс орбитасына тартылған адамдардың құқықтары мен бастандықтарын және заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Процестік келісім жасау барысында, қылмыстық қудалау органы "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) тармақшасында көзделген қауіпсіздік шараларын туындаған кезде, өздерімен процесік келісім жасалған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының не сотталған адамның, оның жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз мақсатында, көрсетілген адамдардың келісуі бойынша заңдарда көзделген мемлекеттік қорғауға және қауіпсіздік шаралары қолдануға міндетті [3].

Процестік келісім жасалған адамға қатысты мемлекеттік қорғауға алу және қауіпсіздік шараларына байланысты қабылданған процесік әрекет құпиялығы сақтала отырып, жиырма төрт сағат ішінде қадағалаушы прокурор хабардар етіледі.

Осы жерде заңды сұрақ туындайды, ынтымақтастық туралы келісімнің нысанасы болып не табылады?. Мақаланы зерттей келе, ынтымақтастық келісімнің нысаны болып анықталмаған қылмыстардың ашылуы және кінәлі адамдардың әшкереленуі екенін айта кеткенді жөн көрдік.

Сондай-ақ процесік заңда көрсетілген тәртіппен күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселе қарастырылады.

Тағы да, айта кететін жайт, егер ынтымақтастық туралы процесік келісімнің нысанасына қатысты қылмыстарға жүргізілген тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның ықпал етуімен аса ауыр қылмыстар, қылмыстық топ құрамында қылмыстар, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстар жасаған адамдар әшкереленсе және кінәлі адамдарға қатысты айыптау үкімі шығарылса, онда прокурор ынтымақтастық туралы процесік келісімнің талаптарын орындауға шаралар қолданады. Яғни, ынтымақтастық келісім жасаудың құқықтық салдары орын ала бастайды, тек егерде, келісім талаптары түгел орындалса және соттың айыптау үкімі шығарылса.

Астана қаласы, апелляциялық коллегиясының қылмыстық істер сотының судьясы Гульнара Мергенованың мақаласында мынаған мән беріледі: «-Процестік келісіммен сотқа түскен істерде, жәбірленушінің келісімі істе көрініс таппайды, ол өз кезегінде істі келісімдік іс жүргізуде жүргізуге кедергі келтіреді. Осыған орай сотқа дейінгі тергеу орындары ҚР ҚПК –нің 63 тарауын жете меңгеруін ұсынады» [4].

Бізде өз тарапымыздан аталған тергеу органдарынан заң нормаларын бар күшінде қолданылуын қамтамасыз етуді сұраймыз. Ол өз кезегінде, адам құқықтарының өз дәрежесінде қорғалуына кепілдік беріледі және құқықтарын жүзеге асыруға бірден-бір мүмкіндік.

Процестік келісім сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен істі сотта қараудағы уақытты үнемдеуге, кететін шығындарды азайтуға, анықталмаған басқа да қылмыстардың ашылуына, басқа да кінәлілерді қылмыстық жауаптылыққа тартуға орасаң зор артықшылық беруде.

Ынтымақтастық туралы процесік келісімінде тергеуге іліккен адамдардың жалған жауап берулерінің алдын алуды сотқа дейінгі тергеу органдарының алдына қойылған жауапкершілігі ауыр тергеу әрекеті болмақ. Бұл ретте, дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалауда судьяға, прокурорға, тергеушіге және анықтаушыға мінсіздік керек екендігі артылар ел алдындағы сенім.

Қорыта келгенде, процесік келісім жасау қылмыстық заңнамалардың ізгілендірілгендігін, ең бірінші кезекте адам оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігін байқататын бастама.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. /Электронды ресурс/ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 72 Заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000072_
4. Процессуальное соглашение – новый этап к сотрудничеству (Г. Мергенова, судья апелляционной судебной коллегии по уголовным делам суда г. Астаны) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36493193#pos=4;-227. Дата обращения: 15.01.2019.

Аблахатов Д.Я.

курсант 3 курса Алматинской академии МВД РК им. М. Есбулатова

Научный руководитель: Батырбаев А.К., к.ю.н., полковник полиции Алматинской академии МВД РК им. М. Есбулатова

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В данной статье рассматриваются основные аспекты реализации принципов уголовного процесса в практической деятельности. Регламентация правил проведения следственных действий в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан. Основу предварительного следствия составляет уголовно-процессуальное доказывание, раскрытие данного понятия.

Ключевые слова: предварительное следствие, принципы уголовного судопроизводства, доказывание по уголовному делу.

Аңдатпа

Бұл мақалада қылмыстық процестің қағидаттарын іс жүзінде іске асырудың негізгі аспектілерін талқылайды. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде тергеу іс-әрекеттерін жүргізу ережелерін реттеу. Алдын ала тергеудің негізі қылмыстық іс жүргізудің дәлелі болып табылады, бұл тұжырымдаманың ашылуы.

Түйін сөздер: алдын ала тергеу, қылмыстық іс жүргізу қағидаттары, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер.

Abstract

This article discusses the main aspects of the implementation of the principles of the criminal process in practice. Regulation of the rules for conducting investigative actions in the criminal proceedings of the Republic of Kazakhstan. The basis of the preliminary investigation is criminal procedural proof, the disclosure of this concept.

Key words: preliminary investigation, principles of criminal proceedings, evidence in a criminal case.

Казахстан, определяя себя как светское, демократическое государство гарантирует реализацию прав и свобод человека и гражданина на основе Конституции и своего законодательства. Концепция правовой политики Республики Казахстан, развивая основополагающие принципы Конституции Республики Казахстан, подчеркивая «необходимость развития правовой системы в этом направлении, последовательного приведения ее в соответствие с общепринятыми принципами и нормами международного

права, международными стандартами, где отмечается, что «приоритет прав человека следует гармонично сочетать с интересами общества и государства» [1].

Граждане Казахстана, поддерживая проводимую в республике стратегию, направленную на широкомасштабные социальные, политические и экономические реформы, в большинстве руководствуются положениями Конституции Республики Казахстан и других законодательных актов. Между тем, наряду с правомерным поведением распространены случаи совершения отдельными лицами деяний, носящих общественно опасный характер. Данное обстоятельство вынуждает государство издавать уголовно-правовые нормы, устанавливающие перечень преступлений, основания уголовной ответственности и наказания. Формой реализации уголовного закона является закон процессуальный, который в целях быстрого и полного раскрытия преступлений и изобличения виновных предусматривает применение принудительных мер. При этом объективно предполагается ограничение прав и законных интересов личности.

Правовая регламентация источников уголовно-процессуального права, изложенная в ст. 1 УПК, в полной мере охватывает состояние и особенности современного периода развития права, содержит исчерпывающий перечень источников, в который входят:

- Конституция Республики Казахстан;
- конституционные законы;
- Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан;
- международные договоры, участником которых является Республика Казахстан;
- нормативные постановления Конституционного Совета по вопросам уголовного судопроизводства;
- нормативные постановления Верховного Суда по вопросам уголовного судопроизводства.

Демократические идеи и принципы правового государства, содержащиеся в Конституции Республики Казахстан, Указах Президента Республики Казахстан, конституционных законах Республики Казахстан, нашли свое отражение и дальнейшее развитие в Уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан ввел новые институты, термины и дефиниции, существенно изменив прежнюю концепцию уголовного судопроизводства.

Уголовно-процессуальный закон разрешил многие теоретические и практические проблемы уголовного судопроизводства. Вместе с тем проводимая в республике судебно-правовая реформа наметила перед отечественными учеными-процессуалистами задачи, связанные с теоретическим обоснованием уголовно-процессуальных институтов, толкованием правовых норм, закрепивших ранее не использовавшиеся понятия и регулирующих новые уголовно-процессуальные правоотношения.

Между тем, с введением уголовно-процессуального права Республики Казахстан проблемы уголовного судопроизводства окончательно не разрешены. В особенности это относится к нормам, существенно затрагивающим права и интересы граждан, вовлеченных в сферу уголовно-процессуальных правоотношений.

К сожалению, на современном этапе развития общества правовая система не может отказаться от принудительных средств. Появились ранее неизвестные виды преступлений, получили широкое распространение скрытые формы преступности.

В числе основных принципов осуществления уголовно-процессуальной деятельности в действующем законодательстве указаны: уважение чести и достоинства личности, неприкосновенности личности, охрана прав и свобод граждан при производстве по уголовным делам. Где само содержание принципов, направлено на защиту законных прав и свобод граждан при производстве по уголовным делам [2].

Указанные принципы характеризуют требования Конституции Республики Казахстан к такому специфическому виду деятельности органов государственной власти, как отправление правосудия, поэтому указанные принципы в специальной юридической литературе принято называть конституционными. Конституция Республики Казахстан в

качестве главной ценности нашего государства провозглашает человека, его законные права и интересы.

Значимость принципов уголовного судопроизводства определяется их закреплением в Конституции Республики Казахстан. Так, из смысла п.3 ст. 77 Конституции вытекает, что в уголовном процессе имеют место следующие принципы:

- ✓ - презумпция невиновности;
- ✓ - запрет применения наказания повторно за одно и то же деяние;
- ✓ - неизменяемость предусмотренной законом подсудности;
- ✓ - свобода слова каждого в суде;
- ✓ - запрет на переложение бремени доказывания на обвиняемого;
- ✓ - толкование любых сомнений в виновности лица в пользу обвиняемого;
- ✓ - законность получения доказательств;
- ✓ - запрет применения уголовного закона по аналогии.

Как указывается в п. 4 ст. 77 Конституции Республики Казахстан, принципы правосудия, установленные Конституцией, являются общими и едиными для всех судов и судей Республики.

Для формирования принципов уголовного судопроизводства важно знание предъявляемых к ним требований. Те или иные положения могут быть отнесены к категории принципов уголовно-процессуального права при условии, что они отвечают следующим требованиям:

1) положения определяют в организации и деятельности органов дознания, следствия, и суда главные, исходные моменты, из которых, в свою очередь, следуют положения более частного характера;

2) в самих принципах не должны формулироваться все стороны дозволенного или обязательного поведения людей и все элементы правовой нормы.

3) основополагающие позиции не могут быть наполнены произвольным содержанием, так как они объективно обусловлены закономерностями и внутренней логикой уголовно-процессуального права;

4) положения, возводимые в категорию принципов, должны в равной мере сочетать объективное и субъективное начала.

5) сущность принципиальных положений должна отличаться устойчивостью, постоянством (отменяются нормы права, происходит смена законодательства, а принципы сохраняются).

6) должны иметь властный, императивный характер;

7) в системе уголовно-процессуального права должны занимать главенствующее положение.

Таким образом, принципами уголовного процесса являются обусловленные общественным и государственным строем и закрепленные действующим законодательством основные, исходные положения, определяющие сущность организации и деятельности государственных органов по возбуждению, расследованию, рассмотрению и разрешению уголовных дел по существу, а также положения, направляющие уголовно-процессуальную деятельность на достижение целей и задач, поставленных государством перед уголовным судопроизводством[3].

Предварительное следствие как уголовно-процессуальная деятельность, протекающая во времени, заключается в производстве различных следственных действий. Это деятельность складывается из этапов, которые объединены общими задачами и единой процессуальной формой и последовательно сменяют друг друга по мере выполнения конкретных задач, подлежащих решению на каждом этапе.

Совокупность соответствующих этапов образуют систему предварительного следствия.

Уголовно-процессуальный закон не содержит перечня этапов предварительного следствия, но такое деление в юридической литературе существует [4].

На основе анализа уголовно-процессуального законодательства и сопоставления точек зрения различных авторов была предложена система предварительного следствия, состоящая из следующих этапов:

- принятие следователем уголовного дела к своему производству;
- производство следственных действий в целях установления обстоятельств уголовного дела;
- привлечение лица в качестве обвиняемого, предъявление обвинения и допрос обвиняемого;
- продолжение производства следственных действий для окончательного установления обстоятельств, имеющих значение для разрешения уголовного дела;
- окончание предварительного следствия [5].

В случае прекращения уголовного дела система предварительного следствия будет неполной и в нее войдут только отдельные из вышеназванных этапов.

Основу предварительного следствия составляет уголовно-процессуальное доказывание. Основным способом собирания, проверки и оценки доказательств является производство следственных действий.

Термин «следственные действия» постоянно употребляется в уголовно-процессуальных кодексах, однако законодатель не разъясняет его значения, как это сделано в отношении ряда других специальных понятий [6].

Следственные действия - это такие способы собирания и проверки доказательств, которые детально регламентированы законом и обеспечены возможностью применения государственного принуждения. Значение следственных действий состоит в том, что они являются основным способом собирания доказательств, а значит, и основным средством установления истины по уголовному делу. Действия называются следственными не потому, что осуществляются следователем, а потому, что направлены на выявление «следов» [7].

В уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан регламентированы общие правила производства следственных действий. В данной норме обозначены правила, определяющие поведение следователя и лица, производящего дознание при производстве следственных действий. Следует согласиться с общепринятым мнением, что структура выполнения следственных действий в общем виде включает три группы правил:

- условия их проведения, то есть правовые основания;
- правила поведения следователя и других участников процесса;
- меры принуждения, применяемые в необходимых случаях.

Данные правила являются производными из принципов уголовного процесса, значение которых состоит, во-первых, в том, чтобы не допустить нарушения конституционных прав участников уголовного процесса. Во-вторых, нарушение принципов при производстве следственных действий может повлечь впоследствии признание состоявшегося производства по делу недействительным, отмену вынесенных в ходе такого производства решений либо признание собранных при этом материалов не имеющими силы доказательств.

Следователь привлекая к участию в следственных действиях предусмотренных законом лиц, должен удостовериться в их личности, разъяснить их права и обязанности, а также порядок производства следственного действия.

Необходимо в каждом конкретном случае стремиться к обеспечению конституционных прав граждан. Удостоверение в личности позволит установить, действительно ли это лицо привлекается к участию в следственных действиях, нет ли оснований воспрепятствующих его участие в следственных действиях, например, возраст, психическое состояние и другие. Более того, согласно ст. 115 УПК РК, полученные фактические данные от неизвестного источника либо от источника, который не может быть установлен в судебном заседании, приводит к недопустимости использования их в качестве доказательств. Следователь или лицо, производящее дознание, в каждом конкретном случае обязан выполнить требования уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан о

подробном разъяснении прав и обязанностей, которые предусмотрены в законе для каждого участника следственного действия.

Производство следственного действия в ночное время не допускается, за исключением случаев, не терпящих отлагательства. Согласно п. 51 ст. 7 УПК РК, «ночное время» определяется как промежуток времени с двадцати двух до шести часов по местному времени.

Всегда ли есть необходимость производить следственное действие в ночное время, когда ситуация не изменится до утра, и эти показания или предметы не влияют кардинально на расследование уголовного дела? Поэтому законодатель и предусмотрел мотивацию, позволяющую нарушить конституционное право граждан. «За исключением случаев, не терпящих отлагательства», то есть именно тех случаев, когда не произведенные в ночное время допрос, осмотр, обыск, выемка, очная ставка и др. приведут к утрате доказательств, так как свидетель или подозреваемый изменят показания или скроются, предметы будут уничтожены или скрыты, место происшествия подвергнется механическому или природному изменению, ранее допрошенные лица успеют договориться или определить общую линию для очной ставки.

Согласно закону следователь обязан незамедлительно приступить к следствию по возбужденному им или переданному ему делу. Данное положение является определяющим для следователя или лица, осуществляющего дознание, так как это напрямую вытекает из задач уголовного процесса, предусматривающих быстрое и полное раскрытие преступлений, изобличение и привлечение к уголовной ответственности лиц, их совершивших.

Это предоставляет органам предварительного расследования большие полномочия, позволяющие на вполне законных основаниях вторгаться в сферу охраняемых законом прав и интересов граждан. Позволяет применить весь комплекс мер, предусмотренных законом, но каждое следственное действие несет в себе элемент принуждения, например, если лицо не является на допрос в качестве свидетеля, оно может быть подвергнуто приводу, если лицо отказывается добровольно выдать требуемые предметы, его могут подвергнуть обыску. Предполагается принудительное проведение органом уголовного преследования следующих процессуальных действий:

- осмотра и обыска жилища, а также производства там других процессуальных действий;
- освидетельствование человека, кроме освидетельствования взятых под стражу подозреваемого и обвиняемого;
- выемки;
- наложения ареста на имущество;
- эксгумации;

Если нет протокола следственного действия, не существует и самого следственного действия. Если протокол составлен с нарушением требований, изложенные в нем фактические данные должны быть признаны недопустимыми в качестве доказательств. Рассматривая форму и сущность следственного действия, акцентируем внимание на содержание протокола следственного действия. Протокол составляется в ходе следственного действия или непосредственно после его окончания. В протоколе указываются необходимые сведения обо всех участниках следственного действия и излагаются процессуальные действия, в том порядке в каком они имели место, выявленные при их производстве существенные для дела обстоятельства и т.д. согласно ст. 199 УПК РК. Документирование процесса и результатов оперативно - розыскной деятельности (ОРД) имеет совершенно иной порядок. Следственное действие, как акт правоприменения, должно отвечать задачам и принципам уголовного процесса, его познавательной и удостоверительной сущности.

При производстве следственных действий могут применяться технические средства и использования научно обоснованные способы обнаружения, фиксации и изъятия следов преступления и вещественных доказательств.

При этом недопустимо применение насилия, угроз и иных незаконных мер, а равно создание опасности для жизни и здоровья участвующих в них лиц.

В правовом государстве должно быть обеспечено всестороннее развитие личности, ее творчества, политической активности, что требует дальнейшего развития политических, социальных и личных прав граждан и разнообразных гарантий их обеспечения.

Следует также отметить, что гарантии прав и свобод граждан тесно связаны, и, по существу, совпадают с гарантиями законности. Там, где гарантируется законность, гарантируются тем самым и субъективные права граждан.

Чем последовательнее и шире, конкретнее выражены в законе обязанности дознавателя, следователя, суда по охране прав и интересов участвующих в уголовном процессе лиц, тем тщательнее эти права и интересы гарантируются.

Вся система принципов уголовного процесса, а также процессуальная форма служит гарантией должностного исполнения дознавателем, следователем, судом их обязанностей по охране прав и законных интересов участников процесса.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. *Еркенов С.Е. Соблюдение конституционных прав и свобод граждан в деятельности органов внутренних дел. – Алматы, 2003. – С. 18.*
2. *УПК Республики Казахстан. – Алматы: Баспа, 1998.*
3. *Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы., 1998. – С 133.*
4. *Перлов И.Д. Возбуждение уголовного дела и предварительное расследование. – М., 2015.*
5. *Петелин Б.Я. Место организации расследования преступлений в борьбе с преступностью. – М., 2009.*
6. *Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л. Уголовный процесс: Учебное пособие. – Астана, 2012.*
7. *Рыжачков А.П. Уголовный процесс: Учебник для вузов. – М., 2014. – С. 390.*

Кенжегулов А.

Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының 2 курс магистранты

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САНКЦИЯЛАУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада санкциялау институтының, оның ішінде бұлтартпау шараларының Қазақстандағы дамуы мен құқықтағы орны қарастырылған.

Санкциялау институтының тарихындағы қазақ халқының қарапайым құқығының қайнар көзі: құқықтық, ауызша әдет-ғұрып, адат заң, сот прецеденті, билер съездерінің ережелеріндегі, және КСРО конституциясымен қатар қылмыстық процестік нормаларлардағы даму үрдісі ашылып. Бұл шешімдер қазақ процесі тарихындағы санкциялау элементтерінің пайда болуының жалғыз "алғышарттары" болды, алайда, мұның бәрі бидің жеке-дара, ауызша шешімі болды.

Кілт сөздер: құқық, заң, адам құқықтары, бұлатрапау шаралары, қайнар көздері.

Аннотация

В статье рассмотрено развитие санкционирования, как института права, в частности в виде меры пресечения в Казахстане.

Рассматривая историю института санкционирования раскрывается тенденция развития от источника обычного права, устные обычаев, адатских законов, судебных прецедентов, положений съездов биев, так и Конституции СССР в уголовно-процессуальных

нормах. Эти решения стали единственными "предпосылками" возникновения элементов санкционирования в истории процесса, все это стало единоличным, устным решением биев.

Ключевые слова: право, закон, права человека, меры предосторожности, источники.

Abstract

The article considers the development of authorization as an institution of law, in particular in the form of a preventive measure in Kazakhstan.

Considering the history of the institution of authorization reveals the trend of development from the source of customary law, oral customs, ADAT laws, judicial precedents, the provisions of the congresses of the biys, and the Constitution of the USSR in criminal procedure. These decisions became the only "prerequisites" for the emergence of elements of authorization in the history of the process, all this became the sole, oral decision of the biys.

Key words: law, law, human rights, precautions, sources.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің кіріспесінде: "...азаматтық және саяси бостандықты және қорқыныш пен мұқтаждықтан бостандықты пайдаланатын еркін адам тұлғасының идеалы, егер әркім өз құқықтарын пайдалана алатындай жағдайлар жасалса ғана жүзеге асырылуы мүмкін", бұл ретте "мемлекеттер жалпыға бірдей құрмет пен Адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтауды көтермелеуге міндетті"[1].

Қылмыстық өндірістің біріктірілуінің және бөлінуінің негізін реттейтін заңмен бекітілген тәртіп 1922 жылғы [10] 25 мамырдағы КСРО алғашқы қылмыстық-процессуалдық кодексінің қабылдануына дейін болмаған, 1917 жылғы қазан оқиғасын дамыту барысында балалар арасында қылмыстың көбеюіне байланысты қабылданған жасөспірімдер ісі туралы бұрынғы нұсқаулықтарда бөлу институтының белгілерін анықтауға болады. «Жасөспірімдерге арналған комиссия туралы» декреттің 2-бабына сәйкес 1918 жылғы 14 қаңтардағы КСРО халық комиссариатының 17 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың ісі туралы қоғамға қауіпті әрекеттерді жасөспірімдер туралы комиссия қарауы тиіс [9, 252]. 14-18 жастағы жасөспірімдер қылмыс жасаған жағдайда хаттама толтырылып, осы комиссияға қарауға жіберілді.

Ол халық сотына барып түсті. Егер қылмыс ересектермен бірігіп жасалса, халық соты жасөспірімдер туралы істі бөлуге нақты баяндама жасалды (1920 жылғы 30 шілдедегі жасөспірімдер ісі туралы комиссия нұсқаулығының 20-бабы). Жасөспірімдерге қатысты істерді бөлу сотқа міндетті болып табылады (нұсқаулықтың 10-бабы).

Бірақ біріктіру және бөлу институты КСРО ҚПК 1922 жылы рәсімделді. Онда қылмыстық істерді біріктіру және бөлу туралы шешім шешім қабылданатын субъектілер болды (тергеуші және сот) (КСРО ҚПК 248, 316-баптары).

1922 жылғы КСРО ҚПК 120-бабында «бір адам бірнеше қылмыс жасаған жағдайда бір тергеу өндірісінде істер біріктірілуі мүмкін; бір немесе бірнеше қылмыстарды жасауға бірігіп қатысқан бірнеше адамды айыптау бойынша іс».

Бірінші негіз бойынша қылмыс жасаған адамның ниеті білінген бірнеше қылмыс, ал екінші – алдын ала ымыраласқан бірнеше қылмыс бойынша адамдар тобымен жасалған қылмыс түсіндіріледі.

Сонымен қатар қылмыстық істерді біріктіру айыпталушы мәртебесін алған адамнан кейін жасалды.

Қылмыстық істерді біріктірудің міндетті шарты – біріккен өндірістер арасындағы байланыс болып табылады, ал бөлуде мұндай жоқ. Егер сот тергеуі барысында сотталған немесе қылмысы анықталмаған адам қылмыс жасады деген фактісі анықталса, онда сот өндірістер арасындағы байланысты ескере отырып, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу туралы шешім қабылдады (1922 жылғы КСРО ҚПК 248, 316, 319, 320-баптары).

1922 жылғы қылмыстық заңнамадағы қылмыстық өндірістерді бөлу:

- КСРО ҚПК 40-бабы, «жасөспірім айыпталушыға қатысты іс негізгі өндірістен алынып, жасөспірімдер ісі бойынша комиссияға жіберілді». Бұндай жағдайда заңнама шығарушы жасөспірім айыпталушыға қатысты істі бөлу туралы шешім шығарған орган басқа да жағдайларға қарамастан шешім қабылдауға міндетті (аталған міндет императивті сипатқа ие, императорлық деген сөз – сөзсіз бағынуды, орындауды талап ететін бұйрықты білдіреді);

- КСРО ҚПК 248-бабында — «тергеуші бірнеше істі қате біріктірген жағдайда сотқа беру туралы мәселені қарастыру барысында сот қате біріктірілген істі бөлуге міндетті»;

- КСРО ҚПК 316-бабында — «сот - сот отырысы барысында алғашқысына байланысты емес басқа да қылмысты тапқан жағдайда жалпы тәртіпте қарау және тергеу үшін істі бөледі».

1923 жылғы 15 ақпандағы КСРО ҚПК жоғарыда аталған баптар толық көлемде енді. Бірақ жаңа қылмыстық-процессуалдық заңнаманың құрылымына байланысты бұл баптардың нөмерлері 34, 38, 244, 312 болып өзгертілді. 1924 жылғы 16 қазандағы КСРО БОАК қаулысына сәйкес КСРО ҚПК 312-бабы, яғни сот алғашқысына қатысы жоқ жаңа айыптау бойынша істі бөлу, егер жаңа айыптау сотталушыға аса ауыр жаза болып есептелсе, өзгеріске ұшырады. Біріктіру және бөлу институтының өзіндік дамуының келесі кезеңі жаңа қылмыстық-процессуалдық кодекстің қабылдануына орай 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің отырысынан басталады. Бұл 1960 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне еніп, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін күшін жоймай, әрекет етті, соңғысы – 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін [10].

Қазақ КСР ҚПК институты тұсында бұл қазіргі таңдағы жаңа келбетке ие болды.

Қазақ КСР ҚПК 98-бабында «Қылмыстық істерді біріктіру және бөлу» қылмыстық істерді біріктіру және бөлу мынадай жағдайда мүмкін болады деп көрсетілген:

- бір қылмыс жасаған бірнеше адамдарды айыптау бойынша;
- бірнеше қылмыс жасаған бірнеше адамдарды айыптау бойынша;

- өзара бір-бірімен бір ниеттес немесе бір адамның біртектес бірнеше қылмыс жасау барысында;

- егер істі бөлу қажеттіліктен туындаса және тергеудің толықтығына, жан-жақтылығына және объективтілігіне ықпал етпеген жағдайда.

Аталған нормада заң шығарушы «бірге қатысушы» белгісін бекітпеген, сонымен қатар алдын ала уәде етілмеген қылмыстарды жасыру және ол туралы жеткізбеудің, айтпаудың негізін көрсетпеген.

Бұл ереженің 1961 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген РКФСР қылмыстық-процессуалдық заңнамасының 26-бабында айтарлықтай айырмашылығы бар

Сонымен қатар Қазақ КСР ҚПК 98-бабында қылмыстық істерді біріктіру барысында қосымша негіздеме енген — «өзара бір-бірімен бір ниеттес немесе бір адамның бірнеше қылмыс жасауы».

Аталған негіздеме бір тәсілмен қылмыс жасаған адамға қатысты қылмыстық істерді біріктіруді қарастырған, мысалы, пәтерге заңсыз ену (бір тәсілмен есікті бұзу); есірткі құралдарын сату.

Заң шығарушы аталған негіздемені қарастырды, бұл күдіктіге де, айыпталушыға да қатысты қылмыстық істерді біріктіруге мүмкіндік берді. Аталған негіздеме Қазақ КСР ҚПК кеңестік республикадағы барлық қолданыста жүрген ҚПК айтарлықтай айырмашылығы болғанын айтып өткен жөн.

Аталған бап қылмыстық істерді бөлуге қатысты нақты көрсетпелер, нұсқаулар бермеді.

Сонымен қатар заң шығарушының «егер бұл бөлу қажеттіліктен туындаса, адамдарға қатысты істерді бөлу» сөзінде қылмыстық істерді бөлу туралы шешім қабылдаудың ерекшелігін көрсетті». Осы тергеу (іздігі) сот өндірісінің элементтері тергеудің толықтығына, жан-жақтылығына және объективтілігіне акцент жасағанынан көрініп тұр (1960 жылғы Қазақ КСР ҚПК 15, 98-баптары).

Заң шығарушы қылмыстық істерді біріктіру және бөлу туралы аталған шешімді қабылдаған орган нені басшылыққа алатынын және процессуалдық шешімнің формасы қандай болу керектігін қарастырмаған .

Қылмыстық істерді біріктіру немесе бөлудің негізгі ережесі 98-баптың бір нормасына жинақталған, бірақ аталған институт Қазақ КСР ҚПК басқа баптарының әртүрлі тарауларында көрініс тапқан, бұл қылмыстық істерді бөлу үшін негіздемені кеңейтуге және ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Қазақ КСР ҚПК 175-бабының 1-тармағында «егер іске екі немесе бірнеше айыпталушы тартылса, ал істі тоқтату үшін негіздеме барлық айыпталушыларға қатысты емес болса, тергеуші жеке айыпталушыларға қатысты істі бөлуге және тоқтатуға құқылы» деп көрсетілген.

Қарастыратын институт «істі қате біріктіру және бөлу» жағдайында сотқа дейінгі қылмыстық істі қайтарудың бір негізін бекіту фактісін көрсетті (Қазақ КСР ҚПК 214-бабының 4-тармағы).

Сонымен қатар қылмыстық істерді бөлу тергеудің толықтығына, жан-жақтылығына және объективтілігіне ықпал ете алмау себебіне байланысты болуы мүмкін. Қазақ КСР ҚПК 175-бабына сәйкес осыған ұқсас шешім мынадай жағдайларда жүзеге асырылды:

- айыпталушы тергеуден немесе соттан қашқан, тығылған және әртүрлі себептермен оның келген жері анықталмаған жағдайда;

- айыпталушының уақытша психикалық күйі болмағанда немесе оның қатты сырқаттанған, ауырған жағдайында;

- айыпталушы ретінде танылуға тиісті адамды анықтай алмаған жағдайда.

Алғашқы тәуелсіздік жылдарында Қазақстандық заңнамаға тиісті трансформациялық өзгерістер (Қазақстан Республикасының Конституциясының және қылмыстық кодекстің қабылдануы) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық кодексін қабылдауға арналған базаны құрды. 2015 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасының ҚПК күшіне енуі қылмыстық сот өндірісінің саласына қатысты конституциялық ережелерді енгізді.

Қылмыстық істерді біріктіру және бөлу институты дамуының жаңа занадасының қабылдануына орай заңдық сипаттағы маңызды өзгерістер болды. Салыстырмалы-құқықтық тарихи сараптама қылмыстық сот өндірісіндегі жалпы жаңа бастамасы қылмыстық істерді біріктіру және бөлу институтына тікелей ықпал етті.

Біріншіден, өзіндік жаңа атауға ие болған жеке екі бап қарастырылды: «Қылмыстық істерді біріктіру» Қазақстан Республикасының ҚПК 43-бабы және «Қылмыстық істерді бөлу» Қазақстан Республикасының ҚПК 44-бабы, бұл 2015 жылғы Қазақстан Республикасының ҚПК - 1960 жылғы Қазақ КСР айтарлықтай айырмашылығы болды. Бұл қылмыстық істерді бөлу процесіне қарастырылатын институттың нормаларының рәсімінде болмады.

Сонымен қатар бөлу рәсімінің өзі қылмыстық істерді біріктіруде негіздемеге ие болды.

Екіншіден, сотқа дейінгі тергеу органы – процессуалдық шешім шығару құқығына ие болған орган, сонымен қатар сот ретінде танылды (анықтаушы, тергеуші, прокурор).

Үшіншіден, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу барысында тергеуді есептеу мерзімі бекітілді, бұл аталған институттың нақты, ерекше маңызға ие болуына мүмкіндік берді:

1) Қазақстан Республикасының ҚПК 43-бабының, 5-бөліміне сәйкес «бірнеше іс біріктірілген іс бойынша өндіріс мерзімі бірінші қылмыстық істің уақыты бойынша өндірістің

басталу күнінен есептеледі. Егер біріктірілген бір іс бойынша алдын алу, жолын кесу шаралары ретінде ұйқамақ немесе қамауға алу шаралары қолданылған, бірінші көрсетілген алдын алу, жолын кесу шараларын қолдану бойынша сотқа дейінгі істі тергеу күнінен бастап есептеледі»;

2) Қазақстан Республикасының ҚПК 44-бабының, 6-бөліміне сәйкес «бөлінген іс бойынша өндіріс мерзімі жаңа қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестрінде хабарлап, өтініш тіркелген күннен бастап есептеледі. Басқа жағдайларда мерзім негізгі қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу басталған күннен есептеледі».

Төртіншіден, Қазақстан Республикасының ҚПК 44-бабында жеке адамдарға қатысты 1-бөлімде жаңа негіздеме келтірілген, яғни қылмыстық іс аталған Кодекстің 45-бабында қарастырылған негіздеме бойынша тоқтатылады. «Егер қылмыстық істі тергеу барысында қылмысқа қатысушылардың бірі есін білмейтіндей немесе қылмыс жасағаннан кейін психикалық күйде ауырып, сырқаттанып қалғаны анықталған жағдайда оған қатысты іс жеке өндірісте бөлінуі мүмкін».

Бесіншіден, сот және сотқа дейінгі тергеу органы Қазақстан Республикасының ҚПК 44-бабына сәйкес міндетті түрде аталған іске байланысты қылмыс белгілері жоқ, материалдарды бөліп қарастыруы тиіс. Бұл ереже — Қазақстан Республикасының ҚПК бүгінгі таңдағы инновациясы және жаңашылдығы.

Қылмыстық істерді біріктіру және бөлу институтының нормалары барлық тарихи кезеңнің барысында өзгеріске ұшырады, туындаған саяси конъюктураға байланысты өзгерді. Егер тергеу (іздістеу) сот, құқық төрелігінің алғашқы кезеңінде біртұтас өндіріске жұмылдырылса, бұл тек ерекше жағдайларға жол бере отырып (немесе мүлде жол бермейді), бөлу рәсімінің алдында қылмыстық істерді біріктірудің басымдылығына негізделсе, онда аталған институттың одан әрі дамуы біріктіру мен бөлу рәсіміне арналған жеке баптардың туындауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар тергеу процесінде бір-біріне қатысты аталған нормалардың теңдестігі туралы айтуға болады. Бұл өзгерістер сотқа дейінгі тергеу органына заңдық және дәлелденген, негізделген шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық істерді біріктіру заң нормасындағы «Бір іс жүргізуде» деген сөздердің орысша нұсқасында осы сөздің орын алмағандығын көрсете келе оның «Бір өндіріске» деген сөздердің орнында пайдаланылып отырғандығын.

Сонымен қатар заң нормасындағы «күні бұрын уәде бермей жасырғандығын» және «айтпағандығын» деген сөздер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру», «хабарламағандығын» деп аталатындығын көрсетеді.

Осының негізінде аталған сөздер тиісті сөздермен ауыстырылуы қажеттігін нақтылай келе, заң нормасының 1-бөлігі келесідей болу тиістігін белгілейді: «Бір немесе бірнеше қылмыстарды жасағандығы немесе сол қылмыстарға қатысқандығы үшін бірнеше адамдарды айыптау жөніндегі істер, адамның бір немесе бірнеше қылмыс жасағандығы үшін айыпталуы жөніндегі істер, сондай-ақ бұл қылмыстарды алдын ала уәде берместен жасырғандығын немесе олар туралы хабарламағанын айыптау жөніндегі істер бір өндіріске біріктірілуі мүмкін».

Қылмыстық істерді біріктірудің мақсаты болып:

– бір қылмыс үшін бір ғана жаза тағайындау;

– ақиқатты анықтауды жеңілдету танылатындығын айқындайды.

Қылмыстық істерді біріктіру заң нормасының негіздеріне, қойылатын талаптарына және мағынасына қарай Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңындағы «Қылмыстық істерді біріктіру» деп аталатын заң нормасына: «Қылмыстық істерді біріктіру дегеніміз – жазаны сiңіру немесе қосу қағидасы негізінде, жасалған бірнеше қылмыстар үшін бір ғана жаза тағайындау және ақиқатты анықтауды жеңілдету мақсатында бір немесе бірнеше қылмыстарды жасағандығы немесе сол қылмыстарға қатысқандығы, сондай-ақ сол қылмыстарды алдын ала уәде берместен жасырғандығы немесе олар туралы

хабарламағандығы үшін бір немесе бірнеше адамдарды айыптау туралы бөлек-бөлек қозғалған қылмыстық істердің бір өндіріске біріктірілуі» деген авторлық түсінік беріледі.

«Қылмыстық істі бөлектеу дегеніміз – қылмыстық іс жүргізу заңының қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауапқа тарту міндетін, мемлекеттік құпияны сақтау мен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық процесті жүргізуші органның қылмыстық істен жаңа қылмыстық іске құжаттарды бөліп шығаруы» деген авторлық түсінік беріледі.

Қылмыстық істі бөлектеу заң нормасының негізгі мақсаттары болып:

- қылмыс жасап, қылмыстық іс әрекеті толығымен дәлелденген адамды уақтылы қылмыстық жазаға тарту немесе оны алмастыратын шараларды қолдану;
- мемлекеттік құпияның басқаларға ашылмауын қамтамасыз ету;
- кәмелетке толмаған айыпталушының құқықтарын қамтамасыз ету танылатындығын нақтылайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Маркс К. Дебаты по поводу закона о краже леса // Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд. Т. 1.*
2. *Мартинovich И. И. Соединение и выделение следственных производств в советском уголовном процессе // Вопросы уголовного права и процесса: Сб. тр. — Минск, 1958. Вып. 1.*
3. *Марфицин П. Г. Общие условия производства предварительного расследования: Учеб.-практ. пос. — Омск, 1996.*
4. *Устав уголовного судопроизводства. — М., 1914.*
5. *Декрет СНК РСФСР «О суде» от 1917 г. № 1 // Собрание узаконений и распоряжений Рабочего и Крестьянского правительства. — 1917. — № 4. — Ст. 50.*
6. *Культелеев Т. М. Уголовное обычное право казахов. — Караганда, 2004.*
7. *Фойницкий И. Я. Курс уголовного судопроизводства. — СПб., 1912. Т. 1.*
8. *Денисов С. А. Законность и обоснованность соединения и выделения уголовных дел. — М., 2004.*
9. *Инструкция «Комиссиям по делам о несовершеннолетних» от 30 июля 1920 г. // Собрание узаконений и распоряжений Рабочего и Крестьянского правительства. — 1920. — № 68.*
10. *Уголовно-процессуальный кодекс Казахской ССР. — Алма-Ата, 1988.*

Мақсат А.

*Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының І курс магистранты,
Д.З. Копбаев з.ғ.к., аға оқытушы*

ЖАСЫ КӘМІЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДАН ЖАУАП АЛУ КЕЗІНДЕ ПЕДАГОГ, ПСИХОЛОГ, ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Кәмелетке толмағандардан жауап алу – бұл белгілі бір элементтер жиынтығынан тұратын тергеушінің күрделі, көп қырлы қызметі деген қорытындыға келуге болады. Кәмелетке толмағандардан жауап алудың бір ерекшелігі ол тергеу органдары үшін қажетті жасалған қылмыстық әрекет жайлы жағдайларды анықтау бойынша қылмыстық-процесстік қызмет ретінде процесстік, тактикалық, психологиялық, педагогикалық және этикалық аспектілерді қамтиды. Мақалада кәмелетке толмаған жастағы тұлғалардан жауап алу процедурасына қатысты қылмыстық-процесстік ерекшеліктері атап кетілген. Аталған санаттағы тұлғалардан жауап алу тактикасының да өз ерекшеліктері бар, бұл дене және психика дамуының деңгейі мен жеке ерекшеліктеріне тығыз байланысты. Осының негізінде

кәмелетке толмағандардан жауап алудың қандай да тактикалық тәсілдерін таңдауға қойылатын талаптар келіп шығады. Әр жағдайда аталған тергеу іс-қимылының тактикасы тұлғаның жасы, жынысы мен даму деңгейін ескере отырып анықталады.

Түйін сөздер: жасы кәмелетке толмаған, педагог, жауап алу, заңды өкіл

Аннотация

Допрос несовершеннолетнего – это сложная, многогранная деятельность следователя, которая представляет собой совокупность определенных элементов. Специфика допроса несовершеннолетних заключается в том, что он как уголовно-процессуальная деятельность по выяснению необходимых для следственных органов обстоятельств о совершенном преступном деянии включает в себя процессуальный, тактический, психологический, педагогический и этический аспекты. В статье проанализирована отдельные уголовно-процессуальные особенности, касающиеся процедуры допроса лиц несовершеннолетнего возраста. Тактика допроса данной категории лиц тоже имеет свою специфику, которая обусловлена индивидуальными особенностями и уровнем физического и психического развития. Исходя из этого, вытекают требования, предъявляемые к выбору тех или иных тактических приемам допроса несовершеннолетних. В каждой ситуации тактика данного следственного действия будет определяться с учетом возраста, пола и уровня развития лица.

Ключевые слова: несовершеннолетний, педагог, допрос, законный представитель.

Abstract

Interrogation of a minor is a complex, multi-faceted activity of the investigator, which is a set of certain elements. The specifics of the interrogation of minors lies in the fact that it is a criminal procedure to clarify the necessary circumstances for the investigative bodies of the criminal act includes procedural, tactical, psychological, pedagogical and ethical aspects. The article analyzes some criminal procedural features relating to the procedure of interrogation of minors. Tactics of interrogation of this category of persons also has its own specifics, which is due to individual characteristics and the level of physical and mental development. Based on this, there are requirements for the choice of certain tactical methods of interrogation of minors. In each situation, the tactics of this investigative action will be determined taking into account the age, gender and level of development of the person.

Keywords: minor, teacher, interrogation, legal representative.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың жағымсыз салдары және оларға байланысты халықтың бір бөлігіндегі адамгершілік және моральдық құндылықтардың өзгеруі өсіп келе жатқан жас буынға қатты әсерін тигізді. Жасөспірімдер қылмыстарында да жағымсыз беталыстар пайда болды: жасару және феминизация, топтық сипаттың күшеюі, жақсы отбасылардан шыққан жасөспірімдердің қылмыстарға араласуы. Ресми статистикалық деректер мен әлеуметтік зерттеулер ұзақ уақыттан бері еліміздегі кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың қарқынды өсіп келе жатқанын көрсетіп отыр. Осылайша, Қазақстан Республикасының Бас прокуратураның берген мәліметтері бойынша 2017 жылы 9 айдың ішінде Қазақстан бойынша жалпы 87 389 қылмыс жасалған, соның ішінде 2 241 немесе 2,5% жасы кәмелетке толмағандар жасаған. Жасы кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстарды жасау Ақтөбе облысы 74%, Атырау облысы 72,3%, Оңтүстік Қазақстан облысы 15,2%, Батыс Қазақстан облысы 10,3%, Қызылорда 7,3%, Манғыстау облысы 6,3% өскен[1].

БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенциясының 19-бабына сәйкес, «конвенцияға мүше мемлекеттер баланы дене немесе психологиялық күш көрсетудің барлық формаларынан қорғау мақсатындағы барлық шараларды қолға алады» [2]. Сондықтан да мемлекеттің басты назар аударатын мәселесінің бірі қылмыстық үрдіс саласына шырмалған кәмелетке толмаған жастағы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болуы тиіс.

Бұл жағдайда тергеу іс-қимылдарының, ең алдымен, кәмелетке толмаған тұлғалардан жауап алудың тактикалық тұсын жетілдіру қажеттілігі туындайды. Кей жағдайларда тергеудің бастапқы кезеңінде жауап алу қылмыстық іс бойынша ақпаратқа қол жеткізудің немесе бұрын белгілі болмаған дәлел көздерін табудың жалғыз мүмкіндігі. Кәмелетке толмағандардан жауап алуды сауатты, тактикалық жағынан дұрыс жүргізу толықтай қылмысты тергеу процессінің сапасын көрсетеді, себебі олар қатысатын тергеу іс-қимылдары ең күрделі сипатқа ие: біріншіден, аталған тергеу іс-қимылын дұрыс жүргізу үшін қажетті тұлғалар саны (заңды өкіл, педагог, психолог) көп; екіншіден, кәмелетке толмаған жастағы тұлғаның моральдық және психологиялық күйі әлі толықтай қалыптасып үлгермеген; үшіншіден, заңда да бұл мәселеге қатысты біраз кемшіліктер бар.

Қылмыстық процесс ғылымының теориясындағы өзекті мәселелердің бірі процесс қатысушыларының субъективті құқықтары мен аталған құқықтарды жүзеге асырудың процесстік кепілдіктерінің арақатынасы. Бұлардың арасында тығыз өзара байланыс бар, бірақ оларды бірдей деп тану дұрыс емес. Л.Д. Кокоревтің пікірі бойынша қылмыстық үрдісте бір процесстік құқықтар басқаларының кепілдігі болып табылады. Алайда қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын жүзеге асырудың процесстік кепілдіктері ретінде тергеуді жүргізетін тұлғалардың процесстік міндеттері де алынатынын айта кеткен жөн, себебі аталмыш тұлғалар қылмыстық процесс қатысушыларының құқықтарына ие.

Қазақстандық қылмыстық-процесстік заңда жалпы кәмелетке толмағандарды күшейтілген құқықтық қорғауға қатысты халықаралық нормативтік-құқықтық актілердің талаптары бар. Осылайша, мысалы, кәмелетке толмаған жауап берушіге өз құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін құқықтық құралдарға тергеушіге оны шақырудың айрықша ретін – ата-аналары немесе заңды өкілдері арқылы шақыруды жатқызуға болады. Сонымен қатар кәмелетке толмаған жастағы тұлғалардың қатысуымен өтетін қылмыстық істерді тергеу барысында психология және педагогика негіздерін қолданудың маңыздылығы, оған қоса жауап алудың күрделілігі педагог пен психологтың қатысуы сияқты құқықты жүзеге асырудың басты процесстік кепілдігін айқындап береді.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын жүзеге асыру қылмыстық істі тергеу кезінде заңды өкілдердің, жақын туыстардың қатысуы арқылы орын алады. Э.Б. Мельникованың пікірінше, «кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілінің қылмыстық процеске қатысуы екі жағдайға байланысты:

- 1) Кәмелетке толмаған тұлғаның процесстік іс-әрекет қабілетінің толық болмауымен;
- 2) заңды өкіл (ата-ана, асырап алушы, қамқоршылар, тәрбиешілер) кәмелетке толмаған баланың тәрбиесі мен мінезіне жауапты» [3].

Қылмыстық істегі кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға белсенді назар аудардың бір көрінісіне оларға қатысты қылмыстық істерді қарау кезіндегі мүдделерін қорғайтын екі өкілдің болуын жатқызуға болады: бір мезетте іске адвокат (қорғаушы) және заңды өкіл қатысады. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық істерді зерттеу көрсеткендей, тергеу органдарының қызметкерлері кей жағдайларда тергеу органдарының қызметкерлері қылмыстық-процестік заң талаптарын бұза отырып, заңды өкілдері ретінде қатысуға (егер олар жоқ болса) лайықты түрде баланың қамқоршысы немесе тәрбиешісі ретінде тағайындалмаған, кәмелетке толмаған тұлғаның жақын туыстарын қатыстырады.

Егер кәмелетке толмаған тұлғаның ата-анасы жоқ және жалғыз тұратын болса, не болмаса сәйкес түрде тәрбиеші немесе қамқоршы, кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі тағайындалмаса, онда тергеуші жауап алуға қатысу үшін тәрбиелеу және қамқорлық органының өкілін шақырады, егер сот қажет деп таппаса, аталған тұлғалардың келмеуі қылмыстық істі қарауға кедергі келтірмейді. Осылайша, «көлікті заңсыз иелену туралы қылмыстық іс бойынша кәмелетке толмаған К. сотталды. Іс материалдарына сәйкес оның заңды өкілі болып өзімен бірге тұратын атасы С.В.И. танылды, бірақ аталған тұлға қамқоршы болып ресми түрде тағайындалмаған. К.-ның анасы қайтыс болған, жасөспірімді өгей әкесі асырап алған, бірақ С. баламен бірге тұрмаған және өгей әкесі кәмелетке толмаған баланың

тәрбиесіне қатыспаған, жасөспірім атасымен бірге тұрып келген» [4]. Мұндай жағдайда тергеу қылмыстық-процестік заңнаманы бұза отырып жүргізілген болып саналады. Тергеуші кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі ретінде қамқорлық және тәрбие органының өкілін тағайындауы керек еді.

Кәмелетке толмаған тұлғадан жауап алуға қатысуға ата-анасын немесе заңды өкілдерін, жақын туыстарын шақырту да өз негізі бар, себебі кәмелетке толмаған баланың жас және жеке ерекшеліктері ескерілуі қажет және бұл сот ісін жүргізуде ақиқатты анықтауға тәрбиелік және ескерту әсерін қамтамасыз ету мақсатында, кәмелетке толмаған тұлғаның құқықтарын қосымша процесстік қорғау кепілдігі рөлін атқарады. Аталған тұлғалардың жауап алуға қатысуы өте маңызды, өйткені бұл тергеуші мен жауап беруші тұлға арасындағы психологиялық байланысты орнатуға септігін тигізеді. Егер аталған тұлғалар тек жауап алуды жүргізуде қатысатын болса, көздеген мақсатқа қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан да қылмыстық-процестік заңда ата-аналарды немесе басқа да жақын туыстарын жауап алуға тартуды қарастырады, мұнда «қатысу», «болу» немесе «шақыру» деген терминдер берілмеген.

Л.М. Корнеева, С.С. Ордынский, С.Я. Розенблит басқаша көзқарасты ұсынды. Олардың пікірінше, ата-аналар тек егер жасалған қылмысқа қатысы болмаса және жауап алынатын кәмелетке толмаған тұлға оларға құрметпен қарайтыны белгілі болған жағдайда ғана шақырылуы тиіс. Бұл идеяны процесстік күйіне карамастан, жауап алынатын кез-келген кәмелетке толмаған тұлғаға қатысты қолдануға болады.

Г.М. Миньковскийдың пікірінше, «кәмелетке толмаған айыпталушыдан жауап алуға қатысу үшін ата-анасы шақырту көп жағдайларда мүлдем қажетсіз қадам» [5]. Кәмелетке толмаған айыпталушы (немесе күдікті) кей жағдайларда ата-анасының алдында қорқыныш, ұялу және т.б. сезімдерге беріледі, әкесінің немесе анасының қабағына қарайды, олардың ым-ишарасына, мимикасына, тұрысына қатты көңіл бөледі және соларға сәйкес өз жауаптарын ыңғайлауға тырысады. Бұл пікірді В.Г. Дремов та қолдап отыр, оған қоса ол заңды өкілдер көп жағдайда қылмыстық істің тез аяқталуына мүдделі екенін және жауап алу кезінде кәмелетке толмаған айыпталушының (немесе күдіктінің) іс-әрекеттері мен өзін ұстауына жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін деп қоса кетті.

Мысалы, ҚКСР ҚПК кәмелетке толмаған айыпталушының (немесе күдіктінің) заңды өкілінің процесстік статусы туралы жеке бап болмаған. ҚКСР ҚПК бабында тек заңды өкіл өтініш берген жағдайларда ғана оған қылмыстық істің аяқталған тергеу материалдарымен танысуға рұқсат ету мүмкіндігі қарастырылған және оның процеске қатысуы міндетті емес болатын.

ҚР ҚПК мұндай олқылық түзетілді және ҚР ҚПК 535-бабында кәмелетке толмаған күдіктіден заңды өкілінің құқықтары анық көрсетілген, нақтырақ айтқанда мұнда оның күдік тағу кезінде қатысу құқығы (бұрын мұндай құқық болмаған), сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғадан жауап алуға, оның ішінде басқа да тергеу іс-қимылдарына міндетті түрде қатысу құқығы да белгіленген.

Заңда көрсетілген заңды өкілдерге кәмелетке толмаған тұлғадан күдікті ретінде бірінші жауап алу сәтінен бастап іске қатысуға рұқсат етілетіні жайлы талапқа да назар аударма кеткен жөн. Осылайша, заңды өкілдер кәмелетке толмаған тұлғаның жасалған қылмыстық іске қатысуы анықталған және бірінші жауап алу жүргізілген сәттен бастап қылмыстық істі тергеу процессіне қатысу мүмкіндігіне ие болады деген қорытынды жасауға болады.

Э.Б. Мельникованың пікірі бойынша, «кәмелетке толмаған тұлғаның мүдделері оның заңды өкілдерінің мүдделерімен сәйкес келмеуі мүмкін» [6]. Мұндай мүмкін болатын қайшылықтардың мәні нақты бір қылмыстық іс жағдайлары үшін міндетті емес, керісінше заңды өкілдің екіжақты күйімен байланысты. Себебі ол іс жүзінде кәмелетке толмаған тұлғаның ғана емес, өзінің де жеке мүдделерін қорғауы тиіс.

Сондықтан да ҚР ҚПК-да егер мұндай заңды тұлғаның іс-әрекеті кәмелетке толмаған тұлғаның мүдделеріне зиян келтіреді деп болжауға негіздер болса, мұндай заңды өкілді тергеуші қылмыстық іске қатысудан шеттетуге құқылы. Бұл шектеу тергеу аяқталғанға дейін қолданылуы мүмкін. Осылайша, «порнографиялық суреттері бар материалдарды «Интернет»

ақпараттық-телекоммуникациялық желісін қолдану арқылы тарату туралы қылмыстық іс бойынша М.-ны куәгер Т.-ның заңды өкілі ретінде қылмыстық іске, сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғаның қатысуымен өтетін тергеу іс-қимылдарын жүргізуге қатысудан шеттету туралы қаулы шығарылды. Алдын ала тергеу барысында іс бойынша айыпталушы Л. Т.-ның әкесі бола отырып, өзінің қылмыстық іс-қимылдарына өз баласы Т.-ны пайдаланған, осыған байланысты соңғы тұлғадан куәгер ретінде жауап алу қажеттілігі туындады. Т.-ның әкесі Л. іс бойынша айыпталушы, ал оның анасы М. іс бойынша куәгер бола отырып, Т.-ның қатысуымен тергеу іс-қимылдарын жүргізуден бас тартқандықтан, тергеуші анасын кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі ретінде іске қатысудан шеттету туралы шешім қабылдады. Тергеуші қаулысының негізінде Т.-ның заңды өкілі болып қамқорлық және тәрбие органының қызметкері тағайындалды» [7].

Сәйкесінше бұл жағдайда іске басқа заңды өкіл қатысуы керек. Заңды өкілді қылмыстық іске қатысудан шеттету туралы қаулы шығарылады, бұл қаулыға сотта шағым түсіруге болады. Бір жағынан, қылмыстық-процестік заңның бұл қағидасы тергеу органдары қызметкерлерінің шешім қабылдаудағы жауапкершілігін арттырса, екінші жағынан заңды өкілдің құқықтарын қамтамасыз ете алады.

ҚР ҚПК 535-бабына сәйкес заңды өкілдерге қылмыстық іске қатысуға рұқсат етіледі, яғни олардың саны бірнешеу болуы мүмкін. Сәйкесінше, заңды өкілдер саны заң шеңберінде шектелмеген.

Осылайша, заңды өкіл ретінде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса отырып, кәмелетке толмаған тұлғаның ата-анасы немесе басқа да өкілдері, бір жағынан, өздері өкілі болып саналатын кәмелетке толмаған тұлғаның құқықтарын қорғау қызметін іске асырады және оның құқықтарының қамтамасыз етілуіне кепілдік береді. Екінші жағынан, олар куәгер ретінде қатысып және кәмелетке толмаған адамның тұлғалық мінездемесіне, оның өмір мен тәрбиелену жағдайлары, тұрмыстық ортасы және басқа да дәлелденуі тиіс жағдайлар бойынша жауаптар бере алады. Алайда, ҚПК 75-бабының 3-бөлімі 1-тармағына сәйкес заңды өкілдер іске куәгерлер ретінде қатысқан жағдайда, олар өздеріне, өз отбасы мүшелері мен жақын туыстарына қарсы жауап бермеу құқығына ие болады, сәйкесінше өздері мүддесін қорғап отырған қызы немесе ұлына қатысты да жауап бермеуіне рұқсат етіледі. Аталған құқықты қолданудан бас тарта отырып, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері кез-келген жауапты, оның ішінде өздері өкілдік еткен тұлғаларға қатысты да қарсы жауаптар беруге құқылы. Бұл заңды өкілдің кейде азаматтық жауапкер ретінде іске қатысуымен де байланысты, бұл оны өзінің мүлкітік немесе басқа да азаматтық мүддесіне қарай жауап беруге мәжбүрлейді, ал бұл көп жағдайда өзі өкілі болып табылатын тұлғаның мүдделерімен сәйкес келе бермейді. Алайда қылмыстық-процестік заңнамада бұл жағдайда тұлғаны заңды тұлға деп тануға тікелей тыйым салу қарастырылмаған.

Педагогты жауап алуға қатыстыру, бірінші кезекте, жауап алуды дайындау және жүргізу кезінде кәмелетке толмаған тұлғаның жас және жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттілігіне байланысты. Қылмыстық-процестік заңда педагог (немесе) психологтың процесстік статусы толық ашып көрсетілмеген, сондықтан да мұнда бірнеше мәселе туындайды.

Жалпыға ортақ қабылданған анықтамаға сәйкес, педагог – жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, кәсіби-техникалық, орта арнайы немесе жоғары оқу орнының оқытушысы, мектепке дейінгі мекеменің, мектеп-интернаттың, балалар үйінің, тәрбиелеу колониясының тәрбиешісі, мектептен тыс ұйым жұмысшысы және т.б., сондай-ақ ғылым ретінде педагогика мәселелерін зерттейтін ғылыми қызметкер. «Мұндай кең ауқымдағы түсіндірме қылмыстық үрдіске педагог ретінде өте көп тұлғаларды тартуға мүмкіндік береді... Тергеу іс-қимылдарына қатысуға аталған берілген жастағы кәмелетке толмағандармен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ педагогтар тартылатын жағдайлар да кездеседі, мысалы 11-ден 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлғадан жауап алуға бастауыш мектеп мұғалімі шақырылуы мүмкін» [8]. Сондықтан да қылмыстық-процестік нормада шақырылатын педагог және психологқа қойылатын

талаптарды айқындап алған жөн: ең бастысы – белгілі бір жас санатымен жұмыс жасау тәжірибесі.

Қылмыстық-процесстік заңмен реттелмеген тергеу органдары қызметкерлерінің ең маңызды мәселелерінің бірі кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушыдан жауап алуды жүргізу кезінде қандай жағдайда педагог, ал қандай жағдайларда психологты шақыру керектігі жайлы мәселе. Заңды екі маманның бірін таңдау құқығы жауап алуды жүргізетін тұлғаға берілген. Криминалист-ғалымдардың басым көпшілігі бұл сұраққа былай жауап береді: кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан жауап алу кезінде қатысатын маманды таңдау кезінде оның бала немесе жасөспірім психологиясы саласында арнайы білімді меңгеруі, берілген жастағы кәмелетке толмағандарды оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы маңызды (мысалы, жалпы немесе арнаулы мектептердің педагогы, дефектолог, олигофренпедагог, сурдо-, тифлопедагог және т.б.).

Тәжірибе жүзінде кез-келген тергеуші немесе жауап алушының алдынан шығатын тағы бір өзекті мәселе жауап алуға қатысуға қандай педагогты шақыру керек: жауап берушімен таныс па, жоқ әлде таныс емес педагогты ма. Көптеген криминалистердің пікірі бойынша, «бір жағдайларда таныс педагогтың қатысуы қалыпты жағдай жасауға және жауап алуды психологиялық байланыс орнатуға кептігін тигізеді, ал кей жағдайларда керісінше әсер береді. Дұрыс ұйымдастырылмаған жауап алу тәрбиелік ауыртпалық түсіріп қана қоймай, тіпті бірқатар жағдайларда ауыр күйзелістерге әкеліп соғуы да мүмкін» [9].

Егер кәмелетке толмаған күдікті оқушы болса, онда ең дұрысы сол оқу мекемесінің педагогын шақырған дұрыс, себебі аталған маман кәмелетке толмаған тұлғамен жақсы таныс. Кәмелетке толмаған тұлға оқымайтын сирек жағдайларда оның бұрынғы педагогын (немесе психологын) шақырған дұрыс.

Кәмелетке толмағандардың қатысуымен өтетін жауап алуды жүргізу кезінде қорғаушы айрықша орынға ие, ол кәмелетке толмаған күдіктінің (немесе айыпталушының) қалауынан тыс шақырылуы тиіс. Адвокаттың кәсіби қызметі өте ауыр, себебі мұндай жағдайда ол заңдық біліммен қатар жас психологиясының негіздерін де білуі тиіс, бұл кәмелетке толмаған куәгерлердің, жәбірленушілердің, күдіктілердің, айыпталушылардың жауаптарының қалыптасу үрдісін түсінуге мүмкіндік береді. Алдын ала тергеу кезеңіндегі кәмелетке толмаған тұлғадан жауап алудың психологиялық тұсы да бірқатар қиындықтар туғызады. Қорғаушы кәмелетке толмаған тұлғаға қатысты рұқсат етілмеген жауап алу тәсілдерін қолданудың алдын алады, мысалы: дөрекі сөйлеу, сөзден ілік іздеу, ата-аналарын жауапкершілікке тартамын деп қорқыту және т.б.

Кәмелетке толмаған тұлғаның жас және жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, қорғаушы тергеушімен алдағы жауап алу жоспарын талқылап алуы тиіс, нақтырақ айтқанда: оның ұзақтығын, оған қатысатын нақты тұлғалардың тізімін біледі, сондай-ақ анықталуы тиіс жағдайлар сипатын айқындап алады.

Қылмыстық-процесстік заңнамада кәмелетке толмағандардың істері бойынша іс жүргізуге адвокаттың (қорғаушының) қатысуы міндетті екені нақты көрсетілген. Сондықтан да тұтқындау кезінің өзінде кәмелетке толмаған тұлға тек қорғаушымен кездескеннен кейін ғана алғашқы түсіндірмелерін айтуына болады. Тәжірибе жүзінде мүлдем керісінше жағдайлар орын алуда, кәмелетке толмағандар жиі адвокатсыз алдын ала тергеу кезеңінде жауап беріп жатады. Мұндай жағдайда тұлғаның қорғалу құқығы бұзылады. Осылайша, «кәмелетке толмаған Н.-ға қатысты іс бойынша ҚР ҚПК бабының талаптарын орындау кезінде тергеуші айыпталушыны қорғаушымен қамтамасыз етпеген, Н. Іс материалдарымен жалғыз өзі, қорғаушының көмегінсіз танысып шыққан. Аудандық сот бұл жағдайды заң бұзушылық деп санамай, үкім шығарған. Облыстық сот алқасы үкімнің күшін жойып, істі қайтадан қосымша тергеу жүргізу үшін қайтарып жіберді» [10].

Алдын ала тергеу барысында кәмелетке толмағандардың құқықтарының процесстік кепілдігі ретінде кәмелетке толмағандардан жауап алу қажет қылмыстық істер бойынша прокурор бақылауы айрықша рөл атқарады. Бұл жерде ҚР ҚПК прокурор кәмелетке толмаған тұлғадан жауап алуды жүргізуге қатысуы тиіс немесе оны өзі жүргізуі керек деген сияқты

түсініктер келтірілмеген. Біздің пікірімізше, егер қылмысқа қатысты өздері білетін фактілерді дұрыс жеткізуге кедергі келтіретін тән немесе психикалық кемшіліктері бар, мүдделі тұлғалар өтініш берсе, егер жауап беруші тұлға жауап беруден бас тартса немесе жауаптарын өзгертсе, жауап алуға прокурор міндетті түрде қатысуы керек.

Осылайша, біз қылмыстық-процесстік заңнамада заңды өкілдердің, қорғаушының, педагогтың (немесе психологтың) қатысуы арқылы кәмелетке толмаған тұлғалардың құқықтарын іске асыру кепілдіктеріне қатысты мәселелерде халықаралық стандарттар ескерілгені жайлы қорытынды жасай аламыз. Сондай-ақ тергеушіге (немесе жауап алушы) жауап берушімен психологиялық байланыс орнатуға жауап алуға қатысатын мамандар және ғылыми негізді тәсілдер мен әдістер өз көмегін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://kokshetau.asia/proisshestviya/28834-podrostkovaya-prestupnost-maloletnikh-ubijts-stalo-bolshe>
2. Конвенция о правах ребенка: принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи 20 ноября 1989 года. / Сайт ООН [Электронный ресурс]. URL: <http://www.un.org>
3. Порубов, Н.И. Информационная сущность допроса / Н.И. Порубов // Вестник Полоцкого государственного университета. – 2015. - № 4. – С. 153-156.
4. Пронин, К.В. Тактика допроса. Процессуальные и криминалистические аспекты: учеб. пособие для вузов / К.В. Пронин. – М.: Юстицинформ, 2006. – 160 с.
5. Процюк, О.Н. Характеристика допроса несовершеннолетнего подозреваемого: понятие, задачи и границы / О.Н. Процюк // Государственный советник. - 2014. - № 1 (5). - С. 12-17.
6. Рубачева, Е.Л. Проблемы допроса несовершеннолетних свидетелей в уголовном процессе на современном этапе / Е.Л. Рубачева // Труды юридического факультета Ставропольского государственного университета. – Ставрополь, 2013. – С. 245-247.
7. Смирнов, А.В., Калиновский, К.Б. Уголовный процесс: учеб. пособие / А.В. Смирнов, К.Б. Калиновский. – М., 2013. – 346 с.
8. Стрельцова, Е.В. Особенности использования метода убеждения при разоблачении лжи в показаниях несовершеннолетних подозреваемых, обвиняемых / Е.В. Стрельцова // Законность и правопорядок в современном обществе. - 2012. - № 10. - С. 87-93.
9. Стрельцова Е.В. Особенности установления психологического контакта при допросе несовершеннолетних правонарушителей / Е.В. Стрельцова // Российский следователь.– 2014. – № 5. - С. 63-65.
10. Сухомлинский, В.А. Избранные педагогические сочинения: в 3-х томах / Сост. О.С. Богданова, В.З. Смаль. – М.: Педагогика, 1999. – С. 459.

Молжігіт А.С.

Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық Институтының «Құқықтану»
мамандығының 2 курс студенті,

Османова Г.Ж. қ.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық Институты

СОТ ШЕШЕНДІГІНДЕ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ ӘДЕБІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Шешендік - қолданбалы өнер болғандықтан, ол практикалық мақсаттарды көздейді, сондықтан сөйлеуді әшекейлендіруге ғана арналған безендіру оның мақсатына сай келмейтіндігі мәлім. Заңгердің тергеу және сот әрекеттерін жүргізу жөніндегі барлық қызметі тергеу әрекеттерінің барысын көрсететін іс бойынша белгілі бір шешімді қамтитын

іс жүргізу актілерін жасаумен байланысты. Сондықтан заңгердің жазбаша сөйлеу мәдениеті ең алдымен нормативтілікті қадағалайтындығы, заңгердің сөйлеу мәдениетінің басты қасиеті нақтылық болып табылатындығы туралы мақалада қарастырылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде тілге қатысты заңдылық принципі сақталады, ол тергеуші мен судьяның жазбаша сөзі іс жүргізу нормаларының талаптарына сай келуін қадағалайтындығы талданып, бүгінгі таңда сөйлеу мәдениетіне аса мән беру қажеттілігі айтылады.

Түйін сөздер: шешендік, сөйлеу мәдениеті, кәсіби әдеп, заңгердің сөйлеу мәдениеті, сот процесінің әдебі.

Аннотация

Риторика – прикладная наука, она предусматривает практические цели, поэтому, как известно, украшение ради экспрессивности речи не соответствует ее цели. Вся деятельность юриста по ведению следствия и судебных действий связана с составлением актов делопроизводства, охватывающих определенное решение по делу, определяющего ход следственных действий. Поэтому культура письменной речи юриста в первую очередь контролирует нормативность, точность является главным качеством культуры речи юриста. В ходе уголовного судопроизводства соблюдается принцип законности языка, в статье анализируется контроль соответствия письменной речи следователя и судьи нормам делопроизводства, а также говорится о том, что необходимо придавать значение культуре речи.

Ключевые слова: риторика, культура речи, профессиональная тактичность, культура речи юриста, этика судебного процесса.

Abstract

Rhetoric is an applied science, it provides practical goals, therefore, as is well known, decoration for the sake of expressive speech does not correspond to its purpose. All the activities of a lawyer in the investigation and judicial actions related to the drafting of acts of office work, covering a specific decision on the case that determines the course of investigative actions. Therefore, the culture of writing a lawyer primarily controls the standards, accuracy is the main quality culture of a lawyer's speech. In the course of criminal proceedings, the principle of the legality of the language is observed, the article analyzes the control of the correspondence of the written speech of the investigator and the judge to the rules of office work, and also states that it is necessary to attach importance to the culture of speech.

Keywords: rhetoric, culture of speech, professional tact, culture of speech of a lawyer, ethics of the judicial process.

Әлемдік риторика 2500 жылдан астам уақыт бұрын, антикалық өркениет кезінде пайда болды. Риториканың негізін салушы болып Ежелгі Грекияның ұлы философы Аристотель танылады. Ол риториканы «кез келген тақырыпты дәлелдей алу қабілеті» деп таныған. Аристотель риториканы дәлелдеу өнері деп санады, әрі дәл сол Ежелгі Грекияда ең бірінші дау өнері пайда болып, арнайы мектептер ашылды. Ежелгі грек софистері кез келген дау-дамайда жеңуді мақсат етіп алып, соның әдістерін үйреткен. Аристотель техникалық және техникалық емес тәсілдермен шектелді. Сендірудің техникалық емес тәсілі - бұл дәлел, ал техникалығы - дәлелдің түсіндірілуі. Ораторға қажетті үш негізгі критерийлерден - *ingenium* (табиғи дарындылық), *usus* (шеберлік), *doctrina* (білім) - Цицерон соңғысына көп көңіл аударған, себебі нағыз оратор бірінші кезекте білімді болу керек деп санаған, «зерттеу керек, қайта тыңдап, қайта көріп, шашып, қайта жинап көру керек, өмірде не кездессе, соның бәрін қолданып, жасап көру керек, себебі өмір - оратордың құралы».

XX ғасырда риторика сөйлеу ықпалы жайлы ғылым ретінде қайта жарыққа шығады, яғни ендігі кезде аудиториямен тиімді қарым-қатынас қарастырылады.

XXI ғасыр риторикасы - бұл қоғамдағы сөйлеу әсері туралы ғылым [1, 5-7 б.б.].

Қазіргі кездегі риториканың басты бірліктерінің бірі - коммуникативтік жағдай туралы түсінік.

Коммуникативтік жағдай – бұл екі немесе одан да көп адамлардың бір-бірімен сөйлесуі. Ол белгілі бір жүйеден тұрады және келесідей компоненттерден құралады:

- 1) Сөйлеуші;
- 2) Тыңдаушы;
- 3) Екеуінің арасындағы қарым-қатынас ;
- 4) Сөйлеу ырғақтығы;
- 5) Мақсат;
- 6) Сөйлесу құралы;
- 7) Сөйлесу түрі;

8) Сөйлесу орны. Бұлар жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Әрбір компоненттің өзгеруі коммуникативтік жағдайдың толығымен өзгеруіне ықпал етеді. Мысалы, сот залында судья мен куәгердің бір-біріне сөйлескені екеуінің сот залынан тыс жерде сөйлескенінен әлдеқайда басқаша болады, алайда коммуникативтік жағдайдың бір ғана компоненті - сөйлесу орны ғана өзгереді [2, 19-20 б.б].

Аудиторияны тек сендіруге болады, бірақ әрқашан әркімнің өзінің пікірі, сенімі бар екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан аргументтерді барлық мүмкін жағдайларды қарастыра отырып жинау керек. Жалпы тақырыпты жеткізудің бірнеше пайдалы әдістері бар.

Дедукция (латыннан аударғанда *deductio* «шығару» деген мағынаны білдіреді) - жалпы тақырыптан жеке бір тақырыпқа көшіретін әдіс. Индукция (латыннан аударғанда *inductio* «кіргізу, басшылыққа алу» деген мағынаны білдіреді) - жеке тақырыпшалардан жалпыға сілтемелер жасай отырып көшетін әдіс. Аналогия (грек тілінен аударғанда *analogia* «сәйкес келу» «ұқсас» деген мағынаны білдіреді) - екі заттың ортақ ұқсас белгілеріне қарап тұжырым жасау.

Аудитория алдында бәріне мәлім фактілерді айтып, оларға мысал көрсеткен пайдалы. Бірақ бұл да сөйлеушінің мақсаты мен тыңдармандардың көңіл-күйіне байланысты болады.

Оратор үшін психология да өте маңызды рөл атқарады. Себебі, аудитория алдында өз-өзін жақсы көрсету тек ақыл, білім, дайындық қана емес, сезіммен де ұштасады.

Қазіргі кездегі сот процесіне қатысушылар кімдер? Көп жағдайда ол білім деңгейі жеткіліксіз, ал кейде түсініктері таяз адамдар да кездеседі; бұл қауымның арасында өте ақылдылар да, мүмкіндігі шектеулілер де болуы мүмкін. Оратор мүмкіндігінше барлығына түсінікті тілде сөйлеуі қажет, бұл мақсатқа жету үшін ол өзінің сөйлеуін білім деңгейі орташа, кей жағдайда орташадан төменірек деңгейге бейімдей алуы керек. Осыған сәйкес сөйлеу әдебі мен тыңдау әдебі қатарласып жүретінін ескеру керек.

Сөйлегенде мынадай нәрселер ескерілуі тиіс:

1. Орфоэпия заңдылықтарын сақтап, сөзді орынды қолдану.
2. Қолды сермеуге, қатты күлуге, мәнсіз майысуға, аса қатты сөйлеуге немесе мінгірлеуге болмайды.
3. Өзің туралы айта беру, барлық сөзді өзіңнен бастау – әдепсіздік, білмейтін нәрсе туралы айтудың қажеті жоқ.
4. Қатты сөйлеп тұрған адамға қатты жауап берудің қажеті жоқ, байыппен сөйлеу керек.

Ал, тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек:

Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайлықпен назар салып, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, «кешірім етіңіз, сөзіңізді бөлемін», - деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек. Тыңдау екі түрлі болады:

1. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау.

2. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез-құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс.

Адамның жан дүниесін тануға деген құлшыныс, ой-сезіміне деген құлықтылық, жүрек түкпіріндегі мұң-сырына ортақтасауға деген бейімділік, қарттықты құрметтейтін, жастықты үкілейтін, қайырымдылықты қастерлейтін игі дәстүр, балаға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, ініге ілтипатты кие тұту – рухани өміршендік, әдептіліктің, мәдениеттің басты көрінісі.

Сөйлеу мәдениеті мыналарды қамтиды: 1) нормативтілік; сөйлеу, әдеби тіл нормаларына сәйкес және жаргон сөздерді араластырмай ой білдіру, (ал жазбаша сөйлеуде - орфографиялық және пунктуациялық қатесіз); 2) сөйлеу шеберлігі, ол - табандылыққа, қисындылыққа сөздіктің орындылығы, сөздіктің байлығы, грамматикалық конструкциялардың әртүрлілігі, мәнерлілігі, сөйлеудің даралығы. Ойды сауатты ғана емес, сондай-ақ экспрессивті, штампты сөзбен емес, өзінше дараландырылған түрде жеткізу маңызды. Сөйлеу шеберлігі нақтылықты табуға ұмтылады, яғни белгілі бір жағдайға ең қолайлы және тіл құралы стилистикалық тұрғыдан барлық нормаларға сай болуын қалайды.

Заңгердің тергеу және сот әрекеттерін жүргізу жөніндегі барлық қызметі тергеу әрекеттерінің барысын көрсететін іс бойынша белгілі бір шешімді қамтитын іс жүргізу актілерін жасаумен байланысты. Сондықтан заңгердің жазбаша сөйлеу әдебі ең алдымен нормативтілікті қадағалайды. Заңгердің сөйлеу әдебінің басты қасиеті нақтылық болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде тілге қатысты заңдылық принципі сақталады, ол тергеуші мен судьяның жазбаша сөзі іс жүргізу нормаларының талаптарына сай келуін қадағалайды [3, 3-4 б.б.].

Классикалық тұрғыдан жіктегенде шешендік өнердің негізгі тектеріне жататын – сот шешендігі біздің қазіргі қоғамымыздың сот жүйесінің ажырамас бөлігі. Сот шешендігі – шешендік тарихындағы көне де болса жаңа бағыт. Өзінің бастау күнін сонау антикалық дүниеден алатын сот шешендігі көне жіктеме бойынша, айыптаушылық (немесе прокурорлық), қорғаушылық (немесе адвокаттық), айыпталушының өзін өзі қорғайтын сөзі болып үлкен үш түрге бөлінеді. Айыпталушыға да, қорғаушыға да керегі – қылмыстық сот жүргізу ісінде қажетті деңгейде ұтымды сөйлей алу.

Жалпы, отандық сот жүйесінде діттеген деңгейде сөйлей білу шеберлігін керек ететін қызмет саласының бірі – сот процесі. Ол дауласқан екі жақтың жарқылдаған пікір-таластарынан, қисынды дәлелдерден, нақ та дәл, көрікті де көркем сөйлеуден тұратын кеңістікті құрайды.

Мұндағы төрелік айтар тілмарлықтың мазмұны мен түрлерінің негізгі өзегі болған қылмыстық жағдайды анықтау, екі ұдай пікір туғызбайтын дәлелдер келтіру, ойды бейнелеп жеткізер амал-тәсілдерді қолдану арқылы белгілі бір ақиқатқа көз жеткізіп, көпшілікті иландыра алу сияқты қисындардан тұрады.

Сот мәжілісінде қылмысты бағалауда заңды негіздейтін тіл байлығы ғана емес, ішкі үлкен мәдениеті қалыптасқан рухани жан байлығы да керек. Сөйлеу жүйесін, тіл заңдылықтарын бұзбай, бұрмаламай, таза, орынды, орнықты, байыпты сөйлеуге тұғыр болатын сот шешендігі этикасының қарастырап негізгі мәселелері судьяның тергеуі мен үкімінен, прокурордың және адвокаттың сөйлеулерінен желі тартып жатады.

Сайып келгенде судьяға қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғаны алаламай, оған әділ бағасын беру, іс бойынша ақиқатты анықтау секілді толық мәндегі құқықтық және моральдық жауапкершілік міндеттері жүктеледі. Төрелік айту тізгінін ұстаған судьяға сот тергеуінде процеске қатысушылардың барлығының заңдылықты ғана емес, сондай-ақ олардың қызметтік әдептілікті де сақтауын қадағалау тапсырылады. Сот төрелігін жүзеге асыруда судьяның азаматтық, адамдық қасиеттерімен бірге арлы болуының үлкен маңызы бар. Бір сөзбен айтқанда, ар-иман тазалығы, білімділік пен көрегендік, ұят пен адамгершілік, кішіпейілділік пен қарапайымдылық – судьяға тән қасиеттер. Әрбір судьяның ойлау қабілеті, сөйлеу мәдениеті, бүгінгі күн талабы. Оның нәтижесі қылмыстық, азаматтық істе тергеу жүргізіп, жасалған қылмыс бойынша үкім шығарғанда терең қанағаттанарлық сезімге

бөленуінен немесе, керісінше, өз шешіміне риза болмай, іс-әрекетіне өзіне-өзі қанағаттанбауынан көрінеді.

Соттың коммуникативтік қызметі сот талқылауы барысында туындайтын өзара қарым-қатынастардың алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Сотта туындайтын өзара қарым-қатынастардың төрт түрін бөліп көрсетеді. Бірінші түрді шартты түрде «тігінен өзара қарым-қатынас» деп атауға болады. Бұған судьялардың сот талқылауына қатысушылармен (мемлекеттік айыптаушымен, қорғаушымен, сотталушымен) және сот процесінің қалған субъектілерімен (куәлармен, сарапшылармен және т.б.) өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ соттың сот отырысы залында қатысып отырған, сот талқылауына қатысушы болып табылмайтын азаматтармен қарым-қатынасы жатады.

Өзара қарым-қатынастардың екінші түрі «көлденеңінен» қалыптасады. Бұл судья мен халық отырыстарының арасындағы, мемлекеттік айыптаушы мен қорғаушылар арасындағы, куәлер, жәбірленушілер, сарапшылар мен процестің басқа да қатысушылары арасындағы, залдағы азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынас.

Өзара қарым-қатынастың үшінші түрі, егер олар (топтық істер) бірнеше болса, сотталушылар арасында туындайды.

Төртінші түрі - сот аудиториясының белгілі бір адамдар тобымен өзара қарым-қатынасы, сот барысында аудиторияны бірыңғай психологиялық бағытқа айналдыру қажет [4, 271-273 б.б.].

Сот өзара қарым-қатынастың аталған түрлерін қатаң реттеп, оларды қаралып отырған нақты іс бойынша ақиқатты анықтауға бағындыра отырып, бірыңғай арнаға бағыттауы керек. Сот төрелігін жүзеге асыру қылмыстық жауапкершілікке тартумен, қылмыс жасаған адамдарды анықтаумен және оларға әділ жаза тағайындаумен ғана шектелмейді. Сот төрелігінің тағы бір мақсаты - қылмыскерлерді түзеу және қайта тәрбиелеу, азаматтарды заңдар мен мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын сақтау жолында тәрбиелеу. Сот сот төрелігін жүзеге асыру процесінің өзіне де құрметпен қарауға тәрбиелеу керек. Сотталушыларға қатысты соттың тәрбиелік әсері тек сот отырысының өзінде ғана емес, сонымен қатар істі кейіннен қарау уақытына да қолданылады. Ол құқық бұзушыны түзетуге қажетті уақыт бойы әсер етеді. Сот төрелігінің тәрбиелік ықпал ету негізі соттың процестің барлық кезеңдерінде материалдық және іс жүргізу заңдарын бұлжытпай сақтауы болып табылады. Құқықтық нормалардың кез келген құқық бұзушылықтарымен күресе отырып, сот өзі заңға деген терең құрметін көрсетуі тиіс.

Әрбір қылмыстық істі соттың талқылауы, егер онда заң мінсіз сақталған жағдайда өтетін болса ғана өзінің тәрбиелік мақсатын толық көлемде орындай алады.

Судьяның сөйлеу әдебі сот барысында мына принциптерді негізге алумен өрнектеледі:

1. *Судьяның тәуелсіздігі.* Сот істерін қараған кездегі судьяның тәуелсіздігі олардың нақты бір істі әр түрлі сырттан ықпал ететін және әсерін тигізетін жағдайларды болғызбай, өзінің құқықтық сана-сезімімен ішкі сезіміне сай, заң негізінде шешуінен көрінеді.

2. *Судья үшін тараптардың заң мен сот алдында өзара теңдігі.* Судья азаматтардың шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, діни көзқарасына, сеніміне, кәсібінің түрі мен сипатына, тұрғылықты жері мен басқа да мән-жайларына қарамастан, олардың заң мен сот алдында теңдігін білдіретін сөздер мен өз позициясын айқындап отырады.

3. *Сот процесінің жарыспалылығы мен жариялылығы.* Тараптардың, яғни сот ісіне қатысушылардың материалдық-құқықтық мүдделері сәйкес келмей, қарама-қарсы болса да өзара сөз жарыстырып, сайысуын туғызуды, істердің ашық қаралуы сот әділдігін, жүзеге асырудың сапасына, жан-жақты ықпал жасайтынын қадағалау.

Ендеше қылмыстық істер бойынша соттың тергеу қорытындысы заң және адамгершілік негіздерге сүйенуі абзал. Яғни, қылмыстық істерді тергеп, сот шешімін шығарғанда, қылмысқа қарсы күрес шараларын қолдану заң талаптарына ғана емес, сондай-ақ адамгершілік нормаларға да қатаң сәйкес болуы қажет, басқаша айтқанда, сот ор-

гандары алдындағы қызметтік мақсаттар заңды негізге ала отырып, адамгершілік жолдармен шешімін табуға тиіс.

Міне, осы мәселелер – сот этикасының күре тамыр негізін құрайды. Сот шешендігінің әдебін сөз еткенде, сот этикасының кейбір мәселелеріне тоқталмай, басын ашпай кетуге негіз жоқ. Сот этикасының мазмұн-мәні мен міндеттерін дұрыс түсіну үшін алдымен мынадай маңызы бар мәселелер жігін айқындап, анықтап алған абзал: судьялар, прокурорлар мен қорғаушы адвокаттар үшін олардың ерекше жағдайдағы қызметіне тән айрықша алабөтен адамгершілік нормалары болмайды, бұл тек сот аясындағы жалпы адамгершілік талаптар үрдістерінен туындайды. Әр кәсіптік этика өз қызметіне байланысты қолдануы ерекше сипатын табады. Бірақ, бұл, заңгерлерге арналған ерекше кәсіби этика бар болуы керек деген сөз емес, ол жалпы адамгершілік мұраттарға тәуелді деген ақиқат. Сот шешендігінің этикасына қатысты мәселелер соттағы қызметтік әдептіліктің жалпы адами, адамгершілікке бейімделген құқықтық нормаларынан келіп туындайды [5, 92 б.].

Соттағы сөйлеу әдебі сот әділдігімен тамыр тартып жатқан, соттың шынайылығына тәуелді, онымен біте қайнарудан туындаған айқын да жарқын құбылыс. Демек, сот мәжілісі □ сот әділдігіне қол жеткізетін заң түрі. Сот әділдігін жүзеге асырудың жалғыз-ақ жолы істерді сот мәжілісінде қарау. Міне, осы сот мәжілістерінде судьяның, прокурордың, адвокаттың сөйлеу әдептері өзіне тән түрлі белгілермен айқын көрініс тауып жатады.

Сот төрелігін жүзеге асырар сот қызметінде адамгершілік нормаларды қатаң түрде сақтап, оны өз мәнінде қолданып отырудың маңызы айрықша болады. Сот шешімдері мен үкімдері, айыптаушы мен қорғаушының сөздері заң талаптарымен ғана емес, адамгершілік мұраттармен де істелуі тиіс. Олардың сөздеріне жан бітіріп, бойына қуат беріп, қан жүгіртер, орнымен өрнегін тауып жатар адамгершілік мұраттар □ бейнелеп айтқанда, құлақ күйін келтіріп, бұрап қойған домбыра шегімен тең. Заң талаптары мен адамгершілік мұраттар бір жерден шығып, үндесе үйлесіп жарасым тапқанда ғана сот көгінде әділдіктің ақшаңқан туы желбірейтініне сенім мол. Сот, прокуратура, адвокатура органдарының мақсаттары міндетті түрде заң және адамгершілік мүдделер арқасында тиянақ табады. Осыдан келіп сот процесін адамгершілік проблемалары тұрғысынан қарастыру талабы, бүгінгідей рухани құндылықтардың орнын материалдық құндылықтар басқан, жан байлығы емес, тән байлығы өлшем болған, ар-ождан саудаға түскен, адами кемелдік емес, бір ғана сәттің қызығы белең алған, зырылдаған ұршықтай екпіні мен тепкіні қатты, өкімі жүріп тұрған қатал заман кесірінен туындап отыр. Бұл күнбе-күн айтылу да жазылу да керекті зәру мәселелердің бірі. Міне, осы секілді, сот процесіндегі адами мәселелер, моральдық талаптар сот шешендігі этикасының негізін құрайды.

Судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға бағынуға және кез келген сырттан ықпал етуге жол бермеуге, кімнен шыққандығына қарамастан қорқытуға, қысым жасау мен құқықтық емес әсерлерге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұру қажет. Судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге, өзін лайықты, әдепті ұстауға және процеске қатысушылар мен өзге де сот отырысына қатысушы адамдардан сондай қарым-қатынасты талап етуге және сот төрелігінің әділдігі олардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануға тиіс. Судья қабылдайтын процестік шешімдердің заңдылығы мен негізділігі қандай да бір жария талқылауға немесе оның қызметін қандай да бір бағалауға қарамастан қамтамасыз етілуі тиіс.

Судьяның кәсіби міндеттерін атқарған кездегі жүріс-тұрысы судьяның адалдығы мен сатылмайтындығы туралы қоғамның сенімділігін қалыптастырып, нығайтуы тиіс.

Судья берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез-келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

Судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге, өзін лайықты, әдепті ұстауға және процеске қатысушылар мен өзге де сот отырысына қатысушы

адамдардан сондай қарым-қатынасты талап етуге және сот төрелігінің әділдігі олардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануға тиіс [6].

Әрбір сот шешімінің мазмұны айқын әрі түсінікті болуы керек, онда іске қатысы жоқ артық ақпарат болмауы тиіс. Әрбір айтылған уәжге судья өзінің анық дәйектелген ұстанымын білдіруі шарт. Бұған қоса, сот шешімі жарияланғаннан кейін судья міндетті түрде тараптарға қарапайым әрі түсінікті тілде неліктен ол дәл осындай шешім қабылдағанын түсіндіруі тиіс. Бұл судьяларға жазбаша мәтіндерді дайындау, көпшілік алдында сөйлеу, дауласып жүрген адамдар арасында бітім орнату бойынша білім мен практикалық дағдыларға қатысты қойылатын талаптарды арттырады [7]. Әділдікке негізделген сот өкімінің желісін құрайтын адамгершілік мұраттары сотталушыға да, сот процесіндегі басқа да қатысушыларға үлкен ықпалды әсері бар. Ең бастысы үкім оқитын судьяның сөзінің мазмұны нақты айғақтарға құрылып, қылмыстың нақты бағасы берілумен өрнектеліп өрілуі тиіс.

Сонымен, сотта сәтті сөйлеу үшін процесске тұрғылықты дайындықты қажет етеді. Ол коммуникативтік фазаны қалыптастыруға дейінгі бірнеше кезең сатылардан тұрады. Бұл іс материалдарды зерттеу; іс бойынша процессуалдық позицияны анықтау; сөйленер сөздің композициялық құрылымын ойластырып, жоспар жасау; оны әдеби қалыпқа түсіру болып табылады.

Заңгерлердің қаперіне алар басты қағида – пікір-талас, сөз жарыстыру кеңістігінен абыроймен шығу жолдарын алдын ала іздестіре қарастыру, процесс үстінде күтпеген дағдарысқа ұшырап қалмау, ұзаққа созылған дауда сөз бейнелігіне кепіл боларлық көркемдік құралдарды орнымен пайдалану.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лещутина И. «Риторика. Искусство публичного выступления» 2 раздел, Студия «Арт Лебедева».- 2008.- 5-7 б.б.
2. Климова М.В. «Удивительная риторика». Издательство «ЭНАС-КНИГА»,- 2017.-19-20 б.
3. Ивакина Н.Н. «Профессиональная речь юриста»// Учебное пособие. - Издательство БЕК, Москва,- 1997. - 3-4 б.
4. Шиханцов Г.Г. Юридическая психология //Учебник для вузов// М., Зерцало 1998.- 271-273 б.б.
5. Халиков К.Х., Серімов Е.Е. Сот шешендігі. Оқулық. – Қарағанды: Болашақ-Баспа. 2006. – 92 б.
6. Судьялық әдеп кодексі 2016 жылғы 21 қараша [Электронды тасымалдауыш] <http://totgor.com/i/sud.gov.kz>
7. Пороховицков П.С. Искусство речи на суде. Глава 2, - Тула, издательство «Автограф», 2000 г. (воспроизводится по изданию 1910 г.) [Электронды тасымалдауыш] <http://lib2.podelise.ru>

Рақымжанов А.

Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының Ікурс магистрант,

Д.З. Копбаев з.ғ.к., аға оқытушы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ЖАУАП АЛУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Берілген мақалада жұмыс кезеңі және жауаптарды тіркеу кезеңдеріндегі кәмелетке толмағандардан жауап алудың көптеген тактикалық қателіктері қарастырылды, сонымен қатар оларды шешу әдістері анықталды. Оқу әдебиеттеріне, мақалаларға жүргізілген талдау

келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: Дайындық кезеңі кез-келген тергеу іс-қимылын жүзеге асырудағы қажетті кезеңі. Бұл, әсіресе, кәмелетке толмағандардан жауап алу сияқты өте нәзік тергеу іс-қимылында айрықша өзектілікке ие. Себебі дұрыс жүргізілмеген жауап алу тек қылмыстық істі құрдымға жіберіп қана қоймай, сонымен бірге жауап берушінің тұлғасына да зардабын тигізуі мүмкін. Кәмелетке толмағандар – бұл халықтың ерекше бір тобы, бір жағынан – бұл әлі ересек өмір мен оның мәселелерінен ада, қамсыз балалар мен жасөспірімдер, екінші жағынан – олардың психикасы, интеллект, мінезі енді ғана қалыптасып келе жатыр, сондықтан да олармен жұмыста абай болып, психологиялық немесе басқа да зиянның тиюіне жол бермеу керек.

Түйін сөздер: жасы кәмелетке толмаған, психолог, жауап алу, тергеуші

Аннотация

В данной статье рассмотрены многочисленные тактические ошибки допроса несовершеннолетних в подготовительном этапе, рабочем и этапе фиксации показаний, а так же выявлены способы их решения. Анализ учебной литературы, статей позволяет сделать следующие выводы: Этап подготовки необходимый этап производства любого следственного действия. Особенно, если идет речь о таком деликатном следственном действии как допрос несовершеннолетнего. Так как неправильно проведенный допрос может не только «разрушить» уголовное дело, но и нанести вред допрашиваемому. Несовершеннолетние - это особый слой населения, с одной стороны – это беззаботные дети и подростки, которых еще не поглотила взрослая жизнь с ее проблемами, с другой - у них только формируется психика, интеллект, характер, поэтому с ними нужна тонкая работа, чтобы не допустить психологической или иной травмы.

Ключевые слова: несовершеннолетний, психолог, допрос, следователь.

Abstract

This article describes the numerous tactical mistakes during the questioning of juveniles in preparatory phase, work phase and fixation of the testimony, as well as the ways of their solution. Analysis of educational literature, articles allows us to draw the following conclusions: The stage of preparation of the necessary stage of production of any investigative action. Especially if we are talking about such a delicate investigative action as the interrogation of a minor. As incorrectly carried out interrogation can not only "destroy" criminal case, but also harm the interrogated. Minors-a special layer of the population, on the one hand – a carefree children and adolescents who have not yet absorbed adult life with its problems, on the other - they have only formed the psyche, intelligence, character, so they need fine work to prevent psychological or other trauma.

Keywords: minor, the psychologist, the interrogation, the investigator.

Дайындық – жауап алудың ғана емес, сонымен бірге кез-келген тергеу іс-қимылының аса маңызды кезеңі. Көптеген авторлар өздерінің еңбектерінде жауап алу тактикасын сипаттай отырып, жұмыс кезеңіне баса назар аударады, алайда дайындық кезеңін үстірт сипаттайды немесе мүлдем ұмыт қалдырады. Тәжірибе жүзінде тергеушілер де бұл кезеңде лайықты көңіл бөле бермейді. Біздің пікіріміз бойынша, бұл дұрыс емес, себебі дайындық кезеңінің маңызы өте зор және көп жағдайларда дайындық кезеңін ескерусіз қалдыру жалпы тергеу іс-қимылдарын сапасы жүргізілуіне себепкер болады. Ал кәмелетке толмағандармен жұмыс жасау кезінде бұл кезеңнің маңызы еселеп арта түседі, себебі тергеуші әртүрлі жастағы балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жасауына тура келеді, ал олардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Біздің пікірімізше, мұндағы ең басты мәселе – білімнің жетіспеушілігі немесе басқаша айтар болсақ, тергеушілерде арнайы педагогикалық немесе психологиялық білім жетіспейді, осының нәтижесінде олар кәмелетке толмағандардан жауап алуды ересектерге ұқсас жүргізе береді. Ал бұл тергеуге айтарлықтай зиянын тигізеді, себебі балалар мен жасөспірімдерде

психика, интеллектуалдық қабілет өзгешеліктері бар және жалпы олар әлемге басқаша көзқараспен қарайды.

Аталған мәселені екі әдіспен шешуге болады.

1) Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлайтын жоғары оқу орындарына арнайы ғылыми пән енгізу, оның көмегімен студенттерге кәметке толмағандар психологиясының ерекшеліктері, аталған әлеуметтік топпен жұмыс жасаудың қыр-сыры туралы ақпарат беру. Сонымен бірге алынған білімді тәжірибе жүзінде қолдану.

2) Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арнайы семинарлар мен тренингтер өткізу. Аталған іс-шаралар көмегімен қызметкерлер қосымша білім алып және өздерінің біліктіліктерін арттыратын болады.

Тергеуші жасы кәметке толмағандарға қатысты келесі ұйымдастырушылық тәсілдерді меңгеруі тиіс – жауап берушінің өмірбаянын зерттеу. Өмірбаянды зерттеудің бірнеше әдісі бар, алайда әр әдістің өзінің кемшіліктері жоқ емес.

1) іс материалдарын зерттеу: жақсы әдіс, алайда егер тергеу енді ғана басталған болса, қажетті ақпараттар жоқ болуы мүмкін, сондықтан тергеуші басқа да әдістерді қолдануы керек.

2) Мінездемелер алу: біздің пікірімізше, ең нашар әдіс. Әдетте, мінездемені типтік сөздермен жазады және ол жерде қандай да бір тұлғалық ерекшеліктер көрсетілмейді.

3) Жақын адамдардан сауалнама алу. Ең оңтайлы әдіс, алайда мұнда да өзінің ерекшеліктері бар. Себебі егер кәметке толмаған баламен жақсы қарым-қатынас болса, оны жақсы жағынан сипаттайды, ал егер арақатынасы нашар болса, жағымсыз жағынан мінездеме беріледі. Сондықтан да ешқандай мүддесі жоқ, аталған адамды шынайы сипаттай алатын адамдардан сұрау керек, мұндай адамдарға кәметке толмағандар оқитын мекеменің педагогтар, психологтар, оқу ісі жөніндегі орынбасарлар және директорларын, дәрігерлерді жатқызуға болады.

Кәметке толмаған тұлғаның мінездемесін зерттеу кезінде келесідей мәліметтерді табу қажет:

1. баланың қандай жағдайларда өмір сүретінін және тәрбиеленіп жатқаны (отбасы құрамы, ата-анасының арақатынасы, ата-анасының балаға деген көзқарасы, балаға қолданылатын көтермелеу мен жазалау шаралары, оларға деген баланың жауабы, үйде қандай қонақтар болатынын және олардың өздерін баланың алдында қалай ұстайтыны, баланың бос уақытын кім өткізетіні, балалар мекемесіне бару-бармауы жайлы ақпараттар);

2. баланың интеллектуалдық даму деңгейі мен ерекшеліктері қандай; мектепке дейінгі жастағы балаларға қатысты – сөйлеуді меңгеруі, естігені немесе көргені жайлы әңгімелей алуы; қатарластарымен және ересектермен жеңіл қарым-қатынас орната ала ма; әріптерді біле ме, оқып және жаза ала ма; нешеге дейін санай алады; ертегілерді, өлеңдерді оңай жаттай ала ма; балабақшада қандай сабақтар өтіледі және ол жерде бала өзін қалай көрсетеді, ал егер бала балабақшаға бармайтын болса – ата-аналары онымен жұмыс жасай ма, оған оқуды үйрете ме, қандай іс-әрекеттерге үйретеді, оларды бала оңай меңгере ала ма;

3. бала байқампаз ба, қаншалықты зерек, дәл сипаттай ала ма және әңгімені өзінің ойынан шығарылған образдармен толықтырғанды ұната ма; қандай ойындарды ұнатады; кішік мектеп жасындағы балаларға қатысты, жоғары айтылғандардан бөлек, - оқу материалын қалай игереді, білім алуда қандай қиындықтары бар; мектеп режиміне бейімделген бе, көп оқи ма; не жайлы оқығанды жөн көреді, неге қызығады; қол еңбегіне, құрастыру-техникалық сабақтарға бейім бе;

4. бала өмірдің белгілі бір тұстары жайлы қаншалықты ақпараттар алған (істің мазмұны мен баладан жауап алудың болжамды мақсаттарына байланысты);

5. бала мінезінің қандай негізгі ерекшеліктері бар (ашық немесе тұйық, ұялшақ, таныс емес адамдармен тез араласып кете ала ма, қорқақ немесе батыл; тапқыр немесе таныс емес жағдайларда қиналады ма; белсенді немесе енжар; сабырлы немесе тез ашуланғыш; қырсық немесе көнгіш; өзін қаншалықты жақсы көреді және сезімтал, жиі жылай ма; қарапайым немесе баршаның назарында болғанды жақсы көре ме; өзінің мінез-кұлқын

басқара ала ма; өзінің қатарластарымен жиі ұрыса ма және ұрысқа не себеп болады; балалардың арасында орны қандай; қатарластары оған қалай қарайды; жағымсыз мінез немесе әдеттері бар ма;

6. денесі қалай дамыған; қандай сырқаттармен ауырған, созылмалы сырқаттары бар ма; сезім ағзаларының, бірінші кезекте көру мен есту кемшіліктері бар ма (жоғарыда аталған мәліметтердің барлығын мектеп немесе балабақшаның медициналық қызметкерінен алуға болады);

7. балада сөйлеу кемістігі (кекештену, сөздерді дұрыс айта алмау) немесе басқа да өзі ұялатын дене кемістіктері бар ма, қандай тақырыптарға сөйлескенді ұнатпайды немесе қатты толқиды;

8. құқық қорғау органдары үшін маңызды оқиғаларды қабылдау сәтінде бала қандай эмоционалдық күйде болды (қорықты, толқиды, үрейленді және т.б.); сол сәтті не істеп жатты, оқиғаға өзі қатысты ма немесе тек бақылап тұрды ма, ол оқиғаның тікелей куәгері болды ма;

9. орын алған оқиға мен жауап алу арасындағы мерзімде немен айналысты, уақытын қалай өткізді (бұл кейінгі әсерлердің «араласып кету» мүмкіндігін анықтау үшін өте маңызды);

10. бала жауап алынуы тиіс оқиға туралы айтты ма, егер айтқан болса, кімге және нақты нені айтты [1];

11. ересектер аталған жағдайларды баланың көзінше талқылады ма?

Кей ғалымдар психологиялық ерекшеліктерге зерттеу жүргізу кезінде психологиялық тесттер алуды ұсынады, мысалы: Люшер немесе Кеттел тесті. Алайда бұл айтарлықтай ұзақ уақытта алады, оған қоса тек маман ғана оның нәтижесіне талдау жасап және пікір білдіре алады. Жақсы тестологтар аз және оны табу да бір мәселе. Әрине, кез-келген психологқа жүгінуге болады, алайда бұл жағдайда кәметке толмаған баланың мінездемесін қате талдау ықтималдығы жоғары.

Әлеуметтік желілер көптеген адамдардың өміріне етене енген, әсіресе жасөспірімдер виртуалды әлемнен шықпайды. Сондықтан да психологиялық ерекшеліктерді зерттеудің жаңа бір әдісі әлеуметтік желідегі парақшаны зерттеу болуы мүмкін. Бұл кәметке толмаған баланың өзіндік бір «айнасы» деуге болады, оған қарап баланың мәселелерін, уайымдарын, жағымды қасиеттері мен кемшіліктерін анықтауға болады. Алайда әлеуметтік желідегі парақшаны зерттеуді қосымша әдіс ретінде қолданған жөн, себебі, біріншіден, әлеуметтік желідегі парақшамен толық танысып шығу әр кез мүмкін бола бермейді, екіншіден, тергеушіде жасөспірім туралы екіұшты түсінік қалыптасуы мүмкін. Мұндай жағдайларға қатысты бірнеше мысал келтіре кеткен жөн:

1) егер жасөспірімде қандай да бар адамдар (достар, сыныптастар) арасындағы фотосуреттері көп болса, онда жасөспірім қарым-қатынасқа бейім және онымен психологиялық байланыс орнату жеңіл болатыны жайлы қорытынды жасауға болады. Екінші жағынан, бұл оның көңілшітігін білдіруі мүмкін, себебі ол өзін топтан тыс қабылдай алмайды.


2) Егер жасөспірімде жеке фотосуреттер аз және танымал адамдардың суреттері, фотосуреттері көп болса, онда бұл оның тұйықтығынан, жабық екенін хабар береді, ал суреттер арқылы шамамен оның комплекстерін анықтауға болады.

3) егер жасөспірімде жануарлардың, табиғаттың фотосуреттері көп болса, онда ол адамдарды ұнатпайды немесе қорқады және табиғатта өзін жақсы сезінеді деген сөз.

Кәметке толмаған баланың мінездемесін зерттеп шығып, тергеуші жауап алу жоспарын жасайды, сұрақтарды дайындайды. Бір қарағанда бұл кезеңде еш мәселе туындамайтындай көрінуі мүмкін, алайда бұл қате түсінік.

Біріншіден, сұрақтар саны жетіден аспауы тиіс, бұл миллер жетілігі заңына сәйкес алынған ұстаным. Аталған заң бойынша адам психикасы жетіден артық іс-қимылды сіңіре алмайды, егер одан көп болса, адамның ойын жинақтауы қиындай түседі және нәтижелер де нашар болады.

№1 сурет – жауап алуға арналған сұрақтарды дайындау жоспары



Екіншіден, сұрақтарды дайындау кезінде қажеті сөздерді таңдап алу керек. Мысалы, егер кәмелетке толмаған бала балалар үйінің тәрбиеленушісі болса, «ана», «әке», «ата-ана» сияқты сөздерді қолданбаған жөн. Бұл кәмелетке толмаған баланың тұйықталып алуына әкеліп соғуы мүмкін, мұндай жағдайда жауап алу мүмкін болмайды. Оған қоса сұрақтар қысқа және түсінікті болуы керек.


ҚПК сәйкес 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған баладан жауап алу кезінде педагог немесе психолог қатысуы керек. Педагог сұрақтарды қою формасы мен ретін анықтау, кәмелетке толмаған баламен психологиялық байланыс орнатуға арналған кеңестер береді. Алайда алынған жауаптарға тергеуші баға берді [2]. Бір қарағанда мұнда ешқандай мәселелер туындамайтындай көрінуі мүмкін, алайда олай деп айтуға келмейді, жауап алу мектептер немесе басқа да білім беру мекемелері жоқ және педагогты табу қиынға түсетін шағын елді мекендерде өтуі мүмкін. Сондықтан да мұндай жағдайларда педагогты алдын ала дайындап қою керек. Маманды арнайы білім беру немесе психологиялық орталықтарда, арнайы мектептерде және т.б. табуға болады. Оған қоса педагогты таңдауда жауап берушінің жасы мен басқа да бірқатар факторлар ескерілуі тиіс. Нақтырақ айтсақ, кішкентай балалардан жауап алуға мектепке дейінгі тәрбие мекемесінде жұмыс жасайтын педагогтың немесе бастауыш сыныптар мұғалімінің қатысуы, кіші және жоғары сынып оқушыларынан жауап алуға сәйкес сыныптарға сабақ беретін педагогтар қатыстырған дұрыс болады [3].

Тергеуші жауап алу жоспарын жасағаннан кейін, ол жауап алу уақыты мен орнын таңдап алуы қажет. Кәмелетке толмағандарда оқиға орын алғаннан кейін барынша тез уақыт аралығы ішінде жауапқа алған жөн, себебі олар тергеу үшін маңызды жағдайларды ұмытып қалуы мүмкін. Алайда осыған қарамастан олардан сағат 8-10 аралығында жауап алмаған жөн, бұл кәмелетке толмағандар үшін ғана емес, сонымен бірге кез-келген адам үшін ең қолайсыз уақыт, кәмелетке толмағандардан жауап алуға ең қолайлы уақыт сағат 10-12 аралығы, себебі бұл уақытта ми жақсы жұмыс жасайды және бала көп жағдайларды еске түсіре алады, сонымен бірге ол мектептен босатылады, ал бұл ол үшін оң әсерін тигізуі мүмкін. Түстен кейін сағат 15-тен 18-ге дейін жауап алуға рұқсат етіледі, алайда біздің пікірімізше түстен кейін жауап алуды жүргізбеген жөн, себебі мектептен кейін жасөспірімдер шаршаңқы болады және оларды ақыл ой қабілеттері әлсірейді, олар ойын

жинақтап, көп нәрсе еске түсіру де және егжей-тегжейлі жауап беруде қиналады. Америкалық ғалымдар ашық ұйқышылдық пайда болатын тәулік уақыттарын анықтады: сағат таңғы 9; сағат 13-14 және 17, сағат 21. Сәйкесінше белгілі бір мерзімде адам әдеттегіден көп қателіктер жіберуі мүмкін, бұл мидің шаршауымен байланысты [4], сондықтан да аталған уақыттар аралығында жауап алуды жүргізбеген жөн.

Жауап алу әдісі де аса маңызды рөл атқарады, кәмелетке толмаған баладан тергеушінің кабинетінде жауап алуға болмайды, өйткені олар мұндай орындарды ұнатпайды. Олар құқық қорғау органдарының сыртқы түрінен, шенінен, ресми формасынан ыңғайсызданады, мұндай орындарда олардың бойын қорқыныш сезімі билейді. Бірақ олар өздерінің оқу мекемелерін бұдан да қатты ұнатпайды. Сондықтан да жауап алу орны ретінде бейтарап жерді таңдап алған жөн. Ең дұрысы бұл қандай да бар бұқаралық орын немесе оның үйі. Егер жылдың жылы мезгілі болса, саябақта немесе аллеяларда да жауап алуға болады. Егер сыртта суық немесе жаңбырлы болса, кафеде жүргізуге болады. Алайда барлық тергеушілер бұл ұсыныстарды қолдана бермейді, тергеушілердің тек 43% кәмелетке толмағандардан кабинетінен тыс жерде жауап алады және мұның өзі өте сирек жасалады.

№2 сурет



Педагогтың таңдауда туындайтын тағы бір мәселе бар, нақтырақ айтқанда кәмелетке толмаған бала өзіне таныс немесе керісінше таныс емес педагог қатысып отырған кезде тұйықталып қалатын жағдайлар да орын алады. Бұл педагог пен кәмелетке толмаған баланың арасындағы жеке қарым-қатынастың қандай екеніне байланысты. Егер кәмелетке толмаған бала педагогты сыйлайтын болса, онда ол оның көз алдында жақсы жақтарын көрсетуге тырысады және шындықты айтуға тырысады, себебі қорқақ немесе өтірікші болып көрінгісі келмейді. Егер кәмелетке толмаған бала куәгер немесе жәбірленуші статусында жауап алуға қатысқан жағдайда бұл әдісті тиімді қолдануға болады. Алайда егер кәмелетке толмаған баладан күдікті немесе айыпталушы ретінде жауап алынып жатқан болса, онда бұл әдістің кері әсері тиюі ықтимал, өзі құрметтейтін адамның алдында ұялғандықтан, кәмелетке толмаған бала ештеңені ашып айтпайды, сондықтан да мұндай жағдайда таныс емес педагогты шақыртқан жөн.

Кейде кәмелетке толмаған баладан тергеушінің кабинетінде жауап алу қажет болатын жағдайлар туындайды. Мұндай кезде кәмелетке толмағандар үш мінез-құлық моделін ұстанады: 1) агрессивті (басымдық көрсету моделі), бұл модель 16-17 жастағы жасөспірімдерге тән, бірақ кейде кіші жастағы балалардан да байқалуы мүмкін. 2) достық. 3) бой ұсыну (бейтараптық ұстану). Тергеуші мінез-құлықтың аталған модельдерімен жұмыс

жасай алу үшін алдын ала дайындық жүргізуі керек. Түсінікті болуы үшін тәсілдер №1 кестеде көрсетілді

№1 кесте – мінез-құлық моделіне арналған жағдайлар

Символ	Агрессивті	Достық	Бой ұсыну
Жарықтандыру	Қатты жасанды жарық	Табиғи жарық	Көмескі жасанды жарық
Түсі	Қызыл (қыздар) Қара (ұлдар)	Көк (ұлдар) Жасыл (қыздар)	Сұр (ұлдар) Қоңыр (қыздар)
Аты-жөнін айту	Тегі бойынша	Әкесінің аты бойынша	Статусы бойынша
Кодекс	Пікірлері бар үлкен кодекс	Қарапайым кодекс	Қатаң ресми кодексе
Символ	Формадағы фотосурет	Отбасымен түскен фотосурет, иттің фотосуреті	Мақтау қағаздары, наградалар
Зат	Тот басқан құлып	Ұлғайтқыш	Сәндік кодексі
Столдағы заттар саны	7ден көп	3-7	1-3
Дауыс	Орташадан төмен	Орташадан жоғары	Орташа

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Гриненко А.В. Руководство по расследованию преступлений. науч. пособие. М, Норма 2002 г., с 345-346*
2. *Макаренко И.А., Система тактических приемов допроса несовершеннолетнего обвиняемого с учетом следственных ситуаций и психологических свойств допрашиваемого. дисс. ... канд. юр. наук / И.С. Макаренко. Уфа. 1998 г., с.115*
3. *Михальчук Ю.П., допрос несовершеннолетнего обвиняемого на предварительном следствии. дисс. ... канд. юр. наук / Ю.П. Микальчук. Краснодар 2005г., с 38*
4. *Лустина И.С., Нестандартные тактические приемы , используемые при допросе. Сибирский юридический вестник №2, 2001г., С. 1*

Сегизбаев Д.

*Магистрант Академии Қайнар по специальности «Юриспруденция»,
Д.З. Копбаев к.ю.н., ст.преп.*

ПОНЯТИЕ АУДИО И ВИДЕО ДОКУМЕНТОВ ИХ ПРАВОВАЯ ПРИРОДА

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақала қазіргі біздің заманымызда қылмысты ашуда техникалық құралдарды қолдануда өзекті болып отыр және қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің қайнар көздерін толықтыруда маңызды. Дәлелдемелік ақпараттарды зерттеуде, бекітуде аудио-видео техниканың орны ерекше және оны тікелей қолданып көптеген қылмыстар ашылуда. Тәжірибеде аудио және видео техникаларды қолдану кең етек алып келе жатыр, болашақта маңыздылығы артапаса кемімейді.

Түйін сөздер: Аудио-видео дәлелдемелер, дәлелдемелердің қайнар көздері, қылмыстық іс, қылмысты тергеу.

Аннотация

Результаты данного исследования однозначно свидетельствуют о возрастающей роли технических средств в раскрытии и расследовании преступлений, в решении проблемы расширения и укрепления доказательственной базы по уголовным делам. В системе таких средств особое место занимает аудио- и видеотехника как универсальное средство фиксации и исследования розыскной и доказательственной информации. Отмечается устойчивая тенденция позитивных количественных и качественных изменений в практике использования аудио- и видеозаписи в указанных целях.

Ключевые слова: Аудио-видео доказательства, источники доказательства, уголовное дело, расследование преступлений.

Abstract

The results of this study clearly indicate the increasing role of technical means in the detection and investigation of crimes, in solving the problem of expanding and strengthening the evidence base in criminal cases. In the system of such means a special place is occupied by audio and video equipment as a universal means of fixation and research of investigative and evidentiary information. There is a steady trend of positive quantitative and qualitative changes in the practice of using audio and video recording for these purposes.

Keywords: Audio-video evidence, sources of evidence, criminal case, crime investigation.

Для того чтобы не допустить проникновения в уголовный процесс недоброкачественных источников, в законе не дается точное перечисление источников сведений о подлежащих установлению фактах. Закрепленные требования к форме доказательств являются гарантом достоверного установления обстоятельств, подлежащих доказыванию.

Правовая природа доказательств выражается в свойствах относимости, допустимости и достоверности. Указанные свойства раскрывают внутренние качества доказательств. Определение понятия относимости, допустимости и достоверности приводится практически в каждом учебнике уголовного процесса. Они более или менее устоялись и не являются предметом дискуссий процессуалистов. «Определить относимость доказательств, - пишет В.И. Радченко, - означает установить их взаимосвязь с обстоятельствами, необходимыми для правильного разрешения уголовного дела и входящими в предмет доказывания. Относимость характеризует содержание доказательства и его отношение к существу дела».[1]«Допустимость сведений о фактах в качестве доказательств, -отмечают А.В. Победкин и В.Н. Яшин, - означает соответствие доказательства требованиям уголовно-процессуального закона относительно источника доказательства, способа, порядка его получения и фиксации; субъекта, получившего доказательство».[2, с.633]

Достоверность доказательств определяется в ходе расследования и судебного разбирательства посредством их сопоставления с другими собранными по уголовному делу доказательствами и уликами. Это установленное таким образом соответствие содержащихся в них сведений действительности.

Все доказательства различаются по форме, содержанию, источникам и способу их получения. В науке доказательственного права доказательства классифицированы на прямые и косвенные, первоначальные и производные, обвинительные и оправдательные, а также на личные и вещественные.

Прямые и косвенные доказательства. Суть прямого доказательства вытекает из самого названия и заключается в указании на доказываемое обстоятельство прямо (непосредственно). Косвенное же доказательство указывает на факты, которые сами по себе не имеют юридического значения, однако они впоследствии могут подтвердить такие обстоятельства, которые имеют значение в рамках расследуемого уголовного дела. Например, к прямым доказательствам можно отнести показания очевидцев или же видеозапись, полученную камерой видеонаблюдения, зафиксировавшей совершение

преступления в магазине или другом общественном месте, где установлены такие камеры. И показания очевидцев, и видеозапись позволяют воспроизвести обстоятельства совершения преступления, что является прямым указанием на него.

Косвенным доказательством может являться аудиозапись телефонного разговора потерпевшего с подозреваемым, в ходе которого последний угрожал потерпевшему. Данный телефонный разговор позволяет сделать вывод о враждебных отношениях подозреваемого к потерпевшему, однако на сам факт совершения преступления не указывает.

Первоначальные и производные доказательства. Под первоначальными доказательствами понимаются те, что получены из первоисточника, а под производными принято понимать доказательства, сформированные на основе первоначального.

К первоначальным доказательствам в специальной литературе, как правило, относятся те из них, которые указаны в ч.2 ст.111 УПК РК.

Это: - показания подозреваемого, обвиняемого, свидетеля, потерпевшего о совершенных действиях или лично воспринятых обстоятельствах дела;

- заключения эксперта и специалиста, а также их показания относительно проведенного ими исследования и ответы на поставленные перед специалистом вопросы, требующие специальных знаний;

- вещественные доказательства, образовавшиеся в результате совершения преступления;

- протоколы процессуальных действий;

- подлинники иных документов.

Однако, по нашему мнению, не все так однозначно. Например, показания подозреваемого, обвиняемого, потерпевшего, свидетеля, как и вещественные доказательства (ч.1 ст.118 УПК РК - признаются предметы, если есть основания полагать, что они служили орудиями уголовного правонарушения или сохранили на себе следы уголовного правонарушения, или были объектами общественно опасного посягательства), безусловно, относятся к первоначальным, а вот результаты их экспертного или специального исследования, впрочем, как и их фотоснимки, видеозапись, сделанные на месте происшествия, скорее всего, будут производными. Разумеется, этим ни в коей мере не принимается доказательственное значение последних. Точно так же равными в этом отношении являются показания указанных участников уголовного процесса (ч.2 ст.111 УПК РК) и протоколы следственных и судебных действий (в этой же статье), в которых их показания зафиксированы. Хотя показания подозреваемого, обвиняемого, свидетеля, потерпевшего могут содержаться также в заявлениях, объяснениях, в том числе зафиксированных при помощи аудио- и видеозаписи (ч.2 ст. 199 УПК РК). Кстати, зафиксированы они могут быть как в виде протокола, то есть письменно, так и с использованием аудио- и видеозаписи. В таком случае, нам представляется, что теряет смысл дискуссия о доказательственном значении последней. Доказательством являются определенные сведения, а способ их фиксации имеет обусловленное значение.

В заключении эксперта или специалиста находят отражение результаты исследования вещественных доказательств, являющихся исходными или первоначальными источниками доказательственной информации. «Подчиненное» в этом смысле положение заключения эксперта или специалиста предопределяется самой сущностью экспертизы и исследования как научно обоснованных способов или средств выявления, анализа и оценки доказательственной информации из представленных на исследование вещественных доказательств и иных объектов.

Документы, являющиеся письменными или вещественными доказательствами, могут содержать сведения, зафиксированные как в письменном виде, так и с помощью технических средств. К ним могут относиться материалы содержащие компьютерную информацию, фото- и киносъемки, звуко и видеозаписи и иные полученные, истребованные или представленные носители информации (ч.3 ст.120 УПК РК).

В качестве производных доказательств могут выступать образцы объектов, представленные для сравнительного экспертного исследования, копии документов, например, протокола следственного или судебного действия. Однако такие доказательства по своему содержанию и форме также должны гарантировать достоверность содержащейся в них информации.

Обвинительные и оправдательные доказательства. Действующий УПК РК исключает обвинительный уклон при расследовании преступлений. Это значит, что следователь, расследуя преступление, должен собирать, анализировать и оценивать как обвинительные, так и оправдательные доказательства. Первые направлены на установление вины обвиняемого, а вторые на ее опровержение, то есть доказательства могут выступать как в качестве обвинительных, так и в качестве оправдательных, а конкретное доказательство может быть одновременно и обвинительным и оправдательным (обвинительным для одного человека и оправдательным для другого).

Личные и вещественные доказательства в науке уголовного процесса вызывают много споров среди ученых-процессуалистов по вопросам различия данных видов доказательств. Так, одни авторы понимают под личными доказательствами информацию, исходящую от лица (за исключением вещественных доказательств). Другие же, наоборот, считают вещественные доказательства - личными, обосновывая это тем, что они также исходят от лиц, а вот иные документы и иные доказательства не всегда попадают под личные доказательства.

Определенную ясность в решении этого вопроса, по нашему мнению, вносит И.В. Тишутина, которая отмечает, что «при оценке информации независимо от того, из какого источника она получена, необходимо учитывать факторы, сопряженные с ее передачей и хранением. Такие факторы тесно связаны с особенностями накопителей информации, которые в расследовании могут выступать в двух формах: в форме человеческой памяти и в форме материального отображения. Первую форму обычно именуют идеальным или «личным» накопителем, а вторую «вещественным» накопителем».[3, с.221]

Особое место в системе доказательств и в контексте данного исследования занимают документы, которые можно отнести к каждой из названных групп, к каждому виду доказательств.

Понятие документа, в его современном представлении, возникло скорее всего с появлением письменности. В переводе с латинского языка слово «documentum» означает «свидетельство, доказательство». Однако еще до появления письменности люди в древности изображали на камнях значимые для них события, пытаясь таким образом сохранить полученный опыт и передать его будущему поколению.

В середине XIX века юристы стали уделять все больше внимания определению документа с позиции уголовного судопроизводства, так А.А. Жиленко под документом понимал «письменный акт, составленный в известной форме и предназначенный удостоверить известные правовые отношения и имеющие правовое значение события» [4, с.756]. На обязательный признак письменности обращалось внимание и в более поздних работах, например, такими учеными, как Н.Н. Полянский, Я.М Яковлев, Т.Л. Сергеева, Б.С. Никифорова и др . Хотя с появлением фотографии, киносъемки и иных технических средств фиксации определенных сведений или фактов все привычной, обыденной становились понятия «фотодокументы», «кинодокументы», «аудио и видео документы». С учетом данного обстоятельства Н.С. Полевой одним из первых высказался за то, чтобы рассматривать документы не только как информацию, зафиксированную в письменном виде, но и содержащуюся на иных носителях.[5, с.95]

До массового распространения научно-технических средств среди зарубежных ученых - процессуалистов также существовало мнение о том, что документами являются письменные носители информации, которые содержат человеческую мысль, зафиксированную при помощи письма. А уже в 1961 году польский процессуалист Т. Тарас отмечал, что под понятие документа должна попадать информация, содержащаяся не только

в форме письменных актов, но и в ином виде, в том числе и закреплённая при помощи технических средств. К числу таких документов относятся фото-, аудио-, видеодокументы, а в последнее время их перечень расширился за счёт документов на электронных носителях.

Понятие документа со временем расширяется, изменяются формы их хранения и передачи, что сопряжено с развитием научно-технического прогресса и социально-экономических отношений, в том числе связанных с уголовно-процессуальной деятельностью. В праве, в целом, и в уголовном процессе, в частности, документ отличают установленные законом реквизиты (печати, подписи уполномоченных должностных лиц, штампы и т.д.). Только документами подтверждается доказательственное значение устанавливаемых фактов.

С документами чаще всех приходится иметь дело юристам во всех отраслях права и сферах правоотношений. Анализ действующих законов показывает, что законодатель по-разному трактует понятие «документ». Так, в ст. 100 ГПК РК письменные доказательства определяются как «сведения об обстоятельствах, имеющих значение для рассмотрения и разрешения дела, акты, договоры, справки, деловая корреспонденция, иные документы и материалы, выполненные в форме цифровой, графической записи, в том числе полученные посредством факсимильной, электронной или другой связи либо иным позволяющим установить достоверность документа способом. К письменным доказательствам относятся приговоры и решения суда, иные судебные постановления, протоколы совершения процессуальных действий, протоколы судебных заседаний, приложения к протоколам совершения процессуальных действий (схемы, карты, планы, чертежи)».

Можно перечислять достаточно большое количество нормативных актов, в которых определяется понятие документа в зависимости от сферы регулируемых ими правоотношений, но наиболее точное и краткое его определение, на наш взгляд, дано в законе «Об информации, информационных технологиях и защите информации», как «...документированная информация (документ) - зафиксированная на материальном носителе путем документирования информация с реквизитами, позволяющими определить такую информацию».

В данном определении законодатель делает акцент на документированную информацию, подразумевая под ней документ, тем самым подчеркивая значимость информации, которая составляет основу любого документа. При этом информация определяется как сведения о лицах, предметах, фактах, событиях, явлениях и процессах независимо от формы их представления.

Если не будет информации, то практически исключается возможность раскрыть и расследовать совершенное преступление, поскольку деятельность в этом направлении есть не что иное, как процесс собирания, обработки и использования информации. Причем, следует подчеркнуть, не информации вообще, а розыскной и доказательственной или криминалистически значимой, то есть причинно связанной с событием преступления. Только такая информация из потенциально доказательственной может стать доказательством. Однако, для того, чтобы ее можно было использовать в этом качестве, она должна быть процессуально закреплена на материальном носителе. Любое сообщение, любые сведения о фактах могут существовать только в какой-либо материальной форме. В ч.2 ст.111 УПК РК дается перечень допустимых доказательств, который является исчерпывающим. Следовательно, процессуально закреплённая информация должна соответствовать одному из видов доказательств, обозначенных в перечне допустимых.

В целом правовая наука использует общее понятие «документ», но в процессуальном праве вводятся ограничения, выделяющие из общей массы документов только те, которые связаны с конкретными обстоятельствами расследуемого дела. Документ в этой области выполняет функцию доказательства, а также оформления судебных решений.

Как уже отмечалось, в 80-е годы, по мере развития информатики, проявилось более широкое представление о документе как материальном носителе информации. Примером тому может служить определение документа, данное Л.М. Карнеевой, П.А. Lupинской, И.В.

Тыричевым. По их мнению, «...документ - материальный носитель информации, в котором должностное лицо или гражданин зафиксировали сведения об обстоятельствах, имеющих значение для дела».[6, с.558]

Фактически с этих же позиций дает определение документа Т.В. Аверьянова: «Под документом, -пишет она-, понимают материально фиксированное отображение сообщений человека о фактах, имеющих юридическое значение. В материальном праве (уголовном, гражданском, трудовом, административном и др.) это будут зафиксированные юридические факты, которые удостоверяют возникновение, наличие, изменение и прекращение правоотношений. В процессуальном праве (уголовном, гражданском) документом является материальный объект, на котором официальное лицо или гражданин зафиксировали сведения о тех или иных обстоятельствах, имеющих значение для дела (уголовного или гражданского)».

Встречающиеся в практике расследования преступлений документы в криминалистике подразделяются:

- по назначению (удостоверяющие какие-либо факты или права и содержащие определенные сведения, например, справочного характера);
- по источнику происхождения (официальные, исходящие от государственных учреждений, и частные, исходящие от частных лиц);
- по способу изготовления (рукописные, машинописные, типографические, комбинированные, изготовленные средствами малой полиграфии и репрографии, а также с помощью фотографии);
- по очередности происхождения (оригинал, подлинник, копия -точное воспроизведение оригинала)."

Традиционно для изготовления документов используется бумага и краситель, посредством которых отображается информация, определяющая содержание и суть документа. Однако с развитием электронно-вычислительной техники появились электронные документы, которые могут храниться на материальных объектах. Но для того, что бы воспринять их содержание необходимо воспользоваться техникой, которая позволяет преобразовать соответствующую информацию в зрительно воспринимаемую или наглядную форму. Появление такого рода информации (представленной в электронном виде) вызвало необходимость выделения юридических свойств для использования ее в банковской и биржевой деятельности, в торговле, да и в целом в мировой экономике, а в связи с этим и в деятельности правоохранительных органов при доказывании по уголовным делам.

Мұндай әдістерді қолданудың негізгі мақсаты, ол қылмыскердің қылмыстың ашылуына кедергі жасау үшін қолданып отыраған айла-әрекеттерін әшкерелеп, іс бойынша объективті дәлелдемелер жинау.

Қылмыстық істерді тергеудің ары қарай өрбуі, тергеушінің қылмыстарды ашуға қажетті криминалистикалық әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, қалыптасқан типтік ситуацияға байланысты ары қарай тергеу бағыты анықталатындықтан, оларға сәйкес тергеу жағдайларының құру бағытының негізгі теориялық мәселелерін кешенді түрде зерттеу, соның негізінде ұсыныстар құру табылады. Ол құқық қорғау органдарының қызметкерлері, соның ішінде тергеушілер үшін тәжірибелік мәні бар. Тергеудің тактикалық жалпы ережелерін, мән-жайларын білу – тергеудің дұрыс құралдары мен әдістерін, оның бағытын анықтауға, қылмыстарды ашып, тергеу үшін ұсыныстар сипатындағы бағдар береді.

Қорыта айтқанда, болжау негіздерін қолдану маңыздылығы тергеудің сапалы жүргізуімен тікелей байланысты болғандықтан, тергеушінің жан-жақты шеберлігінің нәтижесінде, қылмысты тергеуде тактикалық тәсілдерді дұрыс, ұтымды қолданылуымен байланысты. Бүгінгі таңда оны талдау үшін көптеген жұмыстар жүргізіліп және іс-шаралар ұсынылып, сотқа дейінгі тергеуде, жалпы құқық қорғау органы саласында ұтымды ұсыныстар мен пікірлер айтылуда. Қылмыстың ашылуы қылмыстың жасалу нысанына қарай тергеуші қылмыстарға сипаттама бере отырып, дұрыс жоспар, тергеулік болжаулар тергеуді дұрыс ұйымдастыра білсе, қылмыстың ашылуына дұрыс септігін тигізеді деп санаймыз. Сондықтан бұл тақырыптың тәжірибелік маңызы өте зор деп ойлаймыз.

Қылмыстарды тергеуде тактикалық тәсілдерді пайдалануда білікті мамандар ұтымды қызмет атқарса, тергеу сапалы, әрі толық дәлелдемеге қол жеткізілген түрде ашылар еді. Тергеу болжауын дұрыс құрастыру, көріп отырғанымыздай, қылмыстың ашылуы барысына қаншалықты маңызды екенін байқатып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Электронды тасымалдауыш: <https://news.mail.ru/society/> «Названы самые часто совершаемые в Казахстане уголовные правонарушения»*
2. *Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан 28 тамыз 2009;*
3. *Ларин А.М. От следственной версии к истине. – М.: Юрид. лит, 1997 [Электронды тасымалдауыш]: <http://law.edu.ru>*
4. *Гинзбург А.Я., Оганов Н.И., Поврезнюк Г.И., Россинская Е.Р., Бегалиев Е.Н. Криминалистика негіздері Алматы, «Мектеп» 2007. - 129 б.*

10 СЕКЦИЯ. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРАВА, АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРОЦЕССА, АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Бериков Б.Б.

М. Есболатов атындағы ҚР ИМ Алматы академиясының 3 курс курсанты,

*Ғылыми жетекшісі: Ж.О. Саменова аға оқытушы, з.ғ.м., полиция аға лейтенанты
М. Есболатов атындағы ҚР ИМ Алматы академиясы*

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Аңдатпа

Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстар әртүрлі әлеуметтік жағдайлар нәтижесінде қоғамда үрдіс алуда. Осыған байланысты ПО қызметкерлері профилактикалық алдын алу жұмыстарын кең ауқымда жүргізуде. Бұл алдағы уақытта қылмыстың динамикасын түсіріп халықты қылмыстылықтан қорғау мақсатында жүргізіледі.

Түйін сөздер: Қылмыс, кәмелетке толмаған тұлға, профилактика, детерминация, криминология, психология.

Аннотация

В нашем обществе уголовные правонарушения совершенные несовершеннолетними в связи социальными положениями участились. В этой связи сотрудники ОВД проводят усердно и расширительно профилактические мероприятия. Цель проводимых профилактических работ сотрудниками ОВД в будущем снизят уровень и динамику преступности.

Ключевые слова: Преступление, несовершеннолетние лицо, профилактика, детерминация, криминология, психология.

Abstract

In our society, criminal offenses committed by minors in connection with social provisions have become more frequent. In this regard, ATS employees carry out diligently and extensively preventive measures. The goal of preventive work by ATS employees in the future will reduce the level and dynamics of crime.

Keywords: Crime, minors person, prevention, determination, criminology, psychology.

Қазақстанда соңғы уақытта орын алған ауқымды әлеуметтік-саяси өзгерістер, экономикадағы дағдарыс құбылыстары қоғамдағы әлеуметтік шиеленісудің артуына алып келді. Жаңа әлеуметтік шындық шарттарында жастар ортасындағы қолайсыз тенденциялар да күрт артты. Ересектер арасындағы осындай құбылысты тез қарқынмен басып озған, балалар қылмыстылығы, маскүнемдік және нашакорлық, қаңғыбастық кеңінен тарала бастады. Статистика мәліметтері көрсеткендей, кәмелетке толмағандармен 12 ауыр қылмыс жасалады, оның ішінде әр қылмыстың 16 - кісі өлтіру, 7 – қарақшылық және 5 – ұрлық. Әрбір екінші қылмыс жалпы білім беретін мектептер, лицейлер және гимназиялардың оқушыларымен жасалынады. Жасөспірімдер қылмыстылығының географиясы барынша ауқымды – ол Алматы, Қарағанды, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында, бұл жерлерде кәмелетке толмағандардың аяусыз кісі өлтіру фактілері тіркелінген.

Бұнда мемлекеттік органдардың өзара әсерін реттейтін нормативтік базаның болмауы, олардың әрекеттерінің келісілмеуіне алып келді, осының салдарынан барлық профилактика субъектілері, оның ішінде ішкі істер органдарының жалпы әлеуетінің тиімділігі күрт төмендеді. Олардың профилактикалық қызметі бұрынғысынша – барлық профилактика жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Алайда, профилактикалық үрдіске қатысушылармен ПО өзара қарым-қатынасының әлсіз құқықтық реттелуі, ПО арнайы профилактикалық қызметінің әрекетін реттеуші ескірген нормативтік база және күрт өзгертін объективті өмір шарттарына олармен қолданылатын құралдар және әдістердің үнемі сәйкес келе бермеуі, сондай-ақ олардың қызметінің тиімділігін төмендетеді. Осыған байланысты, ПО қызметін құқықтық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған оңтайлы шараларды іздеу, кәметке толмағандар құқық бұзушылығының профилактикасының қазіргі жүйесіндегі олардың орнын барыншай айқын анықтау бүгінгі таңда маңызды және өзекті болып отыр. Барлық профилактика жүйесін дамыту үшін заңда кәметке толмағандардың құқықтық қорғалуы механизмін бекіту ерекше орынға ие.

Кәметке толмағандардың құқық бұзушылығы профилактикасы мәселелерін көптеген авторлар қарастырған: Ю.М. Антонян, А.И. Долгова, Е.С. Жигарев, К.Е. Игошев, А.Б. Кавецкий, В.П. Лозбяков, Э.Б. Мельникова, Г.М. Миньковский, Е.С. Овчинский, С.А. Сысоев, М.Н. Цепкова және т.б. Бірақ олар тек бұл үрдістегі ПО рөлін үзінді қамтыды, негізінен оларды зерттеу криминологиялық сипатқа ие болды.

Аталған мәселе бойынша жалпы заңдық және арнайы ведомстволық әдебиеттерді тұтастай талдай отырып, кәметке толмағандардың құқық бұзушылығын ескерту саласындағы Ішкі істер органдарының профилактикалық қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз етудің негізін құрайтын мәселелердің маңызды бөлігі қарас-тырылмай қалғандығын атап өту маңызды.

Кәметке толмағандардың құқық бұзушылығы – қоғамға жат құбылыстармен: жастар және ересектер, ерлер және әйелдер құқық бұзушылығының болуымен негізделген күрделі әлеуметтік құбылыс.

Оның сипаттамасы жастар арасындағы құқық бұзушылықтың ашық суретін, құқық бұзушы тұлғасының дамуына ықпал ететін негізгі себептер және шарттардың кешенін ұсынады [1].

Кәметке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтарға тән ерекшелік олардың топтық сипаты болып табылады. Барлық топта және тұлғаның психологиялық кешені, және жасөспірім мінез-құлқы маңызды өзгерістерге ұшырайтыны белгілі. Тұлға - тұлғаға тән кейбір белгілерді жояды, және оның мінез-құлқы осы топты тұтастай сипаттайтын, психологиялық кешенге нысана-ланады. Бұнда тұлғаның белгілі бір түсінігі дербес игеріледі, дегенмен оған қоршаған орта тарапынан ықпал да жоққа шығарылмайды, әсіресе егер ол көзқарастарды, пайымдар мен ұстанымдарды жоққа шығармайды.

Жасөспірімдердің топпен байланысы кезінде бір-біріне өзара ықпал жүреді, ол әдетте олардың, тұтас топтың және оның жекелеген мүшелерінің өмір салтының өзгеруіне жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде, жасөспірімнің қоғамға жат ортаға өзіндік бағыныштылығын қалыптастырады, ол отбасымен, мектеппен, өндіріспен ажырауымен, кәметке толмағандардың мемлекеттік жүйенің мәдени-тәрбиелік ықпалынан нақты ажырауымен негізделеді.

Кәметке толмаған құқық бұзушылармен қарым-қатынас әдетте спирттік ішімдіктер қолданумен жалғасады. Алдымен алкоголь жақындатушы, жасөспірімдердің коммуникативтік байланысын жеңілдетуші фактор рөлінде шығады, ал осының салдарынан қоғамдыққа жат мінез-құлққа алып келеді және логикалық нәтижесі – қылмысқа алып келеді. Барлық құқық бұзушылықтардың 70% астамын кәметке толмағандар алкогольдік мас күйде жасайтыны кездейсоқтық емес.

Негізі алаңдаушылықты кәметке толмаған әйел жыныстылар арасында маскүнемдіктің таралуы туғызады. С.В. Турцевичтің мәліметтері бойынша, соңғы 10-15 жылда қыздар арасында (14-15 жас) маскүнемдер саны 1,7 есеге артты. 2,5 жылда ішетін кәметке толмаған тұлғасының қоғамға жат өзгерісі және маскүнемдігінің жас ерекшелік шегі төмендеді. Басты себептердің бірі әйел жынысты кәметке толмағандардың спирттік ішімдіктерді қолдануының артуының беделі артады, ол ересек әйел мінез-құлқының өзгерген стереотипімен, сәннің әлеуметтік-психологиялық феноменінің әсерімен тығыз байланысты.

Жастар арасындағы құқық бұзушылықты сипаттайтын маңызды жағдай, психикалық ауытқулары бар бозбалалар мен қыздар санының артуы болып табылады. Психикасы бұзылған балалардың көбеюі өмір қарқынының айтарлықтай жылдамдауымен, урбандалу және көші-қон шығындарымен, тұрғындардың спирттік ішімдіктерді қолдануының артуымен, кей жағдайларда – адамдардың жекелеген санаттарының моральдық қағидаларының төмендеуімен, ауруларды тіркеудің жақсаруымен және т.б. түсіндіріледі. Психикалық ауытқулар моральдық қағидалар және еріктік ресурстар әлсіздігі, әлеуметтік шикілік, конформдылық, бағыныштылық, иландырушылық, дербес еместік сияқты тұлғалық ерекшеліктер есебінен жасалған құқық бұзушылықтардың жасалуын «жеңілдетеді».

Маңызды айырмашылық қалалық және ауылдық жерлерде тұратын кәмелетке толмағандардың қылмыс-тылығын негіздейтін жағдайларда көрінеді. Қаладағы жасөспірімдер құқық бұзушылығы тұлға проблемасын және оның микроортасын көрсетеді[2].

Қалалық жердің ерекшелігі ауылдағыларға қарағанда көбірек, құқық бұзушылықтың жасалуын жеңілдететін объективті шарттар бар. Қалада құқыққа қайшы қастан-дықтар объектілерін таңдау көбірек болады. Тұрғындардың жоғары тығыздығы, қала тұрғынының құпия жағдайы бұрын сотты болғандарды тартады, себебі оларға қалада жоғалуға мүмкіндік береді және ішкі істер органдары тарапынан бақылаудан жалтаруға мүмкіндік береді.

Бұл кәмелетке толмаған құқық бұзушыларда жазаланбаушылық сенімінің артуын тудырады, құқық бұзушылардың іздерін жабу үшін мүмкіндіктерді арттырады. Қалалардағы әр түрлі сауықтыру орталықтарындағы шоғырланудың жоғары деңгейі кәмелетке толмағандардың ересек қылмыскерлермен байланысын жиілетеді, ол аралас қылмыстық топтардың қалыптасуына алып келеді.

Қала шарттарында жасөспірімдердің мінез-құлқын әлеуметтік бақылау ауылдық жерге қарағанда барынша бәсең, ол ата-аналардың өндірістегі үлкен жұмыс бастылығымен, үй жағдайындағы балалар және ата-аналардың бірлескен еңбегінің болмауымен, қалалық отбасындағы аз тұрақтылықпен, сонымен қатар ата-аналар арасындағы жанжалмен түсіндіріледі. Ең соңында, қаланың әр түрлі көлік құралдарымен толығымен құқық бұзушыларға аз уақыт ішінде құқық бұзушылық немесе қылмыс жасалған орыннан барынша үлкен қашықтыққа алыстауға мүмкіндік береді. Сәйкесінше қарама-қайшылық та туады: қалада ауылмен салыстырғанда жастардың барынша жоғары білімдік және мәдени деңгейі бар, театрлар, көрмелер және тұлғаның басқа да адамгершілік тәрбиесі үшін басқа да мүмкіндіктер бар, бірақ қылмыстылық та соншалықты жоғары.

Шамасы, қала тұрғындарының білімі және мәдени деңгейінің сапалы мазмұнында жатса керек. Өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбие жұмысындағы шығындар оның белгілі бір бөлігінде тұрақты адамгершілік принциптері мен көз жеткізулерді қалыптастыруға мүмкіндік бере бермейді [3].

Жетістікті профилактикалық қызметке қажет алғышарт жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарды жасауына жағдай жасайтын шарттар мен себептерді зерттеу болып табылады.

Қоғамдағы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы қолайсыз топтардың екі тобының болуымен негізделген: біріншісіне жалпы құқық бұзушылықтардың себептері жатса, екіншісіне – кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын тудыратындар жатады.

Осы жұмыста жасөспірім тұлғасының дамуы мен қалыптасу ерекшеліктерін, әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын ескере отырып, кәмелетке толмағандармен жасалынған құқық бұзушылықтың барынша маңызды себептері мен шарттары ғана талданады.

Отбасы тәрбиесінің шығындары.

Отбасының тәрбиелік мүмкіндігі келесі жағдайлар кешенін құрайды:

- материалдық және тұрмыстық шарттар, саны, құрылымы, идеялық-адамгершілік, эмоционалды-психологиялық және отбасының еңбек атмосферасы; ата-аналардың өмірлік және кәсіби тәжірибесі;

- отбасының бос уақытын ұйымдастыру, отбасылық дәстүрлер, отбасышылдық қарым-қатынастың сипаты және жүйесі;

- білім деңгейі және ересек мүшелердің педагогикалық мәдениеті (бірінші кезекте ата-аналар), олардың арасындағы тәрбие міндеттерін бөлу; ата-аналар және жұртшылықпен өзара байланыс.

Тұлғаның адамгершілік өзгеруі негізінде кәмелетке толмағандардың отбасы тәрбиесінің шығындары жатыр, олар әдетте төмендегілердің салдары болып табылады:

- балаларды тәрбиелеу мәселелеріндегі ата-аналардың келіспеушілігі және төмен мәдениет;

- балаға шамадан тыс қатаңдық немесе шамадан тыс қамқорлық;

- толық емес отбасы немесе оны адамгершілік ажырату. Эмоционалды байланыстың, балаға жылы қарым-қатынастың, сонымен қатар тиісті бақылаудың болмауы және балалар мүдделерін білмеу әдетте үйден қашуға, қаңғыбастыққа және құқық бұзушылыққа жасауға алып келеді.

Бұнда қатал қарау басты түрде жүйелі ішімдікпен, психикалық ауытқулармен, ата-аналардың діни нанымдарымен байланысты. Аталған қолайсыз құбылыстың салыстырмалы таралуы балалар мен жасөспірімдердің қылмыстық-құқықтық қорғалу шараларының тиімсіздігімен негізделді. Сөйтіп, барлық ықпал ету шараларынан ата-аналарға ықпал етудің 37% құқықтық емес сипатқа ие болды (сұхбаттар, иландыру, көз жеткізу). Негізінен қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылды, және тек 15% жағдайда айыптылар қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Бұндай жағдайларда, біздің ойымызша, заңмен белгіленген мүмкіндіктерді кеңінен қолданған жөн: бұндай ата-аналардың әрекетін шектеу, балаларды отбасынан алу және оларды ата-ана құқығынан айыру арқылы және онсыз да балаларды тәрбие мекемелеріне орналастыру, балаларды басқа туысқандарына қамқорлық немесе қайырымдылық белгілеу арқылы беру. Сөйтіп, балалардың отбасындағы дұрыс тәрбиесіне әдетте өзінің лайықсыз мінез-құлқымен жаман үлгі көрсететін ата-аналардың өздері зиян тигізеді. Қарастырылған отбасы тәрбиесіндегі шығындар әдетте мектеп тәрбиесі саласындағы кемшіліктермен шиеленіседі.

Мектеп тәрбиесінің қолайсыз факторлары келесілермен негізделеді:

а) оқу-тәрбие үрдісіндегі басшылықтың төмен деңгейімен;

б) оқудың тәжірибеден ажыратылуымен;

в) тәрбие мәселелеріндегі формализммен;

г) тәрбие үрдісіндегі локальдылықпен;

д) білім алушылардың құқық бұзушылықтарын мектеп әкімшілігінің құқық қорғау органдарынан жасыруымен.

Мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне әлсіз басшылық оқыту мен тәрбиені жүзеге асырудағы ақаулардың болуы, оқыту және тәрбиенің озық тәсілдері және әдістерін тиімді қолданбау, жалпы тәрбиенің теориялық мәселелерінің жеткіліксіз әзірленуі салдарынан болып табылады. Белгілі болғандай, оқушылар көптеген оқу пәндері бойынша белгілі бір білім көлемін алады, ал адамгершілік, эстетикалық тәрбие мәселелері әдетте шешілмей қалады. Бір жағынан, мектеп, қажет әдістемелер мен әзірлемелерде кемшіліктерге ие болады, ал екінші жағынан оқытушылық кадрлар бүгінгі күні оқыту және тәрбие тұтастығы мәселелерін шешуге толық дәрежеде дайын емес.

Көптеген отбасыларда мектеп жасындағы жасөспірімдер ата-аналарының шамадан тыс жұмыс бастылығы салдарынан уақыттың маңызды бөлігі өздеріне ұсынылған. Қоғамдық жастар ұйымдары, мәдениет, ағарту министрліктерінің мектептен тыс мекемелері елдің жасөспірім тұрғындарының өте аз бөлігінде ғана ұйымдастырылған бос уақытты қамти алады. Бұдан басқа, көптеген клубтар қызметінің сипаты достастық емес кездесулер табиғатына сәйкес келмейді. Дегенмен олар жалпы алғанда жалпы әлеуметтік функцияларды

орындайды, тек кейбір жағдайларда жастардың бос уақыттағы қарым-қатынасының орталығы болып табылады. Көптеген қиын жасөспірімдер өз бос уақытын ұйымдаспаған түрде өткізеді, стихиялық – әр түрлі формальды емес топтарда ассоциалды бағытпен өтеді. И.С. Полонский атап өткендей, қоғамдық пайдалы жұмыспен қамтылмаған немесе ондағы өз көзқарасымен қанағаттанбайтын 11-12 жастағы жасөспірім-дерде, ұйымдастырушылық белсенділігінің орталығы сыныптағы формальды емес салаға ауысады, және әсіресе ол одан тыс болғанда. 14-15 жаста бұндай жасөспірімдер сыныптың қоғамдық өміріне қызығушылығы мүлде жойылады, керісінше көшеде олар кішілер тобында өздерін белсенді нығайта түседі. Бұл тұрғыда Е. Богатпен «Құрдымда» мақаласында айтылған, сот тәжірибесінен мысал келтірейік.

Қызмет көрсетілетін аймақтағы криминологиялық және жедел жағдайды талдау негізінде қоғамдық тәртіптің бұзылуымен барынша қамтылған ықшам аудандар, бұқаралық демалыс орындары, жастардың жиналуы – көріністік мекемелер, базарлар, вокзалдарды анықтау ұсынылады.

Жалпы профилактикада ішкілік көріністері және онымен байланысты кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының жалпы профилактикасында маңызды орынды еңбек ұжымдарына, жұртшылыққа, дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары, жұртшылық, еңбек ұжымдары, заңнамалық нұсқауларға уақытылы қарау болып табылады. Бұл жекелеген жасөспірімдерге теріс ықпалдардың көздерін бейтараптандыруға мүмкіндік береді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлық профилактикасы жалпы және жекеге бөлінеді. Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың жеке және жалпы профилактикасын жүзеге асыруда ішкі істер органдарының барлық қызметтері мен бөлімшелері өз құзыреті шегінде қатысады.

Барлық профилактикалық үрдісті шартты түрде әрқайсының өзіне тән жұмыс әдістері мен нысандарына тән жекелеген бағытта бөлуге болады. Есірткінің жалпы және жеке профилактикасындағы негізгі бағыттарды бөлу осы қызмет түріне қатысуға шақырылған барлық субъектілердің мүмкіндіктерін толық қолдану мүмкіндігін береді.

Жалпы профилактиканы ұйымдастыру. Профилактиканы ұйымдастыру тұрғысында жетекші рольді ішкі істер органдарының барлық қызметтері мен бөлімшелері және бәрінен бұрын қалалық, аудандық органдардың кімелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімдер және криминалдық полиция аппараттарына тиесілі [4].

Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың жалпы профилактикасы – бұл экономикалық, ұйымдық, психолого-педагогикалық мінез-құлық өлшемдерінің жиынтығы, сонымен қатар дәрігерлік, заңға сүйінген және идеологиялық, бағытталғандардың рұқсат етпеуге тартулар - есірткі құралдарын тұтыну.

Ішкі істер органдарының жалпы профилактикалық қызметі белгілі бір нысандар мен әдістерге ие болды. Сөйтіп, бекітілген ережелерінің сақталуы, есепті тасулар, есірткі құралдардың шығындауының, емдіктерді мекемелерде ерекше назарға ие болады. Бұндай тексерістер барысында денсаулық сақтау органдарының, прокуратура, ішкі істер органдарының өкілдерімен, лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін орындамауы анықталады, оларға тәртіптік, ал қажетті жағдайларда - әкімшілік және қылмыстық нормаларын қолданады.

Осыған байланысты әсіресе барлық педагогикалық қызметкерлерді есірткіге қарсы тәрбие және насихат, профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыруда оқыту мәселесі әсіресе өзекті болып отыр. Зерттеу барысында оқушылардың есірткі және улы заттарды қолдану фактілері атап өтілді, кәсуби мектептің оқытушылары және шеберлері, мектеп мұғалімдері есірткіні тұтынушы кәмелетке толмағандарды анықтау әдістерімен қарулану әдістерін анықтау міндеті қойылды. Анықталғандай, шамамен 40% ұстаздар есірткі, психотропты және улы заттардың айырмашылығын білмеген, тек ір бесінші сұралған ұстаздар есірткінің не екенін атаған. Тәрбиешілердің барлығы жасөспірім ағзасына улы және психотропты заттардың әрекеті мен қасиеттерін атай алмаған.

Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғаудың тиімділігі барынша жоғарылар еді, егерде алдын алушылық іс-шараларына жергілікті қоғамдастықтар аумағында орналасқан кәсіпорын, ұйым мен мекемелердің құрамынан ашылатын халық жасақтары, полицияға ықпалдастық көрсететін жастар жасағы түріндегі басқа да құқық қорғау бағытындағы құрылымдарды тартуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз.*
2. *Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі.*
3. *Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199 Қазақстан Республикасының Заңы.*
4. *«Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» 2004 жылғы 09 шілдедегі №590 Қазақстан Республикасының Заңы.*

11 СЕКЦИЯ. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СЕМЕЙНОГО ПРАВА

Кабылбеков С.Е.

*Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының магистранты
з. э. к., доцент Ибраев Н.С.*

КӨШПЕЛІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ

Аңдатпа

Аталмыш Қазақ халқында «Бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық-акжаулық, үшінші байлық-онсаулық» деген үш тармақты, бір бүтін аталы сөздің бар екені мәлім. Мұны өмір пәлсапасы деуге де болады. Қазақтар «ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондыруға» үлкен мән берген. Халықтың өсіп-өнетін жанұясы-жас жұбайлардың шаңырағы. Қыз бен жігіттің бас қосып үйленуі сырт қарағанда олардың жеке өз істері сияқты көрінгенімен бұл бүкіл халық мүддесімен, оның болашағымен ұштасып жатқан қоғам өмірінің өзектес құбылысы екені айқын. Сондықтанда, ежелден ата-аналар балаларын кезінде үйлендіріп, жақсы келін түсіруді мұрат тұтып, мұны тікелей өз қолдарына алып отырған. Оның себебі де бар. Бір үйлі жанның, тіпті бір ауылдың тіршілігін алдымен келетін келін бастайды. От бар жерде өмір бар, жылу береке бар. Сол отты жағуды халқымыз келінге сеніп тапсырған. Бүгінгі жас келін-ертең өмірді жалғастырушы, ұрпақ әкелетін ана. Халқымыз ананың өнегелі, өнерлі, сабырлы, салмақты, сыйласымды, тәрбиелі болуын мақсат еткен. Он бесте отау иесі деп, өздері жақсы білетін, араласып-құраласып жүрген, көргенді жерге құда түсіп, ұлдарын үйлендіріп, қыздарын тұрмысқа берген. Тәртіпсіз, ауызбірлігін ашар отбасымен ешкім қыз беруге не қыз алуға ұмтылмаған.

Түйін сөздер: Некеге тұру, әйел құқығы, әдет құқығы, қазақ қоғамы

Аннотация

Известно, что в казахском языке есть три слова: «Первое богатство - здоровье, второе богатство - жизнь», третье богатство – десятикратное здоровье ». Можно сказать, что жизнь - это философия. Казахи уделяли большое внимание «в женитьбе своих сыновей, и в выдаче дочерей замуж». Растущая семья населения - дом молодых пар. Понятно, что брак девушки и юноши кажется личным делом, но это значимое явление в жизни общества, что отвечает интересам всей нации и ее будущего. Поэтому с самых ранних времен родители должны были заботиться о своих детях во время их брака и иметь хороший брак. Есть также причина для этого. Первый брак начинается с прибытия одного человека, даже деревни. Здесь есть огонь, есть тепло. Сжигание этого огня было поручено нашему народу невестой. Сегодняшняя молодая невеста-мать - это свекровь, которая приносит ей жизнь. Наши люди целенаправленно стремятся быть моральной, творческой, спокойной, уважительной, уважительной и воспитательной матерью. В пятнадцать лет считается, что мужчина глава семьи, он хорошо знал, переплелся, видел землю, женился на своих сыновьях и женился на своих дочерях. Никто никогда не стремился выдать свою дочь в семью с грубым нравом.

Ключевые слова: Брак, права женщин, обычное право, казахское общество.

Abstract

It is known that there are three words in the Kazakh language: "The first wealth is health, the second wealth is life," the third wealth is skill. " It can be said that life is a philosophy. The Kazakhs paid great attention to "planting their sons in the nest and brood their daughters on the streets." The growing family of the population is the home of young couples. It is clear that the marriage of a girl and a young man seems to be a personal matter, but this is a significant phenomenon in the life of society, which is in the interests of the whole nation and its future. Therefore, from the earliest times, parents had to take care of their children during their marriage and have a good marriage. There is also a reason for this. The first marriage begins with the arrival

of one person, even the village. There is fire, there is heat. Burning this fire was entrusted to our people by the bride. Today's young mother-in-law is the mother-in-law who brings her life. Our people purposefully strive to be a moral, creative, calm, respectful, respectful and educative mother. In the fifteenth year, he was known as the owner of the family, he knew well, intertwined, saw the land, married his sons and married his daughters. No one could ever give a girl or girl with a rough or unequal marriage. New members coming from home are descended from the "stranger," introducing the traditions of their tribe.

Keywords: Marriage, women's right, habitual right, Kazakh society

Адам өміріндегі ең бір қызықты да ұмытылмас белең, оның үйленіп жеке отау тігуі. Бұл орайда қазақ елінің ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойғы сақталып келе жатқан өзінің салт-дәстүрлері бар. Бұл әдет-ғұрыптар ұрпағының келешегін, нәсілінің болашағын ескертуден туындаған. Үйлену, өз алдына отау тігіп, түгін түтету ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тарихи салт, құбылыс.

Қазақ халқында «Бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық-акжаулық, үшінші байлық-он саулық» деген үш тармақты, бір бүтін аталы сөздің бар екені мәлім. Мұны өмір пәлсапасы деуге де болады. Қазақтар «ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондыруға» үлкен мән берген. Халықтың өсіп-өнетін жан ұясы-жас жұбайлардың шаңырағы. Қыз бен жігіттің бас қосып үйленуі сырт қарағанда олардың жеке өз істері сияқты көрінгенімен бұл бүкіл халық мүддесімен, оның болашағымен ұштасып жатқан қоғам өмірінің өзектес құбылысы екені айқын. Сондықтан да, ежелден ата-аналар балаларын кезінде үйлендіріп, жақсы келін түсіруді мұрат тұтып, мұны тікелей өз қолдарына алып отырған. Оның себебі де бар. Бір үйлі жанның, тіпті бір ауылдың тіршілігін алдымен келетін келін бастайды. От бар жерде өмір бар, жылу береке бар. Сол отты жағуды халқымыз келінге сеніп тапсырған. Бүгінгі жас келін-ертең өмірді жалғастырушы, ұрпақ әкелетін ана. Халқымыз ананың өнегелі, өнерлі, сабырлы, салмақты, сыйласымды, тәрбиелі болуын мақсат еткен. Он бесте отау иесі деп, өздері жақсы білетін, араласып-құраласып жүрген, көргенді жерге құда түсіп, ұлдарын үйлендіріп, қыздарын тұрмысқа берген. Тәртіпсіз, ауыз бірлігі нашар отбасымен ешкім қыз беруге не қыз алуға ұмтылмаған. Үй ішіне келетін жаңа мүше-келін, келін-«жат» жұрттан келеді, өз руының салт-санасын ала келеді. Елінің жақсы әдет-ғұрпын әкелсе, нұр үстіне нұр, жаман әдетін әкелсе, рудың қалыптасқан тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын бұзуы да мүмкін. Сондықтан қариялар үйленетін жасты ондай «хауіптен» күні бұрын сақтандыра бастайды. «Әйел-ердің көркі», серігі болғандықтан осылай сараптаған.[1]

Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдары үйленуді екі жолмен іс жүзіне асыруды талап етеді: атастыру және айттыру. Екі жастың бір-бірін сүйіп қосылуы да кең етек жайған. Атастыру қыз бен баланың ата-аналары сәбилердің жас кезінде келісу арқылы, барлық рәсімдерді жасап, кәмілеттік жасқа толғанда үйлендіруге уәделеседі. Атастыру негізінде бір-бірімен етене жақын, достар, тамырлар, құда-жекжаттар арасында болатын әдет-ғұрып. Бұл дәстүрдің басы салтанатты той-томалақпен, көпшіліктің басын қосу кезінде жарияланады. Болашақ жұбайлардың әке-шешелері бір-біріне ат мінгізіп, шапан, көйлек кигізу, сақина, білезік салумен, сөзбен шарт жасасып аяқталады. Оның түп негізі - ата дәстүріне адалдық, ар-намыстан аттамау, құдандалықтың адал ғұрпына беріктік, аттастырудың басы қызық, соны бұзық болмауын күйттеу, өйткені атастырылған сәтте бесіктегі ұл мен қыздың екі жарты-бір бүтінге айналатын құпия рухани құбылысқа тең болмағы даусыз. Екі жақтың ата-аналары жас кезінен бала мен қызының саналарына олардың атастырылғанын айтып, тәрбиелік жұмыс жүргізеді. Ол атастырылған жас қыздың «қолбала» кезеңі. Бұл - қалыңдық қыздың шамамен он жастарға дейінгі кезеңі, келешек ата-енесінің қолында қалыңдық есебінде емес, «қолбала» есебінде бір мезгіл тұруы. Ол кезде келешек келін болашақ күйенің жұбайы есебінде емес, қайын енесінің сол жағында (ал оның өз қызы оң жағында) жатып, осы үйдің бір баласы сияқты жүреді. Бұл салттың қыз бала психологиясын келешек келін болуға тәрбиелеудегі маңызы өте зор.

Себебі, мінез-құлқы қатаймаған жас қыз бала күнінен осы үйде не нәрсе жақсы десе, соны жақсы деп, нені жаман десе, соны жаман деп қалыптасады. Осы үйдегі келешек қайын енесінің тамақ даярлау, малға қарау, қонақ күту, үй тұрмысын ұстау әдеттері мен ерекшеліктерін тез және табиғи нәрсе деп қабылдайды, үйдегі ыдыс-аяқтың қайда екеніне дейін жатқа біліп өседі. Ертеңгі күні келін болып қайта келген кезде сол отбасы әдет-салттары, құндылық-бағалық жүйелері өзінің ішкі дүниесінің құндылық-бағалық шарттары есебінде қабылданады. Яғни, келін мен келешек отбасы мүшелері арасындағы психологиялық айырмашылықтар мен олардан туындауы мүмкін деген психологиялық қарым-қатынастардағы қайшылықтардың тамыры өте аз болады, олар үйлесімді түрде сәйкестене кетеді.[2]

Сонымен бірге, қолбала қыз өзінің келешек күйеуімен бала күнінен бірге ойнап, достасып, көңіл қуаныштары бір күйде, үндес болып өседі. Ертеңгі күні келін боп бұл үйге қайта келгенде, ол тек күйеуіне ғана емес кешегі күні бірге ойнап өскен досына қайтып келеді, оған деген көңілі бұрынғыдан да ыстық болады. Бұл кезде келіннің келешек ата-енелері де оған бауыр басып, оның мінез-құлқы ерекшеліктерін алдын - ала түсініп, кейін соны ескереді, өздері де соған бейімделеді. Соның нәтижесінде, әсіресе қыз баланың болашақ қайын жұртына, болашақ күйеуіне деген бейімділігі нақтылы түрде қалыптасады. Егер ол отбасының жақсысы құлағына шалынса, онда оның көңілі көтеріледі, ол отбасы оған ертеректен жылы тартады, ал оның жаманаты, кемшіліктері намысына тиеді. Оның мұндай көңіл-күйін білетін қасындағы құрбы-құрдастары қосыла мақтаныш етіп немесе келеке қылып үстемелейді. Бұл да қазақ халқының этникалық ерекшеліктерінің, ұлттық психологиясының өзіне тән бір көрінісі. Сөз арқылы жеке адамның мінез-құлқын қалыптастырады, өзгертеді.[3]

Осыған орай дүние жүзіне өзінің нейрофизиологиялық зерттеулерімен танымал болған Токио университетінің профессоры Таданобу Цунода өзінің 15 жылдан астам уақыт мерзімі ішінде зерттеулерінің нәтижесінде адам мінезінің қалыптасуына генетикалық факторлар, яғни тұқым қуалайтын қасиеттері әсер етпейді, керісінше, мінез-құлқы, әлеуметтік көзқарастың қалыптасуы есту арқылы болатын құбылыс деп тұжырым жасайды. Яғни, жеке адамның мәдениетінің, болмыстық қасиеттерінің, мінез-құлқының қалыптасуы информацияның, сөз құдіретінің нәтижесі. Қазақтың «сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады», «сөз сиқыры тіл байлар», «сөз пышаққа ұқсамаса да, пышақтайды», «сөз сүйектен өтеді, «сөз білмеген жұдырық жұмсайды», «сөз атасы - ақыл, анасы – тіл» деген даналық, философиялық мәні терең халықтың ғажайып парасат жан дүниесі ғалым Таданобу Цуноданың ашқан жаңалығын одан ертерек, Тәуке ханның тұсында дәлелдеп, айтып кеткеніне қайран қаламыз. Бұл да көшпелі қоғамның қайталанбас этникалық қасиеттерінің сипаты болып табылатыны ешқандай күмән туғызбаса керек және сөз арқылы тәрбиелеуді терең зерттеу ерекше проблема.[4]

Көшпелі қоғамда айттыру - балалардың әке-шешелері тарапынан іске асырылатын әрекет. Көшпелі қазақ дәстүрінде басы бос бойжеткен қызды кәрі-жас, бай-кедей, жақсы-жаман демей, қалаған адам айттыруға ерікті, хақылы болған. Оны ешкім айып-шам көрмеген. Кәмелетке толған баласына өздеріне ұнаған, көңілдері түскен үйдің ата-аналарымен қызын беру туралы сөз салады. Айттыру мақсаты кездейсоқ қатынастарға жол бермеу және қадірменді, текті, ел құрметіне бөленген адамдармен құда болу. Себебі, ақылды келін отбасының бақыты, жанұяның тұрағы, келісімділік пен татулықтың қайнар көзі. Айттыру арқылы қиылған некеде ерлі-зайыптылардың арасында келіспеушілік пен қақтығыстар аз болған. Бола қалғанның өзінде олардың ата-аналарымен ақсақалдар кеңесінің даналық сөздері мен ақылдары үлкен әсер еткен. Сөйтіп, қарама-қарсылықтарға жол бермеген. Айттыру әр түрлі нәтижемен аяқталып отырған, нәтижесіз болғаны да көп кездесіп отырған. Себебі, қыздарының дәулетті, текті жерге баруын қалаған ата-аналары бұрын етене таныс емес адамдарға қыздарын беруге онша ниеттері болмаған. Мұны талай аңыз, ауыз әдебиеті дәлелдейді. Өз еркімен, яғни ата-аналарының ақ батасын алмай қосылған болса ел

арасында үлкен дау туып отырған. Мұнда айттырылып қойған қызды алып қашқан жігіт те, онымен бірге қашқан қыз да айыпты деп танылып, оларға өлім жазасын кесуге дейін барған.

Қазақ ақсүйектерінің өз баласына басқа бір елдің атақты руларының ішіндегі өзіндей даңқты адамдарымен құда болуының мәні «өзіне терезесі тең» атақты адамды жақын жекжат ету болса, екіншіден, жауласушы ру басшылары бір-бірімен құда болып бітімге келген, ал үшіншіден, жаугершілік, барымта өріс алып тұрған ерте заманда қол жинап, қара көбейтіп ортақ жауға бірге аттануға да пайдасы тиген. Көшпелі халықтың неке тарихынан дерек беретін алғашқы құнды пікірдің бірін Ы. Алтынсарин өзінің «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлері» атты очеркінде бұл мәселенің шығу тарихына тоқталып, «Қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнағанын баяндайды. Жауласып отырған рулардың басшы адамдарының бір-бірімен құда болуы жеке рулардың өзара татуласуына, одақ жасап, бірігіп, күшеюіне себепші болған», - деп ғылыми тұжырым жасайды.

Кейбіреулер бір-бірінің қысылғанда қатты көмегін, жақсылығын көрген, бір-біріне сый-қадірі өткен иықтас адамдар тіршілікте араларын үзбей адал достық көңілдерін туысқандыққа ұластыру үшін өзара сүйек жаңғыртып құда болысқан. Бұған, аға сұлтан Құнанбайдың істі болып кетіп бара жатқанда Қарқаралы дуанында Құнанбайдың Алшынбай бидің көп көмегін, жақсылығын көріп, достығы құдалыққа ұласып Ділдені Абайға айттыруы осыған дәлел.

Көшпелі қоғамда қазақтар қыз тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. «Қыз баққаннан қысырақ баққан оңай», «Қызға қырық үйден тыю» деген сөз бұл қыз балалардың семьядағы тәрбиесі, өмірге бейімділігі, білімділігі, әдептілігі, сезімтал да саналы биік болсын деген ойдан туған, жауапкершілік. Бойжеткен қызды әжелерінің түнде іргесіне алып жататыны, анасының көзінен таса етпейтіні, біреулердікіне қондыртпайтыны, бәрі-бәрі төсек тойының ата-ана бетіне шіркеу келтірмеуі үшін алдын-ала жасалынған қамдар. Бұрынғы заманда ата-аналары, жеңгелері, апалары мен жанашырлары қызды көзден таса қылмаған, алып-ұшпа сезімді тежей білуге дағдыландырып, қазіргідей тым еркін жібермеген, әдеп жолынан аттаттырмаған. Қазақтың құда болатын кісінің түп-тамырын, тегін, ақылдылығын, дәулеттілігін, олардың ұрқында «бедеулік» бар ма, жоқ па, жекжат болуға жарайма-жарамай ма дегенге дейін алдын-ала болжап жатуы осы өмірлік қажеттен туған.[5]

Өсер тұқымы мен өнер ұрпағына барлық үмітін артатын қазақ әрқашан ақылды, парасатты, тәрбиелі, көргенді келінді көкसेген. «Ат - биеден туады» деп тұспалдаған. Келінге болашақ отаудың шырақшысы, тұлғасы деп сенім артқан, құрмет көрсеткен. Қазақ дәстүрінде отбасының бүкіл тағдыры, тамыр жаюы, бала тәрбиесі аналарға ғана байланысты деп қаралған, «анасын көріп қызын ал» деген қағидаға жүгінген. Сондықтан, жігіттердің діттегенін орындауы үшін қыз таңдауына ерік беріледі. Кей жағдайларда ауыл қыдырғай, ерулік апарғай барып, жігіттің шешесі, апайы, жеңгелері, қарындастары да қызды көріп қайтатын салттар ауыл арасында жиі кездеседі. Болашақ келінді алдын-ала көру көшпелі қоғамда «дұрыс мәселе» деген салт-дәстүрлік танысуларға саяды. Себебі «көріп алған келін көрім болады деседі халық». Сол сияқты қыз таңдаған жігітті қыз да өзінің қатал сынағынан өткізуі керек. Өзін қалағанын қыз ұнатса - жігіт бағының жанғаны, қомсынса-соры. Зорлық жүрмейді. Сол үшін жігіт елді сүйсінтер ісімен, назар аударарлық мінез-құлқымен, парасатымен көзге түсуі тиіс.[6]

Көшпелі қазақ салтында құдаласудың түрлері көп. Әкелердің көңілі табысқан достығынан да құдаласу қатынасы орнайды. Алайда ең көп тарағаны-серілікпен табысқан қыз таңдау тәсілі. Салт бойынша қыз таңдау-жігіттің міндеті. Қыз таңдау тек бет-жүзіне, шырай-ажарына ғана қарап шешім қабылдау емес. Соған қоса жігіт өзі таңдап, қалаған қыздың мінезін, білігін, бойына сіңірген үлгі-өнегесін де пайымдайды. Қандай жағдайда болса да, ыңғайын тауып, ауызба-ауыз сөйлеседі. Орайы келсе әзіл-қалжыңымен көңілін аударып, сыр тартады. Мұндай тұста қыздың да қарап қалмайтыны белгілі. «Қыз көретін жігітті біз көрелік» деп, жігіттің қабілет қарымын, ой шалымын екшейді. Діттеген деңгейіне дөп келсе, жарастық ыңғайын сездіреді. Осындай көңіл табысқан жарастықтан кейін барып

жігіт әке-шешесіне өзінің мақсатын мәлімдейді. Үй-іші үшін бұл үлкен қуаныш Көшпелі қауымда жігіт әкесі алыс ағайын, жақын жекжаттың бәрін асықпай жүріп алысқа сапарлап ұзақ аралайтын болған. Неге аралайды? Не іздейді сонда? Үйдегі азамат болған баласына ақылына көркі сай, сымбаты мен сыны келіскен айтыраттын келін іздейді. Өйткені, ол өз әулетіне өзі жауапты болғандықтан, ертеңгі өз ұрпағының ұсақталмай, керісінше, кемелдендіре түсу үшін әке ретінде қам жасайды. Жігіт әкесі тарапынан қыз таңдау, қыз көру аяқталғаннан кейін айттырылатын қызға құда түсуге кіріседі. Құда түсу қалыңдық таңдаудан кейін жүргізілетін. Оны қыз әкесіне «жаушы» ретінде кісі жіберуден бастайды. Жаушының негізгі міндеті-қыздың әкесінің ниетін біліп, егер ол қарсы болмаса құдалыққа қай уақытта келетіндігі туралы келісіп қайту. Құдаласушы екі жақтың бір-біріне тең, үйлесімді болуына халық айрықша мән берген. Құдалыққа келген жаушы. жарастырушылар сөздерін астарлап, жұмбақтап, тұспалмен айтып, көңілге тиіп қалмау жағдайына да зейін қойған. Мысалы:

Сізде бір сұңқар екен,
Сары алтындай салмағы,
Қыз біткеннің саңлағы,
Соған сырға салсам деп,
Құлдық ұрып, мал беріп,
Келін етіп алсам деп,

Қайыра келдім еліңе. Құдаласа келген жақтың тілегін қабыл алмаса, түрлі сылтау айтып созбалаққа салып, тікелей жауап бермей кейінге қалдыратын болған. Ал қабыл алып, келісілген жағдайда қалың мал мәселесі жөнінде пәтуаласады. Мұндай келісімнен кейін қыздың әкесіне «қарғыбау», анасына «сүт ақысы» өткізіліп, фатиха-бата сөздер айтылады. Құдалардың құрметіне көңіл көтерерлік кішігірім той жасап «құда тартыс» аталатын жол-жоралғылар жасалады. Сонан соң қыз әкесі құдалардың келу уақытын белгілеп, жаушыны аттандырады.[7]

Қыз әкесінің жылы лебізін әкелген жаушы келісімен жігіт әкесінің үйіне жанашыр туыстар жиналып, құдалыққа кімдер баратыны және аттану мерзімі белгіленеді. Бас құда болып, көбінесе, жігіт әкесінің жөн білетін сенімді туысының бірі барады. Бұрын таныс-біліс болмаған жағдайда, екі жақ бір-бірінің ата-тегін, дәулетін, адамшылық және басқа жағдайларын сұрап тектесіп, жай-күйлерін ұғысады. «Құда болғанша құдалығыңды сұрас, құда болған соң құлда болсаң сыйлас», - деп қазақтың жақсылары тегін айтпаған көрінеді. Ондағы мақсаты-қандастық жақындықтың шығып қалмауы. Осындай өсер ұрпағын қиыншылыққа ұшыратпай, қамқоршы болу және екінші жағынан сүйеуі болар құдалық туысынан ажырап қалмау ниетінен туған заң-қағидалар бізді терең ойға қалдырады. Сонан кейін ашық пікірлесіп, қалың мал мен алыс-беріс мәселесіне келіседі.

Келетін құдалардың саны үш-төрт кісіден, кейде одан да көп болуы мүмкін, мұның өзі негізінен қалың мал мөлшеріне, құдалардың ауқаттылығына байланысты болды. Н. Маковецкий деректерінде құдаласқандар неғұрлым белгілі адамдар болса, келетін құдалар да соғұрлым көп болады, кейде жиырмадан да асып кетеді дейді. Қалың мал айтса-айтпаса да бай болсын, кедей болсын, киіт, ілу және сүт ақы, осы үш нәрсе ешқашан тоқтатылмайды, «ата күші, ана сүті» шарт етілген нәрсе. Кит өз алдына құдаларға екі жақтан бірдей берілетін кәде. Ілу мен сүт ақы өз алдына кит мөлшеріне байланысы жоқ күйеу тарапынан, оның барлығына қарай қара шаңыраққа және қыз анасына арнайы әкелінетін сыйлықтар. Ілу-қызды тәрбиелегені үшін ұрын барғанда қыздың шешесіне, жеңгелеріне беретін дүние-мүлік. Ілудің ең бастысы әр уақытта қалыңдықтың туған шешесіне арналады. Ақ сүт беріп, тоғыз ай тоғыз күн ұйқысын төрт бөліп, бар мейірін аямаған анасының еңбегі үшін берілетін кәдені «сүт ақы» дейді. «Сүт ақы» кәдесінің мөлшері: бір қара мөлшерінде. Қалай дегенмен де енесін тапқанын беріп разы қылу керек. Ырымсыз құтыла алмайды. Қыз жағының басқа түрлі алатын кәделері көп, олар өздерінің кезекті жерінде айтылады.

Бұдан басқа, міндетті түрде, күйеу жағының апаратын бір малы болады, ол «өлі-тірі» делінеді. Өлі-тірі «Алдағы құдалық баянды болу үшін екі жақ өлі мен тірінің алдында ант етеміз» дегенді ұғындырады. Өлітіріге әкелінген мал осы уәдеге атап сойылады. Бұны қыз

үйі соймайды, бөгде біреу сояды. Өйткені, екі жақтың анты үшін таңдамақшарда куә керек, сонда құданда жұрт тырп ете алмайды. Өлі-тіріні алған соң, қыздың әке-шешесі көрші-қолаң, туған-туысқандарды шақырып, қонақ етіді. Тойы өтіп болған соң екі жақ бірін-бірі «құда-құдағи» дей беруге болады.

Құдалардың келуіне жеке үйлер тігіліп, қонақасы беріледі. Сый-құрмет көрсетілгеннен кейін құдалар қалың мал мөлшерін, оны қай мерзімде, қалай өтейтіндігін, жасау жағынан тек отау жөнінде сөз болып, өзге жағы айтылмайды. Бұдан басқа әр түрлі шақырыстар мен берілетін жоралғы мөлшері, ең соңында қызды ұзату мерзімі туралы келісім жасалады. Екі құда бір-бірімен ауыл-аумағымен әбден танысып, мәселе шешіліп болғанда құдалық үшін анттасып, бата қылады, жиналған көпшілік екі құдаға құтты болсын айтады, әрі қарай қыз ұзату тойына дайындық жасалады. Бата аяққа арнап күйеу әкесі өзіннің дәулетіне қарай бір жылқы не түйе немесе олардың әрқайсысын бір, яки бірнеше тоғыз етіп береді. Бұдан бөлек қалыңдық «қарғы бауына» деп түйе түлігінен бір тәуір мал немесе 10 сомнан 60 сомға дейін күміс ақша апаратындар да болған. Ал бұл жайында қазақ әдет-ғұрып құқығының танымгері Ж. Ақбаев былай дейді: «Қырғыздарда алғашқы неке шарты «қарғыбау» деп аталатын тартулармен бекітіледі. Көп жағдайда 1 түйеден және 1 жылқыдан тұратын бұл тартуды күйеудің ата-анасы жасайды. Қарғы бау тартуы бір кезде қалыңдық пен күйеудің ата-аналары арасында заңдық қатынастарды және мәңгілік байланыстың пайда болуына жәрдемдескен фактор қызметін атқарған. Қазақ халқының отбасы мен некеге байланысты мәселелерін зерттеген ғалым Х. Арғынбаев өз еңбегінде: «Бата мен қарғы бауы алынған қыз бұдан былай айттырушының заңды қалыңдығы боп есептеледі», - дейді. Ол үшін ақсарбас айтылып, оның бауыздалу қанына қол батыру ақ батаны бұзбауға серт бергендік болып табылады. Серт бұзылмайды, қол алысқан шартты аттауға жол жоқ. «Уәде-құдай сөзі» деп білетін қазақ аруақтар назасынан қорқады. Уәде бұзылса, ел алдында қара бет болып, масқаралық күйге ұшырағаны. Мысалы, «Қыз Жібек» жырының бір нұсқасында Төлеген батыр Қыз Жібектің ауылын іздеп бармақ болып, әкесі Базарбайдан рұқсат сұрағанда: «Өзімнің құда түсуге көңілге алған жерім бар. Еділ-Жайық бойында қыз құрып қалғандай, алыстан қыз іздеп, ант бұзып аттанамын дегенің қай көргенсіздік», - деп рұқсат бермейді. Жібекпен уәде байласқан Төлеген әкесі Базарбайдың наразылығына қарамай аттанбақ болады. Ата салтын бұздың деп назаланған Базарбай баласы Төлегеннің жанына ешбір жолдас ертпей алыс сапарға жалғыз жібереді. Төлеген аттанарда Базарбай теріс батасын береді. Теріс бата алып, «ата назарына» ұшыраған Төлеген сол сапардан оралмай, жолда қапылыста Бекежан қарақшының қолынан қаза табады. Ел ондай ант бұзған адамдарды, екі жүзділер қатарына қосады. Бұдан өткен қорлық жоқ қазақ ұғымында.

Құдалары келгенде қыз әкесі ақ қой сойып, бата оқытып, той жасайды. Осы той үстінде құдаларға күрт тартқан сорпаға құйрық-бауыр салып, таратады. Құда түсіп, туысқан болудың белгісі «құйрық-бауыр» жегізу. Құйрық-бауыр жеудің мәнісі екі жақтың бауырласып туыс болғанын көрсетсе керек. Бұл ең бір бастысы - құйрық-бауыр заң орнына жүрген. «Құйрық-бауыр» жесу жолымен жасалатын неке шарты бөгде адамдардың туыстық топқа бірігуіндегі, жақындасуындағы неке одағының мәні. Екі жақтан дау-дамай туа қалғанда кез-келген «құйрық-бауыр жеп пе едіңдер?» - деп сұрайды. Желінген болса, онда құдалық заңды деп саналады.[8]

Сөйтіп, қыз таңдау аяқталған соң құда түсіп, қалың малын түгел төлеп, әдет-ғұрып бойынша толып жатқан алыс-берістер, жол-жобалар, орын-орнымен екі жағынан бірдей орындалған соң қыз ауылында толық жасауымен қалыңдықты ұзату, күйеу ауылында келін түсіру тойы жасалып, құдалық арқылы неке құру аяқталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фукс С.Л. *Некоторые моменты казахского права и описание киргизских обычаев.* - Известия АН КССР, 1948
2. С. Өзбекұлы. *Тәуке хан Жеті Жарғы.* - Алматы. - 1994
3. Қ. Толыбаев. *Бабадан қалған бар байлық.* - Алматы. - 2000

4. М. Әуезов. Әдебиет тарихы. – Алматы. - 1991
5. Х.А. Аргынбаев Қазақ халқындағы семья және неке. – Алматы. - 1973
6. Кенжахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлерімен әдет-ғұрыптары: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы: Ана тілі, 1994
7. Х.А. Аргынбаев. Қазақ отбасы. – Алматы. - 1996
8. С. Кенжеахметұлы. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы. - 1998

12 СЕКЦИЯ. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОБЩИХ ПОЛОЖЕНИЙ ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА

Дузелбай А.

*Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті,
Мирзалиева А.А. з.ғ.м., аға оқытушы*

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЗАТТЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Меншік құқығы мемлекет пен құқық тарихының барлық кезеңдерінде негізгі, бағыттаушы құқықтық институт болып табылады. Адамзат дамуының тарихындағы әртүрлі дәуірлер олардың меншік нысандарын сипаттайды. Осылайша, барлық құқық жүйелерінде меншік құқығы институтына ерекше назар аударылды. Қорғаудың заттық-құқықтық әдістері меншік құқығын және басқа да заттық құқықтарды тікелей қорғауға бағытталған, меншік иесімен міндеттемелік құқықтық қатынаста өзара байланысы жоқ кез келген үшінші тұлғалардың оларды бұзған жағдайда қолданылады. Бұл әдістер меншік құқығының иелерін иеленуді, пайдалануды және билік етуді қалпына келтіруге, осы өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде кедергілерді немесе күмәндерді жоюға бағытталған.

Түйін сөздер: меншік құқығы, виндикациялық талап, негаторлық талап, меншік құқығын қорғау

Аннотация

Право собственности является основным, направляющим правовым институтом на всех этапах истории государства и права. Различные эпохи в истории развития человечества характеризуются присущими им формами собственности. Отсюда то исключительное внимание, которое уделяется институту права собственности во всех системах права. Вещно-правовые способы защиты направлены на непосредственную защиту права собственности и иных вещных прав, применяются в случае их нарушения любым третьим лицом, не состоящим с собственником в обязательственных правоотношениях. Данные способы имеют целью восстановить владение, пользование и распоряжение обладателей вещных прав, устранить препятствия или сомнения в осуществлении этих правомочий.

Ключевые слова: права собственности, виндикационный иск, негаторный иск, защита прав собственности

Abstract

The right to property is the main, guiding legal institution at all stages of the history of the state and law. Various epochs in the history of the development of mankind are characterized by their inherent forms of ownership. Hence the exceptional attention paid to the institution of property rights in all systems of law. Real-legal methods of protection are aimed at direct protection of the right of ownership and other real rights, are applied in case of their violation by any third party who is not in the relationship of obligation with the owner. These methods are aimed at restoring the possession, use and disposal of holders of property rights, to remove obstacles or doubts in the exercise of these powers.

Keywords: property rights, vindication claim, negation claim, protection of property rights

Меншік құқығын қорғаудың шарттан тыс әдістері азаматтық құқықта Ежелгі Рим кезеңінен бері белгілі. Бұл қорғау әдістері бөтеннің заңсыз иелігінен меншік иесімен мүлікті талап ету туралы талаптар (виндикациялық талап), сонымен қатар иеліктен айырумен байланысты емес бұзушылықтан меншік иесінің құқықтарын қорғау туралы талаптар (негаторлық талап) кеңінен қолданылып келеді. Қазіргі таңда бірқатар ғалым-цивилистер

осы екі талаптардың қатарына тағы бір талапты қосып отыр – ол белгілі бір мүлікке меншік құқығын тану туралы талап. Заттық-құқықтық талаптардың мұндай түрлерін негізге ала отырып, олардың ерекшеліктерін қарастырайық. Олардың ерекше сипаты:

1) бөтеннің заңсыз иелігінен меншік иесінің мүлікті талап ету туралы талап;

2) иеліктен айырумен байланысты емес бұзушылықтардан меншік иесінің құқықтарын қорғау туралы талап;

3) меншік құқығын тану туралы талап.

Заттық-құқықтық талаптар үшін келесі ерекшеліктер тән болып келеді:

- олар шарттан тыс сипатқа ие болады;

- талап меншік иесі мен затқа қатысты заңсыз қол сұғатын кез келген тұлғаға қойылуы мүмкін;

- тікелей заңнан туындайды;

- меншік құқығын қорғаудың абсолюттілігі туралы куәландырады.

Бөтеннің заңсыз иелігінен меншік иесімен мүлікті талап ету (виндикациялық талап).

Виндикациялық талап ҚР АҚ-тің 260-бабымен реттеледі. Бұл нормаға сәйкес, меншік иесі өз мүлкін бөтеннің заңсыз иелігінен талап етуге құқығы бар [1].

Меншік құқығын қорғау әдісі ретінде виндикациялық талап ежелден белгілі екені анық. Талаптың атауы латын сөзі *vindicere*, яғни күш қолдану туралы жариялау дегенді білдіреді. Яғни оның мағынасы – меншік иесіне өз затын іздестіріп, табуға байланысты құқық беретін, қай жерден затты тапсам, сол жерден аламын дегенді білдірді. Талап қоюшы болып заттың иесі табылатын, ал жауапкер болып дау туындау сәтіндегі кез келген оның иесі табылды. Талап қоюшы нақты белгіленген затқа өзінің меншік құқығын дәлелдеуге міндетті еді. Егер талап қоюшы сол затқа өзінің меншік құқығын дәлелдейтін болса, жауапкердің сол затты сақтап қалуға ешқандай мүмкіндігі болмайтын [2, 208 б.].

Қазіргі таңда виндикациялық талаптың концепциясы осы құрылымды жетілдіріп, виндикациялық талап мынадай ерекше қасиеттерге тән болады:

1) бұл талап шарттан тыс болып табылады және талап талап қоюшы мен жауапкердің арасында шарттық, міндеттемелік қатынастар болмаған жағдайда ғана қойылуы мүмкін. мысалы, мүлікті виндикациялауға құқық жалдау шартының негізінде жалға алушыға затты берген меншік иесінде пайда болмайды. Виндикацияға құқық мұндай жағдайда меншік иесінде пайда болуы мүмкін, егер жалдау шарты өз әрекет етуін тоқтатқан жағдайда;

2) виндикация құқығына ие болатын субъект – талап қоюшы болып, талап етіліп отырған затқа өзінің құқықтарын дәлелдеуге тиіс болатын мүліктің меншік иесі табылады. Меншік иесінің дәлелдемесі ретінде заңмен кез келген фактілік мәліметтер танылады, оның негізінде заңмен белгіленген тәртіпте сот тараптардың талаптары мен қарысылықтарын негіздейтін мән-жайлардың болуы мен болмауын, сонымен қатар істі дұрыс шешу үшін мәні бар басқа да мән-жайларды белгілейді.

Процессуалдық заңнаманың маңызды талабы болып, белгілі бір құқықтың болуы немесе болмауына қатысты дәлелдемелер заңда көзделген жерлерден алынуы тиіс. Бұл тараптардың түсіндірмелері, куәгерлердің айғақтары, жазбаша құжаттар мен заттай дәлелдемелер, сарапшылардың қорытындысы. Аталған құралдардың көмегімен меншік иесі өзінің талап етіліп отырған затқа меншік құқығын дәлелдейді. Мұндай жағдайда, әдетте, заттың сатып алынғанын дәлелдейтін құжаттар, мысалы, чектер, түбіртектер, қолхат және т.б. рөлі маңызды. Егер талап етіліп отырған зат жылжымайтын мүлік болса, онда жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын органның анықтамасы болуы қажет. Заңды тұлғалар үшін мүліктің олардың балансында болу фактісін анықтау қажет;

3) виндикацияның объектісі болып әрқашан талап қою сәтінде зат түрінде сақталған нақты-анықталған зат табылады. Виндикация барысында затқа шын мәнісінде иеленуді қалпына келтіру туралы айтылады. Бұл затты көптеген заттардан бөліп алу қажет. Затты дараландыру үшін адамзат көптеген әдістерді ойлап шығарды. Мысалы, жаппай өндірілетін заттардың сериялық нөмірі (теледидар, автокөлік және т.б.), жергілікті жерде орналасқан жер учаскесінің жоспары және т.б. Бұл ережені жоққа шығару азаматтық айналым субъектісіне

сол заттың тиесілі екендігін дәлелдеу қиындыққа әкеп соқтырады. Сондықтан, виндикация барысында сол түрдегі және сол сападағы ұқсас затты талап ету заң тұрғысынан дұрыс емес. Сондықтан, виндикациялық талапты топтық белгілермен анықталған заттарға қатысты немесе жойылған, бүлінген, ұрланған заттарға қатысты қоюға болмайды. Мұндай жағдайда зиянды, шығынды өтеу туралы талап қойылады;

4) виндикация барысында міндеттеменің субъектісі болып кез келген тұлға емес, тек талап қою сәтінде затқа ие болып табылатын заңсыз иеленуші табылады. Заңсыз иеленуші болып виндикацияның пәні болып табылатын затқа заңды негізсіз мүлікпен иеленген тұлға табылады [3, 112 б.].

Жоғарыда келтірілген төрт талап болған жағдайда ғана меншік иесінде мүліктің виндикациясына құқығы пайда болады. Виндикацияға құқықты жүзеге асыру үшін ҚР АҚ-тің 260-263 баптың нормаларын басшылыққа алу қажет.

Мәселен, меншік иесі өз затын жоғалтып алды дерлік. Соңғы жағдайда меншік иесінің иелігінен заттың шығып кеткен жағдайын да негізге аламыз. Виндикацияға өз құқығын жүзеге асыру үшін меншік иесі, ең алдымен, затты заңсыз иеленіп отырған тұлғаны табуы тиіс. Әдетте, ол жоғалған заттың иесімен белгілі бір іздестіру шараларын ұйымдастыру және жүргізу жолымен жүзеге асырылады. Кейде меншік иесі үшінші тұлғалардың, мемлекеттік органдардың және т.б. көмегіне жүгінуі мүмкін. Өз затын заңсыз иеленушіден тапқан жағдайда ғана, ол өзінің виндикацияға құқығын жүзеге асыра алады.

Виндикация туралы меншік иесінің талаптарын қанағаттандыру белгілі бір мән-жайлардың болуы не болмауына байланысты болады:

1) егер меншік иесі оның меншік құқығын тікелей бұзған тұлғадан өз затын тапқан болса, онда виндикациялық талап сөзсіз қанағаттандырылады. Одан басқа, ҚР АҚ-тің 263-баптың 1 тармағына сәйкес, меншік иесі заңсыз иеленушіден иелену кезінде алған немесе алуға тиіс болған барлық табыстың өтелуін немесе қайтарылуын талап етуге құқылы;

2) егер затты талап ету меншік иесімен үшінші тұлғалардан жүзеге асырылатын болса, онда заң шығарушы иеленушінің адалдығына байланысты виндикацияның мүмкіндігі туралы ғана айтады. Адал иеленуші деп затты бергенге дейін затты иеліктен шығарушының сол затқа билік ету құқығының жоқ екендігін білмеген және білуге тиіс болмаған тұлғаны айтамыз.

Өз кезегінде заңсыз (адал емес) иеленуші деп затты иеліктен шығарушының сол затқа билік ету құқығы жоқ екендігін білген немесе білуге тиіс болған тұлғаны айтамыз. Мұндай жағдайда, меншік иесінің өз мүлкіне виндикация қоюға құқығы бар;

3) адал иеленуші болған жағдайда заң шығарушы меншік иесі үшін ғана виндикацияның мүмкіндігін қарастырады. Мұндай мүмкіндік адал иеленушімен затты ақылы немесе ақысыз иелену әдістеріне тікелей байланысты. Соңғы жағдайда, меншік иесінің мүлікті адал иеленушіден талап етуге құқығы бар;

4) ақылы адал иеленген жағдайда виндикацияға құқық меншік иесінің иелігінен немесе заңсыз иесінен заттың шығуына байланысты болады: а) еркінен тыс немесе ә) олардың еркімен. Бірінші жағдайда, меншік иесінде виндикацияға құқығы пайда болады. Мұнда меншік иесінің иелігінен зат қандай мән-жайлардың негізінде шыққаны маңызды емес. Ондай мән-жай болып тойтарылмайтын күш, жоғалту және т.б. болуы мүмкін.

Сот тәжірибесінде меншік иесінің белгілі бір шарттың негізінде мүлікті берген жағдайлар кездеседі. Берілген затты иеліктен шығаруға бағытталған заңды иеленушімен мәміле жасасу нәтижесінде меншік иесінде виндикацияға құқығы болмайды, егер заңсыз иеленуші адал болса, және оның иеленуі ақылы сипатқа ие болса [4].

Келтірілген мысалда меншік иесінде негізі болып шарт табылатын міндеттемелік құқық табылады. Сәйкесінше, шарт талаптарын бұзған жағдайда, меншік иесінде қарсы тараптан шығындарды өтеуге ғана құқығы болады. Меншік иесі үшін зат біртұтастай жоғалды деп саналады. Бұл мысалдың негізінде меншік құқығын қорғау өзінің абсолюттік сипатын жоғалтады.

Сот тәжірибесінен виндикацияға қатысты мысал. Кооператив бала-бақшамен әртүрлі құрылғыларды салу туралы мердігерлік шартын жасасты. Арбитраждық соттың шешімі бойынша бұл шарт аталған мерзімде орындалмағанына байланысты шарт бұзылған.

Содан кейін арбитраждық сотқа кооператив бала-бақшадан үш беседканы талап ету туралы талаппен жолданды. Сот бұл талапты қанағаттандырды, өйткені тараптар арасында мердігерлік шарты бұзылған, кооперативке төленген алдын ала төлем толығымен қайтарылған. Басқаша айтқанда, тараптар арасында міндеттемелік құқықтық қатынастар толығымен тоқтатылды.

ҚР АҚ-тің 263-бапқа сәйкес, меншік иесі мен заңсыз иенің арасында мүлікті виндикациялау барысында есеп айырысу тәртібін белгілейді. Бұл тәртіп иесінің адалдығына немесе адал еместігіне байланысты.

Адал емес иеленушіден меншік иесі бөтеннің затын иеленген уақыт барысында алған немесе алуға тиіс болған барлық табыстардың өтелуін немесе қайтарылуын талап етуге құқығы бар.

Иеліктен шығарумен байланысты емес бұзушылықтардан меншік құқықтарын қорғау (негаторлық талап). Цивилистік әдебиеттерде негаторлық талаптың келесі ерекшеліктерін бөліп қарастырады:

1) бұл талап меншік иесінің мүлкіне қатысты егемендік биліктің бар екендігін көрсетеді;

2) тек қана меншік құқығын қорғау үшін емес, сонымен қатар өзге заттық құқықтардың, мысалы, сервитуттарды қорғау үшін де қолданылады;

3) негаторлық талап индивидтердің субъективтік құқықтарына кез келген қол сұғушылықтан тиімді қорғауды қамтамасыз етеді;

4) бұл талап мүліктік құқыққа айқындылық пен анықтылықты енгізу мақсатын көздейді;

5) негаторлық талап мүліктік құқықтың ұзақ уақыт бойы созылуынан қорғаудың тыйым салу шараларын қамтиды. Мұндай қорғау мүліктік құқықты жүзеге асыруда әртүрлі негіздегі алдын алу шаралары ретінде қаралуы мүмкін;

б) негаторлық талап шығындардың өтелуін де талап етеді.

Бұл талап латын сөзі - *actio negatoria*, яғни «бас тарту туралы талап» деген ұғымды білдіреді. Ол меншік иесінің құқықтарын бұзатын тұлғалардан қорғайды. Талап қоюшы мұндай жағдайда өзінің меншік құқығын ғана дәлелдейді, ал жауапкер талап қоюшының осы әдіспен құқықтардың толықтығын шектеуге өзінің құқықтарын дәлелдеуі тиіс. Негаторлық талап меншік құқығын анықтау, бастапқы қалпына келтіру және осындай әрекеттерді келешекте жасауға тыйым салу және зиянды өтеуге бағытталған болатын [5, 228 б.].

Негаторлық талаптың заманауи концепциясы ҚР АҚ-тің 264-бабымен белгіленген, оған сәйкес, меншік иесі оның құқықтарын бұзатын барлық әрекеттерді жоққа шығаруды талап етуге құқылы.

Меншік иесімен өзінің бұзылған құқықтарды қорғау үшін негаторлық талапты қолдану барысында келесі талаптардың болуы қажет:

1) меншік құқығының субъектісі өз иелігінде затты сақтауы қажет. Егер бұл талап болмаса, онда меншік құқығын басқа қорғау әдістерінің көмегімен қорғауды білдіреді;

2) өзінің субъективтік құқықтарын жүзеге асыру барысында үшінші тұлғалардың тарапынан меншік иесі үшін кедергілердің болуы. Әдетте, мұндай жағдайда, меншік иесі оның мүлкін шектеулі пайдалануға үшінші тұлғаның құқығы, яғни сервитуттың жоқ екендігін дәлелдеейді.

Мысалы, сотқа иеліктен шығарумен байланысты емес, тұрғылықты емес үй-жайға меншік құқығының бузылуын жою туралы талап арызбен ЖШС жолданады. Сотқа ұсынылған құжаттардан даулы үй жай талап қоюшыға меншік құқығында тиесілі екендігі анықталды. Бұл үй-жай Акционерлік қоғаммен жалға алынған үй-жайға тиіп тұрады, және дауды қарау сәтінде олармен орналастырылған темір есік ЖШС-ның үй-жайына кіру жолды жауып қояды. Сот іс материалдарын қарап, шын мәнісінде үй-жайға кіру тек акционерлік

қоғамның үй-жайынан кіруге болатындығын зерттеді. Сондықтан, мұндай жағдайда сот талап арызды қанағаттандырып, жауапкерді кедергіні жоюды міндеттейді [4];

3) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы сипаттағы әрекеті.

Құқыққа қайшылық мұндай жағдайда заң талаптарына қайшылық ретінде қаралады. Бұл ереженің мәнісін түсіну үшін ҚР АҚ-тің 3 бабының 1 тармағына сүйенген жөн. Оған сәйкес, азаматтық заңнама азаматтық кодекстен, өзге заңдардан және парламенттің қаулыларынан, Президенттің жарлығы мен қаулыларынан, Үкімет қаулыларынан тұрады делінген. Әрине, кез келген нормативтік құқықтық актілердің ережелері олардың заң актілерінің талаптарына сәйкестігімен қаралуы қажет.

Сонымен, меншік құқығына қатысты үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы немесе құқыққа сай әрекеті ҚР АҚ-тің 3 бабының 1 тармағына сәйкес белгіленген заң терминдерінің мағынасымен бағалануы тиіс.

4) үшінші тұлғалардың тарапынан құқыққа қайшы әрекеттерінің негаторлық талап қою сәтінде ұзақтылығы немесе мұндай әрекеттердің салдарының жойылмауы. Бұл жерден негаторлық талаптың бір елеулі ерекшелігі туындайды: оларға талап қою мерзімі қолданылмайды, өйткені негаторлық талаптың негізінде созылмалы құқық бұзушылық орын алып отыр (ҚР АҚ-тің 187 бабы).

Негаторлық талапты қолдану нәтижесінде меншік иесі зиянның орнын толтыруды талап етуі мүмкін. Ол үшін зиянның болуын және үшінші тұлғалардың әрекеті мен туындаған мүліктік зиянның арасындағы себепті байланыстың бар екендігін дәлелдеу тиіс. Рим құқығы бойынша негаторлық талаптың концепциясынан меншік иесі меншік құқығын қорғаудың осы әдістерін қолдану нәтижесінде, келешекте үшінші тұлғалардың тарапынан мұндай әрекеттің болуына жол бермеуді талап ете алады [5, 230 б.].

Негаторлық талаппен толығымен меншік құқығын қорғау жүзеге асырылады. Бірақ, үшінші тұлғалардың тарапынан болатын бұзушылықтар меншік иесінің жекелеген өкілеттіктеріне де нұқсан келуі мүмкін. Дегенмен, мұндай бұзушылықтар меншік құқығының бір бөлігіне ғана емес, оны тұтастай жүзеге асыруына кедергі келтіреді. Осыған орай сот тәжірибесінен мысал келтіруге болады.

В. нотариалдық кеңседе үй құрылыстары мен гаражды өз қызына Ш.ға сыйға тарту шарты арқылы рәсімдеді. В.ның ұлы әкесімен сыйға тартылған гаражға өз автокөлігін қояды, ал мұның өзі Ш.ның меншік құқығын бұзу кедергі болып табылады. Ш. гаражды пайдалануға байланысты кедергілерді жою туралы талап арызбен сотқа жолданады. Жауапкер сыйға тарту шартын жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қояды. Сот Ш.ның талабын қанағаттандырады, өйткені талап қоюшының меншік құқығы даулы болып табылмайды, бұл туралы іс материалдарымен және сыйға тартушының өзімен расталады. Сонымен қатар жауапкердің әрекеті бұл құқықты бұзғандықтан, сот гаражды босатуды талап етеді [6].

Негаторлық талаптың заңи құрылымын талдауды қорытындылай келе, негаторлық талап – бұл меншіктегі субъективтік құқықты дұрыс жүзеге асыруға кедергі келтіретін кемшіліктерді жою туралы меншік иесінің үшінші тұлғаларға қоятын талабы болып табылады.

Тағы бір қорғау әдістерінің бірі – тану туралы талаптардың көмегімен меншік құқығын қорғау (тану туралы талап). Ұзақ уақыт бойы Қазақстанның азаматтық заңнамасында мұндай талаптар болмаған. Тек ғылыми ортада ғана мұндай талаптардың болу мүмкіндігі туралы айтылатын. Бірақ қазіргі таңда меншік құқығын тану туралы талаптар ҚР АҚ-тің 259-бабында өз бекітілуін тапты.

Сот тәжірибесінде құқықты тану және олардың көмегімен меншікке субъективтік құқықтарды қорғау туралы талаптардың әрекет етуі мүлікті қамаудан босату туралы, тізілімнен мүлікті шығару туралы талаптардан өз бастамасын алады. Мұндай талаптар сот тәжірибесінде жиі кездесетін.

Тану туралы талаптар әрекетету үшін екі негіз келтіруге болады:

1. азаматтардың өз құқықтарын қорғау тиісті құқықты тану жолымен сотта жүзеге асырылуы мүмкін. сонымен қатар азаматтық заңнама азаматтық құқықтардың келесідей қорғалу әдістерін де белгілейді, мәселен, құқық бұзылғанға дейін әрекет еткен құқықты бастапқы қалпына келтіру, сонымен ұатар құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттердің алдын алуы. Сонымен, мұнда субъективтік меншік құқығын қорғаудың кең мағынада талқылаудың әдістерін де көруге болады.

2. меншік құқығын қорғаудың мұндай әдістерінің әрекет етуі тәжірибелік мысалдармен, тәжірибелік қызметкерлердің тәжірибелік қорытындыларымен расталады. Мысалы, А.Арифұлин және С.Герасименконың пікірлері бойынша, теорияда қорғаудың үш негізгі әдістері бар:

- даулы мүлікке меншік құқығын тану (затты иелену құқығы);
- бөтеннің заңсыз иелігінен мүлікті талап ету (виндикациялық талап);
- иеленуден айыруға байланысты емес, меншік иесінің бұзылған құқықтарын жою

(негаторлық талап)[7].

Мұндай жағдайда меншік құқығын тану туралы талаптар бірінші орынға қойылады деп айтуға болады, өйткені қорғаудың бұл түрі виндикациялық немесе негаторлық талапқа қарағанда жалпы сипатқа ие болады. Соңғысы өзінің мүлкіне деген құқығын тану туралы талаптың көмегімен қорғай алады, содан кейін ғана сотпен танылған құқықтың негізінде қорғаудың басқа да шарттан тыс әдістерін қолдана алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

5. Қазақстан Республикасының 27 желтоқсан 1994 жылғы № 269-ХІІ Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. – 1994. – № 23-24 (21.01.2019 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).

6. Скрябин С.В. *Вещное право: Учебное пособие.* – Алматы: Научно-издательский центр КООУ, 2009. – 292 с.

7. Ынтымақов С.А. *Азаматтық құқық: Практикум. Жалпы және ерекше бөлім.* – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 220 б.

8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені, 2016. – №5 // <http://sud.gov.kz/content/byulleten-za-2016-god> (04.04.2019 жылғы жағдайы бойынша).

9. Новицкий И.Б. *Римское право: Учебник. 4-е изд., стер.* – М.: КНОРУС, 2016. – 304 с.

10. Проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан» от 27 января 2017 года // <http://www.zakon.kz/4843875-institut-zakonodatelstva-respubliki.html> (по состоянию на 1.02.2019 г.).

11. Скрябин С.В. *Защита гражданских прав: Монография / Отв. ред. М.К. Сулейменов* // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31518805 (по состоянию на 01.02.2019 г.).

Дюсембай Б.А.

Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті,
Мирзалиева А.А. з.ғ.м., аға оқытушы

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Коммерциялық ұйым - бұл шаруашылық субъектісі, оның негізгі мақсаты - пайда алу. Басқаша айтқанда, басшылық пен қызметкерлердің барлық әрекеттері олардың әл-ауқатын

арттыруға бағытталған. Іс-шара барысында алынған пайда, компанияны ұйымдастырған немесе кәсіпорынға инвестицияланған барлық қатысушылар арасында бөлінеді.

Коммерциялық емес ұйым өзінің басты мақсаты мемлекет пен халық үшін кез-келген әлеуметтік игіліктерді құру болып табылады. Оларға қайырымдылық іс-шаралар, мәдени бағдарламалар, спорттық іс-шаралар, ғылыми конференциялар, адамдардың денсаулығын қорғау немесе қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар кіреді. Коммерциялық емес ұйым ешқашан пайда табу мақсатына ұмтылмайды, өйткені ол қоғамдық игіліктерге қол жеткізу үшін ерікті түрде әрекет етеді.

Түйін сөздер: коммерциялық ұйым, коммерциялық емес ұйым, қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, діни бірлестік.

Аннотация

Коммерческая организация представляет собой субъект хозяйствования, основной целью функционирования которого является приобретение прибыли. Иными словами, все действия руководства и сотрудников направлены на то, чтобы увеличить свое благосостояние. Полученная в ходе осуществляемой деятельности прибыль распределяется между всеми участниками, организовавшими компанию, либо инвестируется в предприятие.

Некоммерческая организация основной своей целью видит создание каких-либо социальных благ для государства и населения. К ним можно отнести благотворительные мероприятия, культурные программы, спортивные соревнования, научные конференции, мероприятия по охране здоровья людей или по защите окружающей среды. Некоммерческая организация никогда не преследует цель получения прибыли, поскольку действует на добровольных началах для достижения общественных благ.

Ключевые слова: коммерческая организация, некоммерческая организация, общественные объединения, политические партии, акционерное общество, потребительский кооператив, религиозное объединение.

Abstract

A commercial organization is a business entity, the main purpose of the operation of which is the acquisition of profits. In other words, all actions of management and employees are aimed at increasing their well-being. The profit obtained in the course of the activity is distributed among all the participants who organized the company, or is invested in the enterprise.

A nonprofit organization sees as its main goal the creation of any social benefits for the state and the population. These include charity events, cultural programs, sporting events, scientific conferences, events to protect people's health or to protect the environment. A nonprofit organization never pursues the goal of making a profit, since it acts on a voluntary basis to achieve public goods.

Keywords: commercial organization, non-profit organization, public associations, political parties, joint-stock company, consumer cooperative, religious association.

ҚР Азаматтық Кодекстің нормаларына сәйкес заңды тұлғалардың түрлері мынадай негіздер бойынша жіктеледі: заңды тұлғаларға немесе олардың мүлкіне қатысты құрылтайшылардың (қатысушылардың) құқықтары; заңды тұлғалар қызметінің мақсаттары; заңды тұлғаның мүлкі негізделетін меншік нысаны. Заңды тұлғаның оқшау мүлкіне қатысты оның құрылтайшылары міндеттемелік немесе заттық құқықтарын сақтауы мүмкін [1].

Өздерінің құрылтайшылары олардың мүлкіне меншік құқығын немесе өзге де заттық құқығын сақтайтын заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар және оралымды басқару құқығындағы мүлкі бар қазыналық кәсіпорындар, оның ішінде еншілес кәсіпорындар, сондай-ақ құрылтайшы қаржыландыратын мекемелер және мемлекеттік мекемелер жатады.

Қоғамдық ұйымдар, діни ұйымдар, қайырымдылық және өзге де қорлар олардың құрылтайшы-қатысушыларының ешқандай мүліктік құқықтары болмайтын заңды тұлғаларға жатады [2].

Қызмет ету мақсаттарына қарай заңды тұлғаларды жіктеу АҚ-ның 34-бабының негізінде коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар бойынша жүргізіледі.

Өз қызметінің негізгі мақсаты табыс келтіруді көздейтін заңды тұлға коммерциялық ұйымға жатады. Мұндай мақсатты көздемейтін және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым коммерциялық емес ұйым деп есептеледі.

Заңдарда көзделген жағдайларда коммерциялық ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес заңды тұлғаны құруға рұқсат етіледі, мысалы, қор биржасы, зейнетақы қоры акционерлік қоғам түрінде құрылуы мүмкін. Сондықтан коммерциялық және коммерциялық емес ұйымды ажыратудың өлшемі заңда және құрылтай құжаттарында белгіленген «заңды тұлғаның қатысушылары (құрылтайшылары) арасында таза табысты бөлудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі» болуы тиіс. Егер заңның күшіне немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлға алынған таза табысты қатысушылар арасында бөлуге (дивидендтер төлеуге) құқылы болса, онда оны коммерциялық ұйымға жатқызу қажет, өйтпеген жағдайда — бұл коммерциялық емес ұйым болады. Бұл коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды ажыратудың негізгі өлшемі. Сонымен бірге, коммерциялық емес заңды тұлғаларға ортақ нәрсе — олар, негізінен алғанда, коммерциялық емес сипаттағы басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін құрылады. Сонымен қатар, заңдар кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, яғни коммерциялық емес ұйымдар үшін де пайда табуға рұқсат етеді. Осы себепті біз коммерциялық емес ұйымның мынадай анықтамасын ұсынамыз: коммерциялық емес ұйым дегеніміз — бұл өзінің қызметінен табыс алу мақсаттарын көздемейтін және алынған таза табысты өзінің қатысушылары арасында үлестірмейтін, басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қызметтерді жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға.

Мекемелер, мемлекеттік мекемелер, қоғамдық қорлар, қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, тұтынушылар кооперативтері, қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері заңды тұлғалардың коммерциялық емес түрлеріне жатады.

Кейде заңда заңды тұлғаның кейбір түрі үшін белгілі бір нысан көзделеді. Мәселен, заңның талаптарына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлға тек мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы. Заңды тұлғаның мүлкі негізделетін меншік нысанына қарай заңды тұлғалар мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға бөлінеді. Мүлкі үлестерге немесе акцияларға бөлінбеген және біртұтас мүлік ретінде толығымен мемлекет меншігіне жататын заңды тұлғаларды (кәсіпорындарды және мекемелерді) ғана мемлекеттік заңды тұлғалар деп түсіну керек.

Мекеме. Өз қызметінің негізгі мақсаты кіріс түсіруді көздемейтін және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін ұйым коммерциялық емес ұйым болып табылады. Коммерциялық емес ұйымдардың қызметін АҚ, Коммерциялық емес ұйымдар туралы заң, коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заңдар және заңға тәуелді нормативтік актілер реттеп отырады.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында құрылуы мүмкін. Коммерциялық ұйымдардың тізбесіне қарағанда, бұл тізбені толық деуге болмайды. Заң актілерінде коммерциялық емес ұйымдардың өзгеше нысаны бегіленуі мүмкін. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңның 17-бабының 2-тармағына сәйкес нотариалдық палаталар, адвокаттар алқалары, сауда-өнеркәсіп палаталары, аудиторлар палаталары, меншік пәтер иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрыла алады. Басқа заңды тұлғалардан өзгеше, мұндай заңды тұлғаның өз құрылтайшысына тәуелділігі әлдеқайда күшті болады. Азаматтық құқықтың кез келген субъектісі мекеме құруы мүмкін, яғни мекеме меншіктің мемлекеттік те, сондай-ақ

жекеменшік те нысандарында құрылуы мүмкін. ТМД елдерінде көбіне мемлекеттің әр түрлі басқару, білім беру, медициналық және т.с.с. функцияларын атқаратын мемлекеттік мекемелер құрылады.

Азаматтық кодексте жеке меншік мекемеге мынадай анықтама берілген: басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қызметтерді жүзеге асыру үшін меншік иесі құрған және қаржыландыратын ұйым мекеме деп танылады.

Мемлекет ҚР Конституциясы мен заңдарына сәйкес немесе ҚР Президентінің, ҚР Үкіметінің және астана, облыстар, республикалық бағыныстағы қалалар өкімдерінің шешімдеріне сәйкес құрылатын және егер заң актілерінде қосымша қаржыландыру көздері белгіленбеген болса, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мекеме мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мекеме мемлекеттік мекеме деп танылады. Мемлекеттік мекемені құруда оның аумақтық қызмет ету аясы (республикалық, жергілікті немесе аймақтық) айқындалуы тиіс.

Коммерциялық емес сипаттағы кез келген мақсат үшін мекеме құрылуы мүмкін. Мысалы, басқару, білім беру, медицина, ғылыми-зерттеу, мәдени және т.с.с.

Мемлекеттік органның құзіретін, құрылымын, ведомстволық бағыныстылығын және оның функциясын жүзеге асыруға байланысты басқа да мәселелерін заңдар немесе осы мемлекеттік органдарды құру жөніндегі жеке актілер айқындайды.

Егер мемлекеттік мекемелер азаматтық-құқықтық қатынастарға мемлекеттің атынан емес, өздеріне смета бойынша бөлінген мүліктің шегінде өз атынан қатысатын жағдайда, олар мекемелер ретінде қарастырылады (ғимараттарды жалдау, кеңсе құралдарын, жабдықтарды, жиһаз сатып алу-сату шарттарын жасасады, келтірілген зияннан туатын міндеттемелер бойынша жауапты болады, басқа да азаматтық-құқықтық іс-қимылдар жасайды) [3].

Қоғамдық бірлестік. Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер болып танылады (АК-ның 106-бабының 1-тармағы). Қоғамдық бірлестіктің құқықтық жағдайын АК, "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 ж. 31 мамырдағы заң [4]., "Саяси партиялар туралы" 2002 ж. 15 шілдедегі заң [5] және басқа да заң актілері айқындайды. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның күші, діни бірлестіктерді қоспағанда, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес, үкіметтік емес бірлестіктердің Қазақстан Республикасы аумағында құрылған және жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметіне таралады.

Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру және қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру; ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту; адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, айналадағы табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени-ағарту, спорттық-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылып, жұмыс істейді.

Мақсаттары немесе іс-әрекеттері конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты өршітуге бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы аумағында әскерилендірілген құбылымы, түрі, арнаулы айырым белгілері, гимндері, жалаулары, вымпелдері, ішкі тәртіп пен басқарудың ерекше шарттары, қаруы, соның ішінде қару іспеттес заттары бар әскерилендірілген құрамалар үлгісіндегі қоғамдық бірлестіктер құруға тыйым салынады. Басқа мемлекеттедің саяси

партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді. Азаматтардың денсаулығы мен рухани негіздеріне қастандық жасайтын қоғамдық бірлестіктер құруға және оның қызметіне, сондай-ақ тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның 5-бабы).

Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы азаматтарының жарғы қабылданып, басқарушы органдар қалыптастырылатын құрылтай съезін (конференциясын, жиналысын) шақыратын, кемінде он адамнан тұратын тобының бастамасы бойынша құрылады.

Қазақстан Республикасында республикалық, аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктер құрылып, жұмыс істеуі мүмкін. Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер республикалық қоғамдық бірлестіктерге жатады. Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан азының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер аймақтық қоғамдық бірлестіктерге жатады. Жергілікті қоғамдық бірлестіктерге Қазақстан Республикасының бір облысы шегінде жұмыс істейтін бірлестіктер жатады [4].

Қоғамдық бірлестік жарғының негізінде жұмыс істейді. Мұндай бірлестіктің қаражаты, егер оларды төлеу жарғыда көзделген болса, кіру жарналары мен мүшелік жарналардан; ерікті жарналар мен жиналған жылудан; жарғыға сәйкес дәрістер, көрмелер, спорттық және басқа шаралар, лотереялар өткізуден түскен түсімдерден; өндірістік және өзге де шаруашылық қызметтен алынған табыстан; заң актілерінде тыйым салынбаған басқа түсімдерден құралады. Қоғамдық бірлестікке қатысушылардың (мүшелерінің) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Олар өздері мүшелері ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттері бойынша жауап бермейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Саяси партия. Қоғамдық бірлестік түрлерінің бірі саяси партия болып табылады. Саяси партиялардың өмір сүруінің негізгі формальдық принциптері Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалған. Конституцияда идеологиялық және саяси әр алуандылық жарияланған. Сондықтан ҚР азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Бұл тұста мемлекет мемлекеттік институттарды саяси партиялардан жоғары қойғандай болады. Сондықтан мемлекеттік органдарда саяси партияларды құруға жол бермейді [5].

ҚР азаматы бір ғана саяси партияның мүшесі бола алады. Мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілерге азаматтардан қандай түрде болса да, оның ішінде ресми құжаттарда да, адамның қай партияның мүшесі екенін сұрауға талап етуге тыйым салынады. Саяси партияның мүшелігінде болу ҚР азаматының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды.

Саяси партияның қоғамда алатын орнына қатысты мемлекеттік идеология және оның мемлекетпен қатынасы бірнеше негізгі принциптерден тұрады. Олардың біреуін шартты түрде "партияның мемлекеттен бөлінуі" деп белгілеуге болады. Сырттай қарағанда, мемлекет саяси партияның мемлекеттен кез келген маңызды тәуелділігін алып тастауға тырысады. Мұндай саясат "саяси партияларға мемлекеттік органдардың функциясын жүктеуге және саяси партияларды мемлекеттік қаржыландыруға жол берілмейді" деген постулатпен бейнеленеді.

Саяси партия азаматтардың өз өкілдері арқылы мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысуы арқылы ҚР азаматтарының еркін анықтауына және білдіруіне жәрдемдесуі тиіс. Мемлекет саяси партияларға мемлекеттік бақылау жасау тұжырымдамасын ұстанады. Мұндай бақылау қазақстандық юрисдикция шеңберінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан осы тұжырымдамаға сәйкес, біріншіден, саяси партиялардың жетекшілері ҚР аумағында болуға тиіс. Екіншіден, Қазақстан аумағында басқа мемлекеттердің саяси

партияларының, сондай-ақ тіркеуден өтпеген саяси партиялардың қызмет етуіне жол берілмейді.

Мемлекеттік идеологияның саяси партияны нақ әрі тек саяси ұйым ретінде түсінуі маңызды қағида болып табылады. Қазақстандық заң шығарушылар бұл принципті дәйектілікпен жүргізіп келеді. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның ережелерін жалғастыра келе, Саяси партиялар туралы заң азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар, әскерилендірілген саяси партиялар құруына, сондай-ақ мемлекеттік органдарда саяси партиялардың бастауын партия ұйымдарын құруға жол бермейді (5-баптың 8-тармағы). Мәселен, осыған байланысты басқа елдердегідей, Қазақстанда, мысалы, сыра әуесқойлары партиясын құру мүмкін емес.

Саяси партия саны 1000 адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін азаматтар тобының бастамасы бойынша құрылады (Саяси партиялар туралы заңның 6-бабының 1-тармағы). Қазақстан Республикасының жасы он сегізге толған азаматы саяси партияның мүшесі бола алады. Саяси партияға шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың мүше болуына, сондай-ақ ұжымдық мүшелікке жол берілмейді. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және судьялар саяси партияда болмауға, қандай да болсын саяси партияға қолдау көрсетпеуге тиіс. Саяси партияға мүшелік ерікті, жеке және тіркелетін тәртіпте болады. Саяси партияға қабылдау жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады. Саяси партияға мүше болу кәсіби, әлеуметтік, нәсілдік, рулық, ұлттық немесе діни белгілер бойынша, сондай-ақ жынысына және мүліктік жағдайына байланысты шектелмеуге тиіс. Саяси партияның мүшелері саяси партияның басшы органдарына сайлауға және сайлануға, саяси партия мен оның басшы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға құқылы. Қайтыс болу, партиядан шығу, партиядан шығарылу, басқа партияға кіру, әскери қызметке қабылдану саяси партияға мүше болуды тоқтатуға негіз болып табылады. Әскери қызметке кірген жағдайда саяси партияға мүшелік автоматты түрде тоқтатылады.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам. Заңдарда көзделген жағдайларда, акционерлік қоғам нысанында коммерциялық емес ұйым құрылуы мүмкін. Коммерциялық емес акционерлік қоғамда акционерлердің санына шек қойылмайды. Коммерциялық емес қоғамның жарғысында, жалпы мәліметтерден басқа, қоғамның коммерциялық емес ұйым болып табылатыны, дауыс беру рәсімі, дивидендтерді төлемеу туралы ереже және Акционерлік қоғамдар туралы заң мен өзге заң актілерінде белгіленген басқа да талаптар болуға тиіс.

Коммерциялық емес ұйымдар тек жай акцияларды шығаруға құқылы, бірақ өз акциялары бойынша дивидендтерді есептемейді және төлемейді. Коммерциялық емес ұйымдардың артықшылықты акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың өзге де түрлерін, сондай-ақ айырбасталатын жай акцияларды шығаруға құқығы жоқ. Коммерциялық емес акционерлік қоғам өзі шығаратын акцияларды сатып алуға опциондар жасаса алмайды [6].

Коммерциялық емес ұйым ретінде құрылған акционерлік қоғам шаруашылық серіктестік немесе кооператив болып қайта құрыла алмайды.

Қоғамдық қор. Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамға пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым қоғамдық қор деп танылады. Осы аталғандармен қатар, қор ғылыми мақсаттарда, азаматтардың денсаулығын сақтау, денешынықтыру мен спортты дамыту, азаматтардың рухани және өзге де материалдық емес қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау, даулар мен жанжалдарды шешу, заң көмегін көрсету және басқа мақсаттарда құрылуы мүмкін.

Қоғамдық қор заңды тұлға болып табылады, азаматтық айналымда қордың органдары өкілдік етеді, оның дербес балансы және банктік шоты бар. Қоғамдық қордың қызметін АҚ және Коммерциялық емес ұйымдар туралы заң реттейді.

Қордың шаруашылық серіктестікке қатысудан, жарғыға сәйкес өткізілген дәрістерден, көрмелерден, спорттық және басқа шаралардан, лотереядан, шаруашылық қызметтен түскен кірістері өзге заңды кірістер ретінде танылуы мүмкін.

Қоғамдық қорды бір немесе бірнеше азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар құруы мүмкін. Қоғамдық қор мемлекеттік тіркеуден өткен соң оның құрылтайшылары оның мүшелері болмайды. Қоғамдық қордың жарғысында, АҚ-ның 41-бабының 5-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, қордың органдары туралы, қордың лауазымды адамдарын тағайындау және оларды босату тәртібі, ол таратылатын жағдайдағы қор мүлкінің тағдыры туралы нұсқаулар болуға тиіс.

Қорды құрған кезде құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімімен тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы - қордың атқарушы органы тағайындайтын қамқоршылық кеңесі құрылады, ол қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылау жасайды, сондай-ақ қордың жарғысында бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Жұбайлық және жақсы туыстық байланысы бар адамдар қордың қамқоршылық кеңесінің көпшілік мүшесі, сондай-ақ осы қордың штаттағы қызметкерлері бола алмайды (Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңның 12-бабының 2-тармағы). Қамқоршылық кеңесі, әдетте, өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

Қоғамдық қор таратылғаннан кейін қалған мүлік оның жарғысында көзделген мақсаттарға жұмсалады. Егер басқа заңды тұлға да осы мақсатты көздейтін болса, онда қалған мүлік сыйға тарту шарты бойынша осындай заңды тұлғаның балансына беріледі. Егер таратылған қордың мақсаттарын мемлекет қана жүзеге асыратын болса, онда мүлік Қаржы министрлігінің тиісті органына беріледі. Таратылатын қордың мақсаттарына ұқсас мақсаттарды Қазақстанда бірде-бір ұйым жүзеге асырмайтын болса, онда қалған мүлік қоғамдық қордың құрылтайшылары арасында бөлінеді.

Тұтыну кооперативі. Тұтыну кооперативі - бұл қатысушылардың материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі. Пәтерлер меншік иелерінің кооперативтері, бағбандық, бақша және гараж кооперативтері тұтыну кооперативіне мысал болып табылады.

Тұтыну кооперативінің құқықтық жағдайын АҚ, Коммерциялық емес ұйымдар туралы заң және "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 ж. 8 мамырдағы №І976 заң айқындайды [7].

Тұтыну кооперативі нақ өз қатысушыларының қажеттерін қанағаттандыру үшін құрылады. Мұндай қажеттер жеке адамның тұтынуымен шектелген, ал оларды қанағаттандырудың ақшалай нысаны болмайды. Бірақ бұл ережеден өзгешелік бар. Өндірістік кооперативтен өзгеше, тұтыну кооперативіндегі мүшелік оның қызметіне міндетті түрде енбекпен қатысуды талап етпейді. Әдетте, азамат, тұтыну кооперативінің мүшесі болып табылады. Алайда, заң актілерінде көзделген жағдайларда тұтыну кооперативіне заңды тұлғалар кіре алады. Тұтыну кооперативін екі және одан да көп азаматтар құруы мүмкін. Тұтыну кооперативінің атауы оның ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуге тиіс.

Жарғы тұтыну кооперативінің бірден-бір құрылтай құжаты болып табылады. Мұндай кооперативті құруда құрылтай шарты жасалмайды. Тұтыну кооперативі өз мүлкінің меншік иесі болып табылады. Тұтыну кооперативінің басқару органдары тұтыну кооперативі құрылтайшыларының қалауы бойынша анықталуы және аталуы мүмкін. Тұтыну кооперативінің басқару органдары жеке-дара және алқалы болуы мүмкін (мысалы, басқарма).

Тұтыну кооперативінің ерекшелігі - оның мүшелері жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін пайда болған залалдарды қосымша жарналар төлеу арқылы үш ай ішінде

жабуға міндетті. Бұл міндеттерді орындамаған ретте кооператив несие берушілердің талабы бойынша сот тәртібімен таратылуы мүмкін.

Тұтыну кооперативі таратылған немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда, ол тұтыну кооперативінің мүлкінен өз үлесін өз жарнасына қарай бөліп алуға құқылы. Үлесті бөліп беру кооперативтің ақша қаражатынан ақшалай нысанда жүзеге асырылады. Егер бұрынғы пайшының үлесін төлеу үшін ақша қаражаты жеткіліксіз болса, онда кооператив өз мүлкін сатып, міндеттемесін осы қаржыдан өтеуге тиіс. Кооперативтен шығатын пайшының келісуімен үлес мүліктік нысанда бөлінуі мүмкін. Егер кооператив жарғысында өзгеше көзделмесе, тұтыну кооперативінің мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлерінің кооператив мүшелігіне бірінші кезекте қабылдану құқығы болады. Кооперативке қабылданған мұрагер қосымша пай салымын енгізбейді. Егер кооператив жарғысы оның қайтыс болған мүшесінің мұрагерін бірден қабылдауға жол бермесе, онда мұрагер мүліктегі қайтыс болған мүшенің пайына сай келетін ақшалай үлесін алады.

Діни бірлестік - бұл рухани қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген, азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі.

Діни бірлестіктің құқықтық жағдайын Діни бірлестіктер туралы заң айқындайды. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдар тек заң актілерінен тұрады [8]. Бұлар АҚ, Коммерциялық емес ұйымдар туралы заң және Діни бірлестіктер туралы заң. Қазақстан Республикасының діни бірлестіктермен, олардың орталықтарымен және басқармаларымен, оның ішінде республика аумағынан тысқары тұрған әрі заңмен реттелмеген орталықтармен және басқармалармен қатынастары олар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасындағы уағдаластықтарға сәйкес шешіледі. Діни бірлестікті құрамында кемінде 10 адам болатын азаматтар тобы құруы мүмкін. Тіркеуге ұсынылатын жарғыда (ережеде) мыналар көрсетілуі тиіс: діни бірлестіктің атауы, орналасқан жері және шегінде ол өз қызметін жүргізетін аумақ; ұстанатын діні, қызметінің мәні мен мақсаты; діни бірлестіктің құрылымы, қалыптасу тәртібі, оның басқару органдарының құзіреті және өкілеттік мерзімі; діни бірлестіктің құқықтары мен міндеттері; діни бірлестік мүлкінің құралу тәртібі; діни бірлестік жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі; діни бірлестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі.

Діни бірлестіктердің саяси партиялар қызметіне қатысуына немесе оларға қаржы жағынан қолдау жасауына жол берілмейді.

Республиканың екі немесе одан да көп облыстарының аумағында қимыл жасайтын діни басқармаларды (орталықтарды), бірлестіктерді, сондай-ақ олар құратын діни оқу орындарын, ғибадатханаларды және басқа да бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, ал жергілікті діни бірлестіктерді тіркеуді - аумақтық әділет органдары жүзеге асырады. Мемлекеттік тіркеу мерзімі дінтану және өзге сараптама жүргізу, сондай-ақ діни бірлестік берген құжаттар бойынша маманның қорытындысын алу қажет болғанда тоқтатыла тұрады. Діни бірлестік қызметінің дін оқытатын жағын айқындайтын құжаттар мемлекеттік органдарда тіркеуге жатпайды.

Діни бірлестіктер жанынан қайырымдылық жасау, діни әдебиеттерді және өзге де мәдени-ағартушылық қызметті зерделеп, тарату үшін азаматтар қоғамдары, бауырластықтары, басқа да бірлестіктері құрылуы мүмкін. Олардың өз жарғылары (ережелері) болады және қоғамдық бірлестіктер үшін белгілеген тәртіппен тіркеледі.

Рухани діни оқу орындары мен бірлестіктерін құруға, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың миссионерлік қызметіне олар жергілікті билік органдарында тіркелгеннен кейін ғана және ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келген жағдайда рұқсат етіледі.

Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды, егер оны пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, олар шетелдік діни орталықтардан, халықаралық миссионерлік және қайырымдылық қоғамдары мен қорларынан қаржылай және басқа материалдық жәрдем алуы мүмкін.

Діни бірлестік азаматтық заңдарда көзделген тәртіппен және негіздер бойынша таратылады. Діни бірлестік таратылатын ретте оның меншігінде болған мүлікке иелік ету бірлестіктің жарғысына (ережесіне) және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады. Діни бірлестіктерге тиесілі мінәжаттық мақсаттағы мүлікке несие берушілердің талаптары бойынша өтем салынбайды. Құқықтық мұрагерлер жоқ болған жағдайда мүлік мемлекет меншігіне көшеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 27 желтоқсан 1994 жылғы № 269-ХІІ Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. – 1994. – № 23-24 (21.01.2019 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасының Коммерциялық емес ұйымдар туралы 16 қаңтар 2001 жылғы № 142 Заңы // "Егемен Қазақстан". – 2001. - №16. (2018.05.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы 1 наурыз 2011 жылғы №413-ІV Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 2011. - № 5 (2582). - 42-қ. (2019.21.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
4. Қазақстан Республикасының Қоғамдық бірлестіктер туралы 31 мамыр 1996 жылғы № 3 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 1996. - № 8-966. (2018.24.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
5. Қазақстан Республикасының Саяси партиялар туралы 15 шілде 2002 жылғы № 344 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 2002. - №15. -153-қ. (2019.15.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
6. Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар туралы 13 мамыр 2003 жылғы № 415 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 2003. - № 10. - 55-қ. (2019.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
7. Қазақстан Республикасының Тұтыну кооперативі туралы 8 мамыр 2001 жылғы № 197 Заңы // "Егемен Қазақстан". – 2001. - № 97. (2015.29.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
8. Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы 11 қазан 2011 жылғы № 483-ІV Заңы // "Егемен Қазақстан" 2011. - № 497-500 (26892). (2016.22.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Д.С.Қабақбай

*Қайнар Академиясы «Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті,
Мирзалиева А.А. з.ғ.м., аға оқытушы*

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕРЗІМДЕРДІ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

